

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'373.2:811.411.21'342

Қолжазба құқығында

ҚЫДЫРБАЕВ ҚАЛДЫБАЙ АРЫСТАНБЕКҰЛЫ

**Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың
ғылыми-теориялық негіздері**

6D020900 – Шығыстану

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
филология ғылымдарының
докторы, проф. Жұбатова Б.Н.,

филология ғылымдарының
докторы, әл-Азһар
университетінің профессоры
Али Али Шағбан.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2012

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ ..	11
1.1 Араб және қазақ тілдерінің жазуы мен әліпбилері	11
1.2 Араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйелері	15
1.2.1 Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар	16
1.2.1.1 Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен тәртібі	16
1.2.1.2 Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың сипаттары	36
1.2.1.3 Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарға балама болатын, жақын келетін және баламасы жоқ араб тіліндегі дауыссыз дыбыстар	58
1.3 Араб және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыстар	63
1.3.1.1 Араб тіліндегі дауысты дыбыстар жөнінде алғашқы зерттеулер	63
1.3.1.2 Араб тілі дауысты дыбыстарының жасалу орындары мен сипаттары	65
1.3.2 Қазақ тілі дауысты дыбыстарының жасалу орындары мен сипаттары	71
1.3.3 Қазақ тілі дауысты дыбыстарына балама болатын, баламасы жоқ және жақын келетін араб тілінің дауысты дыбыстары	72
2 ҚАЗАҚ ОНИМДЕРІНІҢ АРАБ ГРАФИКАСЫНДА ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАНУ ЖАЙЫ	75
2.1 Транскрипция мен транслитерация арақатынасы	75
2.1.1 Транскрипция және оның түрлері	75
2.1.2 Транслитерация және оның түрлері	81
2.2 Араб (дауысты) дыбыстарын қазақ кирилл әріптерімен транскрипциялау жобасы	83
2.3.1 Қазақ онимдері және олардың түрлері	89
2.3.2 Қазақ онимдерінің араб тіліндегі еңбектер мен аудармалардағы берілуі	96
2.4 Араб онимдерінің қазақ тіліндегі берілу жайы	101
2.5 Араб графикасына негізделген «қадим», «жәдид» және «төте жазу» жүйесімен жазылған еңбектердегі қазақ онимдерінің берілуі	111
2.6 Транслитерация көпнұсқалылығының себептері	115
3 ҚАЗАҚ ФОНЕМАЛАРЫН АРАБ ГРАФИКАСЫНДА ТАҢБАЛАУДЫҢ ГРАФЕМАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ	118
3.1 Өзге тілдердегі транслитерациялау тәжірибесінен	120
3.2 Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау жобасы	125

3.2.1 Қазақ текті (жалпы түркілік) онимдерді транслитерациялау	136
3.2.2 Араб текті қазақ онимдерін транслитерациялау	137
3.2.2.1 Қазақ тіліне енген араб сөздері мен араб текті қазақ онимдеріндегі фонетикалық өзгерістер және олардың араб тіліне транслитерациялануы	143
3.2.3 Өзге тілдерден енген онимдерді транслитерациялау	149
ҚОРЫТЫНДЫ	157
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	164
ҚОСЫМША	172

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазақстан тәуелсіздігін алып, шет елдермен әртүрлі саладағы дипломатиялық қарым-қатынастар нығайғалы бері еліміз жөнінде шетел баспасөз беттерінде түрлі тақырыптарда материалдар жариялана бастады. Алайда белгілі бір жазылу ережесінің болмауы салдарынан өзге тілдерге аударылмайтын қазақ онимдерінің өзге шет тілдерге транслитерациялануы әлі күнге дейін белгілі бір жүйеге түспей отыр. Мысалы, зерттеуші ғалым Н.Рсалиева өзінің еңбегінде *Бұқар жырау* «Көшпенділердің» орысшасында: *Бухар-Жырау*, *Бухара-жырау*, *Бухар-жырау* болып үш түрлі нұсқада, ағылшыншасы: *Bukhara-Zhyrau*, *Bukhar-Zhyrau*, *Bukhar Zhyrau*, *Bukhar-Zhirau*, *Bukhar-zhyrau*, *Bukahr-Zhyrau*, *Bukhar-Zyrau* болып жеті түрлі нұсқада, *Едіге батыр* орысшада *Едиге-батыр*, ағылшыншада: *Yedighe-Batyr*, *Yedgeh-Batyr*, *Yedigeh*, *Edige-Batyr*, *Edighe-uly* болып бес түрлі нұсқада жазылғанын көрсеткен [1, 88 б.]. Араб тілінде жарық көрген еңбектер мен аудармаларға және ақпарат құралдарында жарық көрген материалдарға зерттеу жүргізу барысында қазақ онимдері араб тілінде де әртүрлі нұсқада жазылып жүргені анықталды. Мысалы, бір ғана Алматы қаласының атауы араб тіліндегі еңбектер мен аудармаларда *ألماتا* [’almātā], *الماطي* [’almātī], *الماتي* [’almātī], *الماتى* [’ālmātā], *الماطي* [almātī], *الماطى* [’almātā], *الماطى* [almātā], *الماتى* [’almātā], *الماطى* [’ālmātā], *المآتا* [’ālmā’ātā], *المآتا* [’almā’ātā], *ألماتا* [’almātā], *المآطا* [’almā’ātā], *الماتا* [almātā], *الماطى* [alma’ātā] болып он бес түрлі нұсқада, *Қазақстан* атауы да араб тіліндегі еңбектерде *كازاخستان* [kāzāḥstān], *كزاخستان* [kazāḥstān], *كزاکستان* [kāzākstān], *قازاخستان* [qāzāḥstān], *قازاقستان* [qāzāqstān] болып бірнеше нұсқада жазылып жүргені анықталды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Осы уақытқа дейін қазақ ономастикалық атауларының араб тілінде жазылу мәселесі қаралмаған. Кеңестік дәуірде одақтас республикалардан өзге шетелдермен бүгінгідей қарым-қатынастың маңызы болмағандықтан, халықаралық қатынас құралы ретінде араб тіліне сұраныс та болмаған. Ал, қазіргі тәуелсіздікке қол жеткізіп, Қазақстан мен араб елдері арасында түрлі саладағы тікелей қарым-қатынастар дамып, мәдениеттер диалогының орнауы араб тіліне деген шұғыл қажеттілікті тудырды және араб ғалымдары тарапынан Қазақстан жөнінде көлемді зерттеу еңбектері, араб елдерінің баспасөз беттері мен интернет сайттарында әртүрлі салада мақалалар мен аудармалар жариялана бастады. Алайда қазақ онимдерінің араб тілінде жазылуы ғылыми тұрғыдан белгілі бір жүйеге келмегендіктен, араб тіліндегі кітаптар мен аудармаларда, ақпарат құралдары мен зерттеу жұмыстарында әртүрлі нұсқада жазылып жүр. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негізін жасау осы уақытқа дейін қолға алынбаған тың жұмыс. Тіл білімі саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың онимдерді транслитерациялау мәселесіне байланысты тұжырымдарына салыстырмалы талдау жасай келе қазақ онимдерінің араб тіліндегі транслитерациялануын бір ізге салу үшін оның ғылыми-теориялық негізін жасау өте маңызды мәселердің бірі.

Қазіргі ғаламдану заманында интернет ресурстарын пайдалану бірінші кезекте тұр деуге болады. Қандай да бір ел тіліндегі онимдер қабатының өзге

тілдерге транслитерациялану нұсқасы көбейген сайын, сол ел туралы мәліметтерге қол жеткізу мүмкіндігі де азая түсетіні айтпаса да түсінікті жайт. Мысалы, интернет ресурстарын тұтынушы кез келген араб тілді адам Қазақстандағы Алматы қаласы туралы қандай да бір мәлімет алғысы келсе, интернет парақшасындағы «іздеу» деген жерге «Алматы» деген жазуды араб әріптерімен жазуы керек екені баршаға аян. Ал, «Алматы» сөзі араб тілінде الماتا [ʼalmātā], الماطي [ʼalmāṭī], الماتي [ʼalmātī], الماتی [ʼālmātā], الماطي [almāṭī], الماطى [ʼalmāṭā], الماطى [almāṭā], الماتى [ʼalmātā], الماطى [ʼālmāṭā], الماتى [ʼālmāʼātā], الماتى [ʼalmāʼātā], الماتا [ʼalmātā], الماطى [almaʼāṭā] болып он бес түрлі нұсқада жазылып жүр. Демек, араб тілді оқырмандар Алматы жөнінде интернет ресурстарынан толық мәлімет алғысы келсе немесе араб тілді ақпарат көздері Алматы жөнінде не жазып жүргенін білгісі келген қазақстандық араб тілі мамандары осы он бес түрлі нұсқасындағы жазылуы бойынша іздеп шығуы тиіс болады. Бұл мүмкін емес жайт. Егер қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау ережесі жасалып, «Алматы» сөзі қазақ тіліндегі дыбысталуына ең жақын келетін الماطي [ʼālmāṭī] нұсқасында ғана жазылса, интернет ресурстарын пайдаланушы араб тілді оқырмандар мен зерттеушілер уақыттарын үнемдей отырып, араб тілінде Алматы жөнінде толық мәліметке қол жеткізер еді.

2006 жылы шыққан Инкарта энциклопедиясы берген мәлімет бойынша қазір бұл тілде әлем бойынша шамамен 422 миллионнан астам халық сөйлейді. 22 араб елінің мемлекеттік ресми тілі болумен қатар Израил, Сенегал, Мали, Чад, Эритрия секілді елдерде де ресми тіл мәртебесіне ие [2].

Араб тілі – БҰҰ конференцияларының ресми жұмыс тілі саналатын халықаралық (ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб) 6 тілдің бірі және Ислам Конференциясы Ұйымы, Араб елдері лигасы және Африка Одағы секілді халықаралық ұйымдардың ресми тілі болғандықтан бұл тіл қазақ елін бүкіл мұсылман жұртына таныстыру мүмкіндігіне ие бірден-бір құрал болып табылады. Өзге мұсылман халықтары қазақты қазақ қалпында тану үшін, ең алдымен, қазақ онимдерінің көпшілік мұсылман халықтарының ортақ тілі саналатын араб тіліндегі транслитерациясынан орыстың үні емес, қазақы үн аңқып тұруы тиіс. Сондықтан бұл тілде қазақ онимдерін түпнұсқадағы айтылымына мүмкіндігінше жақын нұсқада белгілі бір жүйемен жазуды қолға алу – ұлт мүддесі үшін атқарылатын шаралардың бірі екені даусыз. Ғылымның қай саласында болмасын, қазақ ғылымы арқылы халықаралық дәрежедегі ғылыми жаңалықтар ашылып жатса және қазақ жерінен жаңа химиялық элементтер табылып жатса, оған ат қоюда өте сақтықпен қарап, оның терминдік атауынан қазақ үні естіліп тұратындай етіп қазақ сөзімен қойылуы тиіс және өзге тілдерге аударылмай қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша берілгені жөн.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеті. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негізін жасау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделді:

- қазақ тілі мен араб тілі дыбыстық жүйелерін салғастырмалы тұрғыда зерттеу;

- екі тілдегі дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарын салғастыра отырып, ғылыми дәлелдер арқылы қазақ және араб тілдеріне ортақ дыбыстарды, қазақ тілінде баламасы жоқ араб тіліндегі дыбыстарды және араб тілінде баламасы жоқ қазақ тіліндегі дыбыстарды анықтау;

- екі тілдегі дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарын салғастыра отырып, қазақ тіліндегі дыбыстарға балама болатын араб тіліндегі дыбыстарды, араб тілінде баламасы жоқ қазақ тіліндегі дыбыстарға ең жақын келетін араб тіліндегі дыбыстарды және қазақ тілінде баламасы жоқ араб тіліндегі дыбыстарға ең жақын келетін қазақ тіліндегі дыбыстарды анықтау;

- транслитерация мен транскрипцияның ара жігін ашу және қазақ онимдерін араб мәтіндеріне трансформациялау тәсілдеріне шолу жасау;

- араб тілі дыбыстарын қазақ кирилл әліпбиі арқылы транскрипциялау жобасын жасау;

- осы уақытқа дейін араб тіліндегі еңбектерде қазақ онимдерін графикалауда орын алған қателіктердің себептерін ашып, оларға ғылыми түсініктеме беру;

- қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздерін жасау үшін онимдерді ішінара жіктеу;

- қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың мейлінше түпнұсқадағы айтылымына жақын нұсқасын ұсыну және оның ғылыми-теориялық негізін жасау;

- араб онимдерін қазақ мәтіндеріне трансформациялау тәсілдеріне шолу жасау;

- араб онимдерін қазақ тіліне транслитерациялаудың мейлінше түпнұсқада айтылымына жақын нұсқасын ұсыну және оның ғылыми-теориялық негізін жасап жоба түзу.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Тілден тілге аударылмайтын онимдердің транскрипциясы мен транслитерациясына қатысты зерттеулер А.В. Суперанская, А.А. Реформатский, Л.В. Щерба, Б.А. Успенский, Л.Р. Зиндер, Н.Ф. Яковлев, А.М. Сухотин, Р.О. Якобсон, С.В. Калесник, Х. Зикмунд, С.А. Бондарук, С.А. Тюрин, Я.И. Шубов, В.Э. Сталтмане, Л.К. Максимова, Л.П. Калакуцкая, А.С. Титова, С.Л. Берг, Д. Кармышева, А.М. Комков, Д.И. Ермолович, Р.А. Лидин, Р.С. Гиляревский, Б.А. Старостин, М.В. Горская, А.И. Рыбакин, И.П. Литвин, Н.Юшманов, В.Шагаль, Мухаммад Махмуд әс-Сәламуни, Мухаммад Али әл-Хайри, Мансур ибн Мухаммад әл-Ғамиди, Хасна әл-Қунайғир, *E. Garfield, Thomas T. Pedersen, Randal K. Berry, Michae C. Walker*, т.б. көптеген кеңестік және батыс пен араб елдері ғалымдары еңбектерінен орын алады. Ал, қазақ антропонимдері мен топонимдерінің графикасына, оның ішінде орыс тіліндегі транскрипциясына қатысты зерттеулер Т. Жанұзақ, Е. Керімбаев, Ғ.К. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов, С. Әбдірахманов, В.Н. Попова, т.б. ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Бұл ғалымдар негізінен кісі есімдері мен жер-су атауларының орысша транскрипциясын, олардың түпнұсқада айтылым нормаларынан ауытқуын сынға алып, қазақ атауларының қазақша айтылуына мейлінше жақын жазылуын сақтау үшін орыс тілінің барлық мүмкіндігін сарқа пайдалану қажеттігін меңзейді. Ал, ағылшын тіліндегі транслитерациясына

қатысты алғашқы зерттеу жұмыстары Н.Рсалиеваның еңбектерінен көрініс табады.

Зерттеудің дереккөздері. Абдулазиз әт-Туркидің « نورالسلطة في كازاخستان: الرئيس نورسلطان نزارباييف » («Қазақстандағы билік нұры – елбасы Нұрсұлтан Назарбаев») атты кітабы, Египет Араб Республикасындағы Қазақстан елшілігі жанынан шығатын كازاخستان اليوم (Kazakhstan today) журналы, Қ. Тоқаевтың араб тіліне аударылған " دبلوماسية جمهورية كازاخستان " атты кітабы, Н. Келімбетовтің араб тіліне аударылған لا أريد أن أفقد الأمل (Үміт үзгім келмейді) атты повесть-монологы, Қ.Ламашарифтің خيمة الكازاخ الرجل атты еңбегі, Н.Д. Оңдасыновтың «Араб текті қазақ есімдері» атты еңбегі, Е.Б. Бекмұхаметовтің «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» атты еңбегі, Л.З. Рүстемовтің «Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов» атты түсіндірме сөздігі, сондай-ақ, қазақ тіліне енген араб онимдеріне байланысты лексикографиялық еңбектер, атап айтқанда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен, екі тілді сөздіктерден (арабша-орысша, арабша-қазақша, қазақша-арабша, парсыша-қазақша сөздіктер), қазақ тіліндегі кісі есімдері, жер-су атаулары сөздіктерінен, араб елдерінің интернет сайттарынан және т.б. дереккөздерден алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі. Жұмысты жазу барысында тіл дыбыстарын салғастыру үшін қазақ ғалымдары С.Мырзабеков, І.Кеңесбаев, Ә.Жүнісбек, Н.Сауранбаев, С.Исаев, Н.Уәли, А.Алдашева Б.Жұбатова, Б.Тасымов; араб ғалымдары әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди, Сибауәйһи, Ғаним Қадури әл-Хамд, Мухаммад Хасан Жәбал, Абдуссабур Шәһин, Мухаммад әл-Қумати, Рамадан Абдуттәууаб, Ибраһим Мухаммад Нәжа еңбектері; орыс ғалымдары А.А. Ковалев, Г.Ш. Шарбатов, Н.Юшманов, В.Шагаль еңбектері, тілден тілге аударылмайтын онимдердің транскрипциясы мен транслитерациясы мәселесіне қатысты орыс ғалымдары А.В. Суперанская, А.А. Реформатский, Л.В. Щерба, қазақ ғалымдары Т.Жанұзақ, Н. Рсалиева, Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева; араб ғалымдары Мухаммад Махмуд әс-Сәламуни, Мухаммад Али әл-Хайри, Мансур ибн Мухаммад әл-Ғамиди, Хасна әл-Қунайғир, т.б. еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде сипаттама жасау, типологиялық, тарихи-салыстырмалы, салғастыру, аудару, түйіндеу, жіктеу, статистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық маңызы мен практикалық мәні. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, талдауға түскен тілдік материалдарды жоғары оқу орындарында араб тілінің дыбыстық жүйесін оқытуда, қазақ тілінің фонетика, ономастика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салалары бойынша жүргізілетін арнаулы курстарда, ізденушілер, магистранттар, араб және қазақ тілі мамандары ғылыми жұмыстарына қосымша материал ретінде пайдалануына болады.

Аудармашыларға, араб тілінде жазатын отандық авторларға, Қазақстанды зерттеуші араб ғалымдарына, сондай-ақ, картография, энциклопедия құрастыру жұмыстарына, библиография жасау секілді практикалық қолданыста қазақ онимдерін біркелкі, қазақ тіліндегі дыбысталуына ұқсас не мейлінше жақын дыбысталатындай етіп жазуға көмектесетін бірден-бір құрал бола алады.

Сонымен қатар араб елдеріндегі Қазақстан елшіліктері, консулдықтары, әртүрлі салада қызмет етіп жүрген Қазақстан фирмалары, Қазақстандағы араб елдерінің елшіліктері, консулдықтары, мәдени орталықтары, әртүрлі салада жұмыс жасап жүрген араб фирмалары, қажылыққа, араб елдеріне әртүрлі мақсаттарда іссапарға баратын Қазақстан азаматтары өздерінің ресми құжаттарын дайындау секілді практикалық салаларда пайдалана алады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу нысаны бойынша мынадай мәселелер ғылыми шешімін тапты:

- ғалымдар тарапынан әртүрлі жіктеліп жүрген қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындарына қарай жіктелуі бір жүйеге келтірілді;

- қазақ және араб тілдері дыбыстық жүйелерінің ұқсас жақтары мен айырмашылықтары алғаш рет анықталып, қазақ тіліндегі дыбыстарға балама болатын, баламасы болмаса ең жақын келетін араб тілі дыбыстары, сондай-ақ қазақ тілінде баламасы жоқ араб тіліндегі дыбыстарға ең жақын келетін қазақ тілі дыбыстары анықталды;

- қазақ тілі дыбыстарының әріптеріне сәйкес келетін және жақын келетін араб тілі дыбыстарының әріптеріне кесте жасалды;

- араб тіліндегі қысқа және созылыңқы дауысты дыбыстардың қазақ кирилл әріптерімен транскрипциялаудың кесте жобасы түзілді;

- араб тілі дыбыстарының әріптеріне сәйкес келетін және жақын келетін қазақ тілі дыбыстарының әріптеріне кесте жасалды;

- араб онимдерін қазақ кирилл әріптерімен транслитерациялау жобасы жасалды;

- араб тілінде әртүрлі нұсқада жазылып жүрген қазақ онимдерінің араб тіліне транслитерациялануы ғылыми тұрғыда бір жүйеге келтірілу жобасы түзілді;

- Алла сөзін қазақ мәтіндерінде араб тіліндегі الله [al-lāh^u] сөзінен *Allah* деп транслитерацияламай, қазақ тіліне ертеректе еніп қазақыланған нұсқасы бойынша *Алла* деп жазылуы дұрыс екені тілдік тұрғыда дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай жіктеудегі терминдік атаулары әртүрлі бола тұра, бір мәнде қолданылу себебі қазақ ғалымдары активті мүше саналатын тілдің пассивті мүшелерге тоғысу не жанасу нүктелерін, араб ғалымдары керісінше тіл тоғысатын не жанасатын пассивті мүшелердің нүктелерін негізге алуынан;

- қазақ тілінде көмейде бір ғана *h* дыбысы жасалатындықтан, оның терминдік атауын көмейдегі нақты жасалалу орнымен атау маңызды болмаған. Сондықтан оны жалпылама «көмей дыбысы» деп атаған. Ал, араб тілінде көмейде бір емес төрт дыбыс жасалатындықтан оларды бір-бірінен ажырату үшін әрқайсысының көмейдегі нақты жасалу орнымен атау маңызды болған;

- қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай еріндік, еріндік-тіс, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тілшік, көмей үсті және көмей дауыссыздары деп тоғыз топқа бөлінеді;

- қазақ онимдерін осы уақытқа дейінгі араб мәтіндерінде берілу көпнұсқалылығы жеті себептен: бес лингвистикалық, екі экстралингвистикалық фокторларға байланысты орын алған;

- араб графикасына негізделген қадим, жәдид жазуларындағы дауысты дыбыстарды түркі халықтарының әрқайсысы өздеріндегі дауысты дыбыстарға бейімдеп оқу мәселесі жәһилия дәуіріндегі араб тайпаларынан бастап қазіргі араб диалектілерінде әлі күнге дейін бар мәселе;

- Алла сөзі қазақ мәтіндерінде араб тіліндегі الله [al-lāh^u] сөзінен *Allah* деп транслитерацияламай, қазақ тіліне ертеректе еніп қазақыланған нұсқасы бойынша *Алла* деп жазылады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 13 мақала түрінде жарық көрді. Олар:

1. Араб дауысты дыбыстарының қазақ әріптерімен транскрипциялану мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009. №4. – 91-94-беттер.

2. اللغة القازاقية ومواقع أصواتها اللينة في جدول دانيال جونز Қазақ тілі және оның дауысты дыбыстарының Даниел Джонс кестесіндегі орны // Әл-Азһар университеті Тілдер және аударма факультетінің ғылыми журналы. – Египет, Каир қаласы, 2011. №49. – 38-55- беттер.

3. Тайқазандағы кісі есімінің жазылуы // «Современная модель востоковедного образования: опыт и перспективы» материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, 2011. – 46-49- беттер.

4. «Қазақ жалқы есімдерінің араб тіліндегі транслитерациялану жайы» (Мәжид ибн Абдулазиз әт-Туркидің «الرئيس نور سلطان نزار باييف» «Қазақстандағы билік нұры – елбасы Нұрсұлтан Назарбаев») атты кітабы негізінде) // А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының «Тілтаным» ғылыми журналы. – Алматы қаласы, 2011. №1-2. – 166-171- беттер.

5. Транскрипция түрлері және қазақ мәтіндерінің транскрипциялану жайы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы, 2011. № 4. – 146-151- беттер.

6. Қазақ онимдерінің транслитерациялану ерекшеліктері // «Әлемдік ғылымның көкейтесті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Польша, Пшемьсль, – 7-15 ақпан, 2012. 38-42-беттер.

7. Transliterating Methods of the Kazakh Onyms in the Arabic Language // «WORLD ACADEMY OF SCIENCE, ENGINEERING AND TECHNOLOGY» журналы (**Scopus**). – Florence, Italy: February, 2012. 1987-1990-беттер.

8. Транслитерация мен транскрипцияның арақатынасы // «VEDA A TECHNOLOGIE: KROK DO BUDOUCNOSTI – 2012» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Чехия, Прага, – 27.02.2012-05.03.2012 46-51-беттер.

9. تباین کتابة أسماء الأعلام القازاقية في اللغة العربية: صورہ وأسبابہ Қазақ онимдерінің араб тіліне транслитерациялануының көпнұсқалылығы және оның себептері. Қазақ

онимдерінің араб тіліне транслитерациялануының көпнұсқалылығы және оның себептері // Әл-Азһар университеті Тілдер және аударма факультетінің ғылыми журналы. – Египет, Каир қаласы, 2012. №2. 321-344-беттер.

10. Араб жазуының генезисі және қысқаша даму тарихы // С.Демирел атындағы қазақ-түрік университеті. IV «Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет, аударма және журналистика мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Қаскелең. 27-28 сәуір, 2012 жыл. 193-196-беттер.

11. تاريخ أبجديات اللغات التركية وأسباب نقلها من أبجديات إلى أخرى Түркі тілдері әліпбиінің тарихы және әліпбиден әліпбиге көшу себептері // Каир университеті Тарих ғылыми-зерттеу орталығының журналы. – Египет, Каир қаласы, 2012. 171-192-беттер.

12. Құран әріптеріндегі құпиялар // «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы. – Алматы, 2012. № 7. – 96-100-беттер.

13. Қазақ дауыссыз дыбыстарының жасалу орындары және олардың жіктелуін бір жүйеге келтіру мәселелері // А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты. «Фонетика ғылымдарының өзекті мәселелері: даму көздері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. 12 қазан, 2012 жыл. 102-110-беттер.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымша бөлімнен тұрады.

1. АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ

1.1 Араб және қазақ тілдерінің жазуы мен әліпбилері

Араб тілі. «Араб тілі» деген түсінік барлық араб елдеріне ортақ араб әдеби тілін, сонымен қатар әрбір араб елінің жергілікті сөйлеу тілдерін, яғни диалектілерін қамтиды. Араб әдеби тілі – Кувейт, Қатар, Бахрейн, Біріккен Араб Әмірліктері, Оман, Йемен Араб Республикасы, Йемен Халық Демократиялық Республикасы, Сауд Арабиясы Корольдігі, Ирак, Йордания, Сирия, Ливан, Палестина, Египет, Судан, Сомали, Джибути, Ливия, Тунис, Алжир, Марокко, Мавритания, Қамар аралдары секілді 22 араб елінің мемлекеттік ресми тілі болумен қатар Израил, Сенегал, Мали, Чад, Эритрия секілді елдерде де ресми тіл мәртебесіне ие. 2006 жылы шыққан Инкарта энциклопедиясы берген мәлімет бойынша қазір бұл тілде әлем бойынша шамамен 422 миллионнан астам халық сөйлейді [2]. Араб тілі генеалогиялық тұрғыдан семит-хамит тілдерінің семит тармағына, соның ішінде оңтүстік тобына [3, 96 б.], типологиялық тұрғыдан флективті тілдерге жатады [4, 115 б.]. Араб тілінің өзге бірде-бір тілде кездеспейтін айрықша белгісі – ض әрпі (таңбасы) деп көрсетілген. Тіпті, араб тілінің осы әріптің атауымен «әд-дад тілі» (لغة الضاد [luǧatu-d-dādⁱ]), бұл тілде сөйлеушілердің «әд-дад тілінде сөйлеушілер» (الناطقون بالضاد [an-nāṭiqūna bi-d-dādⁱ]) деген атауы бар [5, 1560 б.].

Араб тілі – БҰҰ конференцияларының ресми жұмыс тілі саналатын халықаралық (ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб) 6 тілдің бірі және Ислам Конференциясы Ұйымы, Араб елдері лигасы және Африка Одағы секілді халықаралық ұйымдардың ресми тілі.

Араб жазуы. Ислам діні пайда болғанға дейін араб жазуының таралу аумағы Арабия түбегі аймағынан аспады. Араб жазуының өркен жайып Арабия түбегінен тысқары аймақтарға таралуы Ислам діні пайда болып, Құран Кәрімнің араб тілінде түсуімен тығыз байланысты. Егер де Құран Кәрім өзге тілдердің бірінде түсер болса, араб тілі мен жазуы мұндай дәрежеде өркен жайып дамымас еді. Құран Кәрімге деген құрмет ретінде Еуропа, Азия және Африка құрлықтарындағы көптеген мұсылман халықтар араб жазуын өз тілдерінің әліпбиі етіп қабылдады.

Ғалымдардың көпшілігі байырғы жазуларды бір-біріне салыстыру негізінде араб жазуын арамей жазуы негізінде дамыған набатей жазуынан бөлініп шыққан деген пікірде.

Набатейлер – б.з.д. III-II ғасырлар шамасында Арабия түбегінің солтүстік бөлігінен (қазіргі) Шам, Йордания жеріне қоныс аударған араб тайпаларының бірі [6, 46 б.]. Алғашында олар «араб бәдәуилері» деп аталған. Ал, «набатей» атауы оларға өмір сүру жағдайлары өзгеріп, отырықшы өмір салтын ұстанғаннан кейін берілген. Яғни «ән-Набат» сөзінің мағынасы – «әл-истинбат», «жер (астынан) шығару», яғни «егіншілікпен айналысу» дегенді білдіреді [7, 131 б.].

«Хижаздық араб жазуы набатей жазуынан шыққан» деген пікірді Хижаз арабтары мен набатейліктердің жалқы есімдері арасындағы ұқсастықтар да

қуаттай түседі. Яғни ескерткіштердегі набатей есімдерінің 90 пайызға жуығы араб есімдері. Халықтардың тегін анықтауда онимдердің үлкен рөл атқаратыны баршаға аян. Сонымен қатар набатей жазба ескерткіштерінде араб тілі грамматикасына тән белгілердің болуы, етістік, есімдік, сілтеу есімдіктері, қатыстық есімдер, кішірейту және тек (ер, әйел тектері) категориялы арасындағы ұқсастықтар, набатей жазуы мен хижаздық араб жазуы арасындағы әріптердің қосылып және бөлек жазылуындағы ұқсастықтар бұл пікірдің шындыққа жанасатынын білдіреді. Набатей тіліндегі сөздің әйел тегінде тұрғанын білдіретін *та* марбутаның ашық жазылуы (мысалы, سنة сөзінің سنت болып), созылыңқы әлифтің сөз ортасында жазылмай түсіп қалуы (мысалы, مالك сөзінің ملك болып жазылуы) Құран Кәрімде әлі күнге дейін сақталған [8, 18 б.].

Араб жазуына жасалған реформалар. Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбарға (с.а.у.) түскен Құран Кәрім аяттарын жинақтап хатқа түсіру және оны дұрыс дыбыстамаудан, грамматикалық қателерден сақтау мәселелері мұсылман ғалымдарының араб жазуына айрықша көңіл бөлуіне түрткі болды [9, 125 б.].

Осман халифа тұсында жинақталып, нүктелер мен қарақаттарсыз жазылған Құран Кәрім қырық жылға жуық қолданыста болды. Уақыт өте келе ислам дінін қабылдаған әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың оны дұрыс оқымауы араб жазуына үлкен реформа енгізу қажеттілігін тудырды. Нәтижесінде Құран Кәрім жазуына (жалпы араб жазуына) үш түрлі реформа жүргізілді. Ол жөнінде толығырақ «Ақиқат» журналындағы мақаламызда айтқанбыз [10, 96-100 б.]. Ол реформаларды қысқаша баяндасақ, біріншісі, алғашқы әмәуилік халифа Муғауия ибн Әбу Суфиянның (41-60 н. жылдары, яғни 661-680 жылдары халифа болған) тұсында Әбу әл-Әсуәд әд-Дуәли (69 н.ж. дүние салған) тарапынан нүкте формасындағы қарақаттар енгізілді.

Екіншісі, әмәуилік халифа Абдулмәлик ибн Маруанның (65-86 н. жылдары, яғни 685-705 жылдары халифа болған) тұсында Әбу әл-Әсуәд әд-Дуәлидің шәкірттері Наср ибн Асим әл-Ләйси (89 н.ж., яғни 707 ж.қ.б.) мен Яхйа ибн Яғмар (129 н.ж., яғни 746 ж.қ.б.) тарапынан жазылуы ұқсас әріптерді ажырату мақсатында нүктелер енгізілді.

Үшіншісі, аббасилер дәуірінде нүкте формасындағы қарақаттар әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди (170 н.ж., яғни 786 ж.қ.б.) тарапынан қазіргі уақытта қолданылып жүрген қарақаттар формасына өзгертілді.

Араб әліпбиі. Семит тілдерінің көпшілігі, соның ішінде араб тілі де финикий әліпбиінен негіз алған абжад жүйесіндегі әліпбиді қолданған. Ғалым И.Уилфинсон: «Финикий жазуы финикийлердің өздері ойлап тапқан әліпби, өйткені одан алдын олардан өзге халықтарда әріптік әліпби болғаны жөнінде ешқандай да дерек жоқ және бұл финикийлер йероглиф, сына жазуларын білмеді дегенді білдірмейді, тіпті жаңа әліпби жасауда олар йероглиф, сына жазуларынан кейбір элементтерді қолданған болуы да мүмкін» [11, 99 б.], – дейді. Ғалымның бұл пікірін финикий әріптері атауының мағынасы және олардың суреттермен байланысы қуаттай түседі.

Әмәуилік Абдулмәлик ибн Маруан халифаның тұсына дейін қолданылған абжад жүйесіндегі араб әліпбиіндегі әріптердің саны мен реті финикий

әліпбиіндегі әріптердің саны мен ретіне дәлме-дәл сәйкес келеді. Бұл жоғарыда айтылғандай набатейлерден бастау алған араб жазуы финикий жазуынан бастау алғанын дәлелдей түседі. Мысалы, финикий әліпбиі 22 консонант дыбыстардан тұрады, реті төмендегіше (1-кесте):

1-кесте – Финикий әліпбиінің реті және әріптерінің атауы мен мағынасы

№	Әріптің формасы	Әріптің аталуы	Аталудың мағынасы	Әріптің мағынасы	№	Әріптің формасы	Әріптің аталуы	Аталудың мағынасы	Әріптің мағынасы
1	𐤀	'алеф	өгіз	'	12	𐤌	ламед	бізгек	л
2	𐤁	бет	(үй)	б	13	𐤍	мәм	су	м
3	𐤂	гимель	түйе	г	14	𐤎	нүн	(балық)	н
4	𐤃	далет	(есік)	д	15	𐤏	самех	тіреу	с
5	𐤄	хе	мағынасы белгісіз	h	16	𐤐	'айн	көз	'
6	𐤅	вав	шеге	в	17	𐤑	пē	ауыз	п
7	𐤆	зайн	(қару)	з	18	𐤒	цādē	мағынасы белгісіз	ц
8	𐤇	хēt	қоршау	х	19	𐤓	коф	маймыл	к
9	𐤈	тет	жүк	т	20	𐤔	реш	бас	р
10	𐤉	йод	қол	й	21	𐤕	шин	тіс	ш
11	𐤊	каф	(алақан)	к	22	𐤖	тав	белгі	т

Финикий тілі семит тілдері семьясына жататындықтан мұндағы кейбір әріптерінің мағынасы араб тілінде де сол мағыналарды береді. Мысалы, 𐤁 бет: үй, بيت [ba'it]: үй; 𐤂 гимель: түйе, جمل [dʒamal]: түйе; 𐤇 хēt: қоршау, حائط [hā'it]: қоршау; 𐤉 йод: қол, יד [iad]: қол; 𐤊 каф: алақан, כף [kaff]: алақан; 𐤎 нүн: балық, نון [nūn]: балық; 𐤐 'айн: көз, عين ['a'in]: көз, 𐤑 пē: ауыз, فم [fam]: ауыз; 𐤔 реш: бас, رأس [ra's] бас; 𐤕 шин: тіс, سنّ [sinn]: тіс. В.И. Кодухов өз еңбегінде 𐤄 хе және 𐤒 цādē әріптерінің мағынасы белгісіз, 𐤓 коф (коф) әрпінің мағынасы «маймыл», 𐤈 тет әрпінің мағынасы «жүк» деп көрсеткен [12, с. 166], ал, И.Уилфинсон 𐤄 хе (he) әрпінің мағынасын «شبكة حديد للشباك» [šabakatu ḥadīdⁱⁿ li-š-šubbāk^l], яғни «терезенің темір торы» деп [11,100 б.] берген. Бұл мағынамен келісуге болады, өйткені бір деректерде 𐤄 хе (he) әрпі финикий тіліндегі «heу»: терезе сөзінен алынған және «he» сөзі араб тіліндегі «ауа» мағынасындағы هواء [ha'ā'] сөзінің төркіні болуы ықтимал. Әріпті белгілеу барысында тіршілік нәрі саналатын ауа көзге көрінбейтін зат болғандықтан, ауа қабылдайтын терезе торының суреті алынған болуы мүмкін дейді [13]. И.Уилфинсон 𐤒 цādē әрпінің мағынасын «شبكة للصيد» [šabakatu li-š-šaid^l], яғни «аң аулау торы» деп көрсеткен [11,100 б.]. Бұл пікірмен де келісуге болады, өйткені араб тіліндегі «صيد» [šaid^{un}]: «аң аулау» сөзі финикий тіліндегі осы «цādē» сөзімен төркіндес тәрізді және 𐤒 цādē әрпінің белгісі де аң аулау құралына ұқсайды. Сондай-ақ, ғалым 𐤓 коф (коф) әрпінің мағынасын «سم الخياط» [summu-l-ḥaijāt^l], яғни «иненің жасуы (көзі)», 𐤈 тет әрпінің мағынасын «حنش» [ḥanaš], яғни «жылан» деп берген [11,100 б.].

Абжад жүйесіндегі араб әліпбиі де 22 консонант дыбыстан тұрды, тіпті әріптерінің реті де финикий әліпбиіндегі әріптер ретімен бірдей: أ [ʾ], ب [b], ج [dʒ], د [d], ه [h], و [u], ز [z], ح [ħ], ط [t], ي [i], ك [k], ل [l], م [m], ن [n], س [s], ع [ʿ], ف [f], اُجْد هوز [ʾabdʒad haɟɟaz ɧuttii kalamun saʿfaʃ qaraʃat] деген мағынасы жоқ жасанды алты сөзге біріктірілген. Бұл 22 әріптен тұратын абжад әліпбиі араб жазуына екінші рет реформа жасалғанға дейін, яғни жазылуы ұқсас әріптер нүктелер арқылы ажыратылғанға дейін қолданыста болды. Екінші реформадан кейін абжад құрамына ث [t], خ [ħ], ذ [d], ض [d], ظ [z], غ [g] әріптері қосылып, әріптер саны 28-ге жетті. Бұл алты әріптен ثخذ ضظغ [taħaɟ ɟaɟaɟ] сөздері жасалып, абжад құрамы екі сөзбен толықты және бұл әріптер абжад құрамына кейіннен қосылған араб әріптері болғандықтан «рауадиф» (الروادف [ar-rauādif]) деп аталған. Сонымен машриқ елдерінде әріптердің реті:

أ [ʾ], ب [b], ج [dʒ], د [d], ه [h], و [u], ز [z], ح [ħ], ط [t], ي [i], ك [k], ل [l], م [m], ن [n], س [s], ع [ʿ], ف [f], ص [s], ق [q], ر [r], ش [š], ت [t], ث [t], خ [ħ], ذ [d], ض [d], ظ [z], غ [g] болып, олар اُجْد هوز حطي كلمن سعفص قرشت ثخذ ضظغ [ʾabdʒad haɟɟaz ɧuttii kalamun saʿfaʃ qaraʃat taħaɟ ɟaɟaɟ] деген сегіз сөзге біріктіріліп айтылды.

Андалусия және Мағриб елдерінде أ [ʾ], ب [b], ج [dʒ], د [d], ه [h], و [u], ز [z], ح [ħ], ط [t], ي [i], ك [k], ل [l], م [m], ن [n], س [s], ع [ʿ], ف [f], ص [s], ق [q], ر [r], ش [š], ت [t], ث [t], خ [ħ], ذ [d], ظ [z], غ [g] болып әріптерінің ретінде аздаған өзгерістер болып, олар есте сақтауға жеңіл болу үшін жасанды мағынасы жоқ اُجْد هوز حطي كلمن صرعت قرسرت ثخذ ظغش [ʾabdʒad haɟɟaz ɧuttii kalamun ʃaʿfaɟ qarasat taħaɟ ɟaɟaʃ] деген сөздерге біріктірілген.

Дыбысталуы әртүрлі жазылуы ұқсас әріптерді бір-бірінен ажырату үшін асты-үстіне нүктелер қойылғаннан кейін 22 әріптен тұратын абжад (اُجْد هوز [ʾabdʒad haɟɟaz]) негізіндегі араб әліпбиіндегі әріптердің реті мен саны өзгеріп, Шығыс (Машриқ) араб елдерінде 28 болса, Батыс (Мағриб) араб елдерінде ләмәлиф (ل) те жеке әріп ретінде саналып 29 болды [14, 20 б.].

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бұл тілде Қазақстанда және ҚХР, МХР, Иран, Ауғанстан, Түркия, сондай-ақ ТМД елдерінде: Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, т.б. аймақтарда тұратын 11 млн. астам қазақ сөйлейді [15, 208 б.]. Қазақ тілі генеалогиялық тұрғыдан түркі тілдерінің қыпшақ тармағына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге орталық қыпшақ тобына [16, 367 б.], типологиялық тұрғыдан агглютинативті тілдер тобына жатады [17, 149 б.]. Мәскеуде ағылшын тілінде жарық көрген «Тілдердің айырым анықтағышында» қазақ тілінің өзге бірде-бір тілде кездеспейтін айрықша белгісі – Ұ әрпі (таңбасы) деп көрсетілген [18, p. 53].

Қазақ жазуы. Қазақ халқының пайдаланған жазу түрлеріне көне түркі жазуы, ұйғыр, араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазу үлгісі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы, орыс графикасына негізделген қазақ жазуы жатады [19, 75 б.]. Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. V – IV ғ.) пайдаланған көне («Есік жазуы») жазу сол

тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған «руна» жазуы (V – XII ғ.), көне ұйғыр жазуы, VIII ғасырдан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) бір кездерде (1929 – 40; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынұлы реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келді [20, 292 б.].

Қазақ әліпбиі. Көптеген түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының әліпбиі 1929 жылға дейін араб графикасына негізделіп жасалды. Одан кейін латын әліпбиі қабылданды. 1940 жылы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы қаулысымен орыс графикасына негізделген қазіргі қазақ әліпбиіне көшті [15, 198 б.]. Мынау қазіргі қазақ тілі әліпбиіндегі әріптер тәртібі: А а, Ә ә, Б б, В в, Г г, Ғ ғ, Д д, Е е, Ё ё, Ж ж, З з, И и, Й й, К к, Қ қ, Л л, М м, Н н, Ң ң, О о, Ө ө, П п, Р р, С с, Т т, У у, Ұ ұ, Ү ү, Ф ф, Х х, Һ һ, Ц ц, Ч ч, Ш ш, Щ щ, Ъ ъ, Ы ы, І і, Ы, Э э, Ю ю, Я я [21, 15 б.]. Қазіргі таңда кирилл жазуы негізіндегі әліпбиді Қазақстан Республикасында, Монғолияның Баян-Өлгей аймағын, Түрікменстан, Өзбекстан, т.б. ТМД елдерін мекендеген қазақ жұрты ресми түрде қолданса, араб жазуына негізделген әліпбиді Қытай Халық Республикасы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық районындағы қазақтар ресми түрде, Ауғанстан, Иран және Пәкістан елдеріндегі қазақ диаспорасы ресми емес түрде пайдаланады. Ал, Түрік Республикасындағы қазақтар ресми емес түрде латын жазуы негізіндегі түрік әліпбиін пайдаланса, Алмания, АҚШ, т.б. батыс елдеріндегі қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады [22].

1.2 Араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйелері

Фонетика (гректің *фоне* – дыбыс деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған) – тіл дыбыстарының жүйесін, жасалуы мен ерекшеліктерін, әртүрлі сипаты мен бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы [23, 9 б.].

Зерттеу мақсатына қарай фонетика сипаттамалы, тарихи, салыстырмалы және салғастырмалы болып келеді.

Әртүрлі тілдік топтарға жататын тілдердің дыбыстық жүйесі, дыбыстардың сипаты мен саны жағынан бірдей емес. Туыстығы жоқ, түрлі-түрлі тілдік топтарға жататын тілдерді салыстыра зерттеу – *салғастырмалы* фонетиканың үлесіне тиеді [24, 12 б.]. Біздің зерттеу нысанымыз бір-біріне туыстығы жоқ араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйелерін салыстыра отырып зерттелуіне байланысты салыстырмалы-салғастырмалы фонетикаға жатады.

Әртүрлі тілдердің дыбыстық жүйесі, дыбыстарының сипаты мен саны бірдей, біркелкі емес, әр басқа. Олар тілдің өзіндік ерекшеліктеріне, дыбыстау

мүшелерінің қызметінің әртүрлілігіне байланысты болып отырады. Тіл дыбыстарын жасауда (шығаруда) дыбыстау (сөйлеу) мүшелерінің қызметін артикуляция деп атайды. Ал, белгілі халықтың дыбыстау мүшелерінің қызметі арқылы қалыптасқан дыбыс шығару дағдысын сол тілдің артикуляциялық базасы дейді [23, 10 б.].

1.2.1 Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар

1.2.1.1 Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен тәртібі. Қазіргі таңдағы араб фонетикасын зерттеуші ғалымдар араб тілі дауыссыз дыбыстарының жасалу орындарын еріннен бастап көмейге қарай санын он деп көрсетіп жүр. Ал, тәжуид ілімін зерттеген орта ғасырлық ғалымдардың көпшілігі араб тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындарын көмейден бастап ерінге қарай он алты не он жеті деп көрсетсе, енді біреулері қазіргі кездегі ғалымдардың классификациясына ұқсас жасалу орындарын еріннен бастап көмейге қарай он төрт не он екі деп көрсеткен.

Ибн Жэзари дыбыстардың жасалу орындарының көмейден ерінге қарай жасалған тәртібі жөнінде: «Әр нәрсенің екі ұшы болады. Қай ұшын әуелгі жағы деп тапсаң оған қарама-қарсы ұшы оның соңы болып табылады. Егер адамды тік тұрған қалпында таныр болсақ, оның әуелгі жағы – басы, соңғы жағы – екі аяғы екені даусыз. Егер дыбыстың бастауы іштен (өкпеден) шыққан ауа болса, дыбыстардың жасалу орындарын көмейден бастап ерінге қарай реттестіргеніміз жөн» [25, 53 б.], – деген болатын.

Араб тілі дыбыстарына алғаш классификация жасаған әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди (175 h.ж. қайтыс болған) дыбыстардың жасалу орнының тәртібін көмейден бастады. Ол дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай сегіз топқа бөліп, *алиф* /ʔ/, *уау* /w/, *йай* /j/ және *һамза* /ʕ/ дыбыстарын ешқандай кедергіге ұшырамайтындықтан «ауалық» дыбыстар деп тоғызыншы топқа жатқызды. Мына төмендегі әл-Халил жасаған классификация:

- 1) *حلقية* [ħalqiija^{unn}] көмейлік дыбыстар: ع [ʕ], ح [ħ], ه [h], خ [ħ], غ [g];
- 2) *لهوية* [lahawiija^{unn}] тілшік дыбыстары: ق [q], ك [k];
- 3) *شجرية* [šadʒriija^{unn}] таңдай дыбыстары: ج [dʒ], ش [š], ض [d];
- 4) *أسلية* [ʔasaliija^{unn}] тіл алды дыбыстары: ص [s], س [s], ز [z];
- 5) *نطعية* [niṭʕiija^{unn}] таңдай алды дыбыстары: ط [t], ت [t], د [d];
- 6) *لثوية* [liṭawiija^{unn}] қызыл иек дыбыстары: ظ [z], ذ [d], ث [t];
- 7) *ذلقية* [dalaqiija^{unn}] тіл ұшы дыбыстары: ر [r], ل [l], ن [n];
- 8) *شفوية* [šafawiija^{unn}] еріндік дыбыстар: ف [f], ب [b], م [m];
- 9) *هوائية* [ħawāʔiija^{unn}] ауалық дыбыстар: ي [i], و [u], ʔ [ā], ء [ʔ] [26, 57-58 б.].

Әл-Халилдің һамза дыбысын ауалық дыбыстарға жатқызуы ғалымдар арасында түсінбеушілік тудырғаны рас. Алайда «әл-Айн» кітабының кіріспесінде кейбір дыбыстардың жасалу орнына тоқтала келе: «Һамза көмейдің төменгі бөлігінен жасалатын дауыссыз дыбыс. Өзге дауыссыздардан айырмашылығы, егер оны жеңіл айтса жұмсарып ي [i], و [u], ʔ [ā] дыбыстарына айналады» [26, 51 б.], – деген. Бұл мәтіннен һамзаның жасалу орны мен

табиғатынан дұрыс түсінік аламыз, яғни егер оны дәл дыбыстасақ көмейлік, жеңіл дыбыстасақ ауалық болып табылады.

Әл-Халил араб әліпбиіндегі أ [ʾ], ب [b], ت [t], ث [t̤] жүйесіндегі әріптердің ретін өзгертіп, дыбыстарды жасалу орны бойынша былай берген: ع [ʿ], ح [ħ], ه [h], غ [g], خ [ħ] - ق [q], ك [k] - ج [dʒ], ش [š], ض [d] - ص [s], س [s], ز [z] - ط [t̤], ت [t], د [d] - ظ [z], ذ [d̤], ث [t] - ر [r], ل [l], ن [n] - ف [f], ب [b], م [m] - و [w], ا [ā], ي [i], ء [ʾ] [26, 48 б.].

Сибауэйһидің (180 н.ж. қайтыс болған) араб тілі дыбыстарына жасаған классификациясы ұстазы әл-Халил жасаған классификациядан біршама өзгеше болды. Оның бұлай жасауы ғалымдардың назарын аударды. Өйткені Сибауэйһи ұстазының біліміне тәнті болып, оны өте жоғары құрметтеген және «Кітабында» ұстазының көптеген пікірлерін негіз етіп алған болатын. Алайда ұстазының «әл-Айн» кітабының кіріспесіндегі дыбыстардың жасалу орны туралы пікіріне «Кітабында» ешқандай да сілтеме бермеген. Ғалымдар оның себебі бірнеше жағдайларға байланысты болуы мүмкін деп топшалайды. Мәселен, кей ғалымдар Сибауэйһи «әл-Айн» кітабын оқымаған болуы мүмкін, өйткені әл-Ләйс ибн әл-Музаффар «әл-Айн» кітабын әл-Халилден алғанымен оны Сибауэйһи қайтыс болғаннан кейін жариялауы мүмкін деген пікірде. Ал егер Сибауэйһи ұстазынан ілімді кітаптан емес ауызша алған болса, бұл пікір әлсіз болып табылады.

Сибауэйһи «Кітабының» соңғы жағында идғам (الإدغام [al-ʾidgām^u]) үкіміне арнайы бөлім арнап, оны әріптердің ретін көрсете отырып, дыбыстардың жасалу орны мен тәртібін баяндаудан бастаған. Онда: «Негізінен араб әріптерінің саны жиырма тоғыз. Олар: الهمزة [al-hamza^u], الألف [al-ʾalif^u], الهاء [al-hā^u], العين [al-ʿayn^u], الحاء [al-ḥā^u], الغين [al-ğayn^u], الخاء [al-ḫā^u], القاف [al-qāf^u], الكاف [al-kāf^u], الضاد [ad-dād^u], الجيم [al-dǰīm^u], الشين [aš-šīn^u], الياء [al-īā^u], اللام [al-lām^u], الراء [ar-rā^u], النون [an-nūn^u], الطاء [aṭ-ṭā^u], الدال [ad-dāl^u], التاء [at-tā^u], الصاد [aṣ-ṣād^u], الزاي [az-zāī^u], السين [as-sīn^u], الظاء [aḏ-ẓā^u], الذال [ad-dāl^u], الثاء [aṭ-ṭā^u], الفاء [al-fā^u], الباء [al-bā^u], الميم [al-mīm^u], الواو [al-ḡāw^u]» [27, 431 б.], – деген. Идғам (الإدغام [al-ʾidgām^u]) сөзінің тәжүид іліміндегі терминдік мағынасы сукунді нун (ن [n]) немесе тануиндердің (ء [un], َ [in], ِ [an]) бірінен кейін يرملون [jarmalūn^a] сөзіндегі алты әріптің бірі келсе, сукунді нунды және тануинды оған кіріктіріп оқу [28, 618 б.].

Сосын «Кітаптың» авторы: «Бұл дыбыстардың жасалу орны он алты. Олар: - көмейдің үш жерінде: ең төменгі бөлігінде الهمزة [al-hamza^u], الألف [al-ʾalif^u], الهاء [al-hā^u]; көмейдің орта тұсында ع [ʿ], ح [ħ]; көмейдің ең жоғарғы бөлігінде, яғни ауыз қуысына ең жақын жерінде غ [g], خ [ħ] дыбыстары; - тілдің ең артқы бөлігі мен таңдайға түйіскен жерінен ق [q] дыбысы; - тілдің және таңдайдың ق [q] дыбысы жасалатын орнынан сәл төменірек жерден ك [k] дыбысы; - тіл ортасы мен таңдай ортасы арасынан ج [dʒ], ش [š], ي [i] дыбыстары; - тіл шетінің алдыңғы жағы мен азу тістерге түйіскен жері арасынан ض [d] дыбысы;

- тіл ұшының жаны мен таңдайдың алдыңғы бөлігі арасынан, яғни күрек және ит тістердің үстінен ل [l] дыбысы;

- тіл ұшының [сәл ғана үстіңгі] бөлігі мен күрек тістердің үстіңгі жағы арасынан ن [n] дыбысы;

- ن [n] дыбысы жасалатын орыннан ر [r] дыбысы жасалады, алайда ол ل [l] дыбысының жасалу орнына жақынырақ болғандықтан аздап тіл (ұшынын) үстіңгі жағынан жасалады;

- тіл ұшы мен күрек тістердің түбі арасынан ط [t], د [d], ت [t] дыбыстары;

- тіл ұшы мен аздап күрек тістердің үстінен ز [z], س [s], ص [s] дыбыстары;

- тіл ұшы мен күрек тістердің ұштарынан ظ [z], ذ [d], ث [t] дыбыстары;

- астыңғы еріннің ішкі жағы мен үстіңгі күрек тістердің ұшынан ف [f] дыбысы;

- екі ерін арасынан ب [b], م [m], و [u] дыбыстары;

- мұрын қуысынан жеңіл ن [n] дыбысы жасалады» [27, 433-434 б.], – деп, дыбыстарды жасалу орнына қарай жіктеген.

Байқап отырғанымыздай, жасалу орындарына жасаған дыбыстардың реті тараудың басында айтып өткен әріптердің ретімен көп жерлері сәйкес келгенімен, кей жерлерде сәйкес келмей жатады. Мысалы, тараудың басында әріптердің ретін көрсеткенде الضاد [aḏ-dād^u] әрпінің реті жасалу орындарына жасаған классификацияға қарағанда ج [dʒ], ش [š], ي [i] дыбыстарынан бұрын келіп тұр. Сондай-ақ, әріптердің ретінде الألف [al-'alif^u] әрпінің ретінен бұрын, ал, дыбыстардың жасалу орнына жасаған классификацияда الألف [al-'alif^u] әрпі ه [h] дыбысынан кейін орналасқан. Ал, ұстазы әл-Халил жасаған классификацияда дыбыстардың реті әріптердің ретіне дәлме-дәл сәйкес келеді.

Осы орайда әл-Жәрми (225 н.ж. қайтыс болған) жасаған классификацияға тоқталып өтуіміз тиіс. Әш-Шәһразури (550 н.ж. қайтыс болған) әл-Халил мен Сибауәйһи жасаған классификациядан өзгереді әл-Жәрми жасаған классификацияны ғылыми айналымға енгізді. Әл-Жәрми өз классификациясында ل [l], ر [r], ن [n] дыбыстарының жасалу орны бір дей отырып, араб тілі дыбыстарының жасалу орнын он төрт деп көрсеткен. Бұның ғылымда үлкен мәні болды. Өйткені ол осыдан мың екі жүз жыл бұрын жасалса да, құндылығын жоймаған, қазіргі заманғы көптеген фонетист ғалымдар негіз етіп алған дыбыстардың реті жөніндегі тарихи маңызы бар құнды дерек болып табылады.

Әш-Шәһразури кітабының тәжуидке арнаған тарауында дыбыстардың жасалу орнына тоқталып, әл-Жәрми жасаған классификацияны келтіреді. Онда: «әл-Жәрмидің пікірінше араб тілі дыбыстары дыбыстау мүшелерінің он төрт жерінен жасалады:

- еріннен و [u], ب [b], م [m] дыбыстары;

- астыңғы еріннің ішкі жағынан ف [f] дыбысы, сондай-ақ оны үстіңгі күрек тістердің ұшынан жасалады деуге де болады;

- тіл ұшы мен үстіңгі күрек тістердің ұшы арасынан ظ [z], ث [t], ذ [d] дыбыстары;

- одан шамалы тілдің үстіне қарай ішкерірек жерінен және үстіңгі күрек тістердің түбінен ط [t], د [d], ت [t] дыбыстары;

- одан тілдің үстіне қарай ішкерірек жерінен ص [s], س [s], ز [z] дыбыстары;
- тіл ұшынан сукунді және харакатты ر [r], ل [l], ن [n] дыбыстары;
- тілдің екі жанының бірінен ض [d] дыбысы жасалады. Біреулер бұл дыбысты тілінің оң жағымен дыбыстаса, енді біреулер сол жағымен дыбыстайды, қай жағымен дыбыстаса да айырмашылығы жоқ;
- ر [r] дыбысының жасалу орнынан жоғарырақ жерден ي [i], ج [dʒ], ش [ʃ] дыбыстары;
- одан шамалы ішкерірек жерден ك [k] дыбысы;
- тіл түбінен ق [q] дыбысы;
- көмейдің ауыз қуысына шекаралас алдыңғы жағынан, (яғни бас жағынан) غ [g], خ [h] дыбыстары;
- көмейдің орта тұсынан ع [ʿ], ح [h] дыбыстары;
- көмейдің ең артқы жағынан (яғни ең төменгі жағынан) ء [ʾ], ه [h], ا [ā] дыбыстары;

- мұрын қуысынан жеңіл ن [n] дыбысы жасалады» [29, 211-212 б.], – деп, еріннен көмейге қарай алғаш рет классификация жасаған.

ل [l], ر [r], ن [n] дыбыстарының жасалу орнын бір деп қарастырып, жалпы араб тілі дыбыстарының жасалу орны он төрт екенін білдіретін пікірді әл-Фәрра (207 һ.ж. қайтыс болған), Қутруб (206 һ.ж. қайтыс болған), әл-Жәрми, ибн Кисан (299 һ.ж. қайтыс болған) сынды ғалымдарға телитін басқа да деректер бар, алайда ол жөнінде әш-Шәһразури келтіргендей нақты мәтін, яғни сілтеме (цитата) кездеспейді [30, 243 б.].

Әш-Шәһразуридің әл-Жәрмиден келтірген мәтіні, яғни сілтемесі екі түрлі мәселені ашып көрсетеді. Біріншісі – дыбыстардың жасалу орны он төрт екенін, екіншісі – дыбыстардың жасалу орнын еріннен бастап көмейге қарай реттестіру жөніндегі нақты мәтінді ғылыми ортаға енгізуі.

Тіл және тәжуид ілімін зерттеуші ғалымдар арасында осы үш классификацияның ішінен Сибауейһи жасаған классификация кеңінен қолданыста болды. Мәселен, ибн Жинни (392 һ.ж. қайтыс болған) араб әріптерін Сибауейһидің классификациясы бойынша реттестіріп: «Бұл көмейден жоғары қарай реттелген әріптердің дұрыс тәртібі. Ал, «әл-Айн» кітабындағы әріптердің тәртібінде түсініксіз жайттар бар» [31, 50-51 б.], – дейді.

Араб тілі дыбыстық жүйесіне жасалып жатқан қазіргі зерттеу жұмыстары екі түрлі фактордың әсеріне ұшырады деуге болады. Біріншісі – шығыстанушы ғалымдардың еңбектері мен тіл білімі бойынша батыс ғалымдарының араб тіліне аударылған кітаптары. Екіншісі – араб оқымыстыларының батыс елдерінің университеттерінде білім алуы нәтижесінде Еуропа елдері тілдерінің дыбыстық жүйесіне байланысты зерттеу жұмыстарымен тікелей танысуы. Араб тілінің дыбыстық жүйесіне зерттеу жүргізгендердің көшбасшылары Еуропа елдерінің университеттерінде білім алған мысырлық ғалымдар. Олар батыс елдерінде оқыған білімдерінен алған әсерлерін араб тілінің дыбыстық жүйесіне жасаған зерттеу жұмыстарына да қолдануға тырысып бақты. Олардың дені араб тілі дыбыстарының жасалу орны бойынша екі мәселеде бір бағытты ұстанады деуге болады. Біріншісі, олардың көпшілігі араб тілі дыбыстарының жасалу орындарының санын он деп көрсетсе, енді бірі біреуге арттырып он бір деп,

енді бірі біреуге кемітіп тоғыз деп көрсетеді. Екіншісі, дыбыстардың жасалу орнын еріндік дыбыстардан бастап көмейлік дыбыстарға қарай реттестіреді.

Араб тілінің дыбыстық жүйесі туралы еуропалық ғылымнан әсер алған ең алғашқы жарық көрген кітап – 1947 жылы шыққан Ибраһим Әнистің «الأصوات اللغوية» [al-'aṣūātu-l-luġawīiia^u] атты еңбегі. Одан кейінгі еңбек – 1955 жылы шыққан Тәммам Хассанның «مناهج البحث في اللغة» [manāhidzu-l-baḥṭi fī-l-luġa^u] атты кітабы.

Ибраһим Әнис араб тілі дыбыстарына классификация жасағанда орта ғасырлық араб ғалымдары жасаған классификациялардан алыстап кетпеді. Ол араб тілі дыбыстарының жасалу орындарын еріннен бастап көмейге қарай реттестірді. ل [l], ر [r], ن [n] дыбыстарының жасалу орындары бір деп санады. Кей дыбыстарды бұрынғы орнынан алдыға шығарып, енді біреулерін кейін шегіндірді.

Көмей дыбыстары туралы автор: «Тіл дыбыстарын зерттеуші қазіргі заманғы жаңашыл ғалымдар дыбыстау мүшелері арасында әлі күнге дейін көмей қызметін нақтылау жұмыстарын жүргізген жоқ. Көмей дыбыстарының жаңа қырларын ашу болашақтың еншісінде деп ойлаймыз» [32, 88 б.], – деген.

Араб тілі дыбыстарының жасалу орнын ғалым Тәммам Хассан да өзінің зерттеу нысанына айналдырған. Алайда ол араб ғалымдары жасаған классификациядан өзге бағытты ұстанды. Тіпті ол Еуропада алған білімін алға тартып, араб ғалымдары жасаған классификацияны сынға алудан да тайынбады. Мысалы ол: «Ибн әл-Жәзари әртүрлі пікірлердің арасынан өзі дұрыс көргенін тандап, араб тілі дыбыстарының жасалу орындарының санын он жетіге жеткізеді. Сондай-ақ, ол ن [n] дыбысын тіл ұшылық дыбысқа жатқызса, бірде мұрын жолды дыбысқа жатқызады, енді бірде тіл ұшы мен үстіңгі күрек тістердің арасынан жасалатынын айтады. Ол осылайша бірде ن [n] дыбысына ғана тән арнайы жасалу орнын белгілесе, бірде оны ل [l], ر [r] дыбыстарымен бірге топтастырады, енді бірде م [m] дыбысының жасалу орнымен бірге қояды» [33, 84-85 б.], – деп сынға алады.

Тәммам Хассанның орта ғасырлық араб ғалымдарына сын айтуын ғалым Қадури негізсіз дей келе: «Олардың ешқандай да электронды құрылғыларсыз өте құнды зерттеулер жүргізіп, кейінгі ұрпаққа аса бағалы мол мұралар қалдырғандығында дау жоқ. Мәселен, оның сынға алған ن [n] дыбысын Ибн әл-Жәзаридің م [m] дыбысымен бірге қою себебі бұл екі дыбыс өзге дыбыстардан жасалу орны мұрын жолды дыбыс болуымен ерекшеленеді. Тіл ұшылық деген себебі оны дыбыстағанда тіл ұшы қызыл иекке тоғысады» [34, 195 б.], – дейді.

Араб тілінің дыбыстық жүйесіне байланысты зерттеу жұмыстары жалғаса берді. Бұл зерттеу жұмыстарында ғалымдардың көпшілігі Тәммам Хассан көрсеткен классификациядан аса алмады. Біреулері жасалу орындарының санын он бірге жеткізсе, енді біреулері тоғызға түсірді. Мәселен, Абдуррахман Әйюб дыбыстардың жасалу орындарының санын он деп есептесе [35, 195 б.], Ахмад Мухтар Умар он бір деп тапты [36, 269-273 б.]. Рамадан Абдuttәууаб: «Ертеректегі ғалымдарымыз бен қазіргі заманғы жаңашыл ғалымдардың арасында дыбыстардың жасалу орындарының саны мен ретінде және кей дыбыстардың жасалу орындарын белгілеуде қайшылықтар кездеседі. Қазіргі

кездегі ғалымдар дыбыстардың жасалу орны мен тәртібін (еріннен көмейге қарай) былайша көрсетіп жүр:

- 1) الأصوات الشفوية [al-’aṣūātu-š-šafaūiija^{tu}] – еріндік дыбыстар: ب [b], م [m], و [w];
- 2) الشفوية الأسنانية [aš-šafaūiijatu-l-’asnāniija^{tu}] – еріндік-тіс дыбыс: ف [f];
- 3) الأسنانية [al-’asnāniija^{tu}] – тіс (аралық) дыбыстар: ذ [d], ظ [z], ث [t];
- 4) الأسنانية اللثوية [al-’asnāniijatu-l-liṭaūiija^{tu}] – тіс (арты)-қызыл иек дыбыстары: د [d], ض [ḏ], ت [t], ط [t], ز [z], س [s], ص [ṣ];
- 5) اللثوية [al-liṭaūiija^{tu}] – қызыл иек дыбыстары: ل [l], ر [r], ن [n];
- 6) الغارية [al- gāriija^{tu}] – таңдай алды дыбыстары: ش [š], ج [dʒ], ي [i];
- 7) الطبقية [aṭ-ṭabaqiiija^{tu}] – таңдай ортасы дыбыстары: ك [k], غ [g̃], خ [ħ];
- 8) اللهوية [al-lahaūiija^{tu}] – тілшік дыбысы: ق [q];
- 9) الحلقية [al-ḥalqiija^{tu}] – көмейлік дыбыстар: ع [‘], ح [ħ];
- 10) الحنجرية [al-ḥandzariija^{tu}] – желбезектік дыбыстар: ء [’], ه [h].

Міне, бұл лабораториялық ғылыми зертханаларда жүргізілген тәжірибелердің нәтижесінде араб әдеби тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуші жаңашыл ғалымдардың қол жеткізген классификациясы» [37, 30-31 б.], – дейді ғалым.

Дыбыстардың жасалу орнын еріннен көмейге қарай реттестіру қазіргі фонетист ғалымдардың жетістігі емес. Бұл тәсілді батыс тілдеріндегі дыбыстардың жасалу орны мен тәртібіне жасалған классификациялардан үлгі ретінде алып жүрген қазіргі араб ғалымдарының орта ғасырлық ғалым әл-Жәрми жасаған классификациядан хабарсыз екенін білдіреді.

Қазіргі ғалымдардың көпшілігі көмей және тіл арты дыбыстарының жасалу орындарына орта ғасырлық ғалымдар жасаған тәртібі дұрыс емес деп, өздерінше дұрыс деп тапқан басқаша тәртібін ұсынды. Оны төмендегі кестеден байқауға болады (3-кесте):

3-кесте – Көмей дыбыстарының орта ғасырлық және қазіргі ғалымдар жасаған тәртібі:

Орта ғасырлық ғалымдар жасаған реті	Қазіргі ғалымдар жасаған реті
ء [’], ه [h];	ء [’], ه [h];
ع [‘], ح [ħ];	ع [‘], ح [ħ];
غ [g̃], خ [ħ];	ق [q];
ق [q];	غ [g̃], خ [ħ], ك [k];
ك [k];	-

Қазіргі ғалымдардың жасаған реті ق [q], ك [k], خ [ħ], غ [g̃] дыбыстарының айтылым табиғатына терең үңілмегенін білдіретін тәрізді. Орта ғасырлық ғалымдардың жасаған реті дұрыс екенін білдіретін дәлелді айғақтар жеткілікті. Сибауэйһи: «Егер аузыңды барынша ашып قَّقْ قَّقْ [qaq qaq] деп айтсаң ق [q] дыбысы бұзылмай анық айтылады. Аузыңды осы қалпында ұстап ك [k] және одан кейінгі тіл дыбыстарын айтып көрсең, олар бұзылып дұрыс дыбысталмайды» [38, 480 б.], – деп, ق [q] дыбысының жасалу орны ك [k]

дыбысының жасалу орнынан тереңде жатқанын іс-тәжірибелер жүргізу арқылы дәлелдеген.

Ғалым Қадури: «Осы тәжірибені غ [g], خ [h] дыбыстарына жасасак, мәселен, ауызды барынша ашып, خَخ [ħaħ ħaħ] және غَغ [gag gag] десек, бұл екі дыбыстың бұзылмай анық айтылатынын байқаймыз. Ал, ауызды осы қалпында ұстап, ك [k] дыбысын айта алмаймыз. Бұдан غ [g], خ [h] дыбыстарының жасалу орындары ك [k] дыбысының жасалу орнынан тереңде жатқанын байқаймыз. Бұл тәжірибелер көмей және тіл арты дыбыстарының жасалу орны мен тәртібіне жасалған орта ғасырлық ғалымдардың классификациясы дұрыс екеніне және керісінше қазіргі ғалымдардың кателескеніне дәлел болып табылады» [34, 90 б.], – дейді.

Тіл ұшының тіс, не қызыл иек, не таңдай алдына тоғысуы және жуысуы арқылы жасалатын он үш дыбыс бар. Олар: ل [l], ر [r], ن [n]; ط [t], د [d], ت [t], ض [d], س [s], ص [ʃ], ز [z]; ظ [z], ذ [d], ث [t] дыбыстары. Қазіргі және орта ғасырлық ғалымдардың ظ [z], ذ [d], ث [t] дыбыстарының жасалу орындары тіл ұшы мен күрек тістердің арасы екендігінде пікірлері бірдей. Ал, бұл үшеуінен өзге дыбыстардың жасалу орындарын белгілеуде ұстанымдары әртүрлі.

Орта ғасырлық ғалымдар арасында бұл дыбыстардың жасалу орындарын белгілеуде қайшылық жоқ. Тек олардың көпшілігі ل [l], ر [r], ن [n] дыбыстарының әр қайсысы әртүрлі орындардан жасалады десе, әл-Жәрми бұл үш дыбысты бір ғана орыннан жасалады деп санаған. Әл-Халил бұл дыбыстардың жасалу орнын бір деп есептеп, оларды тіл ұшы дыбыстары деп атаған.

Орта ғасырлық ғалымдар ض [d] дыбысының жасалу орны тілдің бір жанының алдыңғы жағы мен азу тістердің арасы десе, кейінгі ғалымдар (ض [d] дыбысын) қазіргі заманғы дыбысталуы бойынша оны ط [t], د [d], ت [t] дыбыстарының жасалу орнымен бірге қояды.

Бұл дыбыстардың жасалу орындарын белгілеудегі орта ғасырлық және қазіргі ғалымдар арасындағы қайшылықтың негізгі себебі қазіргі ғалымдардың көпшілігі олардың жасалу орындары бір жерде деп санауынан болса керек. Бұл дыбыстардың жасалу орындарын бір-бірінен ажырата білудің өзі орта ғасырлық тіл білімі және тәжуид ғалымдарының жасаған классификациясы дұрыс екенін білдіреді. Қазіргі ғалымдар да орта ғасырлық ғалымдардың жасаған классификациясын қатеге шығаратындай нақты дәлел келтірген емес. Ең дұрысы орта ғасырлық ғалымдар жасаған классификацияны негіз етіп, оны қолданысқа енгізу.

Мынау Ғаним Қадуридің ұсынған жаңа классификациясы:

- 1) شفوي [ʃafaʊiij^{un}] – еріндік дыбыстар: ب [b], م [m] және дауыссыз و [u];
- 2) شفوي أسناني [ʃasnāniij^{un} ʃafaʊiij^{un}] – еріндік-тіс дыбыс: ف [f];
- 3) أسناني [ʃasnāniij^{un}] – тіс дыбыстары: ذ [d], ث [t], ظ [z];
- 4) أسناني لثوي [ʃasnāniij^{un} liṭaʊiij^{un}] – тіс (арты)-қызыл иек дыбыстары: س [s], ص [ʃ], ز [z];
- 5) لثوي أمامي [liṭaʊiij^{un} ʔamāmiij^{un}] – қызыл иек алды дыбыстары: د [d], ت [t], ط [t], ض [d];

6) لثوي خلفي [liṭauijjuun ḥalfiijj^{unn}] – қызыл иек арты дыбыстары: ل [l], ر [r], ن [n];

7) غاري [gāriijj^{unn}] – таңдай ортасы дыбыстары: ج [dʒ], ي [i], ش [š];

8) طبقي [ṭabaqijj^{unn}] – таңдай арты дыбысы: ك [k];

9) لهوي [lahauijj^{unn}] – тілшік дыбысы: ق [q];

10) أدنى حلقي [ʾadnā ḥalqijj^{unn}] – көмей үсті дыбыстары: غ [g], خ [ħ];

11) حلقي [ḥalqijj^{unn}] – көмей дыбыстары: ع [ʿ], ح [ħ];

12) حنجري [ḥandʒariijj^{unn}] – желбезектік дыбыстар: ء [ʾ], ه [h] [34, 95 б.].

Бұл классификацияда қазіргі ғалымдардың ғылыми ізденістері ескеріле отырып, дыбыстардың жасалу орындарының орта ғасырлық ғалымдар жасаған тәртіптері арасынан ең дұрыс дегендері іріктеліп алынған. Бұл классификацияны негізінен дыбыстардың жасалу орындарын әл-Жәрмидің еріннен көмейге қарай реттестірген тәсілі бойынша Сибауәйһи жасаған классификация деуге болады. Мұнда орта ғасырлық ғалымдардың кейбірі және қазіргі көптеген ғалымдардың пікірі ескеріле отырып ل [l], ر [r], ن [n] дыбыстары бір жерден жасалады деп алынды. Ибн әт-Тахханның пікіріне сүйене отырып жеңіл ن [n] дыбысының жасалу орны енгізілмеді. Сондай-ақ, ض [d] дыбысының жасалу орны Құран Кәрім қырағаты (оқылымы) ғалымдарының пікірі негізінде қазіргі заманғы дыбысталуы бойынша ط [t], د [d], ت [t] дыбыстарының жасалу орнымен бірге қойылды.

Демек, кез-келген тілдің дыбыстық жүйесін араб тілінің дыбыстық жүйесімен салғастыра отырып зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін, кейінгі араб ғалымдарының ғана еңбектерімен шектелу нақты нәтижелерге жеткізбейді. Ол үшін қазіргі ғалымдардың да пікірлерін ескере отырып, орта ғасырлық ғалымдар жасаған классификацияларды негізге алған жөн деп санаймыз. Араб және қазақ дауыссыз дыбыстарының жасалу орындарын салғастыру үшін қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындарына жасалған қазақ ғалымдарының классификациясына тоқталайық.

Ғалым І.Кеңесбаев қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай сегіз топқа бөледі:

- 1) Ерін (билабиаль) фонемалары: *п, б, м, (у)*;
- 2) Тіс пен ерін (лабиальденталь) фонемалары: *ф, в*;
- 3) Тіс (денталь) фонемалары: *т, с, з, д, ц*;
- 4) Тіл ұшы (альвеоляр) фонемалары: *н, л, ч*;
- 5) Тіл алды (палаталь) фонемалары: *р, ш, ж, й*;
- 6) Тіл ортасы (препалаталь) фонемалары: *к, г*;
- 7) Тіл арты (веляр) фонемалары: *қ, ғ, ң, х*;
- 8) Көмей (фарингаль) фонемасы: *һ* [39, 376 б.].

Ғалым С.Мырзабеков қазақ тілі дауыссыздарын жасалу орнына қарай алдымен үш топқа бөледі:

- а) Ерін (лабиаль) фонемалары: *п, б, ф, в, м, у*;
- ә) Тіл (лингваль) фонемалары: *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, ң, н, л, р, й*;
- б) Көмей (фарингаль) фонемасы: *һ*.

Сосын ерін фонемаларын іштей:

- Еріндік: *п, б, м, у*;

- Ерін мен тіс: *ф, в*;

тіл фонемаларын:

- Тіл алды: *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р*;

- Тіл ортасы: *й*;

- Тіл арты: *г, з, к, қ, ң, х*, деп қарастырған [40, 33 б.].

Н.Сауранбаев дауыссыздарды жасалу орнына қарай төрт топқа бөледі:

1) тіл арты дыбыстары: *қ, з, х, һ*;

2) тіл ортасы дыбыстары: *к, г*;

3) тіл алды дыбыстары: *н, р, л, ч, ш, ж, й, т, с, д, з*;

4) еріндік дыбыстар, оның ішінде: а) қос еріндіктер: *п, б, м*; б) тіс еріндіктер: *ф, в*. [41, 36 б.].

С.Исаев қазақ тілінің дауыссыз дыбыстарын жасалу орнына қарай жеті топқа бөлген:

1) Ерін дауыссыздары: *б, п, м, у*;

2) Тіс пен ерін дауыссыздары: *в, ф*;

3) Тіс дауыссыздары: *з, с, д, ж, л, ц*;

4) Тіл алды дауыссыздары: *ж, ш, щ, ч, н, р, л, й*;

5) Тіл ортасы дауыссыздары: *к, г*;

6) Тіл арты дауыссыздары: *қ, з, ң, х*;

7) Көмей дауыссызы: *һ* [42, 16 б.].

Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілі дыбыстарының жасалу орны ерін, тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты және тілшік болып табылады. Оның ішінде тіл ортасы [ә, і, ү, е, ө] (E₃) мен тіл арты [а, ы, ұ, о] (E₄) дауысты дыбыстарға қатысты болса, ерін [п, б, м, у(w)] (E₁), тіл ұшы [т, д, н, с, з, р, ш, ж, л] (E₂), тіл ортасы [к, г, й, ң] (E₃) және тілшік [қ, ғ, й, ң] дауыссыз дыбыстарға жатады» [43, 36 б.], – деген.

Мысалдардан байқағанымыздай қазақ ғалымдары арасында дыбыстарды жасалу орны бойынша жіктеуде бірізділік байқалмайды.

Ғалымдардың *б, п, м, у* дыбыстары еріндік, *в, ф* дыбыстары ерін мен тіс дыбыстар екендігінде ғана пікірлері бірдей.

С.Мырзабеков *т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р* дыбыстарын тіл алды дыбыстары десе, І.Кеңесбаев осы дыбыстардан *т, с, з, д, ц* дыбыстарын тіс (денталь) фонемалары, *н, л, ч* дыбыстарын тіл ұшы (альвеоляр) фонемалары, *р, ш, ж, й* дыбыстарын тіл алды (палаталь) фонемалары деп бөлген және *й* дыбысын тіл алды фонемаларына қосқан. Н.Сауранбаев та *н, р, л, ч, ш, ж, й, т, с, д, з* дыбыстарын тіл алды дыбыстары деп, олардың қатарында *й* дыбысын қосқан. С.Исаев осы дыбыстарды тіс дауыссыздары (*з, с, д, л, ц*) және тіл алды дауыссыздары (*ж, ш, щ, ч, н, р, л, й*) деп екіге бөлген және ол да *й* дыбысын тіл алды дауыссыздарына жатқызған.

І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев және С.Исаев тіл ортасы дыбыстарына *к, г* дыбыстарын жатқызып, *й* дыбысын тіл алды дыбыстарына қосқан. С.Мырзабеков тіл ортасы дыбысына *й* дыбысын ғана жатқызған. Ал, Ә.Жүнісбек *к, г, й, ң* дыбыстарын тіл ортасы дыбыстары деп қарастырған.

І.Кеңесбаев пен С.Исаев тіл арты дыбыстарына *қ, з, ң, х* дыбыстарын жатқызса, С.Мырзабеков бұл дыбыстардың қатарына *к, г* дыбыстарын да қосқан. Н.Сауранбаев *ң* дыбысының орнына *һ* дыбысын қойып, тіл арты

дыбыстары *қ, ғ, х, һ* дыбыстары деген пікірде. Ә.Жүнісбек «тіл арты» терминін жуан дауысты [а, ы, ұ, о] (Е₄) дыбыстарына ғана қолданады. Ал, дауыссыз дыбыстарға қатысты «тілшік» терминін қолданады. Оның пікірінше тілшік дыбыстар [қ, ғ, й, һ] дыбыстары.

І.Кеңесбаев, С.Мырзабеков және С.Исаев *һ* дыбысын көмей дауыссызына жатқыза, Н.Сауранбаев оны (*һ* дыбысын) тіл арты дыбысына жатқызған.

Қазақ дыбыстарының жасалу орнына байланысты ғалымдардың пікірлері арасындағы қайшылық және жіктеудің бір жүйеде болмауы, оларды өзге тілдердің дыбыстық жүйесімен салыстыра, салғастыра зерттеу жұмыстарын жүргізуге кедергі келтіретіні белгілі. Мақсатымызға жету үшін осы алақұлалықты бір ізге салып көрелік.

Қазіргі қазақ тіліндегі *п, б, м, у* дыбыстары қос ерін, *ф, в* дыбыстары ерін мен тіс арқылы жасалатынында талас жоқ. Оны біз қарастырған қазақ ғалымдарының ортақ пікірі растай түседі.

І.Кеңесбаев: «*с, з* дыбыстары тіл ұшы астыңғы күрек тіске жуықтаудан пайда болады» [39, 372 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*с, з* фонемаларын айтқан кезде тілдің ұшы төменгі тіске тіреліп, ортасы аздап ой түседі. Ауа осы тесік арқылы өтіп, үстіңгі күрек тістердің арасынан сүзіліп шығады» [40, 35 б.], – дейді. Н.Сауранбаев: «*с* – тіл жайылып көтеріледі де, астыңғы тістің ернеуіне жақындайды. Ауа екпіні тілдің ұшынан астыңғы тіске тиіп, ысқырықтанып шығады. Сондықтан бұл ысқырықты қатаң дыбыс болады. *з* – бұл да солай жасалады, бірақ ауа екпіні тіске соқпай, тіл науасынан ызылдап шығады» [41, 36 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек *с, з* дауыссыз дыбыстары тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен жинақы жуысуы арқылы жасалатынын айтып, оның астыңғы не үстіңгі күрек тіс-қызыл иек екенін ажыратып көрсетпеген [43, 77, 83 б.]. Бұл екі дыбысты жасалу орны бойынша тіл ұшы дегеніміз дұрыс па, әлде тіл алды дегеніміз дұрыс па? Әлде тіс дыбысы дейміз бе? Біз бұл жерде С.Мырзабеков айтқандай тіл ұшы төменгі тіске тіреледі және тіл ортасы аздап ойысып, ауа осы тесік арқылы өтіп, үстіңгі күрек тістердің арасынан сүзіліп шығады деген пікірімен келісеміз, алайда бір қоса кететін нәрсе ауа тек үстіңгі күрек тістердің арасымен емес, шамалы арыдан, яғни үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасынан ызылдап шығады. Нақтырақ айтқанда тіл ұшы астыңғы тіске тиіп тұрғандықтан, ауа тіл алды мен үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасы арасынан ызылдап шығады дегіміз келеді. Бұл жерде тіл ұшы активті қызмет атқарып тұрмағандықтан біз І.Кеңесбаевтың пікірімен келіспейміз. Өйткені үстіңгі күрек тістің түбі мен қызыл иек шекарасына, яғни *с, з* дыбыстарының жасалатын жеріне жуықтайтын тіл ұшы емес, тіл алды. Ал, Ә.Жүнісбектің бұл дыбыстар тіл ұшы күрек тіс-қызыл иек шекарасына жинақы жуысуы арқылы жасалады дегеніне де келісе алмаймыз. Өйткені, біріншіден бұл дыбыстарды айтқанда тіл ұшы төменгі күрек тіске тіреледі, яғни тоғысады, екіншіден, тіл алды үстіңгі күрек тістің түбі мен қызыл иек шекарасына жуықтап, ауа осы екі аралықтан ызылдап шығады. Демек, біздің ойымызша бұл дыбысты айтқанда тіл ұшы астыңғы тіске тірелгенімен, яғни тоғысқанымен бұл жер бұл екі дыбыстың жасалу орны болып саналмайды. Бұл мәселені *қ* дыбысын мысалға ала отырып түсіндіруге де болады. Мәселен, *қ* дыбысын айтқанда тіл ұшы

астыңғы тіске тиіп тұрғанымен біз бұл дыбысты тіл ұшы дыбысы емес, дыбыстың жасалып тұрған жерімен тілшік дыбысы дейміз ғой. Сол секілді *c*, *z* дыбыстарын да тіл ұшы дыбыстары дей алмаймыз. Сонымен бұл екі дыбыс тіл алды дыбысы, яғни тіл алдының үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасына жуысуы арқылы жасалады дейміз.

І.Кеңесбаев: «*Д*, *т* фонемалары тіл ұшы үстіңгі күрек тістің ішкі жағына нық тиіп (жымдасып), содан соң кілт ашылуынан пайда болады» [39, 368 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*Т*, *д* фонемаларын айтқанда тіл ұшы (немесе алды) үстіңгі күрек тіске жабысып, ауа жолын бөгейді де, тез ажырайды» [40, 35 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек бұл дыбыстар тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысуы арқылы жасалатынын айтады [43, 76 б.; 43, 82 б.]. Біз бұл мәселеде С.Мырзабековтің жақша ішіндегі (немесе тіл алды) үстіңгі күрек тіске жабысады дегенімен келіспеуге де болады. Өйткені бұл дыбыстарды айтқанда, І.Кеңесбаев айтқандай, тіл ұшы үстіңгі күрек түстің ішкі жағына нық тиеді, яғни тоғысады, ал, тіл алды біздің ойымызша қызыл иектің алдыңғы бөлігіне жабысып (тоғысып) тұрады. Біз бұл екі дыбыстың жасалу орнын Ә.Жүнісбек нақты көрсеткен тәрізді. Демек, бұл екі дыбыс тіл ұшы дыбысы, яғни тіл ұшының үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысуы арқылы жасалады, бұл кезде тіл алды қызыл иектің алдыңғы бөлігімен тоғысып тұрғанымен активті қызмет атқармайды.

І.Кеңесбаев пен С.Мырзабеков *p* фонемасы тіл ұшы альвеолға тиіп, фонациялық ауа қарқынымен дірілдеуінен пайда болатынын айтады [39, 364 б.; 40, 42 б.]. Альвеол дегеніміз үстіңгі қызыл иек [44, 17 б.]. Ә.Жүнісбек бұл дыбыс тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалатынын айтады [43, 89 б.]. Біз бұл мәселеде І.Кеңесбаев пен С.Мырзабековтің пікіріне қосыламыз. Ал, Ә.Жүнісбектің пікірімен келісе алмаймыз. Өйткені тіл ұшын күрек тіс-қызыл иектің шекарасына қойып *p* дыбысын айту мүмкін емес. Оны әркім өзіне тәжірибе жүргізу арқылы оңай анықтауға болады. Демек, *p* дыбысы тіл ұшы дыбысы, яғни тіл ұшының қызыл иекке тиіп, іштен шыққан фонациялық ауаның қарқынымен дірілдеуі арқылы жасалады.

І.Кеңесбаев: «*л* фонемасын айтқанда тіл ұшы альвеолға бір тегіс, көлденеңдеп тиеді; бұл фонеманы айтқанда, имплозия басым болу себепті, фонациялық ауа тілдің екі жағын ала шығады, сондықтан *л*-ды латераль (бүйір) фонема дейміз» [39, 364 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*Л* фонемасын айтқанда тілдің үш жағы үстіңгі күрек тіс пен қызыл иекке тіреледі де, орта тұсы ой түсіп, арт жағы жұмсақ тандайға қарай көтеріліп кейін тартылады, тілдің екі бүйірі төмен түсіп ауаның өтуіне мүмкіндік береді. Мұны әдетте қос бүйір фонема дейді» [40, 41 б.], – деген. Ә.Жүнісбек *л* дыбысын айтқанда тіл ұшы күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен тоғысып, екі жаны ашық қалатынын айтады [43, 90 б.]. Біздің ойымызша бұл дыбысты І.Кеңесбаев айтқандай тіл ұшын қызыл иекке (альвеол) ғана тигізіп айтуға да болады. Алайда бұлай айтуда тілді табиғи қалпында қалдырмай, еріксіз күштеп артқа тартатын тәріздіміз. Сондықтан бұл мәселеде С.Мырзабеков пен Ә.Жүнісбектің пікіріне қосыламыз. Демек, *л* тіл ұшы дыбысы, яғни тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасына тоғысуы нәтижесінде жасалады.

І.Кеңесбаев: «*Н* фонемасы тіл ұшы альвеолға тию арқылы жасалады: бұл екі мүше бір-біріне нық тиеді де, фонациялық ауа мұрын арқылы шығады. Сондықтан оны мұрын жолды үнді дейміз» [39, 366 б.], – дейді. С.Мырзабеков: «*Н* фонемасы тіл алдының үстіңгі күрек тіске (не қызыл иекке) нық тиіп тез ажырауынан жасалады. Тіл ұшы төменгі күрек тіске тіреледі не, сәл жоғарырақ тұрады» [40, 41 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек: «*Н* дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады» [43, 88 б.], – дейді. Бұл дыбысты да І.Кеңесбаев айтқандай тіл ұшын қызыл иекке (альвеол) ғана тигізіп айтуға болады. С.Мырзабековтің «тіл алдының үстіңгі күрек тіске (не қызыл иекке) нық тиіп» деп «қызыл иекті» жақша ішіне алып қоюы да сондықтан болар. Алайда бұлай айтуда тілді табиғи қалпында қалдырмай, еріксіз күштеп артқа тартатын тәріздіміз. Сондай-ақ, С.Мырзабековтің «тіл алды нық тиеді» дегенімен қосылмаймыз. Бұлай еткен жағдайда тіл табиғи қалпын сақтамай, ұшы еріксіз төменгі тіске тиіп тұрады. Демек, нық тиіп тұратын тіл алды емес, тіл ұшы. Сондықтан бұл мәселеде Ә.Жүнісбектің пікіріне қосылып, *н* тіл ұшы дыбысы, яғни тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шекарасына тоғысуы арқылы жасалады дейміз.

І.Кеңесбаев: «*Ш, ж* фонемалары тіл алды таңдайға жуықтауы арқылы пайда болады» [39, 371 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*Ш, ж* фонемаларын айтқанда тілдің ұшы (*с, з*-ны айтқандағыдай) көтеріледі де, екі бүйірі жоғары тістерге тіреліп тілдің үстіңгі жағы екі жерден таңдайға жуықтайды. Сондықтан бұлар қос фокусты дауыссыздар делінеді» [40, 36 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек бұл екі дыбыс тіл ұшы күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалатынын айтады [43, 77 б.; 43, 84 б.]. Бұл мәселе біраз талдауды қажет етеді. Біз І.Кеңесбаевтың «тіл алды таңдайға жуықтайды» және С.Мырзабековтің «тіл ұшы көтеріледі» дегенімен қосылмаймыз, өйткені бұл дыбыстарды айтқанда тіл ұшы керісінше төменгі қызыл иекке қарай түседі. Мұндай жағдайда, яғни тіл ұшы төменгі қызыл иекке қарай түскен жағдайда тіл алдының таңдайға қарай көтеріліп жуықтауы мүмкін емес. Демек, бұл дыбыстарды айтқанда тіл алды қатыспай бейтарап қалады да, таңдайға қарай тіл ортасы көтеріліп жуықтайды. Сондай-ақ, Ә.Жүнісбектің тіл ұшы күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен жайылыңқы жуысады дегенін де қолдамаймыз. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай бұл дыбыстарды айтқанда тіл алдымен қатар тіл ұшы да активті қызмет атқармай, (тіл ұшы) төменгі қызыл иекке қарай түседі. Бұл пікіріміздің растығын *ш, ж* дыбыстарын тіл алдымен жасалатын *с, з* дыбыстарының айтылуы кезіндегі жуысу нүктелерін анықтайтын қарапайым тәжірибелер арқылы да анықтауға болады. Мысалы, «сыш, сыш» дегенді өте баяу қайталап айтып көрейік. *С* дыбысынан бастаған кездегі тіл алды мен үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасындағы жуысу нүктесі *ш* дыбысымен аяқтаған кезде ары жылжығанын, яғни тіл ортасы мен қатты таңдай арасына қарай жылжығанын (нақтырақ айтқанда тіл ортасы саналатын аумақтың алдыңғы бөлігі мен қатты арасына қарай жылжығанын) байқаймыз. Сол сияқты «шыс, шыс» дегенді дәл солай өте баяу қайталап көрсек, *ш* дыбысын айтқан кездегі тіл ортасы мен таңдай арасындағы жуықтау нүктесі (нақтырақ айтқанда тіл ортасы саналатын аумақтың алдыңғы бөлігі мен қатты таңдай арасындағы

жуықтау нүктесі) с дыбысын айтқанда бері жылжығанын, яғни тіл алды мен үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасына қарай жылжығанын байқаймыз. Бұл тәжірибені «жыз, жыз» және «зыж, зыж» дегендерді өте баяу қайталау арқылы ж, з дыбыстарына да жасап, жоғарыдағы пікіріміздің дұрыс екеніне көз жеткізуге болады. Демек, ш, ж тіл ортасы дыбыстары, яғни тіл ортасының қатты таңдайға жуысуы арқылы жасалады.

І.Кеңесбаев: «*Й* фонемасы тіл алды алғы таңдайға жүйткүінен пайда болады» [39, 365 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*Й* фонемасын айтқанда тілдің ұшы төменгі күрек тіске, екі шеті бүйір тістерге тиеді де, ортасы жұмсақ таңдай мен қатты таңдайдың түйіскен тұсына қарай көтеріледі» [40, 42 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек: «*Й* дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс болып табылады. *Й* дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың жуысуы арқылы жасалады» [43, 90 б.], – дейді. Біз үшін Ә.Жүнісбектің бұл пікірі түсініксіз. Өйткені тіл түбі мен тілшік арқылы жасалатын дыбысты айтқанда қалайша тіл ортасы мен таңдай бір-біріне жуысады? Немесе керісінше, тіл ортасы мен таңдайдың жуысуы арқылы жасалатын дыбысты тіл түбі мен тілшік арқылы айтылды дей аламыз ба? Бұл олқылықты теру кезінде баспада кеткен қателік болар деп, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты дайындаған «Қазақ грамматикасының» фонетика бөлімінде қарастырылған *й* дыбысымен салыстырдық. Онда: «1) *Й* дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс болып табылады. 2) *Й* дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады» [45, 25 б.], – делінген. Осылайша қателік баспада теру кезінде кеткені анықталды. Демек, Ә.Жүнісбектің пікірі бойынша *й* дыбысы тіл түбі мен тілшіктің жуысуы арқылы жасалады. Біз Ә.Жүнісбектің бұл пікіріне қосылмаймыз. Өйткені бұл дыбысты айтуда тіл түбі мен тілшіктің қатысы болмайды. І.Кеңесбаевтың тіл алды алғы таңдайға жүйткүінен пайда болады деген пікірін де қолдамаймыз. Себебі бұл дыбысты айтқанда тіл алды таңдайға қарай жүйткімей, керісінше төмен қарай ойысады. Оны С.Мырзабековтің «тілдің ұшы төменгі күрек тіске, екі шеті бүйір тістерге тиеді» деуінен де аңғаруға болады. Бұл мәселеде С.Мырзабековтің тіл ортасы жұмсақ таңдай мен қатты таңдайдың түйіскен тұсына қарай көтеріледі деген пікірін қолдаймыз. Демек, *й* тіл ортасы дыбысы, яғни тіл ортасы мен таңдайдың жуысуы арқылы жасалады.

І.Кеңесбаев: «*Г, к* фонемалары тілдің орта шені таңдайдың орта шеніне нық тиіп, жабысып, сонан соң бірден ашылып кетуі арқылы пайда болады» [39, 369 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*К, г* фонемалары тілдің артқы шенінің таңдайға тіреліп, тез ажырап кетуінен жасалады» [40, 36 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек *к, г* дауыссыз дыбыстары тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалатынын айтады [43, 76 б.; 43, 83 б.]. Біз бұл мәселеде С.Мырзабековтің «тілдің артқы шені таңдайға тіреледі» дегенімен келіспейміз. Өйткені бұлай айтылса дыбысталуы *қ, г* дыбыстарына (ұқсамаса да) жақындап кететін тәрізді. Сонымен қатар С.Мырзабеков *к* дыбысын *қ* дыбысымен бірге тіл артынан жасалады деген. Біз оның бұл пікірі дұрыс емес екенін Сибәуәйһидің *қ* [q] дыбысының жасалу

орнын ك [k] дыбысының жасалу орнынан арыда жатқанын дәлелдеу үшін қолданған тәжірибесі арқылы дәлелдегіміз келеді. Мәселен, ауызды барынша ашып «қақ, қақ» деп айтуға болады. Ауызды тура осы қалыпта ұстап «кәк, кәк» деп айту мүмкін емес. Дұрысы – І.Кеңесбаев пен Ә.Жүнісбектің пікірі. Демек, к, ғ тіл ортасы дыбыстары, яғни тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады. Жоғарыда *ж, ш* дыбыстарын да тіл ортасы дыбысы деген болатынбыз. Алайда *к, ғ* дыбыстарының жасалу орны *ж, ш* дыбыстарының жасалу орнынан аз да болса арырақта орналасқан. Басқа сөзбен айтқанда *ш, ж* дыбыстары тіл ортасы аумағының алдыңғы бөлігі қатты таңдайға жуысуы арқылы жасалса, *к* дыбысы тіл ортасы аумағының артқы бөлігі жұмсақ таңдайға тоғысуы арқылы жасалады. Оған қарапайым тәжірибе арқылы көз жеткізуге болады. Мысалы, «шік, шік» дегенді өте баяу бірнеше рет қайталап айтып көрейік. *Ш* дыбысынан бастап айтқанда тіл ортасы мен таңдай арасындағы жуысу нүктесі *к* дыбысын айтқанда шамалы арырақ, яғни қатты таңдайдан жұмсақ таңдайға жылжып барып тоғысқанын байқауға болады. Сол сияқты «кіш, кіш» дегенді өте баяу бірнеше рет қайталап айтып көрейік. *К* дыбысынан бастап айтқанда тіл ортасы мен таңдай арасындағы тоғысу нүктесі *ш* дыбысын айтқанда шамалы берірек, яғни жұмсақ таңдайдан қатты таңдайға жылжып барып жуысқанын байқауға болады.

І.Кеңесбаев: «*ң* фонемасы тіл арты артқы таңдайға нық тиюі арқылы жасалады. Кішкене тіл төмен түсіп, ауыз жолын кептеп тұрғандықтан, фонациялық ауа мұрыннан шығады. Сондықтан *ң* – мұрын жолды үнді (сонар)» [39, 366 б.], – дейді. С.Мырзабеков: «*Ң* фонемасын айтқанда тілдің арт жағы жұмсақ таңдаймен жымдасады да, тез ажырайды, ауа мұрын жолы арқылы шығады» [40, 41 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек *ң* дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалатынын, яғни тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалатынын айтады [43, 88 б.]. Біз бұл жерде тіл арты мен жұмсақ таңдай арқылы жасалады деген С.Мырзабековтің пікірін қолдаймыз. Өйткені, біздің ойымызша *ң* дыбысының жасалу орны тіл арты мен тілшік арқылы жасалатын *қ* дыбысының жасалу орнынан аз да болса беріректе орналасқан. Оны тәжірибе арқылы да анықтауға болады. Мысалы, «қың, қың» деп айтқанда алғашында, яғни *қ* дыбысын айтқанда тіл түбі мен тілшіктің тоғысқанын, *ң* дыбысымен аяқтағанда тоғысу нүктесінің тіл түбі мен тілшіктен берірекке, яғни тіл арты мен таңдайға қарай жылжығанын (ауысқанын) байқауға болады. Осы сөзді керісінше «ңық, ңық» деп айтсақ, *ң* дыбысынан бастаған кезде тіл арты мен таңдайдың тоғысқанын, *қ* дыбысымен аяқтағанда тоғысу нүктесінің тіл арты мен таңдайдан арырақ жылжығанын, яғни тіл түбі мен тілшікке қарай жылжығанын анық аңғаруға болады. Демек, *ң* тіл арты дыбысы, яғни тіл арты мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады.

І.Кеңесбаев: «*Қ* фонемасы тілдің артқы шені таңдайдың артқы шеніне нық тиіп жабысып, сонсоң бірден ол екі мүше ажырап кетуі арқылы жасалады [39, 370 б.]. *Ғ* фонемасының жасалу орны жағынан *қ* тәрізді; басқаша айтқанда, бұл тілдің артқы шені (түбі) таңдайдың артқы жағына жуықтау арқылы жасалады [39, 372 б.]», – дейді. С.Мырзабеков: «Екеуінің жасалу орны бірдей. Айырмасы тілдің арты жұмсақ таңдайға *қ*-ны айтқан кезде нық тиіп, тез ажырайды да, *ғ*-да

жуықтап тұрады, кішкене тіл дірілдеп тұрады» [40, 37 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек қ, ғ дыбыстары тілшік пен тілдің түбі арқылы жасалатынын, яғни тілшік пен тіл түбінің тоғысуы арқылы жасалатынын айтады [43, 76, 83 б.]. Біз бұл мәселеде С.Мырзабековтің тілдің арты жұмсақ таңдайға (қ-ны айтқанда) нық тиеді немесе (ғ-ны айтқанда) жуысады дегенімен келіспейміз. Өйткені бұл екі дыбысты тура солай айтып көрсек, тіл артын табиғи қалпынан күштеп алға жылжытқан боламыз. І.Кеңесбаевтың «тілдің артқы шені таңдайдың артқы шеніне нық тиіп жабысып ...» деп, бір шама жақындатқанымен, онысы нақты емес тәрізді. Бұл жерде қ дыбысы тілшік пен тілдің түбі арқылы жасалады деген Ә.Жүнісбектің пікірін толық қолдаймыз. Ал, ғ дыбысының жасалу орны біздің ойымызша қ дыбысының жасалу орнына қарағанда аз да болса арыда жатқан тәрізді. Нақтырақ айтқанда көмейдің бастау алар жері немесе көмей үсті. Бұл пікірімізді х дыбысының жасалу орнын анықтау барысында дәлелдей түсеміз деп ойлаймыз.

І.Кеңесбаев х фонемасы жасалу орнына қарай қазақтың байырғы фонемасы қ-мен ұялас келетінін айтады [39, 37 б.]. С.Мырзабеков: «х дыбысы жасалуы жағынан ғ-ға ұқсас. Айырмашылығы ғ – ұяң, х – қатаң» [40, 38 б.], – дейді. Ғалым қ, ғ дыбыстарының жасалу орны бірдей деген болатын [40, 37 б.]. Ә.Жүнісбек өз еңбегінде еш қоспасыз қазақ тілінің төл дыбыстарына ғана талдау жасағандықтан шығыс тілдерінен келген х дыбысын қарастырмаған [43, 15 б.]. Біздің ойымызша қазіргі қазақ тіліндегі х дыбысының жасалу орны да ғ дыбысы тәрізді қ дыбысының жасалу орнынан аз да болса арыда орналасқан, яғни х дыбысының жасалу орны ғ дыбысымен ұялас дегіміз келеді. Нақты айтқанда тіл түбі (тіл арты емес) мен көмейдің бастау алар жері немесе көмей үсті. Екеуінің айырмашылығы х қатаң, ғ ұяң дыбыс. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін қарапайым тәжірибе жасап көрелік. Мәселен, тамақтың х дыбысы дыбысталатын жерінде бөгде зат тұрып қалды делік. Әлгі затты х дыбысы анық естілетіндей етіп қақырынып сыртқа шығаруға болады. Тура сол жерде тұрған бөгде затты қ дыбысы естілетіндей етіп қақырып шығару мүмкін емес. Бұл тәжірибеден х дыбысының жасалу орны қ дыбысының жасалу орнынан аз да болса арыда жатқанын байқаймыз. С.Мырзабековтің кішкене тіл дірілдейді деуінің жаны бар. Оның себебі бұл дыбыстарды айтқанда көмейдің бастау алар жеріндегі дыбыстау мүшелерінің, дәлірек айтқанда тіл түбі мен (тілшіктен арырақ орналасқан) көмей үстінің жуысуынан пайда болған тар саңылаудан ауа қарқынды шығады. Сол ауаның қарқынынан бейтарап қалған тілшік дірілдейтіні рас. Алайда бұл дірілдің х, ғ дыбыстарының жасалуына ешқандай қатысы жоқ деп ойлаймыз. Сонымен х, ғ дыбыстары тіл түбі мен көмей үстінен жасалады, яғни бұл екі дыбысты айтқанда тіл түбі мен көмей үсті бір-біріне жуысады.

І.Кеңесбаев: «h – қазақ тілінде бірден-бір көмейден шығатын фонема. Екінші сөзбен айтқанда, бұл фонема тікелей экспирация арқылы жасалады. Дауыс шымылдығы бұл фонеманы айтқанда өзара өте жуық тұрады да онда діріл (вибрация) болмайды; фонациялық ауа сүзіліп шығады, сондықтан бұл ызың (фрикатив) фонемалардың тобына жатады. Өзге дауыссыздардан мұның айырмасы, ауа бөгетсіз, қарқынды шығады» [39, 373 б.], – десе, С.Мырзабеков:

«*h* – бірден-бір көмейден айтылатын фонема», – деген [40, 39 б.]. Ә.Жүнісбек бұл дыбысты шығыс тілдерінен келгендіктен қарастырмаған [43, 15 б.]. Н.Сауранбаев: «*h* – бұл дыбыс тіл арты дыбысы болғанмен, тілдің қимылымен жасалмайды. Өкпеден шыққан ауа екпіні күшпен бірақ айтылады да, ешбір мүшеге қақтықпай, сол тіл артында жасалып бітеді» [41, 36 б.], – дейді. Бұл дыбысты айтқанда тіл арты қимылсыз қалады дегені, жасалуына тіл арты қатыспайды дегенді білдіреді. Демек, *h* дыбысы өзге ғалымдар айтқандай тіл артында емес одан арыда, яғни көмейде жасалады.

І.Кеңесбаев: «*Ц* қазақтың айтуында тіл ұшы үстіңгі күрек тіске нық тиіп, шапшаң айтылады (екі мүше бұл фонеманы айтқанда бірден кілт ажырап кетуі арқылы жасалады); ал, *ч* тіл ұшы альвеольға (үстіңгі қызыл иекке) тиюі арқылы айтылады; бұл фонеманың жасалу жолы *ц*-мен бірдей; сондықтан *ц*, *ч* – әрі қосынды (аффрикат), әрі шұғыл фонемалар» [39, 371 б.], – десе, С.Мырзабеков: «*Ц*, *ч* фонемалары аффрикат (қосынды) дауыссыздар делінеді. *Ц* фонемасы *т* мен *с* элементтерінің жымдасқан (жай құлаққа олардың жігі сезіле бермейтін) қосындысы болып келеді. Оны айтқанда тілдің ұшы астыңғы күрек тіске, алдыңғы жағы (үсті) үстіңгі күрек тіске (не етіне) нық тиеді де, тез ажырап кетеді... *Ч* фонемасы *т* және *ш* элементтерінің кірігуінен құралған, алдымен тіл ұшының күрек тіске, одан соң тіл алдының таңдайға тиюінен жасалады» [40, 40 б.], – дейді. Қазақ тілінің төл дыбысы болмағандықтан Ә.Жүнісбек бұл екі дыбысты қарастырмаған. Біз І.Кеңесбаевтың *Ц* дыбысы тіл ұшы үстіңгі күрек тіске нық тиюі, ал, *ч* тіл ұшы альвеольға (үстіңгі қызыл иекке) тиюі арқылы айтылады дегенімен қосылмаймыз. Өйткені жоғарыда бұл аффрикат екі дыбыстың бірінші элементі саналатын *т* дыбысы тіл ұшы дыбысы, дәлірек айтқанда тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысуы арқылы жасалады деген болатынбыз. Ал, *ц* дыбысының екінші элементі саналатын *с* тіл алды дыбысы, дәлірек айтқанда тіл алдының үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасына жуысуы арқылы, *ч* дыбысының екінші элементі саналатын *ш* тіл ортасы дыбысы, яғни тіл ортасының қатты таңдайға жуысуы арқылы жасалады деген болатынбыз. Олай болса аффрикат *ц* және *ч* дыбыстарын бірінші элементінің жасалу орнына сүйеніп тіл ұшы дыбыстары дейміз бе, әлде екінші элементтерінің жасалу орны бойынша *ц* дыбысын тіл алды, *ч* тіл ортасы дыбысына жатқызамыз ба? К.Аханов: «Тіл-тілде ызың дауыссыздар мен шұғыл дауыссыздардың ерекшеліктерін бірдей қамтыған дауыссыз дыбыстар да кездеседі. Мұндай дауыссыздар аффрикат дыбыстар деп аталады. Аффрикаттар (*ц*, *ч*...) шұғыл дауыссыз дыбыстың элементінен басталып, ызың дауыссыз дыбыстың элементімен аяқталады. «Элементтері» деп отырғанмыз мынадан: *ц* аффрикаты – толық *т* мен *с* дыбыстарының механикалық қосындысы емес; бұл – аффрикат аталған дыбыстардың элементтерінің бір-бірімен жымдасып бір бүтін дыбыс болып кетуінен жасалған. *Ч* аффрикаты да осы тәріздес. Бұл аффрикат та дербес *т* мен *ш* дыбыстарының толық қосындысы емес, аталған дыбыстар элементтерінің органикалық байланысуынан, жымдаса кірігуінен жасалған дыбыс» [46, 296 б.], – дейді. С.Мырзабеков *т* дыбысының жасалу орнын көрсеткенде тіл ұшы (немесе алды) үстіңгі күрек тіске жабысып, ауа жолын бөгейді де, тез ажырайды десе [40, 35 б.], *ц* дыбысын айтқанда тілдің ұшы

астыңғы күрек тіске, алдыңғы жағы (үсті) үстіңгі күрек тіске (не етіне) нық тиеді де, тез ажырап кетеді... *Ч* фонемасы..., алдымен тіл ұшының күрек тіске, одан соң тіл алдының тандайға тиюінен жасалады» [40, 40 б.], – деп, жеке *т* дыбысының жасалу орны мен *ц, ч* дыбыстарының құрамындағы *т* дыбысының жасалу орнынан басқаша көрсеткен, яғни жеке *т* дыбысын айтқанда тіл ұшы үстіңгі күрек тіске жабысса, *ц, ч* дыбыстарын айтқанда тіл ұшы үстіңгі күрек тіске тимей, керісінше астыңғы күрек тіске тиеді және ол (тіл ұшы) мұнда ешқандай да активті қызмет атқармайды. Біз бұдан айтылғанда элементтерінің бір-бірімен жымдасып бір бүтін дыбыс болып кететіндіктен әр аффрикат дыбыс екі жерден емес бір жерден жасалатынын аңғарамыз. Олай болса, аффрикат *ц* дыбысының құрамындағы *т* дыбысы екінші элементі саналатын *с* дыбысының жасалу орнынан жасалады, яғни *ц* дыбысы тіл алды дыбысы, яғни тіл алдының үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасына тоғысып барып, жуысуы арқылы жасалады. Сондай-ақ, аффрикат *ч* дыбысының құрамындағы *т* дыбысы екінші элементі саналатын *ш* дыбысының жасалу орнынан жасалады, яғни *ч* дыбысы тіл ортасы дыбысы, яғни тіл ортасының қатты тандайға тоғысып барып, жуысуы арқылы жасалады.

Сонымен, қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай еріндік, еріндік-тіс, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тілшік, тіл түбі және көмей дауыссыздары деп бөлуге болады.

- 1) Еріндік дыбыстар: *п, б, м, у*;
- 2) Еріндік-тіс дыбыстар: *ф, в*;
- 3) Тіл ұшы дыбыстары: *т, д, н, л, р*;
- 4) Тіл алды дыбыстары: *с, з, ц*;
- 5) Тіл ортасы дыбыстар: *ш, ж, ч, к, г, й*;
- 6) Тіл арты дыбыстары: *ң*;
- 7) Тілшік дыбысы: *қ*;
- 8) Тіл түбі дыбыстары: *х, г*;
- 9) Көмей дыбысы: *һ*.

Сонымен, араб тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орны он екі болса, қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орны тоғыз болып шығады.

Кей жағдайда қазақ және араб тілдеріндегі дыбыстардың жасалу орындарына берілген терминдік атаулар екі тілде де бірдей болып жатса, енді бір терминдер екі түрлі аталғанымен мәні жағынан бір нәрсені меңзеп жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі «еріндік дыбыстар» терминіне араб тіліндегі «шәфауи» (شَفَوِي [šafaʊiː^{un}]) термині дәл келеді. Аталуы да бірдей, яғни «шәфауи» (شَفَوِي [šafaʊiː^{un}]) сөзі қазақ тіліне «еріндік» болып аударылады. Қазақ тіліндегі еріндік *п, б* дыбыстары екі еріннің бір-біріне нық тиіп, тез ажырап кетуінен пайда болса [39, 367 б.; 40, 33 б.], араб тіліндегі «шәфауи» (شَفَوِي [šafaʊiː^{un}]) - еріндік ب [b] дыбысы да екі еріннің бір-біріне нық тиіп, тез ажырап кетуінен жасалады [47, 74 б.].

Қазақ тіліндегі «еріндік-тіс дыбыстар» терминіне атауы жағынан да, мағынасы жағынан да араб тіліндегі «шәфауи-әснәни» (شَفَوِي أَسْنَانِي [šafaʊiːiː^{un} ʾasnāniː^{un}]) – еріндік-тіс) термині сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі еріндік-тіс *в, ф* дыбыстары астыңғы еріннің үстіңгі тістерге жуысуы арқылы жасалса [40, 34

б.], араб тіліндегі «шәфауи-әснәни» (شَفَوِي أُسْنَانِي [šafauiiun 'asnāni^{unn}] – еріндік-тіс) ف [f] дыбысы да астыңғы еріннің үстіңгі тістерге жуысуы арқылы жасалады [47, 74 б.].

Екі түрлі терминдік атаулардың бір мағынаны білдіру себебі қазақ ғалымдары дыбыстардың жасалу орнын көрсеткенде пассивті мүшелерге активті мүшенің (тілдің) тиген бөлігін негізге алса, араб ғалымдары керісінше активті мүшенің (тілдің) пассивті мүшелерге тиген жерлерін негізге алады. Мысалы, қазақ тіліндегі «тіл ұшы дыбыстары» дегеніміз араб тіліндегі «қызыл иек алды» (لثَوِي أَمَامِي [liṭauiiun 'amāmi^{unn}]) және «қызыл иек арты дыбыстары» (لثَوِي خَلْفِي [liṭauiiun ḫalfi^{unn}]) дегенмен парапар келеді. Өйткені қазақ тіліндегі тіл ұшымен жасалатын *m*, *ð*, *l*, *n* дыбыстарын айтқанда тіл ұшы үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысса, араб тіліндегі қызыл иек алды (لثَوِي أَمَامِي [liṭauiiun 'amāmi^{unn}]) د [d], ت [t], ط [t], ض [d] дыбыстарын айтқанда тіл ұшы үстіңгі қызыл иек алдына тоғысса, қызыл иек арты (لثَوِي خَلْفِي [liṭauiiun ḫalfi^{unn}]) ل [l], ن [n] дыбыстарын айтқанда тіл ұшы қызыл иек артына тоғысады. Қызыл иек алды дегені – үстіңгі қызыл иектің күрек тіске түйіскен жері, яғни үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасы. Қызыл иек арты дегені – қызыл иектің өзі, яғни оны «қызыл иек алды» (لثَوِي أَمَامِي [liṭauiiun 'amāmi^{unn}]) терминінен ажырату үшін ғалым Қадури шартты түрде «қызыл иек арты» (لثَوِي خَلْفِي [liṭauiiun ḫalfi^{unn}]) деп алған болса керек, өйткені өзге араб фонетист ғалымдары ل [l], ن [n], ر [r] дыбыстарын жалпылама «қызыл иек дыбыстары» (لثَوِي [liṭauii^{unn}]) деп көрсеткен [37, 30-31 б.; 47, 76 б.]. Бұл жерде қазақ тіліндегі *l*, *n* дыбыстары мен араб тіліндегі ل [l], ن [n] дыбыстарының жасалу орындарында аздаған айырмашылық барын аңғаруға болады: қазақ тіліндегі *l*, *n* дыбыстарын айтқанда тіл ұшы үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасымен тоғысса, араб тіліндегі ل [l], ن [n] дыбыстарын айтқанда тіл ұшы қызыл иек артына, яғни қызыл иекке тоғысады. Бұны екі тілдің ерекшелігі деп ұғынуымыз керек. Алайда бұл екі дыбыстың жасалу орындарындағы мұндай аздаған ерекшеліктің екі тілдегі дыбысталуларына ешқандай да әсері байқалмайды. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі тіл ұшымен жасалатын *p* дыбысы тіл ұшының қызыл иекке тиіп, іштен шыққан фонациялық ауаның қарқынымен дірілдеуі арқылы жасалса, араб тіліндегі қызыл иек арты (لثَوِي خَلْفِي [liṭauiiun ḫalfi^{unn}]) ر [r] дыбысы тіл ұшының қызыл иек артына, яғни қызыл иекке тиіп, іштен шыққан ауа қарқынымен дірілдеуі арқылы жасалады.

Қазақ тіліндегі «тіл алды дыбыстары» терминіне араб тіліндегі «тіс (арты)-қызыл иек дыбыстары» (أَسْنَانِي لثَوِي [ʾasnāni^{unn} liṭauii^{unn}]) термині сәйкес келеді. Өйткені қазақ тіліндегі тіл алдымен жасалатын *s*, *z* дыбыстарын айтқанда тіл алды үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасымен жуысса, араб тіліндегі тіс (арты)-қызыл иек (أَسْنَانِي لثَوِي [ʾasnāni^{unn} liṭauii^{unn}]) س [s], ض [s], ز [z] дыбыстарын айтқанда тіл алды тіс (арты)-қызыл иекке жуысады. Тіс (арты)-қызыл иек дегені – үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасы, яғни екі тілдегі атаулары әртүрлі болғанымен бір жерді меңзеп тұр. Демек, қазақ тіліндегі *s*, *z* дыбыстарының жасалу орны мен араб тіліндегі س [s], ض [s], ز [z] дыбыстарының жасалу орны бір, яғни терминдік атауларда қазақ тілінде тілдің тиетін жері негізге алынса, араб тілінде керісінше тіл барып тиетін жер негізге алынып тұр.

Қазақ тіліндегі «тіл ортасы» терминіне араб тіліндегі «таңдай ортасы» (غاري [gārii^{unn}] (қатты таңдай)) және «таңдай арты» (طبيقي [ṭabaqii^{unn}] (жұмсақ таңдай)) деген терминдер сәйкес келеді. Өйткені қазақ тіліндегі тіл ортасымен жасалатын *ш, ж, ч, й* дыбыстарын айтқанда тіл ортасы қатты таңдайға жуысса, араб тіліндегі «таңдай ортасы» (غاري [gārii^{unn}]) ج [dʒ], ي [i], ش [š] дыбыстарын айтқанда таңдай ортасына (қатты таңдайға) тіл ортасы барып жуысады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі тіл ортасымен жасалатын *к* дыбысын айтқанда тіл ортасы жұмсақ таңдайға тоғысса, араб тіліндегі «таңдай арты» (طبيقي [ṭabaqii^{unn}]) ك [k] дыбысын айтқанда таңдай артына (жұмсақ таңдайға) тіл ортасы барып тоғысады. Біз жоғарыда қазақ тіліндегі *к* дыбысының жасалу орны *ш, ж* дыбыстарының жасалу орнынан аз да болса арырықта орналасқанын қарапайым тәжірибе арқылы дәлелдеген болатынбыз. Араб тіліндегі ج [dʒ], ش [š] дыбыстарының жасалу орны мен ك [k] дыбысының жасалу орны, яғни ج [dʒ], ي [i], ش [š] дыбыстарын айтқанда тіл ортасының (тіл ортасы аумағының алдыңғы бөлігі) таңдай ортасына (қатты таңдайға) жуысуы және ك [k] дыбысын айтқанда тіл ортасының (нақтырақ айтқанда тіл ортасы аумағының артқы бөлігі) таңдай артына (нақтырақ айтқанда жұмсақ таңдайға) тоғысуы пікіріміздің дұрыстығын қуаттай түседі.

Қазақ тіліндегі «тіл арты» терминіне сәйкес келетін термин араб тілінде жоқ. Өйткені қазақ тіліндегі тіл арты мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалатын *ң* дыбысына ұқсас мұрын жолды дыбыс араб әдеби тілінде жоқ.

Қазақ тіліндегі «тілшік» терминіне араб тіліндегі «тілшік» (لهوي [laḥwi^{unn}]) термині толық сәйкес келеді. Өйткені қазақ тіліндегі тілшік *қ* дыбысын айтқанда тілшік пен тілдің түбі тоғысса [43, 76 б.], араб тіліндегі «тілшік» (لهوي [laḥwi^{unn}]) ق [q] дыбысын айтқанда да тіл түбі мен тілшік бір-біріне тоғысады [43, 76 б.].

Қазақ тіліндегі «тіл түбі» терминіне араб тіліндегі «көмей үсті» (أدنى حلقى [ʾadnā ḥalqii^{unn}]) термині сәйкес келеді. Өйткені қазақ тіліндегі тіл түбімен жасалатын *х, з* дыбыстарын айтқанда тіл түбі мен көмей үсті бір-біріне жуысса, араб тіліндегі көмей үсті (أدنى حلقى [ʾadnā ḥalqii^{unn}]) خ [ḫ], غ [ġ] дыбыстарын айтқанда да тіл түбі көмей үстіне қарай жуысады. Демек, қазақ тіліндегі *х, з* дыбыстарының жасалу орны мен араб тіліндегі خ [ḫ], غ [ġ] дыбыстарының жасалу орны бір, яғни қазақ тіліндегі терминдік атауында тіл түбін негізге алсақ, араб тіліндегі терминдік атауында көмей үсті негізге алынған.

Қазақ тіліндегі «көмей дыбысы» терминіне араб тіліндегі «желбезектік дыбыс» (حنجري [ḥandzari^{unn}]) термині сәйкес келеді. Қазақ тілінде көмейде бір ғана *h* дыбысы жасалатындықтан, оның терминдік атауын көмейдегі нақты жасалалу орнымен атау маңызды болмаған. Сондықтан оны жалпылама «көмей дыбысы» деп атаған. Ал, араб тілінде көмейде бір емес төрт дыбыс жасалатындықтан оларды бір-бірінен ажырату үшін әрқайсысының көмейдегі нақты жасалу орнымен атау маңызды болған. Сибауәйһи ع [ʿ], ح [ḥ] дыбыстарын көмейдің орта тұсында (أواسط الحلق [ʾaṯāsiṯu-l-ḥalqⁱ]), ء [ʾ], ه [h] дыбыстарын «көмейдің ең төменгі бөлігінде» (أقصى الحلق [ʾaqsā-l-ḥalqⁱ]) жасалады деген [38, 433 б.]. Қазіргі араб фонетист ғалымдары Сибауәйһидің «көмейдің ең төменгі бөлігі» (أقصى الحلق [ʾaqsā-l-ḥalqⁱ]) дегені көмейдегі дыбыс

желбезегі орналасқан жер екенін анықтап, ʕ [ʔ], ʕ [h] дыбыстарын «желбезектік дыбыстар» (حجري [ħandʒarijī^{unn}]) деп атаған [34, 93 б.].

Араб тіліндегі حنجرۃ [ħandʒara^{unn}] сөзі «дауыс желбезегі» дегенді білдірмейді. Ол, яғни حنجرۃ [ħandʒara^{unn}] көмейдің дауыс желбезегі орналасқан бөлігі (гортань) [48, 198 б.]. Араб ғалымдары ʕ [ʔ], ʕ [h] дыбыстарын көмейдің дауыс желбезегі орналасқан бөлігі тұсында жасалатындықтан, бұл дыбыстарды сол бөліктің атауымен «ханжари» (حجري [ħandʒarijī^{unn}]) деп атаған. Ал, орыс ғалымдары бұл дыбыстар нақты дауыс желбезегі арқылы жасалатындықтан «связочные (желбезектік)» деп алған [49, 10 б.; 50, 15 б.]. Б.Тасымов та бұл дыбыстарды орыс ғалымдарынан тікелей аударып «желбезектік» деп атаған [51, 19 б.]. Сонымен, «желбезектік» сөзі араб тіліндегі «حجري [ħandʒarijī^{unn}]» сөзінің тікелей аудармасы болмаса да, термин ретінде «حجري [ħandʒarijī^{unn}]» сөзінің (терминінің) мағынасын дәл ашып береді деп айта аламыз, сондай-ақ көмейдің орта тұсында жасалатын «көмейлік» (حلقى [ħalqii^{unn}]) (ع [ʕ], ح [ħ]) дыбыстардың терминдік атауынан ажырату үшін өте сәтті қолданылған деп ойлаймыз.

Қазақ тіліндегі «көмейлік» деп жүрген *h* дыбысы араб тіліндегі «желбезектік» (حجري [ħandʒarijī^{unn}]) ʕ [h] дыбысына ұқсас дыбысталады. С.Мырзабеков: «*h* – бірден-бір көмейден айтылатын фонема» [40, 39 б.], – деп, көмейдің қай бөлігінде жасалатынын көрсетпеген. І.Кеңесбаев та оны (*h* дыбысын) бірден-бір көмейден шығатын фонема дей келе: «бұл фонема тікелей экспирация (демнің екпінді шығуы) арқылы жасалады... өзге дауыссыздардан мұның айырмасы, ауа бөгетсіз, қарқынды шығады» [39, 373 б.], – деумен шектеліп, ол да көмейдің нақ қай жерінде жасалатынын ашып көрсетпеген. Н.Сауранбаев: «*h* – бұл дыбыс тіл арты дыбысы болғанмен, тілдің қимылымен жасалмайды. Өкпеден шыққан ауа екпіні күшпен бірақ айтылады да, ешбір мүшеге қақтықпай, сол тіл артында жасалып бітеді» [41, 36 б.], – деп, оны тіл арты дыбысы етіп көрсеткен. Бұл орайда қазақ тіліндегі *h* дыбысына ұқсас дыбысталатын араб тіліндегі ʕ [h] дыбысының жасалу орнын нақты көрсеткен араб фонетист ғалымдарының пікіріне жүгінгеніміз жөн тәрізді. Ғалым Рамадан Абдүтәуаб: «ʕ [h] дыбысын айтқанда өкпеден шыққан ауа дауыс желбезегі орналасқан жерден сүзіліп шығады және дауыс желбезегі тербеліссіз қалады. Бұл дыбысты айтқанда жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын жолын жабады да, ауыз қуысы дауысты дыбыстарды айтқан кездегідей қалыпта болады. Егер дауыс желбезегі тұсында пайда болатын шуыл болмағанда, шыққан демнің дыбысы ғана естілер еді. Сондай-ақ, ʕ [h] дыбысын дауысты дыбыстардан ерекшелігі – дауыс желбезегінің тербеліссіз қалуы» [37, 59 б.], – деп сипаттама береді. Ғалым Нүдә әл-Әмруси: «ʕ [h] дыбысы дауыс желбезегі тұсында қос дауыс желбезегінің бір-біріне жуықтап, іштен шыққан фонациялық ауаның қос дауыс желбезегі арасынан сүзіліп өтуінен пайда болады. Сондай-ақ, тіл арты төмен қарай түсетіндіктен бұл дыбыс әрдайым жіңішке айтылады» [52, 54 б.], – дейді. Олай болса қазақ тіліндегі көмейлік *h* дыбысы да дауыс желбезегі тұсында қос дауыс желбезегінің бір-біріне жуықтап, іштен шыққан фонациялық ауаның қос дауыс желбезегі арасынан сүзіліп өтуінен пайда болады. Аздаған айырмашылығы араб тіліндегі ʕ [h] дыбысы үнемі жіңішке, қазақ тіліндегі *h* дыбысы көрші тұрған дауысты дыбыстың әсерінен жуан да, жіңішке де

айтылады. Оның себебі, әл-Әмруси айтқандай, араб тіліндегі ʰ [h] дыбысын айтқанда тіл арты төмен қарай түсіп тұрса (مستقل [mustafil^{unn}]), қазақ тіліндегі өзге де дауыссыздар тәрізді h дыбысын айтқанда жуан дауыстылармен қатар келсе тіл арты жоғары көтеріліп тұрады да, жіңішке дауыстылармен қатар келсе тіл арты төмен түсіп тұрады. Оны араб тіліндегі مُهَنْدِسٌ [muhandis^{unn}], هذا [hādā] (қазақ кирилл әріптерімен транскрипцияласақ [муһәндис^{yh}], [həzə] болады) және қазақ тіліндегі «қаһарман», «гауһар», «мәшһүр», «еһе» сөздеріндегі ʰ [h] және h дыбыстарының дыбысталуынан аңғаруға болады.

Сибәуәйһи көмейдің орта тұсында жасалады деген ع [‘], ح [h] дыбыстарын қазіргі араб фонетистері «көмей дыбыстары» (حلقى [ḥalqii^{unn}]) деп жүр. Араб тіліндегі осы «көмей дыбыстары» (حلقى [ḥalqii^{unn}]) деген терминге сәйкес келетін термин қазақ тілінде жоқ. Өйткені араб тіліндегі көмейде жасалатын ع [‘], ح [h] дыбыстарына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ.

Араб тіліндегі «тіс дыбыстары» (أسناني [’asnānii^{unn}]) терминіне сәйкес келетін термин қазақ тілінде жоқ. Өйткені араб тіліндегі ذ [d], ث [t], ظ [z] тіс дыбыстарын айтқанда тіл ұшы астыңғы және үстіңгі тістердің арасына қойылып, фонациялық ауа үстіңгі тіс пен тіл ұшы арасынан сүзіліп шығады [47, 73 б.]. Ондай дыбыстар қазақ тілінде жоқ. Ал, I.Кеңесбаевтың *m, c, z, d, ɟ* дыбыстарын тіс дыбыстары деп атауына біз қосылмаймыз. Оның себебін жоғарыда қарастырған болатынбыз.

1.2.1.2. Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың сипаттары. Дыбыстарды бір-бірінен айыру үшін олардың жасалу орындарын ғана анықтау жеткіліксіз. Өйткені көптеген дыбыстардың жасалу орындары бір. Дыбыстау барысында әр дыбыстың өзіне ғана тән ерекшеліктерін білдіретін өзге де сипаттар бар. Араб тілі мен тәжуид мамандары дыбыстардың жасалу орнындағы дыбыстау мүшелерінің қатысуы нәтижесінде туындаған дыбыс өзгешеліктерін олардың сипаты деп атады.

Сибәуәйһи «Кітабында» араб тілі дыбыстарына тән бірнеше сипаттарды айтып өткен. Олар:

- | | |
|--|---|
| 1) جمهورية [madʒhūra ^{unn}]; | 10) هاوي [hāuii ^{unn}]; |
| 2) مهموسة [mahmūsa ^{unn}]; | 11) مطبقة [mutbaqa ^{unn}]; |
| 3) شديدة [šadīda ^{unn}]; | 12) منفتحة [munfatiḥa ^{unn}]; |
| 4) رخوة [raḥūa ^{unn}]; | 13) حروف الصفير [[ḥurūfu-ṣ-šafir ⁱ]; |
| 5) بين الرخوة والشديدة [baiṇa-r-raḥūati ɸa-š-šadīda ^{ti}]; | 14) الحروف المستعلية [al-ḥurūfu-l-musta‘lija ^{tu}]; |
| 6) منحرف [munḥarif ^{unn}]; | 15) تفشّ [tafašši ⁿ] – [38, 434-436 |
| 7) حروف الغنة [ḥurūfu-l-ḡunna ^{ti}]; | б.]. |
| 8) مكرر [mukarrar ^{unn}]; | |
| 9) لينة [laijina ^{unn}]; | |

Осы сипаттар Сибәуәйһиден кейінгі тіл және тәжуид ғалымдарының зерттеу нысанына айналды. Кейбір ғалымдар осы сипаттарды зерттеу үшін белгілі бір бағыт қалыптастыра білді. Солардың бірі Ән-Нәблуси (1143 h.ж. қайтыс болған) дыбыстардың сипатын зерттеуде оларды «қарама-қарсы сыңары бар сипаттар (الصفات التي لها ضد [as-ṣifātu-l-latī lahā ḍidd^{unn}])» және «қарама-қарсы сыңары жоқ сипаттар (الصفات التي ليس لها ضد [as-ṣifātu-l-latī laisa lahā ḍidd^{unn}])» деп

екіге бөліп қарастырады [53, 5 б.]. Әл-Муради (749 н.ж. қайтыс болған) сынды ғалымдар жоғарыдағы сипаттарды «ерекшелеуші» (ميميز [mumaiiz^{unn}]) және «жақсартушы» (محسن [muḥassin^{unn}]) деп екіге бөліп қарастырады. Ғалымның пікірінше дыбыстардың сипатын бұлай екіге бөліп қарастыру арқылы екі түрлі нәтижеге қол жеткізуге болады. Біріншісі, жасалу орындары бірдей дыбыстарды бір-бірінен айырып, ерекшеліктерін анықтау. Екіншісі, дыбыстардың айтылым әуезін (тембр) жақсарту [54, 52 б.].

Жаңашыл ғалымдар дыбыстардың сипатын зерттеуде көбінесе батыс ғалымдарының зерттеулерін негізге алып келеді. Бұл үрдіс өз кезегінде дыбыстық ұғымдарға байланысты терминдерді бірізділендіруге және орта ғасырлық ғалымдар жасап кеткен бай мұраны кейінгі ғылыми жетістіктермен ұштастыруға көмегін тигізді.

Біз бұл жұмысымызда араб тілі дыбыстарының сипатын қарастыру барысында дыбыстардың сипаттарын «қарама-қарсы сыңары бар сипаттар (الصفات التي لها ضد [as-ṣifātu-l-latī lahā ḍidd^{unn}])» және «қарама-қарсы сыңары жоқ сипаттар (الصفات التي ليس لها ضد [as-ṣifātu-l-latī laīsa lahā ḍidd^{unn}])» деп екіге бөліп қарастырған ән-Нәблуси қалыптастырған бағытты негізге ала отырып, араб тілі және тәжуид ілімі ғалымдарының пікірлеріне сүйенеміз. Өйткені ғалымның бұл бағыты дыбыстардың сипаттары мен ерекшеліктері жөнінде дұрыс түсінік береді және орта ғасырлық ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, кейінгі ғалымдардың да жетістіктерімен санасады.

а) Қарама-қарсы сыңары бар сипаттар (الصفات التي لها ضد [as-ṣifātu-l-latī lahā ḍidd^{unn}]). Аты айтып тұрғандай бұл сипаттар арқылы жасалу орындары бірдей дыбыстар қарама-қарсы сипаттар арқылы бір-бірінен ерекшеленіп, ажыратылады. Мысалы, ذ [d], ث [t], ظ [z] дыбыстарының жасалу орындары бірдей. Олардың дыбысталуын әртүрлі етіп естіртіп тұрған жасалу орындарындағы дыбыстау мүшелерінің бір-біріне әртүрлі кейіпте жанасуы нәтижесінде туындаған сипаттары. ث [t] дыбысы «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]) те, ذ [d] дыбысы «мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]). Мұндағы ذ [d] дыбысының «мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) сипаты оны ث [t] дыбысынан ерекшелеп тұр. Ал, ظ [z] дыбысы «мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) әрі «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыс. Мұндағы «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) сипаты оны «мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) ذ [d] дыбысынан ерекшелеп тұр. Ерекшелеуші сипаттардың негізгілері: «мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) және оның қарама қарсы сыңары «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]), «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) және оның қарама қарсы сыңары «рахәуа» (رخاوة [raḥāwa^{unn}]), «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) және оның қарама қарсы сыңары «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]). Алдағы тарауларда бұл сипаттарға жеке-жеке тоқталып, олардың қазақ тіліндегі баламаларын анықтайтын боламыз.

«Мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) және «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыз дыбыстар және олардың қазақ тіліндегі баламалары. Араб тілі дауыссыз дыбыстары үннің қатысына қарай «мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) және «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]) болып екіге бөлінеді [55, 56 б.].

«Мәжһур» (مجهور [maḍḥūr^{unn}]) дауыссыздар көмей қуысының жиырылып, ауа жолының тарылуынан қос дауыс желбезегінің біріне-бірі жуықтап, іштен шыққан фонациялық ауаның әсерінен олардың (қос дауыс желбезегінің)

дірілдеуі нәтижесінде пайда болатын үннің қатысуымен жасалады. Ал, «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздар көмей қуысының жазылып, ауа жолының кеңеюінен қос дауыс желбезегінің бірінен-бірі алшақтауы нәтижесінде жасалады [56, 60 б.]. Демек, «мәжһур» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыздарды айтқанда дауыс желбезегі тербеледі, «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздарды айтқанда дауыс желбезегі тербеліссіз қалады [37, 36 б.].

Араб тіліндегі مجهور [madžhūr^{unn}] сөзі «үн шығару», «дауыс шығарып сөйлеу» деген мағынаны беретін جهر [džahara] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз [57, 220 б.]. Ол, яғни مجهور [madžhūr^{unn}] (мәжһур) сөзі араб тіліндегі «үнді» дауыссыздарға термин ретінде алынған. Бұдан былай «мәжһур» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыздарды «үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыздар деп аламыз. Ал, مهموس [mahmūs^{unn}] сөзі «сыбырлау», «дауыс (үн) шығармай сөйлеу» деген мағынаны беретін همس [hamasa] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз [58, 137 б.]. Ол, яғни مهموس [mahmūs^{unn}] (мәһмус) сөзі араб тіліндегі «үнсіз» дауыссыздарға термин ретінде алынған. Бұдан былай «мәһмус» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздарды «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздар деп аламыз.

Көпшілік араб ғалымдарының ортақ пікірі бойынша араб әдеби тілінде он бес «үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]), он үш «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздар бар. «Үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыздар: ع [‘], غ [g], ج [dʒ], ي [i], ل [l], ر [r], ن [n], د [d], ض [d], ز [z], ذ [d], ظ [z], ب [b], م [m], و [u] дыбыстары. «Үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздар: ء [’], ه [h], ح [ħ], خ [ħ], ق [q], ك [k], ش [š], ت [t], ط [t], س [s], ص [s], ف [f], ث [t] дыбыстары [59, 110 б.].

Һамза (ء [’]) дыбысына байланысты араб ғалымдары арасында әртүрлі пікірлер бар. Өйткені оның жасалу орны «үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыздарға тән үннің шығатын жерінде орналасқан. Ол көмейдегі қос дауыс желбезегінің біріне-бірі жымдасып барып, фонациялық ауаның қысымы нәтижесінде бір-бірінен тез арада қайта ажырауынан жасалады. Осы қас қағым ғана сәтте қос дауыс желбезегінің дірілінен «үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыздарға тән үн пайда болады. Ғалымдардың көпшілігі дауыс желбезегі өзге «үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыз дыбыстардағыдай үзіліссіз дірілдемейтіндіктен һамза (ء [’]) дыбысын «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыздардың қатарына жатқызса [59, 110 б.; 47, 62 б.], енді бір ғалымдар дыбыстау кезіндегі дауыс желбезегінің қалпын ескере отырып оны «үнді» (مجهور [madžhūr^{unn}]) дауыссыз дыбыстарға да, «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дауыссыз дыбыстарға да жатқызбай, онда екеуінің арасындағы үшінші бір сипат белгісі бар деп пайымдаған [60, 161 б.]. Араб ғалымдарының дауыссыз дыбыстарды үннің қатысуына қарай қалай бөлгені жөнінде мәлімет алдық деп ойлаймыз. Енді қазақ ғалымдарының үннің қатысуы бойынша қазақ тілі дауыссыздарына жасаған классификацияға тоқталып, екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайық.

I.Кенесбаев: «Дауыс (үн) қатысуына қарай қазақ тілі дауыссыздары үш топқа бөлінеді: 1) үнді (сонар) дыбыстар; 2) ұяң дыбыстар; 3) қатаң дыбыстар; ұяң мен қатаң екеуі қосылып үнсіздер деп аталады. Үнділерді айтқанда дауыс

басым болады да, салдыр кем болады; ұяңдарды айтқанда, керісінше, дауыстан салдыр басым болады, ал, қатаң дыбыстарды айтқанда дауыстың қатысы (демек, дауыс шымылдығының вибрациясы) болмайды» [39, 375 б.], – дейді. Ә.Жүнісбек: «Дауыссыз дыбыстар дауыстың (дауыс желбезегінің) қатысына қарай: қатаң (тербеліссіз), ұяң (тербеліңкі) және үнді (тербелімді) болып үш топқа бөлінеді... Қатаң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі – дауыстың қатыспауы. Басқаша айтқанда, қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі қатыспай, бейтарап (тербеліссіз) қалады [43, 75 б.]. Ұяң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі – үннің жартылай қатысуы. Басқаша айтқанда, ұяң дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі жартылай (тербеліңкі) қатысады [43, 81 б.]. Үнді дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі – үннің мол қатысуы. Басқаша айтқанда, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі мол (тербелімді) қатысады [43, 88 б.], – дейді.

І.Кеңесбаев үнді дыбыстарға: *м, н, ң, р, л, (у, й)*;

Ұяңдарға: *б, в, г, ғ, д, ж, з*;

Қатаңдарға: *п, т, к, ф, с, ш, қ, ч, щ, ц, х, һ* дыбыстарын жатқызады [61, 256 б.; 39, 375 б.].

С.Мырзабеков үнділерге: *л, м, н, ң, р, й, у*;

Ұяңдарға: *б, в, г, ғ, д, ж, з*;

Қатаңдарға: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч* дыбыстарын жатқызады [40, 32 б.].

Н.Сауранбаев үнділерге: *р, л, м, н, ң*;

Ұяңдарға: *б, в, д, з, г, ғ, ж, һ*;

Қатаңдарға: *п, т, с, қ, к, ш, ф, х, ч, щ, ц* дыбыстарын жатқызады [41, 35 б.]

Ә.Хасенов үнді дыбыстарға: *р, л, й, у, м, н, ң*;

Ұяң дыбыстарға: *б, г, ғ, д, з, ж, һ, (в)*;

Қатаң дыбыстарға: *п, к, қ, т, с, ш, ф, щ, х, ц, ч* дыбыстарын жатқызады [16, 66 б.].

Қазақ ғалымдары *м, н, ң, р, л* дыбыстарының үнді, *б, в, г, ғ, д, ж, з* дыбыстарының ұяң, *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, ц, ч* дыбыстарының қатаң екенінде пікірлері ортақ. Ал, *й, у, һ, щ* дыбыстарына байланысты ғалымдардың пікірлері әртүрлі. І.Кеңесбаев пен Н.Сауранбаев *щ* әрпінің дыбысын қатаң дыбыстардың қатарына қосқан. С.Мырзабеков *щ* жөнінде: «Қазақ тілінде 26 дауыссыз бар деушілер осы *щ* әрпін дыбыспен шатастырып жүр. Дұрысы *щ* дыбыс емес, әріп. Ол – созылыңқы (немесе қос) *ш* дыбысының таңбасы» [40, 31 б.], – деген болатын. Олай болса *щ*-ны қатаң дыбыстар қатарына қоспағанымыз жөн.

Ғалымдар арасында Н.Сауранбаев қана *й, у* дыбыстарын үнді, ұяң, қатаң дыбыстардың ешқайсысына жатқызбаған. Өзге ғалымдардың барлығы бұл екі дыбысты үнді дауыссыздардың қатарына қосқан. Ә.Жүнісбек те *й, у* дыбыстарын айтқанда дауыс желбезегі мол тербелетінін айтып, бұл екі дыбысты үнді дыбыстар тобына жатқызады [43, 90 б.]. Сонымен қатар араб ғалымдары да қазақ тіліндегі дыбысталуына ұқсас дыбысталатын дауыссыз *و* [u], *ي* [i] дыбыстарын «үнді» (مجهور [maɟhūr^{um}]) дыбыстардың қатарына қосқан. Осыларды негізге ала отырып, біз де *й, у* дыбыстарын үнді дыбыстарға қосқан ғалымдардың пікірлеріне қосыламыз.

І.Кеңесбаев пен С.Мырзабеков *h* дыбысын қатаң, Н.Сауранбаев пен Ә.Хасенов ұяң дыбыстардың қатарына қосқан. І.Кеңесбаев *h* дыбысын айтқанда дауыс желбезегі өзара өте жуық тұратынын және онда ешқандай да діріл (вибрация) болмайтынын айта келе оны қатаң дыбыстардың қатарына қосуды жөн санайды [39, 373 б.]. Қазақ тіліндегі *h* дыбысына ұқсас дыбысталатын араб тіліндегі «*h*» дыбысын да Сибәуәйһиден бастап қазірге дейінгі барлық араб ғалымдары «үнсiз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дыбыстардың қатарына қосқан [62, 184 б.]. Демек, бiз де қазақ тіліндегі *h* дыбысын қатаң дыбыстардың қатарында болғанын дұрыс деп санаймыз.

Сонымен үннің қатысына қарай С.Мырзабековтің жасаған классификациясын негiзге аламыз. Оның классификациясы бойынша қазақ тіліндегі үндiлер: *л, м, н, ң, р, й, у*;

Ұяңдар: *б, в, г, г, д, ж, з*;

Қатаңдар: *п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч* дыбыстары [40, 32 б.].

Араб ғалымдары дауыссыз дыбыстарды үннің қатысына қарай «үндi» (مجهور [madzhūr^{unn}]) және «үнсiз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) деп екiге бөлсе, қазақ ғалымдары қатаң, ұяң және үндi деп үш топқа бөлген. Араб ғалымдарының бұлай екiге бөлу себебi, олар үннің мол және аз қатысымын есепке алмаған, яғни айту кезiнде дауыс желбезегi аз мөлшерде дiрiлдесе де, мол мөлшерде дiрiлдесе де, ондай дыбыстарды «үндi» (مجهور [madzhūr^{unn}]) дыбыстар, ал, айту кезiнде үннің мүлдем қатысы болмаса, яғни дауыс желбезегi мүлдем дiрiлдемесе ондай дыбыстарды «үнсiз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дыбыстар деп санаған.

Демек, қазақ тіліндегі үндi және ұяң дыбыстарға араб тіліндегі «үндi» (مجهور [madzhūr^{unn}]) дыбыстар, қатаң дыбыстарға араб тіліндегі «үнсiз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дыбыстар толық сәйкес келедi деп айта аламыз.

Араб тіліндегі «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) және «рахуа» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дауыссыздар және олардың қазақ тіліндегі баламалары. Орта ғасырлық ғалымдар: ««Шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыздар іштен шыққан фонациялық ауа жасалу орнында үлкен кедергіге ұшырап, жарылып шығуы арқылы жасалатын ق [q], ط [t] секiлдi дыбыстар, «рахуа» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дауыссыздар іштен шыққан фонациялық ауа жасалу орнында үлкен кедергіге ұшырамай дыбыстау мүшелерінің арасынан ауаның сүзіліп өтуі арқылы жасалатын س [s], ش [š], ح [ḥ] секiлдi дыбыстар, ал, «бәйна әш-шәдида уа ар-рахуа» (بين الشديدة والرخوة [baīna-š-šadīdati ʿa-r-raḥūa^{ti}]) дыбыстар екеуінің аралығындағы ر [r], ل [l] секiлдi дыбыстар» [38, 34 б.; 63, 69-70 б.], – деп анықтама берген.

Араб тіліндегі شديد [šadīd^{unn}] сөзі «бекем болу» деген мағынаны беретін شد [šadda] етістігінен туындаған [64, 378 б.]. Ол, яғни شديد [šadīd^{unn}] (шәдид) сөзі араб тіліндегі дыбыстау мүшелері бір-біріне «бекем жымдасып (тоғысып)», іштен шыққан фонациялық ауаның әсерінен бірденен ажырап кетуі нәтижесінде жасалатын дыбыстарға термин ретінде алынған. رخوة [raḥūa^{unn}] сөзі «босаң болу» деген мағынаны беретін رَحُوَ [raḥūa] етістігінен туындаған сөз [64, 254 б.]. Ол, яғни رخوة [raḥūa^{unn}] (рахуа) сөзі араб тіліндегі дыбыстау мүшелері бір-біріне «босаң жымдасып (жуысып)», іштен шыққан фонациялық ауа босаң жымдасқан

дыбыстау мүшелерінің арасынан сүзіліп шығатын дыбыстарға термин ретінде алынған.

Араб тіліндегі بين [baīna] сөзі «арасында, ортасында» деген мағынада қолданылатын үстеу сөз [64, 57 б.]. Ол, яғни بين [baīna] (бәйна) сөзі الشديدة [aš-šadīda^{tu}] және الرخوة [ar-raḥūa^{tu}] сөздеріне و [wa] жалғаулығы арқылы: بين الشديدة والرخوة [baīna-š-šadīdati wa-r-raḥūa^{tu}] болып бірыңғай идафа (الإضافة [al-'iḍāfa^{tu}]) арқылы байланысып, «шәдид» (شديد [šadīd^{un}]) дыбыстар мен «рахуа» (رخوة [raḥūa^{un}]) дыбыстардың аралығындағы дыбыстарға термин ретінде қолданылған.

Кейінгі ғалымдар бұл сипаттарға өзге терминдерді қолданғанымен, мағынасы жағынан орта ғасырлық ғалымдар қолданған терминдермен мәндес деуге болады. Кейінгі жаңашыл ғалымдар да лабораториялық зерттеулер арқылы дыбыстардың жасалу орнында кейбір дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-бірімен нық жымдасатынын (тоғысатынын), енді бір дыбыстарды айтқанда нық жымдаспай жуысатынын анықтаған. Егер дыбыстау мүшелері бір-бірімен нық жымдасса (тоғысса), іштен шыққан фонациялық ауа ол жерде бір сәтке түйіліп барып, олардың кілт ажырап жарылуы арқылы үзіліп шыққан дыбыс пайда болады. Бұрынғылар бұл дыбысты «шәдид» (شديد [šadīd^{un}]) деп атаса, кейінгі ғалымдар «инфижари» (انفجاري [infidzārii^{un}]) деп атаған.

Араб тіліндегі انفجاري [infidzārii^{un}] сөзі «жарылу» деген мағынаны беретін انفجر [infadzara] етістігінен туындаған сөз [64, 378 б.]. Ол, яғни انفجاري [infidzārii^{un}] (инфижари) сөзі араб тіліндегі дыбыстау мүшелері бір-біріне бекем жымдасып (тоғысып), іштен шыққан фонациялық ауа қысымының әсерінен жарылып шығуы нәтижесінде жасалатын дыбыстарға термин ретінде алынған. Демек, орта ғасырлық ғалымдар дыбыстау мүшелерінің бір-біріне бекем жымдасуын негізге алып «шәдид» (شديد [šadīd^{un}]) деп атаса, кейінгі ғалымдар фонациялық ауаның бекем жымдасқан дыбыстау мүшелері арасынан жарылып шығуын негізге алып «инфижари» (انفجاري [infidzārii^{un}]) деп атаған.

Егер дыбыстау мүшелері нық жымдаспай бір-бірімен жуысса, іштен шыққан фонациялық ауа ол екеуінің арасынан сүзіліп шығуы нәтижесінде ызың дыбыс пайда болады. Орта ғасырлық ғалымдар бұл дыбысты «рахуа» (رخوة [raḥūa^{un}]) деп атаса, кейінгі ғалымдар «ихтикаки» (احتكاكي [iḥtikāki^{un}]) деп атаған.

Араб тіліндегі احتكاكي [iḥtikāki^{un}] сөзі «үйкелу» деген мағынаны беретін اِحْتَكَّ [iḥtakka] етістігінен туындаған сөз [64, 378 б.]. Ол, яғни احتكاكي [iḥtikāki^{un}] (ихтикаки) сөзі араб тіліндегі дыбыстау мүшелері бір-біріне босаң жымдасып (жуысып), іштен шыққан фонациялық ауа босаң жымдасқан дыбыстау мүшелерінің арасынан үйкеліп шығатын дыбыстарға термин ретінде алынған. Демек, орта ғасырлық ғалымдар дыбыстау мүшелерінің бір-біріне босаң жымдасуын (жуысуын) негізге алып «рахуа» (رخوة [raḥūa^{un}]) деп атаса, кейінгі ғалымдар фонациялық ауаның босаң жымдасқан дыбыстау мүшелері арасынан үйкеліп шығуын негізге алып «ихтикаки» (احتكاكي [iḥtikāki^{un}]) деп атаған.

Дыбыстау мүшелерінің бір-біріне жымдасқанымен іштен шыққан фонациялық ауа жарылмай да, ызыңсыз сүзілмей (үйкелмей) де шығуы мүмкін. Бұндай дыбыстарды орта ғасырлық ғалымдар «шәдид» (شديد [šadīd^{un}])

дыбыстарға да, «рахуа» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) дыбыстарға да жатқызбай «мутауассита» (متوسطة [mutaʊassita^{unn}]) дыбыстар деп атаған [56, 61 б.; 32, 24-25 б.].

Араб тіліндегі متوسطة [mutaʊassita^{unn}] сөзі «ортасында болу, арасында болу» деген мағынаны беретін توسط [taʊassata] етістігінен туындаған сөз [64, 900 б.]. Бұл сөзді, яғни متوسطة [mutaʊassita^{unn}] (мутауассита) сөзін Сибауәйһиден кейінгі ғалымдар «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстар мен «рахуа» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) дыбыстардың аралығындағы дыбыстарға термин ретінде қолданған.

Араб тіліндегі «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) термині қазақ тіліндегі «шұғыл» деген терминге, «рахуа» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) термині «ызың» деген терминдерге сәйкес келеді деп толық айта аламыз. Өйткені, ғалым К.Аханов: «Артикуляциялық жолына қарай салдыр дауыссыздар (қатандар мен ұяндар) шұғыл (взрывные) және ызың (щелинные) дауыссыздар болып екі топқа бөлінеді. Шұғыл дауыссыздарды айтқанда, дыбыстау мүшелері бір-біріне жабысады да, бірден кілт ажырасып кетеді, осының нәтижесінде ауа үзіліп, шұғыл шығады. Шұғыл дауыссыздардың осы қасиеті ескеріліп, олар эксплозив (француз тілінің explosif – «жарылушы» деген сөзінен жасалған термин) дауыссыздар деп те аталады.

Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің жымдасуынан емес, тек өзара жуысуынан, соның нәтижесінде, ауаның сүзіліп шығуынан жасалады. Ызың дауыссыздар кейде фрикатив (латын тілінің fricatia – «үйкелу» («трение») деген сөзінен жасалған термин) дауыссыздар деп те аталады» [46, 295 б.], – дейді. І.Кеңесбаев: «Айтылу (жасалу) жолына қарай үнсіздердің (дауыссыздардың) бір тобы шұғыл, бір тобы ызың болып екіге бөлінеді. Шұғыл фонемалар мен ызың фонемаларды айтқанда фонациялық ауаның шығу тәртібі екеуінде екі түрлі... Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелерінің өзара біріне-бірі жабысып (имплозия), сонан соң іле-шала бірден кілт ажырап кетуінен (эксплозия) фонациялық ауа лық етіп шұғыл үзіліп шығады; осындай фонемаларды шұғыл (үзілмелі) немесе жабысыңқы фонемалар дейміз. Ызың (фрикатив) фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелердің жуысуынан фонациялық ауа шұғыл шықпайды, сүзіліп, ызыңдап шығады. Ауаның бұлай шығуынан болған фонемаларды ызың (сүзілмелі) немесе жуысыңқы фонемалар дейміз. Шұғыл фонемаларды айтқанда ауа үзіліп шыққандықтан, бұларды үздікті деуге де болады. Ызың фонемаларды айтқанда ауа үзілмей шыққандықтан, бұларды үздіксіз деуге де болады» [39, 375-376 б.], – дейді. Демек, араб ғалымдарының «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) және «рахуа» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) дыбыстарға берген ережесі мен қазақ ғалымдарының «шұғыл» және «ызың» дауыссыздарға берген ережелерінің мағынасы бір-бірлеріне толық сәйкес келеді. Бұдан былай араб тіліндегі «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстарды «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыз дыбыстар, «рахуа» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) дыбыстарды «ызың» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) дауыссыз дыбыстар деп, ал, «мутауассита» (متوسطة [mutaʊassita^{unn}]) дыбыстарды «аралық» (متوسطة [mutaʊassita^{unn}]) дауыссыз дыбыстар деп беретін боламыз.

Орта ғасырлық және қазіргі ғалымдар арасында дыбыстардың «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]), «ызың» (رخوة [raḥʷa^{unn}]) және «аралық» (متوسطة [mutaʊassita^{unn}])

секілді сипаттарын анықтауда біршама айырмашылықтар бар. Олар, яғни орта ғасырлық және қазіргі ғалымдар ء [ʾ], ب [b], ت [t], د [d], ط [t], ق [q], ك [k] дыбыстарының «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстар, ث [t], ح [h], خ [h], ذ [d], ز [z], س [s], ش [š], ص [š], ظ [z], غ [g], ف [f], ه [h] дыбыстарының «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстар және ر [r], ل [l], م [m], ن [n] дыбыстарының «аралық» (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) дыбыстар екендігінде пікірлері бір. Ал, ج [dʒ], ض [d], ع [ʿ] дыбыстарына байланысты әртүрлі пікірлер бар.

Сибауэйһидің пікірінше «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстар мыналыр: ء [ʾ], ق [q], ك [k], ج [dʒ], ط [t], ت [t], د [d], ب [b].

Ғалым Ғаним Қадури: «Қазіргі араб әдеби тілінде тоғыз «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыз дыбыс бар. Олар: ء [ʾ], ق [q], ك [k], ج [dʒ], د [d], ت [t], ض [d], ط [t], ب [b] дыбыстары» [34, 108 б.], – деп көрсетеді.

Сибауэйһи «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға мына он үш дыбысты жатқызған: ه [h], ح [h], غ [g], خ [h], ش [š], ص [š], ض [d], ز [z], س [s], ظ [z], ث [t], ذ [d] [38, 434-435 б.]. Ал, Қадури қазіргі араб әдеби тіліндегі «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға мына он үш дыбысты жатқызады: ه [h], ع [ʿ], ح [h], غ [g], خ [h], ش [š], س [s], ص [š], ز [z], ث [t], ذ [d], ظ [z], ف [f] [34, 111 б.]. Бұл орайда Қадури و [u], ي [i] дыбыстарын «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға жатқызу-жатқызу бау мәселесінде ғалымдар арасында екі ұшты пікір бар екенін айтады.

Сибауэйһи «Кітабында» «аралық» (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) деген терминді қолданбаған. Ол «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) және «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарды атап өткеннен кейін: «ع [ʿ] дыбысы «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) және «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстардың аралығындағы дыбыс (بين الرخوة والشديدة [baīna-r-raḥūa^{ti} ḥa-š-šadīda^{ti}]). Өйткені ол ح [h] дыбысына ұқсас дыбысталады» [38, 435 б.], – дейді. Ибн Жинни: ««Шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) және «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстардан өзге дыбыстар «бәйна әр-рахуа уа әш-шәдида» (بين الرخوة والشديدة [baīna-r-raḥūati ḥa-š-šadīda^{ti}]), яғни «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) және «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстардың аралығындағы дыбыстар. Оларға мына لم يَرَوْعًا [lam ḥarūi ʿannā] сөзіндегі сегіз дыбыс, яғни ل [l], م [m], ي [i], ر [r], و [u], ع [ʿ], ن [n], ا [ā] дыбыстары жатады» [63, 69 б.], – деген.

«Аралық» (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) термині кейінгі тәжуид және араб тіл білімі ғалымдары тұсында ғана қолданысқа енген [65, 10 б.; 66, 202 б.]. Бұл және «бәйния» (بينية [baīniya^{unn}]) терминдері Сибауэйһи мен ибн Жинни қолданған «бәйна әр-рахуа уа әш-шәдида» (بين الرخوة والشديدة [baīna-r-raḥūati ḥa-š-šadīda^{ti}]), яғни «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) және «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстардың аралығындағы дыбыстар деген мағынаны береді.

Сибауэйһи ض [d] дыбысын «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыздардың қатарына жатқызбай, өз заманындағы дыбысталуы бойынша «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыс деп көрсеткен [38, 69 б.]. Ал, қазіргі ғалымдар арасындағы ج [dʒ] дыбысын «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыздардың қатарына жатқызбайтындар оны «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) мен «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстардың аралығындағы африкат дыбыс дегенді алға тартады. Олар бұл дыбыс айтылғанда «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстардағыдай тіл ортасы таңдайдан кілт ажырамай, «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға тән баяу ажырайтынын байқаған [33, 103 б.; 67, 182 б.]. Ғалым Марио Бай: «Африкат ج

[dʒ] дыбысының екінші элементі оншалықты дәрежеде анық байқалмайтындықтан, тәжуид және тіл білімі ғалымдары сипаттағандай оны «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстардың қатарына қосқанымыз жөн тәрізді» [68, 85 б.], – деген пікірде. Бұл пікірді Қадури де қолдайды. Біз бұл орайда ج [dʒ] дыбысында «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстарға да, «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға тән сипаттар бар екенін ескеріп «мураккаб» (مركب [murakkab^{unn}]) [59, 114 б.; 36, 335 б.; 69, 79 б.], яғни «африкат» дыбыс деп айтқан ғалымдардың пікіріне қосыламыз.

Тәжуид және тіл білімі ғалымдары арасында «аралық» (متوسطة [mutaḥassīṭa^{unn}]) дыбыстарға байланысты да қайшылықтар бар. Ғалымдардың кейбірі бұл мәселеде ибн Жиннидің пікірін қолдаса [30, 94 б.; 70, 89 б.; 71, 10 б.], енді біреулері оларға ي [i], و [u], ا [ā] дыбыстарын жатқызбайды [72, 106 б.; 73, 281 б.; 74, 144 б.]. Бұл орайда ғалым Қадури: «Бұл дыбыстарды айтылу кезінде бір-бірінен ерекшелеп тұратын жай ауа жолындағы кедергінің нық немесе босандығы болса, айтылу кезінде фонациялық ауа үлкен кедергіге ұшырамай ауа жолының кеңдігімен ерекшеленетін бұл үш дыбысты (ي [i], و [u], ا [ā]) «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстардың қатарына қосқанымыз жөн сияқты. Алайда тағы бір ескере кететін маңызды жайт дыбыстардың «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]), «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) және «аралық» (متوسطة [mutaḥassīṭa^{unn}]) сипаттары дауыссыз дыбыстарға ғана тән сипаттар. الواو [al-ūāu] және الياء [al-īāʾ] әріптері дыбыстарының жасалу орындары дауыссыз дыбыстарға тән болса, яғни алдыңғы дауыссызы фатхалы болып келетін сукунді және харакатты الياء [al-īāʾ] дыбысы таңдайдан, алдыңғы дауыссызы фатхалы болып келетін сукунді және харакатты الواو [al-ūāu] дыбысы еріннен жасалатын болса «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға, ал егер الألف [al-ʾalif], الواو [al-ūāu], الياء [al-īāʾ] әріптерінің дыбыстары сукунді болып, алдыңғы дауыссыздар осы дыбыстарға сәйкес келетін харакаттармен дыбысталса, олар ауалық, яғни дауысты дыбыстар. Бұл жағдайда олар «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]), «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) және «аралық» (متوسطة [mutaḥassīṭa^{unn}]) сипатындағы дыбыстардың ешқайсысына да жатпайды» [34, 113 б.], – дей келе Фаузи әш-Шәйбтің: «ع [ʿ] дыбысының қарама-қарсы «үңсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) сыңары «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға жататындықтан ع [ʿ] дыбысын да «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстардың қатарына жатқызамыз» [60, 186 б.], – деген пікіріне қосылып, «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстарға: ء [ʾ], ق [q], ك [k], ج [dʒ], د [d], ت [t], ط [t], ض [d], ب [b] дыбыстарын; «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дыбыстарға: ه [h], ع [ʿ], ح [ḥ], غ [ġ], خ [ḫ], ش [š], ي [i], س [s], ص [ṣ], ز [z], ث [t], ذ [d], ظ [z], ف [f], و [u] дыбыстарын; «аралық» (متوسطة [mutaḥassīṭa^{unn}]) дыбыстарға: ل [l], ر [r], م [m], ن [n] дыбыстарын жатқызады [34, 114 б.].

Қазіргі қазақ тіл білімінде фонема теориясы екі бағытта зерттеліп жүргені мәлім. Бірі – дәстүрлі, акцентті-фонологиялық бағыт, екіншісі – сингармониялық бағыт. Сингармониялық бағытты ұстанатын ғалымдар өзге тілдерден келген дыбыстарды есепке алмай, өз зерттеулерінде Ахмет Байтұрсынұлы қисынымен қазақтың төл дыбыстарымен шектеліп, 26/28 үндес дыбыстардан құралған әліпбиді ұстанады. Қазіргі қазақ онимдерінде кірме дыбыстардың барлығы қолданылатындықтан, зерттеу жұмысымыздың нысанына

бүгінгі қолданыстағы дәстүрлі акцентті-фонологияға негізделген 42 әріптен тұратын әліпби алынады. Қажет кезінде, мысалы алдыңғы тарауларда қарастырғанымыздай дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарын анықтағанда жаңа сингармониялық бағытты ұстанатын ғалымдардың пікірлерімен де санасып отырамыз.

Сонымен К.Аханов қазақ тіліндегі шұғыл дауыссыздарға: *п, б, т, д, к, г, қ* дыбыстарын, ызың дауыссыздарға: *в, ф, з, с, ш, х, з, ж, һ* дыбыстарын жатқызады [46, 295 б.].

І.Кеңесбаевтың пікірінше қазақ тіліндегі шұғыл дауыссыздар: *п, б, т, к, г, қ, д, ч, ц* дыбыстары, ызың дауыссыздар: *ф, в, с, з, ш, х, з, ж, һ* дыбыстары [39, 376 б.].

С.Мырзабеков дауыссыздарды айтылу жолына қарай шұғыл, ызың, діріл деп үшке бөліп қарастырады. Ол шұғыл дауыссыздарға: *п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң* дыбыстарын, ызың дауыссыздарға: *ф, в, с, з, ш, ж, х, г, һ, л, й, у* дыбыстарын, діріл дауыссызға: *р* дыбысын жатқызады [40, 32 б.].

С.Исаев дауыссыз дыбыстарды айтылуына (жасалу тәсіліне) қарай шұғыл және ызың деп екіге бөледі де, шұғыл дауыссыздарға: *б, п, д, т, ц, г, к, қ, ч* дыбыстарын, ызың дауыссыздарға: *в, ф, з, с, ж, ш, щ, г, х, һ* дыбыстарын жатқызады [42, 16 б.].

Ғалым Н.Сауранбаев *п, б, т, д, қ, г, к, г* дыбыстарын шұғыл, *в, ф, с, з, ш, ж, х, һ* дыбыстарын ызың дыбыстар деп санайды [41, 35 б.].

Сингармониялық бағытты ұстанатын ғалымдар қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды жасалу тәсіліне қарай шұғыл дауыссыздарға «тоғысыңқы», ызың дауыссыздарға «жуысыңқы» деген терминдерді қолданып жүр [45, 12 б.]. Солардың бірі ғалым Ә.Жүнісбек өз еңбегінде дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсіліне қарай «тоғысыңқы», «жуысыңқы» түрлеріне арнайы бөлім арнамаса да, кесте бойынша жасаған классификациясында тоғысыңқы дауыссыздарға: *п, б, т, д, к, г, қ, г, м, н, ң*; жуысыңқы дауыссыздарға: *ш, ж, с, з, р, л, й, у* дыбыстарын жатқызады [43, 16 б.].

Байқап отырғанымыздай, дәстүрлі бағытты ұстанатын ғалымдар арасында *п, б, т, к, г, қ, д* дыбыстарының шұғыл, *ф, в, с, ш, х, з, ж, һ* дыбыстарының ызың екендігінде талас жоқ. Ал, *ц, ч, м, н, ң, г, һ, л, й, у* дыбыстары жөнінде пікірлері әртүрлі. Орыс тілінен келген *ч, ц* дыбыстарын І.Кеңесбаев пен С.Мырзабеков шұғыл дауыссыздарға жатқызса, Н.Сауранбаев бұл екі дыбыс жөнінде ешнәрсе айтпаған. С.Исаев қана орыс тілінен келген *щ* әрпінің дыбысын ызың дауыссыз дыбыстардың тобына қосқан. С.Мырзабеков *р* дыбысын шұғылға да, ызыңға да жатқызбай діріл дауыссыз дейді де, *м, н, ң* дыбыстарын шұғыл дауыссыздарға, *л, й, у* дыбыстарын ызың дауыссыздарға жатқызады. Ал К.Аханов, І.Кеңесбаев, С.Исаев және Н.Сауранбаевтар *м, н, ң, р, л, й, у* дыбыстарын ызың дыбыстар қатарына да, шұғыл дыбыстар қатарына да қоспаған. Ә.Жүнісбек *м, н, ң* дыбыстарын тоғысыңқы, яғни шұғыл, *р, л, й, у* дыбыстарын жуысыңқы, яғни ызың дауыссыздарға жатқызған. Ғалымдар арасында *г* дыбысына байланысты да келіспеушіліктер бар. Бұл дыбысты К.Аханов, І.Кеңесбаев және С.Мырзабеков сынды ғалымдар ызың

дауыссыздарға жатқызса, Н.Сауранбаев пен Ә.Жүнісбек шұғыл (тоғысыңқы) дауыссыздарға жатқызады.

Бұл ала-құлалықты ретке келтіру үшін «шұғыл» және «ызың» дауыссыздардың ережесіне қайта назар аударайық. Жоғарыда айтқанымыздай К.Аханов: «Шұғыл дауыссыздарды айтқанда, дыбыстау мүшелері бір-біріне жабысады да, бірден кілт ажырасып кетеді, осының нәтижесінде ауа үзіліп, шұғыл шығады. Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің жымдасуынан емес, тек өзара жуысуынан, соның нәтижесінде, ауаның сүзіліп шығуынан жасалады» [46, 295 б.], – дейді. І.Кеңесбаевтың ережесі бойынша «шұғыл» дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің өзара біріне-бірі жабысып (имплозия), сонан соң ілешала бірден кілт ажырап кетуінен (эксплозия) фонациялық ауа лық етіп шұғыл үзіліп шығуы арқылы жасалады. Ызың (фрикатив) фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелердің жуысуынан фонациялық ауа шұғыл шықпайды, сүзіліп, ызыңдап шығады. [39, 375 б.]. Ал араб ғалымдары: ««шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыздар дыбыстау мүшелері бір-бірімен нық жымдасып, іштен шыққан фонациялық ауа ол жерде бір сәтке түйіліп барып, олардың кілт ажырап жарылып шығуы арқылы жасалады, «ызың» (رخوة [raḥwa^{unn}]) дауыссыздар дыбыстау мүшелері нық жымдаспай бір-бірімен жуысуы нәтижесінде, іштен шыққан фонациялық ауа ол екеуінің арасынан сүзіліп шығуы арқылы жасалады» [56, 61 б.; 32, 24-25 б.], – дейді. Демек, шұғыл дыбыс болу үшін қазақ тілінде де, араб тілінде де дыбыстау мүшелері бір-біріне нық жымдасып (Ә.Жүнісбектің айтуы бойынша бір-біріне тоғысып), іштен шыққан фонациялық ауа сол екі аралықтан жарылып шығуы тиіс. Орта ғасырлық араб ғалымдары бұл дыбыстарды дыбыстау мүшелері бір-біріне нық, бекем жымдасатындықтан «шәдид» (شديد [šadīd^{unn}]), кейінгі араб ғалымдары іштен шыққан фонациялық ауа нық, бекем жымдасқан мүшелер арасынан жарылып шығатындықтан «инфижари» (انفجاري [infidzārii^{unn}]) деп атауы да сондықтан болар. Ал, ызың дыбыс болу үшін екі тілде де (қазақ, араб) дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысып, іштен шыққан фонациялық ауа сол екі аралықтан сүзіліп (үйкеліп) ызыңдап шығуы тиіс. Орта ғасырлық араб ғалымдары бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне босаң жымдасатындықтан «рахуа» (رخوة [raḥwa^{unn}]), кейінгі араб ғалымдары іштен шыққан фонациялық ауа босаң жымдасқан дыбыстау мүшелері арасынан үйкеліп шығатындықтан «ихтикаки» (احتكاکي [ihtikāki^{unn}]) дыбыстар деп атауы сондықтан болар. Демек, шұғыл дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгісі дыбыстау мүшелерінің бір-біріне нық, бекем жымдасуы және іштен шыққан фонациялық ауаның бекем жымдасқан дыбыстау мүшелерінің арасынан жарылып шығуы болып табылады. Ал, ызың дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгісі дыбыстау мүшелерінің бір-біріне босаң жымдасуы және іштен шыққан фонациялық ауаның босаң жымдасқан дыбыстау мүшелерінің арасынан сүзіліп шығуы болып табылады.

Біз еңбектерін қарастырған қазақ ғалымдары *n, b, m, k, z, q, d* дыбыстарында шұғыл дауыссыздарға тән екі белгінің екеуі де бар болғандықтан оларды шұғыл дауыссыздарға жатқызса, *φ, v, c, ш, x, з, ж, h* дыбыстарында ызың дауыссыздарға тән екі белгінің екеуі де бар болғандықтан ызың дауыссыздарға жатқызған. *Щ* жөнінде жоғарыда С.Мырзабековтің пікірін

келтіргенбіз. Орыс тілінен енген *ц, ч* дыбыстарын шұғыл дауыссыздар қатарына қосуға біз келіспейміз. Өйткені К.Аханов: «Тіл-тілде шұғыл дауыссыздар мен ызың дауыссыздардың ерекшеліктерін бірдей қамтыған дауыссыз дыбыстар да кездеседі. Мұндай дауыссыздар аффрикат дауыссыздар деп аталады. Аффрикаттар (*ц, ч*) шұғыл дауыссыз дыбыстың элементінен басталып, ызың дауыссыз дыбыстың элементімен аяқталады» [46, 296 б.], – дейді. Орыс ғалымдары да бұл екі дыбысты (*ц, ч*) жасалу тәсіліне қарай шұғыл дауыссыздарға да, ызың дауыссыздарға да қоспай *аффрикат* дыбыстар деп алған [75, с. 113; 76, с. 21]. Осыны негізге ала отырып қазақ тіліне орыс тілінен келген *ц, ч* дыбыстарын жасалу тәсіліне қарай шұғыл дыбыстар тобына да, ызың дыбыстар тобына да жатқызбай өздерінше жекелеп *аффрикат* дыбыстар деп алғанымыз жөн деп ойлаймыз. Шұғыл дауыссыздар мен ызың дауыссыздардың ерекшеліктерін бірдей қамтыған дауыссыз дыбыс араб тілінде де бар екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Ол *ح* [dʒ] дыбысы. Араб ғалымдары да бұл дыбысты «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дыбыстарға да, «ызың» (رخوة [raḥwa^{unn}]) дыбыстарға да жатқызбай, бір өзін жекелеп «мураккаб» (مركب [murakkab^{unn}]), яғни аффрикат дыбыс деп алған [59, 114 б.].

Біз *г* дыбысын І.Кеңесбаевтың пікірін қолдап, ызың дыбыстардың тобына қосуды жөн санаймыз. Ол: «Көп авторлар қазақ тілінің *г* фонемасын шұғыл фонемалар тобына жатқызып жүрді. Бұлай деу дұрыс емес. Өйткені *г* фонемасын айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуысады да, имплозия да, эксплозия да болмайды» [39, 376 б.], – дейді. Расында да *г* дыбысын айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі толық жымдаспай жуысып тұрады және іштен шыққан фонациялық ауа жуысып тұрған дыбыстау мүшелері арасынан сүзіліп шығады. Қазақ тіліндегі *г* дыбысына ұқсас дыбысталатын араб тіліндегі *غ* [g] дыбысын да араб ғалымдары (орта ғасырлық ғалымдар да, кейінгі ғалымдар да) бір ауыздан «ызың» (رخوة [raḥwa^{unn}]) дыбыстардың қатарына қосқан [38, 434-435 б.; 34, 111 б.; 59, 114 б.].

Жоғарыда С.Мырзабеков пен Ә.Жүнісбек *м, н, ң* дыбыстарын тоғысыңқы, яғни шұғыл, *л* дыбысын жуысыңқы, яғни ызың дауыссыздарға жатқызғанын айтқанбыз. Бұл жерде де ережеге қайшы келушілік бар тәрізді. Өйткені *м, н, ң* дыбыстарын айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жымдасқанымен (тоғысқанымен), фонациялық ауа дыбыстау мүшелері кілт ажырамай-ақ, мұрын жолынан үзіліссіз еркін шығады, *л* дыбысын айтқанда да дыбыстау мүшелері біріне-бірі жымдасқанымен (тоғысқанымен), фонациялық ауа дыбыстау мүшелері кілт ажырамай-ақ, ауыз жолынан, яғни тілдің екі жанынан пайда болған саңылау арқылы үзіліссіз еркін шығады және бұл дыбыстарды айту кезінде ызың дыбыстарға тән ызың дауыс та байқалмайды. Ә.Жүнісбек *р* дыбысын жуысыңқы (ызың) дауыссыздарға жатқызған. *Р* дыбысын айтқанда тіл ұшының дірілдеуінен фонациялық ауа үздіксіз дірілдеп еркін шығады, яғни бұл дыбыста да шұғыл және ызың дыбыстардың белгісі байқалмайды. Демек, *м, н, ң, л, р* дыбыстарын шұғыл дыбыстарға да, ызың дыбыстарға да жатқызу дұрыс емес деп ойлаймыз. Бұлардың ішінде *ң* дыбысынан өзге дыбыстар орыс тілінде де бар екені мәлім. Орыс ғалымдары *м, н, л* дыбыстарын жасалу тәсіліне қарай мұрын жолды жабысыңқы-өтпелі (смычно-проходной), *л* дыбысын ауыз

жолды жабысыңқы-өтпелі (смычно-проходной), *p* дыбысын діріл дыбыс деп алған [75, с. 113-114; 76, с. 21-22]. Ә.Хасенов та өз еңбегінде *л* дыбысын мысалға ала отырып «жабысыңқы-өтпелі» сөзін термин ретінде қолданған [16, 66 б.]. Осыны ескеріп, біз де бұл жұмысымызда «жабысыңқы-өтпелі» термині негізінде, «жабысыңқы» деген сөздің орнына Ә.Жүнісбектің «тоғысыңқы» деген сөзін қолданып шұғыл дыбыстарға да, ызың дыбыстарға да жатпайтын *м, н, ң, л, р* дыбыстарын «тоғысыңқы-өтпелі» дыбыстар деп атауды дұрыс деп таптық. Араб ғалымдары да дыбыстау мүшелерінің бір-біріне жымдасқанымен іштен шыққан фонациялық ауа жарылмай да, ызыңсыз сүзілмей (үйкелмей) де шығатын ل [l], ر [r], م [m], ن [n] дыбыстарын «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыз дыбыстарға да, «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дауыссыз дыбыстарға да жатқызбай, «аралық» (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) дыбыстар деп атаған [34, 114 б.; 59, 114 б.]. Демек, біз қолданған қазақ тіліндегі «тоғысыңқы-өтпелі» терминімен, атаулары әртүрлі болғанымен, араб тіліндегі «аралық» (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) термині мағыналық жағынан бірдей деп айта аламыз.

Ғалымдардың бір тобы (К.Аханов, С.Исаев, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев) *й, у* дыбыстарын шұғыл дауыссыздардың да, ызың дауыссыздардың да қатарына қоспағанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Орыс ғалымдары *й* дыбысы айтылғанда фонациялық ауа дыбыстау мүшелері (тіл ортасы мен таңдай) арасында пайда болған саңылаудан үйкеліп шығатындықтан ызың дауыссыздардың қатарына қосқан [75, с. 113-114; 76, с. 21-22]. С.Мырзабеков пен Ә.Жүнісбек те *й* дыбысын ызың дауыссыздарға қосқанын айтқан болатынбыз. Расында да дауыссыз *й* дыбысын айтқанда фонациялық ауа ауыз қуысының біршама тарылуынан пайда болған (тіл ортасы мен таңдай арасындағы) саңылаудан аздап үйкеліп шығады және дыбыстау мүшелері біріне-бірі аздап жуысатындықтан ызыңдаған дауыс аз мөлшерде байқалады. Дауыссыз *у* дыбысын айтқанда да солай фонациялық ауа екі еріннің сүйірленіп тарылуынан пайда болған саңылаудан аздап үйкеліп шығады және аздап үйкелу нәтижесінде аздап ызыңдаған дауыс байқалады. Сондықтан С.Мырзабеков пен Ә.Жүнісбекті қолдап *й* дыбысымен бірге дауыссыз *у* дыбысын да ызың дауыссыз дыбыстар тобына қосуды жөн санаймыз. Араб ғалымдары да осы ерекшеліктерді ескеріп дауыссыз ي [i], و [u] дыбыстарын «ызың» (رخوة [raḥūa^{unn}]) дауыссыздардың тобына қосқан.

Сонымен қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы (шұғыл), жуысыңқы (ызың), тоғысыңқы-өтпелі және жабысыңқы (аффрикат) болып төртке бөлінеді.

Тоғысыңқы (шұғыл) дауыссыздарға: *п, б, т, д, к, г, қ* дыбыстары;

Жуысыңқы (ызың) дауыссыздарға: *в, ф, г, з, с, ш, ж, х, һ, й, у* дыбыстары;

Тоғысыңқы-өтпелі дауыссыздарға: *м, н, ң, л, р* дыбыстары;

Жабысыңқы (аффрикат) дауыссыздарға: *ц, ч* дыбыстары жатады.

Араб тіліндегі дауыссыз дыбыстар да (жасалу тәсіліне қарай) «шұғыл» (شديد [šadīd^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), аралық (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) және аффрикат (مركب [murakkab^{unn}]) болып төртке бөлінеді.

Шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]) дауыссыздарға: ء [ʔ], ق [q], ك [k], د [d], ت [t], ط [t], ض [d], ب [b] дыбыстары;

Ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]) дауыссыздарға: ھ [h], ع [‘], ح [h], غ [g], خ [h], ش [š], ي [i], س [s], ص [s], ز [z], ث [t], ذ [d], ظ [z], ف [f], و [u] дыбыстары;

Аралық (متوسطة [mutaḥassita^{unn}]) дауыссыздарға: ل [l], ر [r], م [m], ن [n] дыбыстары;

Африкат (مركب [murakkab^{unn}]) дауыссызға ج [dʒ] дыбысы жатады.

«Мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) және «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]) дыбыстар. Араб тіліндегі тіл ұшынан және алдынан жасалатын кейбір дыбыстар (أسناني [‘asnāni^{unn}] – тіс, أسناني لثوي [‘asnāni^{unn} liṭai^{unn}] – тіс (арты)-қызыл иек, لثوي أمامي [liṭai^{unn} ‘amāmi^{unn}] – қызыл иек алды дыбыстары) айтылу кезінде тіл артының таңдайға қарай көтерілуі не көтерілмеуі салдарынан жуан не жіңішке айтылады [33, 89 б.; 77, 71 б.; 78, 119 б.; 60, 166 б.].

Ескерте кететін бір жайт көмей үсті (أدنى حلقي [‘adnā ḥalqi^{unn}]) غ [g], خ [h] және тілшік (لهوي [laḥai^{unn}]) ق [q] дыбыстары да жуан дыбыстарға жатады. Алайда бұл дыбыстардағы жуандық сипаттың қарама-қарсы жіңішке сыңарлары жоқ.

Араб тіліндегі مطبق [muṭbaq^{unn}] сөзі «жабу» мағынасын білдіретін أطبق [‘aṭbaqa] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз. ص [s], ض [d], ط [t], ظ [z] дыбыстарын айтқанда тіл жоғары көтеріліп, таңдайды толығымен бір келкі жауып тұратындықтан, مطبق [muṭbaq^{unn}] сөзі осы дыбыстарды сипаттау үшін термин ретінде алынған.

منفتح [munfatih^{unn}] сөзі «ашылу» мағынасын білдіретін انفتح [infataḥa] етістігінен туындаған негізгі есімше формасындағы сөз. ص [s], ض [d], ط [t], ظ [z] дыбыстарынан өзге дыбыстарды айтқанда тіл мен таңдайдың арасы бір келкі жабылмай, кей жерлері ашық болатындықтан منفتح [munfatih^{unn}] сөзі осы дыбыстардан өзге дыбыстарды сипаттау үшін термин ретінде алынған.

Сибауэйһи: «Араб тілі дыбыстары «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) және «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]) болып бөлінеді. «Мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстар: ص [s], ض [d], ط [t], ظ [z] дыбыстары, ал қалғандары «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]) дыбыстар. «Мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстарды айтқанда тіл жоғары көтеріліп, таңдайды толығымен жабады да, іштен шыққан фонациялық ауа тіл мен таңдай арасынан қысылып өтеді де, жасалу орнынан екпінмен шығады. Жоғарыдағы төрт дыбысты айтқанда тілдің екі бөлігі таңдайға қарай көтеріледі. Ол іштен шыққан фонациялық ауаның (тіл мен таңдай арасынан) қысылып өтуі арқылы анықталды. Егер бұл дыбыстарды айтқанда тіл таңдайға қарай көтеріліп оны жаппаса, яғни «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) болмаса ط [t] дыбысы د [d] дыбысына, ص [s] дыбысы س [s] дыбысына, ظ [z] дыбысы ذ [d] дыбысына айналар еді. Ал ض [d] дыбысы тілде мүлдем болмас еді. Өйткені ض [d] дыбысының жасалу орнынан (ض [d] дыбысынан) өзге ешқандай да дыбыс жасалмайды» [38, 436 б.], – дейді. Бұл орайда ғалым Қадури: «Сибауэйһидің жасаған сипаттамасы, бұл дыбыстардың сол дәуірдегі дыбысталуына тән сипаттар. Қазіргі таңдағы дыбысталуы бойынша бұл дыбыстарды Сибауэйһидің сөздерімен айтар болсақ: «Егер бұл дыбыстарды айтқанда тіл таңдайға қарай көтеріліп оны жаппаса, яғни «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) болмаса ط [t] дыбысы ت [t] дыбысына, ص [s] дыбысы س [s] дыбысына, ظ [z] дыбысы ذ [d] дыбысына, ض [d] дыбысы د [d] дыбысына айналар еді» деп айтылады» [34, 116 б.], – дейді.

Кейінгі фонетист ғалымдар «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстар айтылғанда тіл алды мен арты жоғары көтерілетіндіктен тіл ортасы аздап ойыс формада тұратынын айтады [32, 47 б.; 79, 129 б.; 59, 115 б.]. Сибауәйһидің «жоғарыдағы төрт дыбысты айтқанда тілдің екі бөлігі таңдайға қарай көтеріледі» деуі осыны меңзесе керек. Бұл мағынаны кейбір тәжуид және араб тілі ғалымдары теңеулер арқылы нақты жеткізе білген тәрізді. Әр-Ради: «Бұл дыбыстарды айтқанда таңдай бейне бір тілдің табағы тәрізді кейіпке енеді» [80, 262 б.] десе, әл-Марғаші: ««мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстарды айтқанда тіл дөңес кейіпке енеді» [74, 18 б.] деген.

Кейбір ғалымдар «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) және «табақи» (طَبَقِيّ [ṭabaqīi^{unn}]) терминдерін бір-бірімен шатастырмауымыз тиіс екенін ескертеді. Біріншісі, яғни «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) термині ص [s], ض [d], ط [t], ظ [z] дыбыстарының жоғарыда баян еткен сипатын білдірсе, екіншісі, яғни «табақи» (طَبَقِيّ [ṭabaqīi^{unn}]) термині араб тіліндегі «жұмсақ таңдай» деген мағынаны білдіретін «табақ» (طَبَق [ṭabaq^{unn}]) сөзіне қатыстылықты білдіретін يّ [i^{unn}] жұрнағы жалғану арқылы жасалған. ك [k] дыбысы «табақи» (طَبَقِيّ [ṭabaqīi^{unn}]), яғни жұмсақ таңдай арқылы жасалатын дыбыс. Алайда ол «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыс емес, яғни оны айтқанда тіл таңдайды толығымен жаппай, тілдің ортасы ғана жұмсақ таңдаймен тоғысады [33, 89 б.; 37, 38 б.; 60, 166 б.]. Орыс ғалымдары мен қазақ ғалымдары «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстарды күшпен айтылатынын ескеріп, эмфатикалық дыбыстар деп атап жүр [49, 74 б.; 81, 67 б.].

«Мунфатих» (مُنْفَتِح [munfatih^{unn}]) дыбыстарды айтқанда таңдайға қарай тілдің арты не алды көтеріледі немесе тілдің алды да, арты да көтерілмей тіл мен таңдай арасында ашық жер болуы тиіс.

«Мустағли» (مُسْتَعْلِيّ [musta‘liⁿ]) және «мустафил» (مُسْتَفِيل [mustafil^{unn}]) дыбыстар. مُسْتَعْلِيّ [musta‘liⁿ] термині «көтерілу» мағынасын білдіретін اسْتَعْلَى [ista‘alā] етістігінен туындаған негізгі есімше формасындағы сөз. Бұл сөз араб тіл білімінде айтылымында тіл арты таңдайға қарай көтерілетін дауыссыз дыбыстарға термин ретінде алынған.

«Мустағли» (مُسْتَعْلِيّ [musta‘liⁿ]) дыбыстарды айтқанда тіл арты таңдайға қарай көтеріледі [74, 151 б.]. Ғалымдары бұл дыбыстарға: ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s], غ [g], خ [h], ق [q] дыбыстарын жатқызады [38, 128-129 б.; 31, 70-71 б.; 72, 106 б.; 55, 63 б.].

Әд-Дәни: ««Мустағли» (مُسْتَعْلِيّ [musta‘liⁿ]) дыбыстар мына жеті дыбыс: ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s], غ [g], خ [h], ق [q]. Бұлардың «мустағли» (مُسْتَعْلِيّ [musta‘liⁿ]) аталу себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тіл (арты) таңдайға қарай көтеріледі. «Мустағли» (مُسْتَعْلِيّ [musta‘liⁿ]) дыбыстардың екі түрі бар. Біріншісі, айтылу кезінде тілдің арты да, алды да жоғары көтеріліп, таңдайды толығымен жабады. Олар төрт «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстар. Екіншісі, тілдің арты ғана жоғары көтеріледі де, таңдайды толығымен жаппайды. Олар: غ [g], خ [h], ق [q] дыбыстары. Осы жеті дыбыстан өзге дыбыстардың барлығы «мустафил» (مُسْتَفِيل [mustafil^{unn}]) дыбыстар. Олардың «мустафил» (مُسْتَفِيل [mustafil^{unn}]) аталу себебі оларды айтқанда тіл (арты) таңдайға қарай көтерілмейді» [72, 106 б.], – дейді. Ғалым Хасан Жәбал: ««Мустафил» (مُسْتَفِيل [mustafil^{unn}]) дыбыстарды айтқанда тіл

арты төмен қарай басылады. Бұның мәні тіл қалыпты жағдайдағы деңгейінен де төмен түсіп кетеді деген сөз емес, жоғары көтерілмейді дегенді білдіреді. «Мустафил» (مستفل [mustafil^{unn}]) дыбыстар «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) дыбыстарға қарағанда жеңіл айтылады» [55, 152 б.], – дейді.

Әл-Марғаши: «Дыбыс «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) болу үшін тілдің арты көтерілуі тиіс. Сондықтан да ك [k], ج [dʒ], ي [i], ش [š] дыбыстары «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) дыбыстарға жатпайды, өйткені бұл дыбыстарды айтқанда таңдайға қарай тіл арты емес, тіл ортасы көтеріледі», – дейді [74, 63 б.].

Тәжуид және тіл білімі ғалымдары «муфаххам» (مفخم [mufahḥam^{unn}]) дыбыстар мен «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) дыбыстар арасында, «мураққак» (مرقق [muraqqaq^{unn}]) дыбыстар мен «мустафил» (مستفل [mustafil^{unn}]) дыбыстар арасында байланыс бар екенін айтады. Араб тіл біліміндегі مفخم [mufahḥam^{unn}] термині «жуан етіп айту» деген мағынаны білдіретін فخم [faḥḥama] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз [64, 571 б.]. Бұл сөз жуан дыбыстарға термин ретінде қолданылады. Ал, مرقق [muraqqaq^{unn}] термині «жіңішке етіп айту» деген мағынаны білдіретін رقق [raqqaqa] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз [64, 273 б.]. Бұл сөз жіңішке дыбыстарға термин ретінде қолданылады. Әл-Марғаши: ««Мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) дыбыстар әрдайым жуан айтылады. Тіл қаншалықты жоғары көтерілген сайын жуандығы да соншалықты арта түседі. Сондықтан да «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) (ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s]) дыбыстары қалған «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) غ [g], خ [h], ق [q] дыбыстарға қарағанда жуанырақ айтылады» [74, 154-155 б.], – дейді. Ал, қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз фонема буын ішіндегі дауыстының ыңғайына қарай жуан болып та, жіңішке болып та кездесе беретіні белгілі.

ә) Қарама-қарсы сыңары жоқ сипаттар (الصفات التي ليس لها ضد [as-ṣifātu-l-latī laṣsa lahā ḍidd^{unn}]). Дыбыстардың қарама-қарсы сыңары жоқ сипаттары (الصفات التي ليس لها ضدّ [as-ṣifātu-l-latī laṣsa lahā ḍidd^{unn}]) дыбыстарды бір-бірінен ажырату қызметін атқармай, кей дыбыстардың өздеріне ғана тән сипаттарын көрсетеді.

Бұл сипаттардың табиғатын түсіну үшін қарама-қарсы сыңарлары бар, жасалу орындары ұқсас дыбыстарды бірінен бірін ажырату қызметін атқаратын сипаттармен салыстыру арқылы түсінуге болады. Мысалы, ذ [d] дыбысы «үнді» (مجهور [maǰhūr^{unn}]) дыбыс. Егер осы дыбыстан үнді дыбыстарға тән үнді алып тастасак, «үнді» (مجهور [maǰhūr^{unn}]) сипатынан айрылып, «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) ث [t] дыбысына айналар еді. Сол сияқты барлық «үнді» (مجهور [maǰhūr^{unn}]) дыбыстардың қарама-қарсы «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) сыңарлары бар. «Мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстардың «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]) сыңарлары бар. Мысалы, ص [s] дыбысы «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыс. Егер осы дыбыстан «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) дыбыстарға тән сипатын алып тастасак, «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]) س [s] дыбысына айналар еді. Бұл сипаттар жасалу орындары ұқсас дыбыстарды бірінен бірін ажырату үшін қолданылатын «мумәиз» (مميز [mumaʿiiz^{unn}]), яғни ерекшелеуші сипаттар.

Аты айтып тұрғандай қарама-қарсы сыңары жоқ сипаттардың (الصفات التي ليس لها ضدّ [as-ṣifātu-l-latī laṣsa lahā ḍidd^{unn}]) қарсы сыңарлары болмайды. Мысалы

«сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) сипаты س [s], ص [ṣ], ز дыбыстарына ғана тән сипат. Егер бұл дыбыстардан «сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) сипатын алып тастар болсақ, олар ешқандай да дыбысқа айналмай, керісінше бұзылып естілер еді [34, 117 б.]. Араб тіліндегі қарама-қарсы сыңары жоқ сипаттар (الصفات التي ليس لها ضدّ [as-ṣifātu-l-latī laisa lahā ḍidd^{unn}]) мыналар: «сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]), «ғунна» (غَنَّة [ḡunna^{unn}]), «инхираф» (انحراف [inḥirāf^{unn}]), «тәқрир» (تَكْرِير [takrīr^{unn}]), «тәфәшши» (تَفَشَّش [tafaššīn]), «лин» (لِين [līn^{unn}]).

«Сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) дыбыстар және олардың қазақ тіліндегі баламалары. «Сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) сөзі араб тіліндегі «ысқыру, ысылдау» мағынасын білдіретін صَفْر [ṣafara] етістігінің масдары. Бұл сөзді термин ретінде ең алғаш қолданған Сибауәйһи болатын. Ол: «س [s], ص [ṣ], ز дыбыстары өзге дыбыстарға идғам жасалмайды. Өйткені бұл дыбыстар күшті, қарқынды естілетін «сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) дыбыстар» [38, 464 б.], – дейді.

Мәкки: «Бұл дыбыстардың «сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) деп аталу себебі айтылған кезде ысқырыққа ұқсас дауыс ысылдап естіліп тұрады» [30, 100 б.], – дейді. Бұрынғы кездегі тәжуид және араб тілі ғалымдары секілді қазіргі кездегі фонетист ғалымдар да дыбыстардың «сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) сипатын анықтап, мағынасын аша түсті. Ғалым Абдуссабур Шәһин бұл дыбыстар жөнінде: «Іштен шыққан фонациялық ауа жасалу орнынан күшпен үйкеліп өтуі нәтижесінде анық естілетін дыбыстар» [59, 120 б.], – дейді.

Қазақ ғалымдарынан Н.Сауранбаев қана с дыбысын айтқанда ауа ысқырықтанып шығатындықтан оны «ысқырықты дыбыс» деп атаған [41, 36 б.]. Сондықтан араб тіліндегі «сафир» (صَفِير [ṣafīr^{unn}]) терминіне қазақ тіліндегі «ысқырықты дыбыс» термині мәндес деуге болады.

«Ғунна» (غَنَّة [ḡunna^{unn}]) дыбыстар және олардың қазақ тіліндегі баламалары. «Ғунна» (غَنَّة [ḡunna^{unn}]) сөзі арабтың «мұрыннан сөйлеу, мінгірлеу» деген мағынаны білдіретін غَنَّ [ḡanna] етістігінен туындаған [64, 560 б.]. Бұл сөз мұрын жолды дыбыстарға термин ретінде қолданылады [82, 74 б.]. Қазіргі кездегі араб фонетист ғалымдары батыс елдерінің тіл білімінде қолданылып жүрген «nasal» терминіне еліктеп, «ғунна» (غَنَّة [ḡunna^{unn}]) терминінің орнына «мұрын жолды» деген мағынаны білдіретін «әнфи» (أَنْفِي [ʾanfī^{unn}]) сөзін термин ретінде қолданып жүр [35, 191 б.; 83, 206 б.; 60, 182 б.]. Ғалым Қадури орта ғасырлық араб ғалымдары мұндай дыбыстарды атауда дыбыстың естілімін негізге алса, кейінгі ғалымдар шығатын орнын негізге алғанын айтады [34, 124 б.].

«Ғунна» (غَنَّة [ḡunna^{unn}]) дыбыстар араб тілінде екеу. Олар: ن [n], م [m] дыбыстары [34, 125 б.]. Сибауәйһи: «... дыбыстардың ішінде үнмен бірге айтылатын «шәдид» (شَدِيد [šadīd^{unn}]), яғни шұғыл дыбыстар бар. Мұндай дыбыстарды айтқанда тіл жасалу орнына тоғысып, дауыс мұрыннан шығады. Өйткені мұрынды қолмен қысып айтып көрсен, бұл дыбыстар жасалмайды. Олар ن [n] және م [m] дыбыстары» [38, 435 б.], – дейді.

Кейбір тәжуид және араб тілі ғалымдары ن [n] және م [m] дыбыстары сукунді болған жағдайда ғана ғунналы болады, ал қандай да бір харакатпен айтылса бұл дыбыстардың жасалуына мұрынның еш қатысы болмай, тек ерін мен тіл ғана қатысады деген пікірде [84, 213 б.; 85, 84 б.]. Ғалым Қадури: «Бұл

пікір дұрыс емес. Өйткені ن [n], م [m] дыбыстары қандай жағдайда да мұрыннан айтылады» [34, 124 б.], – дейді.

Мұрын жолды дыбыстар қазақ тілінде де бар. С.Мырзабеков: «Ауаның шығу жолына қарай м, н, ң мұрын жолды үнділер делінеді» [40, 41 б.], – дейді. Н.Сауранбаев: «Сонорлар (яғни үнді дыбыстар) жасалу орнына қарай ауыз жолды, мұрын жолды болып екіге блінеді. Ауыз жолдыларға: р, л дыбыстары жатады, мұрын жолдыларға: м, н, ң дыбыстары жатады... . Үнге байланысты сонорлар екіге бөлінеді: 1) ашық үнді сонорлар: р, л, 2) мінгір үнді сонорлар: м, н, ң. Ауыз жолды сонорлар ашық үнді болады. Мұрын жолды сонорлар мінгір үнді болады» [41, 38 б.], – дейді. Бұл жерде Н.Сауранбаев орта ғасырлық араб ғалымдары секілді естілімін негізге алса, С.Мырзабеков кейінгі араб ғалымдары секілді дыбыстың шығар жолын негізге алған. Демек, араб тіліндегі «ғунна» (غُنَّة [ḡunna^{unn}]) термині Н.Сауранбаевтың «мінгір үнді» терминіне, «әнфи» (أَنْفِي [ʾanfii^{unn}]) термині С.Мырзабековтің «мұрын жолды» терминіне мағыналық жағынан толық сәйкес келеді дей аламыз.

Олай болса араб тіліндегі «әнфи» (أَنْفِي [ʾanfii^{unn}]), яғни мұрын жолды дыбыстар екеу. Олар: ن [n], م [m] дыбыстары. Қазақ тіліндегі мұрын жолды дыбыстар үшеу. Олар: м, н, ң дыбыстары.

«Мунхариф» (منحرف [munḡarif^{unn}]) дыбыс және оның қазақ тіліндегі баламасы. «Мунхариф» (منحرف [munḡarif^{unn}]) сөзі араб тіліндегі «шетке шығу, бұрылып кету, майысу, иілу» деген мағынаны білдіретін انحراف [inḡarafa] етістігінен туындаған негізгі есімше формасындағы сөз [64, 126 б.]. Бұл сөзді ل [l] дыбысын сипаттау үшін ең алғаш термин ретінде қолданған Сибауәйһи болатын. Ол: «... дыбыстардың ішінде «мунхариф» (منحرف [munḡarif^{unn}]) дыбыс бар. Ол тоғысыңқы ل [l] дыбысы. Бұл дыбысты айтқанда өзге «шәдид» (شَدِيد [šadīd^{unn}]), яғни шұғыл дыбыстар тәрізді іштен шыққан фонациялық ауа бекем жымдасқан дыбыстау мүшелері арасынан жарылып шықпай, тіл ортасының аздап төмен иілуі нәтижесінде (тілдің) екі жанында пайда болған саңылаудан шығады. Қаласаң бұл дыбысты созып айтуға болады, алайда табиғаты «рахуа» (رَحْوَة [raḡwa^{unn}]), яғни ызың дыбыстардай емес, өйткені тіл ұшы жасалу орнына жуысып емес, тоғысып тұрады» [38, 435 б.], – дейді. Орта ғасырлық ғалымдар айтылу кезінде тіл ортасының аздап төмен иілуі салдарынан «мунхариф» (منحرف [munḡarif^{unn}]) дыбыс деп атаса [67, 185 б.; 60, 174 б.]; кейінгі ғалымдар арасында фонациялық ауа тілдің екі жанынан шығатындығын ескеріп, бұл дыбысқа араб тіліндегі «жаны, бүйірі» деген мағынаны білдіретін جانب [džānib^{unn}]) сөзінен жасалған қатыстық сын есім формасындағы «жәниби» (جَانِبِي [džānibiī^{unn}]) сөзі термин ретінде қолданылып жүр [59, 124 б.].

Орта ғасырлық ғалымдардың кейбірі ل [l] дыбысымен бірге ر [r] дыбысын да «мунхариф» (منحرف [munḡarif^{unn}]) дыбыс десе [30, 107 б.], енді біреулері бұл дыбыстың жанына ر [r], ن [n] дыбыстарын да қосады [26, 52 б.]. Бұл пікірді ғалымдардың дені қолдамайды. Өйткені олар ر [r] дыбысын айтқанда фонациялық ауа ل [l] дыбысын айтқандағы секілді тілдің екі жанынан емес, тіл ұшының үстіңгі жағы мен қызыл иек арасынан дірілдеп шығатынын, сол сияқты ن [n] дыбысын айтқанда ауа тілдің екі жанынан емес, мұрыннан шығатынын алға тартады [55, 67 б.; 34, 174 б.].

Айтылғанда фонациялық ауа тілдің екі жанынан шығатын дыбыс қазақ тілінде де бар. Ол *л* дыбысы. Алайда қазақ ғалымдары *л* дыбысының бұл сипатына нақты бір терминді бекітпеген. Мысалы Н.Сауранбаев бұл дыбысты айтқанда ауа екпіні *екі ұрттан* шығады десе [41, 38 б.], Ә.Жүнісбек бұл дыбысты *жанама жуысыңқы* дыбыс [43, 90 б.], І.Кеңесбаев *латераль (бүйір)* [39, 364 б.], С.Мырзабеков *қос бүйір* фонема [40, 41 б.] деп сипаттайды. Біз Ә.Жүнісбектің «жанама дыбыс» деген терминін қолданамыз. Алайда «жуысыңқы» дегеніне қосыла алмаймыз. Өйткені бұл дыбысты айтқанда тіл ұшы күрек тіс-қызыл иектің шекарасына тоғысып, фонациялық ауа тілдің екі жанындағы саңылаудан шығады. Демек, қазақ тіліндегі *л* дыбысы жанама тоғысыңқы дыбыс. Бұл мәселені шұғыл және ызың дыбыстарға байланысты тарауда қарастырған болатынбыз. Сонымен, араб тіліндегі «мунхариф» (منحرف [munḥarif^{un}]) терминіне қазақ тіліндегі «жанама» термині сәйкес келеді.

«Мукаррар» (مكرر [mukarrar^{un}]) дыбыс және оның қазақ тіліндегі баламасы. «Мукаррар» (مكرر [mukarrar^{un}]) сөзі араб тіліндегі «қайталау, қайта-қайта жасау» деген мағынаны білдіретін كَرَّر [karrara] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз [64, 678 б.]. Бұл сөзді Сибауәйһи «Кітабында» ر [r] дыбысының сипаты ретінде қолданған [38, 435 б.]. Мағынасы ر [r] дыбысын айту кезіндегі тіл ұшының қызыл иектің үстіңгі жағына бірнеше рет тиіп ажырауы, яғни дірілдеуі [55, 68 б.]. Тәжуид және тіл білімі ғалымдары да Сибауәйһидің пікірін ұстанып ر [r] дыбысын «мукаррар» (مكرر [mukarrar^{un}]), яғни діріл дыбыс деп сипаттайды. Алайда олардың бұл сипатқа деген пікірлері әртүрлі болды. Олардың кейбірі бұл сипатты ر [r] дыбысының өзіндік сипаты десе, енді біреулері оны жоққа шығарып жатты. Бір ғалымдар тіпті: «Бұл сипатты іске асыру үшін емес, одан сақтану үшін білуіміз тиіс» [86, 57 б.], – деген пікір білдірген. Мәкки ر [r] дыбысындағы дірілді жасыру керектігін баса айтып кетті. Ол: «Оқырман бұл дыбыстағы дірілді барынша жасыруы тиіс. Оны (дірілді) анық айтқан жағдайда шәддалы әріптен (яғни шәддалы ر [r] дыбысынан) бірнеше дыбыс, шәддасы болмаса (яғни ر [r] дыбысында шәдда болмаса) екі дыбыс етіп айтар еді» [30, 170 б.], – дейді. Әл-Муради де әл-Жағбаридің: «Дірілдету дұрыс емес, одан сақтанған жөн» [87, 44 б.], – деген пікірін келтіреді.

Тәжуид және тіл ғалымдарының «діріл – ر [r] дыбысының өзіндік сипаты» деген пікірі Сибауәйһидің пікірімен ұштасып жатыр деуге болады. Бұл орайда әл-Муради ғалым әр-Рағинидің: «ر [r] дыбысы барлық жағдайда да «мукаррар» (مكرر [mukarrar^{un}]), яғни діріл дыбыс. Оны ر [r] дыбысына аяқталған сөздерден анық байқауға болады» [87, 43 б.], – деген пікірін келтіреді. Қадури ғалымдар арасындағы бұл пікірталастан діріл сипаты ر [r] дыбысының өзіндік сипаты екенін және оны айтқанда жағымсыз естілмеу үшін, әсіресе шәддалы жағдайда шектен шықпау керектігін айтады [34, 130 б.].

Қазақ тіліндегі *p* дыбысын да ғалымдар діріл дыбыс деп сипаттаған [40, 42 б.; 39, 364 б.; 43, 89 б.]. Демек, арабтың «мукаррар» (مكرر [mukarrar^{un}]) терминімен қазақтың «діріл» термині мағыналас деп толық айта аламыз.

«Тәфәшши» (تَفَشَّ [tafaššiⁿ]) дыбыс және оның қазақ тіліндегі баламасы. «Тәфәшши» (تَفَشَّ [tafaššiⁿ]) сөзі араб тіліндегі «жайылу, таралу» деген мағынаны

білдіретін تَفَشَّى [tafaššā] етістігінің масдары [64, 584 б.]. Терминдік мағынасы ش [š] дыбысын айтқан кездегі іштен шыққан фонациялық ауаның тіл мен таңдай арасынан анағұрлым жайылып шығуы [30, 109 б.]. Сибауәйһи ش [š] дыбысын ғана осылай сипаттаған [38, 448 б.]. Кейбір ғалымдар ش [š] дыбысымен қатар ض [d], ف [f], ث [t] дыбыстарын да «тәфәшши» (تَفَشَّى [tafaššiⁿ]) дыбыс деп санаған [88, 211 б.; 30, 110 б.; 72, 108 б.]. Әл-Марғаши оларға жауап ретінде: «Аталған дыбыстарды айтқанда ауаның жайылып шығатыны рас. Алайда ش [š] дыбысын айтқанда өзге дыбыстарға қарағанда ауа көбірек жайылып шығады. Сондықтан да ғалымдардың ش [š] дыбысының «тәфәшши» (تَفَشَّى [tafaššiⁿ]) дыбыс екенінде пікірлері ортақ. Ал, қалған ض [d], ف [f], ث [t] дыбыстарын айтқанда салыстырмалы түрде ауа аз жайылып шығатындықтан көптеген ғалымдар бұл дыбыстарды «тәфәшши» (تَفَشَّى [tafaššiⁿ]) дыбыс ретінде сипаттамайды» [74, 159 б.], – дейді.

Біз қарастырған қазақ ғалымдарының дені *ш* дыбысының бұл сипатын ескермеген. Тек Ә.Жүнісбек қана айтылғанда тіл ұшының қызыл иекке (дұрысы тіл ортасының таңдайға) жайыла жуысатынын ескеріп *ш* дыбысын жайылыңқы дыбыс деп сипаттаған [43, 77 б.]. Мұнда ескере кететін бір жайт араб ғалымдары ауаның тіл мен таңдай арасынан жайылып шығуын негізге алса, қазақ ғалымы Ә.Жүнісбек тіл ұшының қызыл иекке (дұрысы тіл ортасының таңдайға) жайыла жуысуын негізге алған. Бұл жерде екі тараптың да меңзеп отырғаны бір нәрсе. Өйткені тіл қызыл иекке (дұрысы тіл ортасы таңдайға) жайыла жуысқан жағдайда іштен шыққан фонациялық ауа да жайыла шығатыны даусыз. Демек, араб тіліндегі «тәфәшши» (تَفَشَّى [tafaššiⁿ]) терминін қазақ тіліндегі «жайылыңқы» терминімен мағыналас деуге негіз бар. Олай болса араб тіліндегі ش [š] дыбысының «тәфәшши» (تَفَشَّى [tafaššiⁿ]) сипаты қазақ тіліндегі *ш* дыбысының жайылыңқы сипатымен толық сәйкес келеді деуге болады.

«Лин» (لَيْنٌ [līn^{un}]) дыбыстар және олардың қазақ тіліндегі баламалары. Араб дыбыстарына жасалған орта ғасырлардағы зерттеу жұмыстарында [ا], [و], [ي] дыбыстарына байланысты «мәд» (مَدٌّ [madd^{un}]) және «лин» (لَيْنٌ [līn^{un}]) терминдері кеңінен қолданылған. «Лин» (لَيْنٌ [līn^{un}]) сөзі араб тіліндегі «жұмсару, жұмсақ болу» деген мағынаны білдіретін لَانَ [lāna] етістігінен туындаған [64, 743 б.]. Демек, «лин» (لَيْنٌ [līn^{un}]) дыбыстар – жұмсақ дыбыстар дегенді білдіреді. «Мәд» (مَدٌّ [madd^{un}]) сөзі арабтың «созу» деген мағынаны білдіретін مَدَّ [madda] етістігінен туындаған [64, 743 б.]. Демек, «мәд» (مَدٌّ [madd^{un}]) дыбыстар: созылыңқы дыбыстар дегенді білдіреді. Бұл терминдерді алғаш қолданған Сибауәйһи деуге болады [38, 176 б.]. Ол [و], [ي] дыбыстарын жасалу орнындағы ауа өтетін жері өзге дыбыстарға қарағанда кеңірек болатындықтан «лин» (لَيْنٌ [līn^{un}]), яғни жұмсақ дыбыстар, [ا] дыбысын жасалу орнындағы ауа өтетін жері [و], [ي] дыбыстарына қарағанда кеңірек болатындықтан «һәуи» (هَوِيٌّ [hāwīi^{un}]), яғни ауалық дыбыс деп сипаттағанын айтады [38, 435-436 б.]. Сибауәйһиден кейінгі ғалымдар бұл дыбыстардың табиғатын әр қырынан тани отырып әртүрлі терминдік атаулар беруге тырысып бақты. Мәкки: ««Мәд» (مَدٌّ [madd^{un}]) және «лин» (لَيْنٌ [līn^{un}]) дыбыстар үшеу. Олар [ا], алдыңғы әріп дамалы болған жағдайдағы сукунді [و] және алдыңғы

әріп кәсралы болған жағдайдағы сукунді [ي]... «Лин» (لَيْنٌ [līn^{unn}]) дыбыстар екеу. Олар: алдыңғы әріп фатхалы болған жағдайдағы [و] және алдыңғы әріп фатхалы болған жағдайдағы [ي] дыбыстары» [30, 101 б.], – дейді. Насируддин әт-Таблауи [و], [ي] дыбыстарының әртүрлі жағдайларына байланысты терминдік атауларын нақтылауға тырысты. Ол: «[و] және [ي] дыбыстары қандай да бір харакатпен харакатталса «ғилла» (عِلَّةٌ [‘illa^{unn}]) дыбыстар, егер сукунді болып алдыңғы әріптер حَوْفٌ [ḥawf^{unn}], بَيْتٌ [bayt^{unn}] сөздеріндегідей бұл дыбыстарға сәйкес келмейтін харакаттар алса «лин» (لَيْنٌ [līn^{unn}]) дыбыстар, сукунді болып алдыңғы әріптер бұл дыбыстарға сәйкес келетін харакаттар алса «мәд» (مَدٌّ [madd^{unn}]) және «лин» (لَيْنٌ [līn^{unn}]) дыбыстар» [89, 9 б.], – дейді.

Ғалым Қадури [و], [ي] дыбыстары дауыссыз болған жағдайда өзге дауыссыз дыбыстарға қарағанда дыбыс желбезегі молынан тербеліп, «рахуа» (رَخْوَةٌ [raḥūa^{unn}]), яғни ызың дауыссыз дыбыстар мен дауысты дыбыстардың аралығында болатынын айтады [34, 133 б.]. Бұл дыбыстарды көптеген жаңашыл араб фонетист ғалымдар дауысты дыбыстардың табиғатына ұқсас жұмсақтық бар екенін ескеріп, «әшбәһ әл-харакат» (أشبه الحركات [‘ašbāhu-l-ḥarakātⁱ]) немесе «ансаф әл-харакат» (أنصاف الحركات [’anṣāfu-l-ḥarakātⁱ]) деп атап жүр. Бұл еуропалықтардың «semivowels» терминінің аудармасы деуге болады. Мағынасы «жартылай дауысты дыбыс» дегенді білдіреді [79, 107 б.; 60, 199 б.].

Қазақ тіліндегі дауыссыз й, у дыбыстары жөнінде С.Мырзабеков: «й және у фонемаларының өзге дауыссыздардан ерекшелігі бұлар дауыстыларға бейімдеу. Сондықтан да болар й дыбысын жарты дауысты түрінде қарау кездеседі», – деп, А.Байтұрсынұлының еңбегіне сілтеме береді [40, 42 б.]. Бұл араб тіліндегі дауыссыз و [u], ي [i] дыбыстары қазақ тіліндегі дауыссыз у, й дыбыстарына сәйкес келеді дегенді білдіреді.

4-кесте – Араб тілі дауыссыз дыбыстарының жасалу орындары мен сипаттарына жасалған классификация.

متوسطة [mutaʿassīṭa ^{unn}] - аралық			مركب [muraḥkab ^{unn}] - африкат		رخوة [raḥūa ^{unn}] - ызың				شديد [šadīd ^{unn}] - шұғыл				الصفات сипаттары	№
مجهور [madḥūr ^{unn}] – үнді			مجهور [madḥūr ^{unn}] - үнді		مهموس [mahmūs ^{unn}] үнсіз		مجهور [madḥūr ^{unn}] - үнді		مهموس [mahmūs ^{unn}] үнсіз		مجهور [madḥūr ^{unn}] - үнді			
أنفيّ [ʾanfī ^{unn}] - мұрын жолды	مكرّر [muḥarrar ^{unn}] - діріл	جائبيّ [dḡān ibī ^{unn}] - жанама	منفتح [munfatiḥ ^{unn}]]	منفتح [munfatiḥ ^{unn}]]	مطبق [muṭṭabiq ^{unn}]]	منفتح [munfatiḥ ^{unn}]]	مطبّق [muṭṭabiq ^{unn}]]	منفتح [munfatiḥ ^{unn}]]	مطبق [muṭṭabiq ^{unn}]]	منفتح [munfatiḥ ^{unn}]]	مطبق [muṭṭabiq ^{unn}]]	المخارج жасалу орындары		
م [m]						و [u]					ب [b]		شفوي [šafawī ^{unn}] еріндік	1
				ف [f]									شفوي أسناني	2

												[ʼasnāniijun n ʃafaqiijʼun] – еріндік- тіс	
				ث [t]		ذ [d]	ظ [z]					أسناني [ʼasnāniijʼun]] – тіс	3
				س [s]	ص [ʃ]	ز [z]						أسناني لثوي [ʼasnāniijun n liṭauiijʼun] – тіс (арты)- қызыл иек	4
								ت [t]	ط [t]	د [d]	ض [d]	لثوي أممي [liṭauiijun ʼamāmiijʼun]] – қызыл иек алды	5
ن [n]	ر [r]	ل [l]										لثوي خلفي [liṭauiijun ḥalfiijʼun] – қызыл иек арты	6
			ج [dʒ]	ش [ʃ]	ي [i]							غاري [gāriijʼun] – таңдай ортасы	7
								ك [k]				طبقي [ṭabaqiijʼun] – таңдай арты	8
								ق [q]				لهوي [laḥauiijʼun] – тілшік	9
				خ [ḫ]		غ [g]						أدنى حلقي [ʼadnā ḥalqiijʼun] – көмей үсті	10
				ح [ḥ]		ع [ʿ]						حلقي [ḥalqiijʼun] – көмей	11
				ه [h]				ء [ʾ]				حنجري [ḥandzariijʼun] – желбезект ік	12

5-кесте – Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарына жасалған классификация.

№	Сипаттары	шұғыл		ызың			африкат	тоғыспалы-өтпелі		
		Қатаң	ұяң	қатаң	ұяң	үнді	қатаң	үнді		
								жанама	діріл	мұрын жолды
1	Еріндік	п	б			у				м
2	Еріндік-тіс	ф	в							
3	Тіл ұшы	т	д					л	р	н

4	Тіл алды			с	з		ц			
5	Тіл ортасы	к	г	ш	ж	й	ч			
6	Тіл арты									ң
7	Тілшік	қ								
8	Тіл түбі			х	ғ					
9	Көмей				h					

1.2.1.3 Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарға балама болатын, жақын келетін және баламасы жоқ араб тіліндегі дауыссыз дыбыстар. Қандай бір тілде болсын, дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыссыз дыбыстар басым болып келеді. Дауыстылармен салыстырғанда, дауыссыздардың классификациясы әлдеқайда күрделі. Сондықтан да дауыссыздарды сипаттап мінездеме беру және оларды топтастырып классификация жасау акустикалық жақтан да, артикуляциялық жақтан да көптеген жайларды есепке алуды қажет етеді [46, 293 б.].

Айтқанда ауа кедергіге ұшырап шығатын дыбыстар екі тілде де дауыссыз дыбыстар (الصوامت [aṣ-ṣauāmit]) деп аталады. Сөйтіп, дауыссыз дыбыстарда дауыс болмайды, олар үн мен салдырдан немесе тек салдырдан тұрады [23, 12 б.; 47, 61 б.]. Тіл-тілде дауыссыз дыбыстар саны да бірдей болып келмейтіні белгілі. Мысалы, орыс тілінде – 39, украин тілінде – 32, тәжік тілінде – 22, молдаван тілінде – 37, идиш тілінде – 21, эстон тілінде – 16 дауыссыз дыбыс бар [16, 66 б.]. Қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс бар. Олар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш. Дауысты дыбыстан кейін айтылса, «у» дыбысы дауыссыз болып келеді: *бауыр, ауыр, жауын, әуре* т.б. [23, 12 б.].

Ал, араб тілінде 28 дауыссыз дыбыс бар. Олар: ب [b], ت [t], ث [t], ج [dʒ], ح [h], خ [h], د [d], ذ [d], ر [r], ز [z], س [s], ش [š], ص [s], ض [d], ط [t], ظ [z], ع [‘], غ [g], ف [f], ق [q], ك [k], ل [l], م [m], ن [n], ه [h], و [u], ي [i], ء [’] және و, ي әріптері дауыссызбен қатар [ū] және [ī] болып дауысты дыбыстардың да қызметін атқарады.

Екі тілдегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарын салыстыра отырып, қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарға балама болатын араб тілі дауыссыз дыбыстарын анықтайық.

а) Араб тілінде баламасы бар қазіргі қазақ дауыссыз дыбыстары: Қазақ тіліндегі еріндік, ызың, ұяң дауыссыз б дыбысына араб тіліндегі еріндік (شفوي [šafaūii^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]) ب [b] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ب [b] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады, қазақ тіліндегі б дыбысы көрші тұрған дауысты дыбыстардың әсерінен жуан да, жіңішке де айтылады.

Жоғарыда араб тілі дауыссыз дыбыстары үннің қатысына қарай «үнді» (مجهور [madzhūr^{unn}]) және «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) деп екіге бөлінетінін, қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң және үнді деп үш топқа бөлінетінін және араб тілі дыбыстарын бұлай екіге бөлуде үннің мол және аз қатысымы есепке алынбайтынын, яғни айту кезінде дауыс желбезегі аз мөлшерде дірілдесе де, мол мөлшерде дірілдесе де, ондай дыбыстарды «үнді» (مجهور [madzhūr^{unn}]) дыбыстар, ал айту кезінде үннің мүлдем қатысы болмаса, яғни дауыс желбезегі мүлдем дірілдемесе ондай дыбыстар «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дыбыстар болатынын, сондай-ақ қазақ тіліндегі үнді және ұяң дыбыстарға араб тіліндегі «үнді» (مجهور [madzhūr^{unn}]) дыбыстар, қатаң дыбыстарға араб тіліндегі «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дыбыстар толық сәйкес келетінін айтқан болатынбыз.

Еріндік, мұрын жолды, тоғысыңқы-өтпелі, үнді *m* дыбысына араб тіліндегі еріндік (شفوي [šafaūiī^{unn}]), мұрын жолды (أنفي [ʾanfīi^{unn}]), аралық (متوسطة [mutaūassiṭa^{unn}]), үнді (مجهور [madzhūr^{unn}]) *m* [m] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі *m* [m] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады, қазақ тіліндегі *m* дыбысы көрші тұрған дауысты дыбыстардың әсерінен жуан да, жіңішке де айтылады;

Еріндік, ауыз жолды, ызың, үнді, жартылай дауысты *y* дыбысына араб тіліндегі еріндік (شفوي [šafaūiī^{unn}]), ауыз жолды, ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнді (مجهور [madzhūr^{unn}]), жартылай дауысты (شبه حركة [šibhu ḥaraka^{ti}]) *y* [y] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі *y* [y] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады;

Еріндік-тіс, ызың, қатаң *φ* дыбысына араб тіліндегі еріндік-тіс (شفوي أسناني [ʾasnāniīun šafaūiī^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) *f* [f] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі *f* [f] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады;

Тіл ұшы, шұғыл, қатаң, жіңішке *m* дыбысына араб тіліндегі қызыл иек алды (لثوي أمامي [liṭaūiīun ʾamāmiī^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]), «мунфатих» (منفتح [munfatih^{unn}]) *t* [t] дыбысы сәйкес келеді. Ал жуан *m* дыбысына қызыл иек алды (لثوي أمامي [liṭaūiīun ʾamāmiī^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустағли» (مستعل [mustaʿli^{unn}]), «мутбак» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) *ṭ* [ṭ] дыбысы сәйкес келеді;

Тіл ұшы, шұғыл, ұяң *ð* дыбысына араб тіліндегі қызыл иек алды (لثوي أمامي [liṭaūiīun ʾamāmiī^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнді (مجهور [madzhūr^{unn}]) *d* [d] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі *d* [d] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады;

Тіл ұшы, тоғысыңқы-өтпелі, үнді, мұрын жолды *n* дыбысына араб тіліндегі қызыл иек арты (لثوي خلفي [liṭaūiīun ḥalfiī^{unn}]), аралық (متوسطة [mutaūassiṭa^{unn}]), үнді (مجهور [madzhūr^{unn}]), мұрын жолды (أنفي [ʾanfīi^{unn}]) *n* [n] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі *n* [n] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады;

Тіл ұшы, тоғысыңқы-өтпелі, үнді, жанама *l* дыбысына араб тіліндегі қызыл иек арты (لثوي خلفي [liṭaūiīun ḥalfiī^{unn}]), аралық (متوسطة [mutaūassiṭa^{unn}]), үнді

(مجهور [madʒhūr^{unn}]), жанама (جانبي [dʒānibiī^{unn}]) ل [l] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ل [l] дыбысы الله [allāh^u] сөзінде ғана ل [l] дыбысының алдындағы (дауыссыз дыбыс فضل الله [faḍlu-l-lāhⁱ] сөзіндегідей) фатхалы және (الرزق من الله [ar-rizqu mina-l-lāhⁱ] сөзіндегідей) даммалы болған жағдайда ғана тіл арты таңдайға қарай көтеріліп жуан айтылады. Ал الله [allāh^u] сөзінде ل [l] дыбысының алдындағы дауыссыз дыбыс (بِالله [bi-l-lāhⁱ] сөзіндегідей) кәсралы болса және басқа жағдайлардың барлығында жіңішке айтылады [59, 119 б.].

Тіл ұшы, тоғысыңқы-өтпелі, үнді, діріл p дыбысына араб тіліндегі қызыл иек арты (لثوي خلفي [liṭauiiun ḥalfii^{unn}]), аралық (متوسطة [mutaṭassita^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]), діріл (مكرر [mukarrar^{unn}]) ر [r] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ر [r] дыбысы (رَبُّ [rabb^{unn}] және رُوْحُ [rūḥ^{unn}] сөздеріндегідей) фатхалы немесе даммалы болса және сукунді болып, алдыңғы дауыссызы (بَرْدٌ [bard^{unn}] және قُرْطٌ [qurṭ^{unn}] сөздеріндегідей) фатхалы немесе даммалы болса тіл арты таңдайға қарай көтеріліп жуан айтылады. Ал егер (رسالة [risālat^{unn}] сөзіндегідей) кәсралы болса және сукунді болып алдыңғы дауыссызы (فِرْعَوْنُ [fir‘aun^u] сөзіндегідей) кәсралы болса жіңішке айтылады [59, 118 б.];

Тіл алды, ызың, қатаң, жіңішке c дыбысына араб тіліндегі тіс (арты)-қызыл иек (أسناني لثوي [‘asnāniīun liṭauii^{unn}]), ызың (رخوة [raḥṭa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]), «мунфатих» (منفتح [munfatiḥ^{unn}]) س [s] дыбысы сәйкес келеді, ал тіл алды, ызың, қатаң, жуан c дыбысына араб тіліндегі тіс (арты)-қызыл иек (أسناني لثوي [‘asnāniīun liṭauii^{unn}]), ызың (رخوة [raḥṭa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]), «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) ص [ṣ] дыбысы сәйкес келеді;

Тіл алды, ызың, ұяң z дыбысына араб тіліндегі тіс (арты)-қызыл иек (أسناني لثوي [‘asnāniīun liṭauii^{unn}]), ызың (رخوة [raḥṭa^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]) ز [z] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ز [z] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан жіңішке айтылады;

Тіл ортасы, ызың, қатаң, жайылыңқы ш дыбысына араб тіліндегі таңдай ортасы (غاري [gāriī^{unn}]), ызың (رخوة [raḥṭa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), жайылыңқы (تَفَشُّ [tafaššⁱ]) ش [š] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ش [š] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан жіңішке айтылады;

Тіл ортасы, ызың, үнді й дыбысына араб тіліндегі таңдай ортасы (غاري [gāriī^{unn}]), ызың (رخوة [raḥṭa^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]) ي [i] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ي [i] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады;

Тіл ортасы, шұғыл, қатаң k дыбысына араб тіліндегі таңдай арты (طبعي [ṭabaqiī^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ك [k] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ك [k] дыбысы «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады. Ал қазақ тіліндегі k дыбысы қазақтың (кәсіп, күн секілді) төл сөздері мен шығыс тілдерінен келген (кәрім, кәміл секілді) сөздерде үнемі жіңішке айтылса, орыс тілінен келген (кабель, касса секілді) сөздерде жуан да айтыла береді;

Тілшік, шұғыл, қатаң *қ* дыбысына араб тіліндегі тілшік (لهوي [laħaʔiːi^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ق [q] дыбысы сәйкес келеді. Бұл дыбыс екі тілде де үнемі жуан айтылады. Араб тілінде бұл дыбыстың «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) аталуы да сондықтан;

Тіл түбі, ызың, қатаң *х* дыбысына араб тіліндегі көмей үсті (أدنى حلقي [‘adnā ħalqii^{unn}]), ызың (رخوة [raħʊa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) خ [ħ] дыбысы сәйкес келеді. Бұл дыбыс екі тілде де үнемі жуан айтылады. Араб тілінде бұл дыбыстың «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) аталуы да сондықтан;

Тіл түбі, ызың, ұяң *г* дыбысына араб тіліндегі көмей үсті (أدنى حلقي [‘adnā ħalqii^{unn}]), ызың (رخوة [raħʊa^{unn}]), үнді (مجهور [maǰhūr^{unn}]) غ [g] дыбысы сәйкес келеді. Бұл дыбыс екі тілде де үнемі жуан айтылады. Араб тілінде бұл дыбыстың «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) аталуы да сондықтан;

Көмейлік, ызың, қатаң *h* дыбысына араб тіліндегі желбезектік (حنجري [ħandzariːi^{unn}]), ызың (رخوة [raħʊa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ە [h] дыбысы сәйкес келеді. Екеуінің айырмашылығы араб тіліндегі ە [h] дыбысы «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{unn}]) дыбыс болғандықтан үнемі жіңішке айтылады.

Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз фонема буын ішіндегі дауыстының ыңғайына қарай жуан болып та, жіңішке болып та кездесе береді. Демек, қазақ тілінде жуан-жіңішкелікке дауысты дыбыс ұйытқы болады. Мысалы, *сан, сат* – жуан сөздер, *сән, сәт* – жіңішке сөздер. Жуан сөздердегі (*сан, сат*) *с, н, т* фонемаларының жуан болуы сол сөздердегі жуан фонема *а*-мен байланысты да, жіңішке сөздердегі (*сән, сәт*) *с, н, т* фонемаларының жіңішке болуы сол сөздердегі жіңішке фонема *ә*-мен байланысты. Сондықтан сөз мағынасына дауыссыз фонеманың жуанды-жіңішкелігінен гөрі дауысты фонеманың жуанды-жіңішкелігінің ықпалы (*қ – к, г – г*-ларды қоспағанда) әлдеқайда күшті [39, 377 б.]. Ал араб тілінде, керісінше, жуан-жіңішкелікке дауыссыз дыбыс ұйытқы болады.

ә) Араб әдеби тілінде баламасы жоқ қазақ тілі дауыссыз дыбыстары және оларға ең жақын келетін араб тілі дауыссыз дыбыстары: Қазақ тіліндегі еріндік, шұғыл, қатаң *п* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріндік (شفوي [šafaʔiːi^{unn}]), ызың (رخوة [raħʊa^{unn}]), үнді (مجهور [maǰhūr^{unn}]) ب [b] дыбысы.

Еріндік-тіс, ызың, ұяң *в* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріндік-тіс (شفوي أسناني [‘asnāniːiːun šafaʔiːi^{unn}]), ызың (رخوة [raħʊa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ف [f] дыбысы.

Тіл алды, африкат, қатаң *ц* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбыс африкат дыбыс болғандықтан оған араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс қызыл иек алды (لثوي أمامي [liṯaʔiːiːun ‘amāmiːi^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{unn}]), «мунфатих» (منفتحٍ [munfatih^{unn}]) ت [t] дыбысы мен тіс (арты)-қызыл иек (أسناني لثوي [‘asnāniːiːun liṯaʔiːiːi^{unn}]), ызың (رخوة [raħʊa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{unn}]), «мунфатих» (منفتحٍ [munfatih^{unn}]) س [s] дыбысының қосындысынан құралған жасанды تس [ts] дыбысы.

Тіл ортасы, ызың, ұяң, жайылыңқы *ж* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс таңдай ортасы (غاري [gārii^{unn}]), африкат (مركب [murakkab^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]) ج [dʒ] дыбысы.

Тіл ортасы, африкат, қатаң *ч* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбыс африкат дыбыс болғандықтан оған араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс қызыл иек алды (لثوي أمامي [liṭūiijun 'amāmiij^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]), «мунфатих» (منفتح [munfatiḥ^{unn}]) ت [t] дыбысы мен таңдай ортасы (غاري [gārii^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]), жайылыңқы (تَفَشَّ [tafaššiⁿⁿ]) ش [š] дыбысының қосындысынан құралған жасанды تش [tš] дыбысы.

Тіл ортасы, ызың, ұяң *г* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс таңдай арты (طبعي [ṭabaqii^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ك [k] дыбысы.

Тіл арты, тоғысыңқы-өтпелі, үнді, мұрын жолды *ң* дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс қызыл иек арты (لثوي خلفي [liṭūiijun ḥalfiij^{unn}]), аралық (متوسطة [mutaṭassita^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]), мұрын жолды (أنفي [ʿanfii^{unn}]) ن [n] дыбысы.

б) Қазақ тілінде баламасы жоқ араб тілі дауыссыз дыбыстары және оларға ең жақын келетін қазақ тілі дауыссыз дыбыстары: Араб тіліндегі желбезектік (حجري [ḥandʒariij^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) һамза (ء [ʿ]) дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс шұғыл айтылған кездегі жіңішке дауысты *ә, и, у* дыбыстары;

Араб тіліндегі тіс (أسناني [ʿasnāniij^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ث [t] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл алды, ызың, қатаң, жіңішке *с* дыбысы;

Араб тіліндегі тіс (أسناني [ʿasnāniij^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]), «мунфатих» (منفتح [munfatiḥ^{unn}]) ذ [d] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл алды, ызың, ұяң, жіңішке *з* дыбысы;

Араб тіліндегі тіс (أسناني [ʿasnāniij^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]), «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) ظ [z] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл алды, ызың, ұяң, жуан *з* дыбысы;

Араб тіліндегі қызыл иек алды (لثوي أمامي [liṭūiijun 'amāmiij^{unn}]), шұғыл (شديد [šadīd^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]), «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{unn}]) ض [d] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл ұшы, шұғыл, ұяң, жуан *д* дыбысы;

Араб тіліндегі таңдай ортасы (غاري [gārii^{unn}]), африкат (مركب [murakkab^{unn}]), үнді (مجهور [madʒhūr^{unn}]) ج [dʒ] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл ортасы, ызың, ұяң, жайылыңқы *ж* дыбысы;

Араб тіліндегі көмейлік (حلقى [ḥalqijī^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнді (مجهور [madžhūr^{unn}]) ع [‘] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл түбі, ызың, ұяң & дыбысы;

Араб тіліндегі көмейлік (حلقى [ḥalqijī^{unn}]), ызың (رخوة [raḥūa^{unn}]), үнсіз (مهموس [mahmūs^{unn}]) ح [h] дыбысына сәйкес келетін дыбыс қазақ тілінде жоқ. Бұл дыбысқа қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл түбі, ызың, қатаң x дыбысы;

1.3 Араб және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыстар

1.3.1.1 Араб тіліндегі дауысты дыбыстар жөнінде алғашқы зерттеулер.

Орта ғасырлық араб ғалымдары дауысты дыбыстардың жасалуында дауыссыз дыбыстарға қарағанда өздеріне тән ерекшеліктері бар екенін анықтаған. Солардың бірі бұл дыбыстарды (дауысты дыбыстарды) айту кезіндегі дыбыстау мүшелерінің қалпы деуге болады. Әл-Халил ибн Ахмад: «Әлиф лин (الألف اللينة [al-’alifu-l-līna^{unn}]), уау (الواو [al-uāu^{unn}]) және йа (الياء [al-īā’^{unn}]) ауалық дыбыстар» [26, 64 б.], – десе, Сибауәйһи: «Бұл дыбыстар «үнсіз» (مهموس [mahmūs^{unn}]) дыбыстарға жатпайды. Бұлар «жұмсақ» (لين [līn^{unn}]) және «созылыңқы» (مد [madd^{unn}]) дыбыстар және жасалу орындарындағы іштен шыққан ауа өтетін жолдардың кең болуымен ерекшеленеді. Бұл дыбыстарды айту кезінде ерін, тіл, көмей, т.б. дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуыспайды» [38, 176 б.], – дейді.

Орта ғасырлық араб ғалымдары осындай ерекшеліктерін негізге алып, дыбыстарды «дауыссыз» (صوامت [ṣauāmīt^{unn}]) және «дауысты» (صوائت [ṣauā’it^{unn}]) дыбыстар деп екіге бөліп қарастырған. Әл-Әндроби: «Дауысты дыбыстар үшеу. Олар: алдыңғы дыбыс кәсралы болып келген ي [ī] дыбысы, алдыңғы дыбыс даммалы болып келген و [ū] дыбысы және ا [ā] дыбысы. Соңғы дыбыстың (ا [ā]) алдында келетін дауыссыз дыбыс әрдайым фатхалы болып келеді. Бұл дыбыстар жұмсақ әрі созылыңқы айтылатындықтан «созылыңқы» (مد [madd^{unn}]) немесе «жұмсақ» (لين [līn^{unn}]) дыбыстар деп аталған» [82, 74 б.], – дейді.

Орта ғасырлық ғалымдардың қарақаттар мен созылыңқы дауысты дыбыстар жөніндегі пікірлері ол дыбыстардың табиғаты бір екендігін білдіреді. Ибн Жинни: «Харақаттар – жұмсақ әрі созылыңқы дауысты ا [ā], و [ū], ي [ī] дыбыстарының бөліктері. Созылыңқы дыбыстар секілді харақаттар да үшеу. Олар (харақаттар): фатха, кәсра және дамма. Фатха әлифтің (ا [ā]) бір бөлігі, дамма уаудың (و [ū]) бір бөлігі, кәсра йайдың (ي [ī]) бір бөлігі. Алғашқы кездегі грамматист ғалымдар фатханы кіші әлиф, кәсраны кіші йай, дамманьы кіші уау деп дұрыс атайтын болған» [31, 19 б.; 90, 310 б.] деп, Сибауәйһидің «фатха (فتحة [fathā^{unn}]) әлифтен, кәсра (كسرة [kasra^{unn}]) йайдан, дамма (ضمة [ḍamma^{unn}]) уаудан» [38, 242 б.] деген сөздеріне түсініктеме беріп, мағынасын аша түскен.

Әл-Журжани: «Харақаттар дауысты дыбыстардың құрамына енеді. Сондықтан дауыстылар қысқа дауыстылар және созылыңқы дауыстылар деп екіге бөлінеді. Қысқа дауыстылар – харақаттар, созылыңқы дауыстылар – ا [ā], و [ū], ي [ī] дыбыстары» [91, 275 б.], – деген.

Орта ғасырлық ғалымдар و, ي, ا дыбыстарының жасалу орындарын белгілеуде негізгі екі бағытты ұстанды. Біріншісі бағытты ұстанған ғалымдар

бұл дыбыстардың дауысты (ا [ā], و [ū], ي [ī]) және дауыссыз (و [u], ي [i]) түрлерін ажыратып көрсетпеді және олар (бұл дыбыстардың) жасалу орындарын белгілеуде екі мектеп қалыптастырды деуге болады.

Біріншісі, әл-Халил ибн Ахмад мектебі. Ол бұл дыбыстарды (ауыз не көмей) қуысы арқылы жасалатын «həуаи» (هوائی [haʔā'ii^{unn}]), яғни ауалық дыбыстар деп санаған. Ол: «Араб тілінде жиырма тоғыз дыбыс бар. Олардың жиырма бесі жасалу орындары белгілі «сихах» (صاح [šihāh^{unn}]), яғни «дұрыс» дыбыстар. Төртеуі «жуф» (جوف [dʒūf^{unn}]), яғни қуыс дыбыстары. Олар: واو [uāu^{unn}], ياء [iā^{unn}], ألف لينة [ʔalifun līna^{unn}] және همزة [hamza^{unn}]. Бұлардың «қуыс» (جوف [dʒūf^{unn}]) дыбыстары деп аталу себебі, (іштен шыққан ауа) тілге де, көмейге де, тілшікке де соқтығыспай (көмей және ауыз) қуысында жасалады. Яғни бұл дыбыстар жасалу орындары нақты емес (көмей және ауыз) қуысында жасалатын ауалық (هوائی [haʔā'ii^{unn}]) дыбыстар» [26, 57 б.], – дейді. (Бұл жердегі ауалық (هوائی [haʔā'ii^{unn}]) дегені іштен шыққан ауамен бірге шығады дегенді білдіреді). Әл-Халилдің һамза дыбысын ауалық (هوائی [haʔā'ii^{unn}]) дыбыстарға жатқызуы ғалымдар арасында түсінбеушілік тудырғаны рас. Ол «әл-Айн» кітабының кіріспе бөлімінде дыбыстарға классификация жасаудан бұрын кейбір дыбыстардың жасалу орнына тоқтала кеткен. Онда: «Һамза көмейдің төменгі бөлігінен жасалатын дауыссыз дыбыс. Өзге дауыссыздардан айырмашылығы, егер оны жеңілдетіп айтса жұмсарып ي [i], و [u], ا [ā] дыбыстарына айналады» [26, 52 б.], – деген болатын. Бұл мәтіннен һамза дыбысы жөнінде дұрыс түсінік аламыз, яғни егер оны дауыссыз дыбыс ретінде дыбыстасақ көмейлік (желбезектік), жеңіл дыбыстасақ ауалық (هوائی [haʔā'ii^{unn}]) болып табылады.

Екіншісі, Сибәуәйһи мектебі. Ол: «әлиф (ألف [ʔalif]) – һамза (ء [ʔ]) және һа (ه [h]) дыбыстарымен бірге көмейдің ең төменгі жағынан жасалады, йа (ياء [iāʔ]) – жим (ج [dʒ]) және шин (ش [š]) дыбыстарымен бірге тіл ортасынан жасалады, ал, уау (واو [uāu^{unn}]) – ба (ب [b]) және мим (م [m]) дыбыстарымен бірге еріннен жасалады» [38, 176 б.], – деп әлиф (ألف [ʔalif]), йа (ياء [iāʔ]), уау (واو [uāu^{unn}]) дыбыстарының әрқайсысына тән жасалу орындарын белгілеп көрсетеді. Сонымен қатар ол: «Бұл дыбыстарды айтқанда іштен шыққан (фонациялық) ауаның соңғы легі һамза (ء [ʔ]) дыбысының жасалу орнында үзіліп біткенге дейін ерін, тіл, көмей секілді дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуыспай кең қалпында тұрады» [38, 335 б.], – деп бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелерінің арасы біріне-бірі жуыспай кең тұратынын айтқан.

Екінші бағыттағылар бұл дыбыстардың дауысты (ا [ā], و [ū], ي [ī]) түрлері мен дауыссыз (و [u], ي [i]) түрлерін ажыратып көрсетті, яғни бұл бағыттағы ғұламалардың (ибн Сина және т.б. тәжуид ғалымдары) пікірі қазіргі заманғы фонетист ғалымдардың пікірлерімен сәйкес келеді деуге болады. Солардың бірі Мухаммад ибн Махмуд әс-Самарқанди (780 h.ж. қайтыс болған): ««Әлиф (ألف [ʔalif^{unn}]), уау (واو [uāu^{unn}]) және йа (ياء [iāʔ^{unn}]) дыбыстары сукунді болып алдыңғы дыбыстар осы дыбыстардың әрқайсысына сәйкес келетін қаракаттарды алған жағдайда олар «жәуфия» (جوفية [dʒaʔfiija^{unn}]), яғни «қуыстық» немесе «həуаи» (هوائی [haʔā'ii^{unn}]), яғни «ауалық» деп аталған. Өйткені бұл дыбыстардың белгілі бір жасалу орнында емес ауыз қуысында жасалады» делініп жүр». Дұрысы:

Әлиф (الف [ʾalif^{unn}]) көмейдегі ауадан;

Алдыңғы дыбысы кәсралы болып келген сукунді йа (ياء [iā^{unn}]) ауыз ортасындағы ауа арқылы жасалады;

Алдыңғы дыбысы даммалы болып келген сукунді уау (واو [uāu^{unn}]) екі ерін арасындағы ауа арқылы жасалады;

Харакатты йа (ياء [iā^{unn}]) және алдыңғы дыбысы фатхалы болып келген сукунді йа (ياء [iā^{unn}]) таңдай дыбысы;

Харакатты уау (واو [uāu^{unn}]) және алдыңғы дыбысы фатхалы болып келген сукунді уау (واو [uāu^{unn}]) еріндік дыбыс болып табылады» [85, 65-66 б.], – деген. Әл-Марғаши дауысты و [ū], ي [ī] дыбыстарының жасалу орындары дауыссыз و [u], ي [i] дыбыстарының жасалу орындарынан жасалады, алайда дауыстыларының жасалу орындары дауыссыздарының жасалу орындарына қарағанда кеңірек деген пікірде болды [74, 135 б.]. Бұл бағыттағы ғалымдардың пікірі дауысты дыбыстардың жасалу орындарын белгілеуде қазіргі кездегі ғалымдардың пікіріне өте жақын деуге болады.

1.3.1.2 Араб тілі дауысты дыбыстарының жасалу орындары мен сипаттары. Дауысты дыбыстардың жасалу орнын анықтау көптеген ғалымдарға қиындық туғызғаны белгілі. Әйгілі ғалым ибн Сина өз еңбегінде: «Мына үш дыбыстың мәселесі маған оңай тимеді» [92, 43 б.], – деп, ا [ā], و [ū], ي [ī] дыбыстарының жасалу орнын анықтауда қиындыққа тап болғанын айтады. Шығыстанушы неміс ғалымы Баргештрассир: «Дауысты дыбыстардың да дауыссыз дыбыстар тәрізді жасалу орындары болады. Алайда оларды анықтау қиынның қиыны» [93, 62 б.], – деген.

Дауысты дыбыстарды зерттеп, оларды сипаттауда батыс фонетист ғалымдары да аянбай еңбек етті. Аянбай еңбек етудің нәтижесінде ағылшын ғалымы Даниел Джонс (Daniel Jones) жалпы тілдердегі дауысты дыбыстарды нақты сипаттау үшін дауысты дыбыстардың арнайы жасалым пішіндемесін жасады. Оны ағылшын тілінде «Cardinal Vowels» деп атады [94, 18 б.; 95, 31 б.]. Бұл пішіндемені жасау кезінде Даниел Джонс тілдің алға және артқа жылжуы, жоғары көтерілген кездегі және төмен түскен кездегі тіл ортасы мен артының таңдайға байланысты орналасу қалпы (қашықтығы), сондай-ақ, дыбысты айту кездегі ерін қалпына (езудің тартылуы, еріннің сүйірленуі және қалыпты формада болуы) назар аударды. Араб ғалымдары да Даниел Джонс жасаған пішіндемедегі дауысты дыбыстарды араб әдеби тілімен бірге диалектілеріндегі дауысты дыбыстармен салыстырды.

Оның зерттеулері бойынша, егер тіл алға қарай жылжып, ортасы қатты таңдайға қарай – екеуінің арасынан ауа үйкелмей өтетіндей дәрежеде – барынша көтерілсе және ерін (езу) барынша тартылса 1-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (i) белгісімен, созылыңқы түрін (ī) белгісімен белгілеген [55, 147 б.]. Ғалым Қадури: «Бұл дыбыстың қысқа түрі араб тіліндегі زِنْ [zin] сөзіндегі кәсра (- [i]) харакатына, созылыңқы түрі كَرِيمٌ [karīm^{unn}] сөзіндегі созылыңқы ي [ī] дыбысына ұқсайды» [34, 142 б.], – дейді.

Егер тіл алдыңғы қалыптағы жағдайдан аз мөлшерде артқа қарай жылжып, ортасы да алдыңғы қалыптағы көтерілу қалпынан аздап төмендесе және еріннің

де (езудің де) тартылу дәрежесі аздап азайса 2-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (e) белгісімен, созылыңқы түрін (ē) белгісімен белгілеген [55, 149 б.]. Ғалым Қадури: «Бұл дыбыстың қысқа түрі فَكْ رِقَابَةٌ [fakku raqabe^h] сөзіндегі «күшейтілген фатха мумәла» (الفتحة الممالة إمالة شديدة) [al-fathatu-l-mumālatu 'imālatan šadīda^{tan}] дыбысына, созылыңқы түрі مَجْرَاهَا [madžrēhā] сөзіндегі «күшейтілген әлиф мумәла» (ألف الممالة إمالة شديدة) [ʾalifu-l-mumālatu 'imālatan šadīda^{tan}] дыбысына ұқсайды» [34, 142 б.], – дейді.

Егер тіл алдыңғы қалыптағы екі жағдайға қарағанда тағы да аз мөлшерде артқа қарай жылжып, ортасы да алдыңғы қалыптағы көтерілу қалпынан аздап төмендесе және еріннің де (езудің де) тартылу дәрежесі аздап азайса 3-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (ɛ) белгісімен, созылыңқы түрін (ē) белгісімен белгілеген [55, 149 б.]. Ғалым Қадури: «Бұл дыбыстың қысқа түрі فَكْ رِقَابَةٌ [fakku raqabe^h] [55, 149 б.], араб диалектілерінде кең тараған بَيْتٌ [beit] [34, 143 б.] сөзіндегі «күшейтілген фатха мумәла» (الفتحة الممالة إمالة شديدة) [al-fathatu-l-mumālatu 'imālatan šadīda^{tan}] дыбысына, созылыңқы түрі مَجْرَاهَا [madžrēhā] сөзіндегі «жеңілдетілген әлиф мумәла» (ألف الممالة إمالة شديدة) [ʾalifu-l-mumālatu 'imālatan šadīda^{tan}] дыбысына ұқсайды [34, 142 б.], – дейді.

Құран қырағаты (оқылымы) іліміндегі «имәла» (إمالة [ʾimāla^{tan}]) термині созылыңқы ʾ [ā] дыбысын созылыңқы ي [ī] мен созылыңқы ʾ [ā] дыбыстарының арасында дыбыстау және фатха (- [a]) харакатын кәсра (- [i]) мен фатха (- [a]) харакаты дыбыстарының арасында дыбыстау болып табылады. Әйгілі он қаридің ішінде имәламен (إمالة [ʾimāla^{tan}]) оқығандар Хамза (156 h.ж. қайтыс болған), әл-Кисаи (189 h.ж. қайтыс болған), Халаф (229 h.ж. қайтыс болған) болды. Жалпылама алғанда Құранды имәламен (إمالة [ʾimāla^{tan}]) оқу хижра жыл санауы бойынша 2-ғасырда Ирақ жерінде кеңінен тарады [96, 61 б.].

Егер тіл алдыңғы қалыптағы жағдайда болып, ортасы барынша төмендесе және еріннің (езудің) тартылу дәрежесі азайып қалыпты жағдайда болса, 4-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (a) белгісімен, созылыңқы түрін (ā) белгісімен белгілеген [55, 149 б.]. Бұл дыбыстың қысқа түрі араб тіліндегі حَسَنٌ [ḥasan^{un}] сөзіндегі жіңішке фатха (- [a]) харакатына, созылыңқы түрі دَعَا [daʿā] сөзіндегі созылыңқы жіңішке ʾ [ā] дыбысына ұқсайды [34, 142 б.].

Бұл төрт дыбысты айту кезінде тіл алға қарай жылжитындықтан және тіл ортасының таңдайға қарай көтерілетін жері тілдің алдыңғы жағына жақын болғандықтан бұл дыбыстар Front Vowels, яғни (тіл) алды дауысты дыбыстары деп аталады.

Осы дыбыстарды айту кезінде тіл жоғары көтерілген сайын тіл мен таңдай арасы жақындай түсетіні мәлім. Тіл таңдайға 1-нөмірлі стандарт дыбысты айту кезінде ең жақын орналасатындықтан, бұл дыбыс Close Vowels, яғни қысаң дауысты дыбыс деп аталады. Ал, тіл төмен түскен сайын тіл мен таңдай арасы алшақтай түсетіні мәлім. Тіл таңдайдан 4-нөмірлі стандарт дыбысты айту кезінде ең қашық орналасатындықтан, бұл дыбыс Open Vowels, яғни ашық дауысты дыбыс деп аталады. Демек, 1-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл алды,

қысаң, езулік дауысты дыбыс, 4-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл алды, ашық, езулік дауысты дыбыс, ал осы екі стандарт дыбыстың аралығындағы дыбыстар аралық дауысты дыбыстар, яғни 2-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл алды, жартылай қысаң, езулік, 3-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл алды, жартылай ашық, езулік дауысты дыбыс болады [55, 149-150 б.].

Егер тіл 4-нөмірлі стандарт дыбысты айту кезіндегі қалпында артқа қарай жылжып, тілдің таңдайға жуықтау нүктесі тіл арты мен жұмсақ таңдай арасында болса және еріннің қалпы 4-нөмірлі стандарт дыбысты айту кезіндегі қалыпты сақтаса 5-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады [55, 150 б.]. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (ɑ) белгісімен, созылыңқы түрін (ɑ̄) белгісімен белгілеген. Бұл дыбыстың қысқа түрі араб тіліндегі طَلَب [ṭalaba] сөзіндегі жуан фатха (- [ɑ]) харакатына, созылыңқы түрі طَالِبٌ [ṭālib^{un}] сөзіндегі созылыңқы ٓ [ɑ̄] дыбысына ұқсайды [34, 142 б.].

Тіл 5-нөмірлі стандарт дыбысты айту кездегі қалпынан аздап артқа жылжып, арты да аздап жоғары көтерілсе және ерін (5-нөмірлі стандарт дыбысты айту кездегі қалпынан) аздап сүйірленсе, 6-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (ɔ) белгісімен, созылыңқы түрін (ɔ̄) белгісімен белгілеген [55, 150 б.]. Бұл дыбыстың қысқа түрі кейбір араб диалектілеріндегі жуан «дамма мумәла кәсран» (الضمة الممالة كسرا) [aḍ-ḍammatu-l-mumālātu kasraⁿ] дыбысына, созылыңқы түрі кейбір араб диалектілеріндегі حوك [ḥōka] сөзіндегі жуан «уау мумәла кәсран» (واو الممالة كسرا) [uāṭu-l-mumālāti kasraⁿ] дыбысына ұқсайды [34, 143 б.]. Ал, «дамма мумәла кәсран» (الضمة الممالة كسرا) [aḍ-ḍammatu-l-mumālātu kasraⁿ] және «уау мумәла кәсран» (واو الممالة كسرا) [uāṭu-l-mumālāti kasraⁿ] дегеніміз кейбір араб диалектілеріндегі дамма (ٓ [u]) харакатын кәсра (- [i]) харакатына және созылыңқы و [ū] дыбысын созылыңқы ي [ī] дыбысына жақындатып оқу [62, 403 б.].

Тіл 6-нөмірлі стандарт дыбысты айту кезіндегі қалпынан аздап артқа жылжып, арты да аздап жоғары көтерілсе және ерін (6-нөмірлі стандарт дыбысты айту кездегі қалпынан) аздап және сүйірленсе, 7-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (o) белгісімен, созылыңқы түрін (ō) белгісімен белгілеген [55, 150 б.]. Бұл дыбыстың қысқа түрі араб тіліндегі قُلٌ [qul] және حُدٌّ [ḥud] сөзіндегі дамма (ٓ [u]) харакатын кейбір араб диалектілеріндегідей жуандатып قُلٌ [qol] және حُدٌّ [ḥod] деп оқыған кездегі дыбысталуына жақын келсе, созылыңқы түрі кейбір араб диалектілерінде кездесетін التَّوْبُ [at-tōb] сөзіндегі созылыңқы жуан و [ō] дыбысына ұқсайды [34, 143 б.].

Тіл барынша артқа жылжып, арты тіл мен таңдай арасынан ауа үйкелмей өтетіндей дәрежеде барынша көтерілсе және ерін барынша сүйірленсе, 8-нөмірлі стандарт дыбыс жасалады. Халықаралық фонетика бірлестігі бұл дыбыстың қысқа түрін (u) белгісімен, созылыңқы түрін (ū) белгісімен белгілеген [55, 150 б.]. Бұл дыбыстың қысқа түрі араб тіліндегі يَكْتُوبُ [iaktubu] сөзіндегі дамма (ٓ [u]) харакатына жақын келсе, созылыңқы түрі يَدْعُوُ [iad'ū] сөзіндегі созылыңқы жуан و [ū] дыбысына ұқсайды [34, 142 б.].

Соңғы стандарт төрт дыбысты айтқанда тіл артқа жылжитындықтан, олар тіл арты дауысты дыбыстары деп аталады. 5-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл арты, ашық, езулік дауысты дыбыс, 8-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл арты, қысаң, еріндік дауысты дыбыс, 6-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл арты, жартылай ашық, еріндік дауысты дыбыс, 7-нөмірлі стандарт дыбыс – тіл арты, жартылай қысаң, еріндік дауысты дыбыс деп аталады [55, 150 б.].

Араб әдеби тіліндегі дауысты дыбыстар және олардың Даниел Джонс пішіндемесіндегі орны. Ғалым Қадури: «Араб әдеби тілі дауысты дыбыстардың саны жөнінен ең үнемді тілдердің бірі саналады. Бұл тілде дауысты дыбыстар негізінен үш қысқа дауысты: фатха (- [a]), кәсра (- [i]), дамма (- [u]) харакаттарының дыбыстарынан тұрады. Осы үш (қысқа) дауыстының созылыңқы ۱ [ā], ۲ [ī], ۳ [ū] түрлерін де есепке алсақ дауыстылардың саны алтау болады» [34, 136 б.], – дейді.

Араб фонетист ғалымдары араб әдеби тіліндегі дауысты дыбыстарды Даниел Джонс ұсынған пішіндемедегі стандарт дыбыстармен салыстырды. Ғалымдардың көпшілігі кәсра (- [i]) харакаты 1-нөмірлі стандарт дыбыстың қысқа (i) түріне, созылыңқы ۲ [ī] дыбысы 1-нөмірлі стандарт дыбыстың созылыңқы (ī) түріне, дамма (- [u]) харакаты 8-нөмірлі стандарт дыбыстың қысқа (u) түріне, созылыңқы ۳ [ū] дыбысы 8-нөмірлі стандарт дыбыстың созылыңқы (ū) түріне, «мустафил» (مستقل [mustafīl^{un}]) ء [ʾ], ب [b], ت [t], ث [t̪], ج [dʒ], ح [ħ], د [d], ذ [d̪], ر [r], ز [z], س [s], ش [š], ع [ʿ], ف [f], [k], ل [l], م [m], ن [n], ه [h], و [u], ي [i] дыбыстарынан кейінгі жіңішке фатха (- [a]) харакаты 4-нөмірлі стандарт дыбыстың қысқа (a) түріне, осы дыбыстардан кейінгі созылыңқы жіңішке ۱ [ā] дыбысы 4-нөмірлі стандарт дыбыстың созылыңқы (ā) түріне, «мустағли» (مستعلٍ [mustaʿlīⁿ]) ص [s], ض [d], ط [t], ظ [z], خ [ħ], غ [g], ق [q] дыбыстарынан кейінгі жуан фатха (- [a]) харакаты 5-нөмірлі стандарт дыбыстың қысқа (a) түріне, осы дыбыстардан кейінгі созылыңқы жуан ۱ [ā] дыбысы 5-нөмірлі стандарт дыбыстың созылыңқы (ā) түріне сәйкес келетінін айтқан. Бұл пікірді ғалым Қадури де қостай келе, Даниел Джонстың пішіндемесіне сүйене отырып, араб әдеби тіліндегі дауысты дыбыстардың жіктелім кестесін (6-кесте) жасап шығарды.

6-кесте – Қадури жасаған араб әдеби тіліндегі дауысты дыбыстардың жіктелімі:

واسع [uāsi ^{un}] кең		ضيق [daijiq ^{un}] тар		الصفات [aṣ-ṣifāt ^{un}] сипаттары		
حالة الشفتين [hālatu-ṣ-ṣafatajn ^{un}] еріннің қалпы	طويل [taūīl ^{un}] созылыңқы	قصير [qaṣīr ^{un}] қысқа	حالة الشفتين [hālatu-ṣ-ṣafatajn ^{un}] еріннің қалпы	طويل [taūīl ^{un}] созылыңқы	قصير [qaṣīr ^{un}] қысқа	المخارج [al-maḥāridʒ ^{un}] жасалу орындары
مفتوح [maftūh ^{un}] ашық	۱ [ā]	- [a]	منفرد [munfaridʒ ^{un}] керіліңкі	۲ [ī]	- [i]	أمامي [ʾamāmiḡ ^{un}] тіл алды
مفتوح [maftūh ^{un}] ашық	۱ [ā]	- [a]	مستدير [mustadīr ^{un}] сүйір	۳ [ū]	- [u]	خلفي [ḡalfiḡ ^{un}] тіл арты

Олай болса Қадуридің пікірінше қысқа дауысты дыбыстар:

Жіңішке әуезді фатха - [a] (فتحة مرققة [faḥatun muraqqaqa^{unn}]) – тіл мен таңдай арасының қатысына қарай кең (واسع [uāsi^{unn}]), еріннің қалпына қарай ашық (مفتوح [maftūḥ^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥ^{unn}]) дауысты дыбыс.

Жуан әуезді фатха - [a] (فتحة مفحمة [faḥatun mufahḥama^{unn}]) – тіл мен таңдай арасының қатысына қарай кең (واسع [uāsi^{unn}]), еріннің қалпына қарай ашық (مفتوح [maftūḥ^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḥalfiḥ^{unn}]) дауысты дыбыс.

Кәсра - [i] – тіл мен таңдай арасының қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiq^{unn}]), еріннің қалпына қарай керіліңкі (منفرج [munfaridḥ^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥ^{unn}]) дауысты дыбыс.

Дамма - [u] – тіл мен таңдай арасының қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiq^{unn}]), еріннің қалпына қарай сүйір (مستدير [mustadīr^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḥalfiḥ^{unn}]) дауысты дыбыс болып шығады.

Қадуридің араб тілі дауыстыларын тіл мен таңдай арасының қатысына қарай «кең» (واسع [uāsi^{unn}]), «тар» (ضيق [ḍaiḥiq^{unn}]) деп бөлуі қазақ ғалымдарының дауыстыларды жақтың қатысына қарай «ашық», «қысаң» деп бөлгенімен парапар деуге болады. Өйткені жақ ашылған сайын тіл мен таңдай арасы да кеңейетіні (ашылатыны), сондай-ақ, жақ қысылған сайын тіл мен таңдай арасы да тарылатыны (қысылатыны) белгілі [40, 19 б.]. Ғалымның еріннің қатысына қарай «керіліңкі» (منفرج [munfaridḥ^{unn}]), «ашық» (مفتوح [maftūḥ^{unn}]) деп бөлуі қазақ тіліндегі «езулік» дегенге, «сүйір» (مستدير [mustadīr^{unn}]) деп бөлуі қазақ тіліндегі «еріндік» дегенге сай келеді. Өйткені қазақ тіліндегі езулік дыбыстарды айтқанда еріннің керілетіні және ашылатыны, еріндік дыбыстарды айтқанда еріннің дөңгеленіп сүйірленетіні белгілі [40, 19 б.]. Ал жасалу орындарына қарай «тіл алды» (أمامي [ʾamāmiḥ^{unn}]), «тіл арты» (خلفي [ḥalfiḥ^{unn}]) деп бөлуі қазақ тіліндегі дәстүрлі, акцентті фонологиялық бағытты ұстанатын ғалымдардың дауысты дыбыстарды тілдің қатысына қарай «жуан» және «жіңішке» деп бөлгенімен, сингормониялық бағытты ұстанатын ғалымдардың дауысты дыбыстарды жасалу орындарына қарай «тіл ортасы» және «тіл арты» деп бөлгенімен мәндес деуге болады. Өйткені қазақ тіліндегі жуан дауыстыларды айтқанда тілдің артқа, жіңішке дауыстыларды айтқанда тілдің алға жылжитыны мәлім [40, 19 б.]. Сондай-ақ, тіл алға жылжығанымен оның таңдайға жақындайтын нүктесі тілдің дәл алды емес орта тұсы екенін Ә.Жүнісбек еңбектерінде дәлелдеген [43, 37 б.]. Араб ғалымы Мухаммад Хасан да жіңішке әуезді дыбыстарды айтқанда тіл алға қарай жылжып, таңдайға тілдің орта тұсы жақындайтынын айтқан [55, 149 б.].

Көптеген фонетист ғалымдар араб тіліндегі дауысты дыбыстар алдында тұрған дауыссыз дыбыстың түріне қарай әртүрлі дыбысталатынын, мысалы, «мутбақ» (مطبِق [muṭbaq^{unn}]) әрі «мустағли» (مستعلِي [mustaʿliⁿ]) ص [ṣ], ض [ḍ], ط [ṭ], ظ [ẓ] дыбыстарынан кейін «муфаххам» (مفخم [mufahḥam^{unn}]), яғни жуан, «мустағли» (مستعلِي [mustaʿliⁿ]) خ [ḫ], غ [ġ], ق [q] дыбыстарынан кейін «мутауассит эт-тафхим» (متوسط التفخيم [muṭaʿassitu-t-tafḥīmⁱ]), яғни орташа жуан, осы жеті дыбыстан өзге дыбыстардан кейін, яғни «мустафил» (مستفل [mustafil^{unn}]) дыбыстардан кейін «муракқак» (مرقق [muraqqaq^{unn}]), яғни жіңішке дыбысталатынын айтқан. Солардың бірі ғалым Кәмал Бишр: «Араб тіліндегі

дауысты дыбыстар көрші тұрған дауыссыз дыбыстардың әсерінен жуан не жіңішке әуезде естіледі. Мысалы, طَال [tāla] – قَال [qāla] – نَال [nāla] етістіктеріндегі созылықы ʾ [ā] дыбысының дыбысталуына назар аударсақ, ط [t] дыбысынан кейін жуан, ق [q] дыбысынан кейін орташа жуан, ن [n] дыбысынан кейін жіңішке әуезде естілетінін, осы етістіктердің ырықсыз طِيل [tīla] – قِيل [qīla] – نِيل [nīla] формаларындағы созылықы ي [ī] дыбысы ط [t] дыбысынан кейін жуан, ق [q] дыбысынан кейін орташа жуан, ن [n] дыбысынан кейін жіңішке әуезде естілетінін, сол сияқты طُن [ṭun], قُن [qun], دُم [dum] (طَال [tāla] – قَال [qāla] – دَام [dāma] етістіктерінің бұйрық райлары) сөздеріндегі дамма (ـ [u]) харакаты ط [t] дыбысынан кейін жуан, ق [q] дыбысынан кейін орташа жуан, د [d] дыбысынан кейін жіңішке әуезде естілетінін байқаймыз. Олай болса араб тілінде созылыққа дауысты ʾ [ā], ي [ī], و [ū] дыбыстарының әрқайсысының жуан, орташа жуан, жіңішке әуезді үш түрі, барлығы тоғыз; қысқа дауысты фатха (- [a]), кәсра (- [i]), дамма (ـ [u]) харакаттарының әрқайсысының жуан, орташа жуан, жіңішке әуезді үш түрі, барлығы тоғыз; яғни созылықты дауыстылардан тоғыз әуезді дыбыс, қысқа дауыстылардан тоғыз әуезді дыбыс, барлығы он сегіз дауысты дыбыс бар» [79, 192-195 б.], – дейді.

Екінші бір еңбегінде Кәмал Бишр: «Араб әдеби тілінде дауысты дыбыстар негізінен үшеу. Олар: фатха (- [a]), кәсра (- [i]), дамма (ـ [u]) харакаттары. Бұлардың әрқайсысының созылықы ʾ [ā], ي [ī], و [ū] түрлерін де есептесек араб әдеби тілінде барлығы алты дауысты дыбыс бар. Алайда сөйлеу кезінде көрші тұрған дауыссыз дыбыстардың әсерінен бұл алты дауысты дыбыс әртүрлі әуезде естілетінін де жоққа шығармаймыз. Мысалы, دَلَّ [dalla], ضَلَّ [ḍalla], قَلَّ [qalla] сөздерінде фатха (- [a]) харакаты жіңішке, жуан және орта әуезді болып естіледі. Олай болу себебі бірінше сөзде «мустафил» (مستفل [mustafil^{un}]) د [d] дыбысының, екінші сөзде «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{un}]) әрі «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ض [ḍ] дыбысының, үшінші сөзде «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ق [q] дыбысының болуынан. Алайда бұл сөздердегі фатха (- [a]) харакатының үш түрлі әуездегі естілімі сөздің мағынасына әсер ете алмайды, яғни олардың сөз мағынасын ажырататын жеке-жеке фонематикалық қасиеті жоқ болғандықтан оларды бір-ақ фонема деп қарастырғанымыз жөн. Демек, бұл үш сөздің мағынасын ажыратып тұрған фатха (- [a]) харакатының жіңішке, жуан және орташа жуан болып үш түрлі әуездегі естілімі емес, дауыссыз د [d], ض [ḍ] және ق [q] дыбыстары. Бұдан түйетініміз араб әдеби тіліндегі мағынаға әсер ететін дауысты дыбыстар қысқалары мен созылықтарын қоса алғанда барлығы алтау болады» [97, 78-79 б.], – дейді.

Біз бұл мәселеде Кәмал Бишрдің пікіріне қосыламыз, яғни араб әдеби тілінде үш қысқа дауысты фатха (- [a]), кәсра (- [i]), дамма (ـ [u]) харакаттары, үш созылықты дауысты ʾ [ā], ي [ī], و [ū] дыбыстары, барлығы алты дауысты дыбыс бар. Ал, көрші дауыссыз дыбыстардың әсерінен әртүрлі әуездегі естілімдерінің сөз мағынасын ажырататын фонематикалық қасиеті болмайтындықтан, оларды жеке-жеке фонема ретінде қарамай, бір ғана фонема ретінде қарастырамыз. Алайда, қазақ тілі дауысты дыбыстарымен салғастыру жұмыстарында, қажеттілік туындаған жағдайда, бұл дыбыстардың аллофондарына да тоқталатын боламыз.

1.3.2 Қазақ тілі дауысты дыбыстарының жасалу орындары мен сипаттары. С.Мырзабеков қазіргі тілімізде он бір, он екі дауысты бар деушілер шындыққа жақын тұрғанын айтады. Бұлардың біріншісіне екіншісінің қосқаны – тек *э* дыбысы. Қалған жағдайда іштей жіктеу, сипаттауға келгенде бір-бірімен үндесіп жатады [40, 16 б.]. Олар: *а, ә, о, ө, е, (э), ы, і, ұ, ү, и, у* дыбыстары [39, 360 б.; 41, 30 б.; 98, 407 б.].

Бұлардың ішінде *э* тек орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады (*электр, элеватор* т. б.) [42, 11 б.] және *и* мен *у* екеуі қосынды (дифтонгоид) дауыстылар деп аталады: *и – ы+й* немесе *і+й* және *у – ұ+у* немесе *ү+у* [39, 352 б.; 42, 11 б.; 40, 16 б.]. Осы *и* мен *у*-дың байырғы сөздеріміздің құрамында дыбыс бола алмайтыны Ә.Жүнісбек еңбектерінде дәлелденген. Оны: «Қазақ тілінің байырғы сөздерінің құрамында тоғыз дауысты дыбыс бар екені рас», – деп С.Мырзабеков та мойындай келе, орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздердің де дыбыстық құрамын ескеру қажеттігін, сондай-ақ, олардың табиғатын терең танып, төл дыбыстарымызбен бірдей қарауымыз керектігін айтады [40, 17 б.].

Акцентті-фонологиялық бағытты ұстанатын ғалымдар дауысты дыбыстарды жіктеу, сипаттауда пікірлері бір-бірімен үндесіп жататындықтан жұмысымызда С.Мырзабековтің жіктемесін негіз етіп аламыз (7-кесте [40, 21 б.]). Ол дауысты дыбыстарды дыбыстау мүшелерінің қызметіне қарай іштей үш топқа жіктейді. Олар:

1. Тілдің қатысына қарай:

а) Жуан (гуттураль) дауыстылар: *а, о, ұ, ы, у*;

ә) Жіңішке (палаталь) дауыстылар: *ә, ө, ү, і, е, (э), и*.

Жуан дауыстыларды айтқанда, жіңішкелерімен салыстырғанда, тіл сәл артқа қарай тартылады (ортасы көтеріліңкірейді), жіңішкелерді айтқанда тіл сәл ілгері жылжиды. Бұған көз жеткізу үшін дауыстылардың жуан және жіңішке сыңарларын (*а//ә, о//ө, ұ//ү, ы//і*) қатар айтып көруге болады... .

2. Еріннің қатысына қарай:

а) Еріндік (лабиаль) дауыстылар: *о, ө, ұ, ү, у*;

ә) Езулік дауыстылар: *а, ә, ы, і, е, (э), и*.

Еріндік дауыстыларды айтқан кезде ерін дөңгеленіп, сүйірленеді де, езуліктерді айтқанда ерін екі жаққа қарай тартылып, езу жиырылады... .

3. Жақтың қатысына қарай:

а) Ашық дауыстылар: *а, ә*;

ә) Жартылай ашық дауыстылар: *о, ө, е, (э)*;

б) Қысаң дауыстылар: *ұ, ү, ы, і, и, у*.

Ашық дауыстыларды айтқанда астыңғы жақ (үстіңгі жақ қозғалмайды) барынша төмен түседі де, қысаңдарды айтқанда жоғары көтеріледі. Басқаша айтқанда, ашықтарды айтқанда екі жақ бір-біріне жуықтай түседі. Алайда ауаның еркін шығуына кедергі жасамайды. Ал жартылай ашықтар осы екеуінің аралығында айтылады.

7-кесте – С.Мырзабеков қазақ тілі дауысты дыбыстарын былай жіктейді:

Жақтың қатысына		Ашық	Жартылай ашық		Қысаң		
Тілдің қатысына	Жуан	<i>a</i>		<i>o</i>	<i>ұ</i>	<i>у</i>	<i>ы</i>
	Жіңішке	<i>ә</i>	<i>e</i>	<i>ө</i>	<i>ү</i>		<i>i u</i>
Еріннің қатысына		Езулік		Еріндік			Езулік

Сингармониялық бағытты ұстанатын ғалым Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілінде 9 әліпби дауысты дыбыс бар. Олар қолданымдағы әліпби құрамында былай таңбалаынады: А, Ә, Е, О, Ө, Ұ, Ү, Ы, І.

Қазақ тілі дауысты дыбыстары жалаң (монофтонг) және құранды (дифтонг) болып екіге бөлінеді. Бастан-аяқ біркелкі айтылатын дауысты дыбысты жалаң дауысты дыбыс деп атаймыз, олар: *a, ә, ы, і, ұ, ү*. Бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталатын дауысты дыбысты құранды дауысты дыбыс деп атаймыз, олар: *o, ө, e*» [43, 54 б.], – дейді. 8-кестеде Ә.Жүнісбек жасаған қазақ тілі дауысты дыбыстарының жасалым жіктелімі берілген [43, 59 б.]

8-кесте – Ә.Жүнісбек жасаған қазақ тілі дауысты дыбыстарының жасалым жіктелімі.

ҚҰРАМЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ	тіл ортасы		тіл арты		
		ЕРІН ҚАТЫСЫ	езулік	еріндік	езулік	Еріндік
жалаң	қысаң		І	Ү	Ы	Ұ
	ашық		Ә		А	
құранды			Е	Ө		О

Қазақ тілі дауысты дыбыстарын Даниел Джонс жасаған халықаралық пішіндемемен салыстыра отырып, қазақ және араб тілдеріндегі дауысты дыбыстардың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын анықтайық. С.Мырзабеков жоғарыда жуан дауыстыларды айтқанда, жіңішкелерімен салыстырғанда, тіл сәл артқа қарай тартылатынын (ортасы көтеріліңкірейтінін), жіңішкелерді айтқанда тіл сәл ілгері жылжитынын айтқан болатын. Ағылшын ғалымы Даниел Джонс 1-інші (*i, ī*), 2-ші (*e, ē*), 3-ші (*ε, ē*) және 4-нөмірлі (*a, ā*) стандарт дыбыстарды айтқанда тіл алға жылжитындықтан оларды тіл алды дыбыстары, 5-ші (*α, ā*), 6-шы (*o, ō*), 7-ші (*o, ō*) және 8-нөмірлі (*u, ū*) стандарт дыбыстарды айтқанда тіл артқа жылжитындықтан оларды тіл арты дыбыстары деп атаған болатын.

1.3.3 Қазақ тілі дауысты дыбыстарына балама болатын, баламасы жоқ және жақын келетін араб тілі дауысты дыбыстары.

а) Араб әдеби тілінде баламасы бар қазақ тілі дауысты дыбыстары: Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай ашық, тілдің қатысына қарай жуан (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл арты) *a* дыбысына араб әдеби тіліндегі халықаралық 5-нөмірлі стандарт дыбысқа сай келетін еріннің қалпына қарай ашық (مفتوح [maftūh^{un}]), тіл мен

таңдай қатысына қарай кең (واسع [uāsi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḥalfiḥi^{unn}]) фатха - [a] харакатының дыбысы сәйкес келеді.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай ашық, тілдің қатысына қарай жіңішке (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл ортасы) ә дыбысына араб әдеби тіліндегі халықаралық 4-нөмірлі стандарт дыбысқа сай келетін еріннің қалпына қарай ашық (مفتوح [maftūḥ^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай кең (واسع [uāsi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥi^{unn}]) фатха - [a] харакатының дыбысы сәйкес келеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай қысаң, тілдің қатысына қарай жіңішке и дыбысына араб әдеби тіліндегі халықаралық 1-нөмірлі стандарт дыбысқа сай келетін еріннің қалпына қарай керіліңкі (منفردج [munfaridḥi^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiḥi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы сәйкес келеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай еріндік, жақтың қатысына қарай қысаң, тілдің қатысына қарай жуан у дыбысына араб әдеби тіліндегі халықаралық 8-нөмірлі стандарт дыбысқа сай келетін еріннің қалпына қарай сүйір (مستدير [mustadīr^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiḥi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḥalfiḥi^{unn}]) дамма - [u] харакатының дыбысы сәйкес келеді.

ә) Араб әдеби тілінде баламасы жоқ қазақ тілі дауысты дыбыстары және оларға жақын келетін араб тілі дауысты дыбыстары. Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай жартылай ашық (Ә.Жүнісбектің пікірінше қысаң), тілдің қатысына қарай жіңішке (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл ортасы) е дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай керіліңкі (منفردج [munfaridḥi^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiḥi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай жартылай ашық, тілдің қатысына қарай жіңішке ә дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай керіліңкі (منفردج [munfaridḥi^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiḥi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай қысаң, тілдің қатысына қарай жуан (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл арты) ы дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай керіліңкі (منفردج [munfaridḥi^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaiḥiḥi^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай езулік, жақтың қатысына қарай қысаң, тілдің қатысына қарай жіңішке (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл ортасы) і дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл

дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай керіліңкі (منفرج [munfaridʒ^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaijīq^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [ʾamāmiḥ^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай еріндік, жақтың қатысына қарай жартылай ашық (Ә.Жүнісбектің пікірінше қысаң), тілдің қатысына қарай жуан (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл арты) о дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай сүйір (مستدير [mustadīr^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaijīq^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḫalfiḥi^{unn}]) дамма - [u] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай еріндік, жақтың қатысына қарай жартылай ашық (Ә.Жүнісбектің пікірінше қысаң), тілдің қатысына қарай жіңішке (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл ортасы) ө дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай сүйір (مستدير [mustadīr^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaijīq^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḫalfiḥi^{unn}]) дамма - [u] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай еріндік, жақтың қатысына қарай қысаң, тілдің қатысына қарай жуан (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл арты) ұ дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай сүйір (مستدير [mustadīr^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaijīq^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḫalfiḥi^{unn}]) дамма - [u] харакатының дыбысы.

Қазақ тіліндегі еріннің қатысына қарай еріндік, жақтың қатысына қарай қысаң, тілдің қатысына қарай жіңішке (Ә.Жүнісбектің пікірінше жасалу орнына қарай тіл ортасы) ү дыбысына сәйкес келетін дыбыс араб әдеби тілінде жоқ. Бұл дыбысқа араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс еріннің қалпына қарай сүйір (مستدير [mustadīr^{unn}]), тіл мен таңдай қатысына қарай тар (ضيق [ḍaijīq^{unn}]), жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḫalfiḥi^{unn}]) дамма - [u] харакатының дыбысы.

2 ҚАЗАҚ ОНИМДЕРІНІҢ АРАБ ГРАФИКАСЫНДА ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАНУ ЖАЙЫ

2.1 Транскрипция мен транслитерацияның арақатынасы

2.1.1 Транскрипция және оның түрлері. Графика тілдегі дыбыстардың шын бейнесін дәл таныта бермейді. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген *и, у, ю* әріптерінің әрқайсысы екі-үш, тіпті онан да көп дыбысты немесе дыбыстардың қосындысын бейнелейді. Мысалы, бір ғана *и* әрпінің дыбыстық көрінісі төмендегіше болып келеді:

1) *ый: мый, (жазылуы ми), қый (қи), ыйық (иық), таний (тани), қыйа (қия), қыйын (қиым), жый (жи), тыйын (тиын); ' .*

2) *ій: кій (ки), тій (ти), ійне (ине), ійіс (иіс), бекій (беки), ерій (ери), бійлік (билік), ійір (иір), тійін (тиін);*

3) *ұй: мұхұйт (мұхит), бұлтұй (бұлти), бұртұй (бұрти), жорұй (жори), мұқұйат (мұқият), құрұй (құри), құпұйа (құпия);*

4) *үй: мурүйт (мұрит), мүлгүй (мүлги), түксүй (түкси), үрпүй (үрни), үсүй (үси), мөлүй (мөли), дүнүйе (дүние).*

5) *и: институт, университет, инициатива, физика, кино.*

Қысқасы, дыбыс пен оның таңбасы сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұлардың арасындағы осы сәйкессіздікті барынша азайтып, дыбыстық тілді мүмкіндігінше дәл беру үшін лингвистикада арнайы жазу – транскрипция (лат. *transcriptie* – көшіру) қолданылады [99, 24 б.].

Ғ.Қалиев *транскрипция* терминін қазақ тіліне «дыбыстанба» деп аударып, оған: «(лат. *transcription* қайта жазу) тіл білімінде ғылыми мақсатта қолданылатын арнайы жазу. Дыбыстанба графикалық, орфографикалық нормаларға байланыссыз сөйлеудің ең нәзік реңктерін мүмкіндігінше дәл беруді көздейді» [100, 98 б.], – деп анықтама берген. Оған мысал ретінде: *құрұқ (құрық), таңэртэң (таңертең), жаңасқан (жаңа асқан)* деген сөздерді келтіреді де, қолданылу мақсатына қарай фонетикалық, фонематикалық болып бөлінетінін айтып, екеуінің аражігін ажыратып көрсетпейді.

«Қазақ тілі энциклопедиясында»: «Транскрипция (лат. *transcription* – қайта көшіріп жазамын) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты таңба. Транскрипцияның негізгі қызметі – сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәл көрсету. Бір фонема жазуда (графика) әртүрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол (фонема) бір ғана таңбамен белгіленеді. Транскрипцияның екі түрі бар: 1) **фонематикалық (немесе фонологиялық) транскрипция**, ол сөздердің дыбысталуындағы өзгерістерді ескермей, тек фонемаларды жазады. Дыбыс, сөз айтылуына жуықтап беріледі. Мысалы, *ору [орұу], күлу [күлұу], қи [қый], иек [ійек], шикі [шійкі], тістесші [тістешші], бұзу [бұзұу];* 2) **фонетикалық транскрипция**, мұнда тілдегі сөздердің айтылуындағы дыбысталу ерекшеліктері дәлме-дәл көрсетіледі. Мысалы, *қазан қап [қазанқап], ортан бел [ортамбел], сейсенбі [сейсембі], сенгіш [сеңгіш], отау [уотау], Аманкелді*

[Амаңгелді]. Фонематикалық транскрипция әрбір жеке тілдің фонемалық жүйесін айқындап белгілеу үшін жұмсалады да, фонетикалық транскрипция барлық тілдердегі немесе тілдердің тобындағы дыбыстық ерекшеліктерді түгел камтып көрсету үшін жасалады.

Мына төмендегі келтірілген сөздерге тоқталатын болсақ, 1) қат, сат, жат, зат, мат; 2) кет, ет, жет; 3) сот, от, тот, шот, құт, тұт, жұт; 4) сөт, өт, сүт, күт, ондағы *m* фонемасы дауысты дыбыстардың ықпалымен әртүрлі реңкке ие болып тұр. Бірінші *m* езулік, жуан; екінші – езулік, жіңішке; үшінші – еріндік, жуан; төртінші – еріндік, жіңішке. Оның үстіне *o*, *ө* дыбыстарының алдынан *y*, ал *e*-нің алдынан *и* дыбысы айтылатыны да ескерілуі тиіс. Бұл ерекшелікті көрсету үшін фонетикалық транскрипцияда айрықша белгілер қолданылады. Мысалы, жуандық белгісі – 1, жіңішкелік – 1', жуан еріндік – 1Ө, еріндік жіңішкелік – 1'Ө, Ү – ұяң, – қатаң, :- – созылыңқы, < – ашық, // – қысаң т.б. Сонда жоғарыдағы сөздер былай өрнектеледі: к'ет', ж'ет', сӨотӨ, отӨ, шӨотӨ, қӘүтӨ, с'Әөт'Ө, с'Әүт'Ө, к'Әүт'Ө. Асшы, басшы, ашса дегендерді аш:-ы, баш:-ы, аш:-а түрінде (ш:- – созылыңқы ш) жазу керек болады» [15, 394 б.], – деп транскрипцияның екі түрін мысалдар арқылы түсіндіріп өтеді.

С.Мырзабеков: «Әдетте транскрипцияның екі түрі жиі пайдаланылады: фонетикалық және фонематикалық. Фонематикалық транскрипцияда бір фонеманың алуан түрлі аллофондары бір-ақ таңбамен беріледі де, фонетикалық транскрипцияда әртүрлі аллофондар да ескеріледі. Қысқасы, мұның алғашқысы дыбысты (сол арқылы сөзді) айтылуына жуықтатуды, екіншісі дәл беруді мақсат етеді.

Am, *em*, *om*, *өm* сөздеріндегі *m* фонемасы дауысты дыбыстардың ықпалымен әртүрлі реңкке ие болады. Бірінші *m* (*am* дегенде) езулік, жуан; екінші – езулік, жіңішке; үшінші – еріндік, жуан; төртінші – еріндік, жіңішке. Оның үстіне *o*, *ө* дыбыстарының алдынан әнтек *y*, ал *e*-нің алдынан әнтек *й* дыбысы айтылатыны да ескерілуге тиіс. Бұл ерекшеліктерді көрсету үшін фонетикалық транскрипцияда айрықша белгілер қолданылады. Мәселен, ^o – еріндік; / – жіңішке; √ – ұяң; ∧ – қатаң; : – созылыңқы; < – ашық; > – қысаң т.б. Сонда жоғарыдағы сөздер былай өрнектеледі: *am*, ^u*em*, ^y*om*^o, ^y*өm*^o. *Ащы*, *басшы*, *ашса* дегендерді *аш:ы*, *баш:ы*, *аш:а* түрінде (**ш:** – созылыңқы **ш**) жазу керек болады» [99, 24 б.], – деп анықтама береді.

Ал ғалым К.Аханов: «Транскрипцияның екі түрі бар: фонематикалық (немесе фонологиялық) және фонетикалық транскрипция. Фонетикалық транскрипцияда фонемалардың барлық реңкі (оттенки) бір ғана таңбамен берілсе, фонематикалық транскрипцияда фонеманың әрбір реңкі әр басқа таңбамен белгіленеді» [46, 583 б.], – деп, алдыңғы ережелерге мүлдем кереғар пікір білдіреді.

Орыс ғалымы А.А. Реформатский транскрипцияны мақсаттарына қарай **фонетикалық**, **фонематикалық** және **практикалық** деп үш түрге бөліп қарастырады. Фонетикалық, фонематикалық транскрипция жөніндегі пікірі қазақ ғалымдарының пікірімен бірдей деуге болады. Ал, практикалық транскрипция жөнінде: «**Практикалық транскрипция** шетел сөздерін қабылдаушы тілдің әліпбиі жүйесінен шықпай, яғни жаңа әріп не қосымша

диакритикалық таңбаларды енгізбестен жазуды талап етеді» [101, 384 б.], – дейді. А.В. Суперанская да **фонетикалық транскрипция** тіл үйретуде қолданылатынын, **фонематикалық транскрипция** сөздің фонемалық құрамын анықтауға жұмсалатынын, ал шетел сөздерінің жазылуын нысанаға алған транскрипция **практикалық** мақсаттарда қолданылатынын айтады [102, 13-14 б.].

Сонымен, практикалық транскрипция – бір тілдегі сөз және сөз тіркесінің (өзге жүйедегі) өзге тілдің әліпбиімен берілуі. Бұл жағдайда бір тілдің фактілерін өзге тілдің құрамы мен жүйесіне енгізу үшін қабылдаушы тілдің лингвистикалық (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық және графикалық) сипаттарын толығымен қабылдайды.

Оған мысал ретінде кирилл әліпбиінде жазылған орыстың *Лапшин* деген фамилиясын латын әліпбиін қолданатын тілдердегі практикалық транскрипциясын көрсеткен (9-кесте) [101, 381 б.].

9-кесте – *Лапшин* деген фамилияның латын әліпбиін қолданатын тілдердегі практикалық транскрипциясы:

Орысша жазылуы	Практикалық транскрипциясы
<i>Лапшин</i>	Неміс т. <i>Lapschin</i> Француз т. <i>Lapchine</i> Итальян т. <i>Lapscin</i> Ағылшын т. <i>Lapshin</i> Поляк т. <i>Łapszin</i> Чех т. <i>Lapšin</i> Венгер т. <i>Lapsin</i> Португал т. <i>Lapxin</i>

Сондай-ақ, латын әліпбиімен жазылған *New Iork* деген қала атауын кирилл әріптерін қолданып тілдердегі практикалық транскрипциясын төмендегідей көрсеткен (10-кесте) [101, 381 б.].

10-кесте – *New Iork* деген қала атауының кирилл әріптерін қолданатын тілдердегі практикалық транскрипциясы:

Латын жазуы	Практикалық транскрипциясы
<i>New Iork</i>	Орыс т. <i>Нью-Йорк</i> Белорус т. <i>Нью-Йорк</i> Болгар т. <i>Ню-Йорк</i> Серб т. <i>Њујорк</i>

Қазақ ғалымдары жағорыдағы еңбектерінде практикалық транскрипция жөнінде ешнәрсе айтпайды. Тек І.Кеңесбаев қолданыстағы практикалық әліпбиді ешқандай түсіндірмесіз практикалық транскрипция деп берген [39, 405 б.].

Жалпы фонетикалық транскрипциядағы таңбалардың жиынтығы фонетикалық әліпби деп аталады, ол мынадай принциптерге негізделеді:

1) әрбір дыбысты белгілеу үшін бір-бір таңба болуы шарт, яғни таңбалардың саны жеткілікті болуы қажет;

2) белгілі бір дыбыстың айрықша ерекшелігін дәлме-дәл көрсету үшін қосымша диакритикалық таңбалардың болуы міндетті;

3) таңбалардың барлығы да оңай, қолайлы, тез жазуға да, еске сақтауға да ыңғайлы, белгілеуге жеңіл болуға тиіс;

4) дыбыстың (сөздің) айтылуы неғұрлым дәл берілуі керек [15, 394 б.].

5) бас әріптер мен тыныс белгілері қолданылмайды;

6) қысқартылған сөздер мен сандар толық дыбысталуы бойынша беріледі [103, 20 б];

7) фонетикалық транскрипцияның мәтіні тік жақшаға, фонематикалық транскрипцияның мәтіні сынық жақшаға алынады [101, 376 б.];

Қазақ ғалымдары келтірілген мысалдарға көңіл аударсақ, «Қазақ тілі» энциклопедиясында транскрипцияланған сөздер транскрипцияның екі түрінде де тік жақшаның ішінде берілген және фонетикалық транскрипцияға келтірілген қазан қап [қазанқап], ортан бел [ортанбел], сейсеңбі [сейсембі], сеңгіш [сеңгіш], отау [уотау], Аманкелді [Амаңгелді] деген мысалдар фонематикалық транскрипцияның мысалдарына жақын сияқты, өйткені ереже бойынша фонетикалық транскрипцияда фонеманың барлық аллофондары толығымен көрсетілуі тиіс болатын. Сондай-ақ, кісі атауы *Амангелді* үлкен әріппен [Амаңгелді] деп берілген.

С.Мырзабеков сөздерді транскрипциялаудың екі түрінде де жақшаны мүлдем пайдаланбаған. Алайда ол фонетикалық транскрипциялау кезінде ережеге сай әр фонеманың әртүрлі аллофондарын беру үшін (° – еріндік; / – жіңішке; √ – ұяң; ^ – қатаң; : – созылыңқы; < – ашық; > – қысаң т.б.) айрықша белгілерді қолданады және **о**, **ө** дыбыстарының алдынан айтылатын әнтек **у** және **е** дыбысының алдынан айтылатын әнтек **й** дыбысын да ескеріп **ат**, **ет**, **от**, **өт** деген сөздерді *ат*, ^й*ет*, ^у*от*, ^у*өт* деп, *ашы*, *басшы*, *ашса* дегендерді *аш:ы*, *баш:ы*, *аш:а* түрінде (**ш:** – созылыңқы **ш**) жазып көрсетеді.

Ал «Қазақ тілі» энциклопедиясында әр фонеманың әртүрлі аллофондарын беру үшін (жуандық белгісі – 1, жіңішкелік – 1', жуан еріндік – 1Ө, еріндік жіңішкелік – 1'Ө, Ү – ұяң, – қатаң, :- – созылыңқы, < – ашық, // – қысаң т.б.) белгілерін пайдаланып *кет*, *жет*, *сот*, *от*, *шот*, *құт*, *сөт*, *сүт*, *күт* деген сөздерді *к'ет'*, *ж'ет'*, *сӨотӨ*, *отӨ*, *шӨотӨ*, *қӘүтӘ*, *с'Әөт'Ә*, *с'Әүт'Ә*, *к'Әүт'Ә* деп, *асшы*, *басшы*, *ашса* дегендерді *аш:-ы*, *баш:-ы*, *аш:-а* түрінде (**ш:-** – созылыңқы **ш**) жазған. Байқап отырғанымыздай мұнда да тік жақша пайдаланылмаған және **о** дыбысының алдынан айтылатын әнтек **у** дыбысы ескерілмеген, жіңішкелікті білдіретін дәйекше белгісі С.Мырзабековте бір басқа да ('), «Қазақ тілі» энциклопедиясында бір басқа (') берілген, С.Мырзабековте еріндік дыбыстың белгісін (°), ұяң дыбыстың белгісін (√), созылыңқы дыбыстың белгісін (:) түрінде берсе, «Қазақ тілі» энциклопедиясы бұларды (Ө), (Ү), (:-) түрінде беріп бірізділік сақталмаған.

І.Кеңесбаев дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың лингвистикалық еңбектерде қолданылып жүрген латын графикасына негізделген фонетикалық транскрипция ретінде төмендегі кестені берген (11-кесте) [39, 295 б.].

11-кесте – Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың лингвистикалық еңбектерде қолданылып жүрген латын графикасына негізделген фонетикалық транскрипциясы.

Практикалық транскрипция	Фонетикалық транскрипция	Практикалық транскрипция	Фонетикалық транскрипция
а	а	с	s
ә	х	з	z
е (э)	е	г	c
о	с	аффрикат ж	з
ө	ое	жалаң ж	з
ы	ь	н	n
і	і	л	l
ұ	и	ш	ʃ
ү	у	р	r
жуан у	,	й	j
жіңішке у	и	к	k
жуан и (ый)	і	г	g
жіңішке и	і	к	q
п	р	ң	ŋ
б	в	х	x
м	т	ғ	g
үнді у	w	h	h
ф	f	в	v
т	t	д	d
ц	с	-	-

Кестеге қарасақ ережеге қайшы келетін түсініксіз жайттар өте көп. Қазақ тіліндегі жіңішке дауысты ә дыбысы мен х дыбысын латын графикасындағы бір ғана x-пен, о дыбысын c-мен, ө дыбысын oe-мен, м дыбысын t-мен белгілеуге қандай негіз бар? Кестеде неліктен қазақ тіліндегі ы дыбысы орыс графикасындағы ь белгісімен, ұ дыбысы мен жіңішке у бір ғана и-мен белгіленді екен. Сондай-ақ, не себептен h мен в дыбыстарын латын графикасындағы бір ғана h әрпімен, з мен ғ дыбыстарын бір ғана g әрпімен белгілеген. Кестеде бұдан да өзге осыған ұқсас түсініксіз жайттар баршылық. Баспадан кеткен қате болар деп кестені кітаптың ертеректе шыққан нұсқасымен де салыстырдық. Айырмашылық тек ұ дыбысын латын графикасындағы u-мен, м дыбысын m-мен белгілеген [61, 295 б.].

Ғалым мысал ретінде Ғ.Мұстафиннен: «*Жиналыстың ертеңіне таңертең Жомарт ауданға жалғыз тартты. Жиырма бестен жаңа асан жалынды*

жігіт ойға алғанын етпей қойман десе де, шытырман өмір әзірге оны екі сүріндірді. Қарапайым қарт Жақыпты жолындағы бір төмпешіктей қиқандаса, басынан бір-ақ аттап кететіндей көруші еді. Кешегі жиналыс олай емес, Жақыпты тамыры терең бәйтерек етіп көрсетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, «байқа» деп маңдайына тырс-тырс шертіп кетті.

Тәтті үміт, әдемі ой дәл осының алдында ғана мықтап тұрып бір отыртқан. Алма, Жанат – екі қыз бір анадан туғандай, бір қалыптан шыққандай, бір ауылда ер жетті. Екеуінің көркі, мінезі, оқуы тең, ойы, арманы тең сырлас құрбылар, ең ақыры киімдеріне дейін парлап киетін» деген үзінді келтіріп, оның фонетикалық транскрипциясын былай берген:

«Жиналыстың ертәңінэ тәңэртэң (Жомарт) ауданға жалғыз тэртты // жиырмабестэн жаң асқан жалынды жігіт (ойға алғанбын етпэй ағойман дэсэдэ) шытырманөмүр әзіргэ онұ (екісүрүндірді қарапайым қартшақыпты) жолұндағы бір тэмпешіктэй (қиқандаса) басынан быр ақ аттап кэтэтіндэй көрүшэндікэшэгіжиналыс олай эмэс // жақыпты (тамыры тэрэң) бәйтйрйгетіп көрсэтті // көрсетіпқана ғойған ажоқ, (байқа дэп) маңдайынан тырс тырс шэртіп кэтті. Тэттүмүт (эдэмөй) дәлосұның алдында ғана мықтаптұрып (біротұртқан Алма , Жанат) екіғыз) біранадан тұуғандай (бірғалыптан шыққандай) бірлауұлда ержэтті // екеуініңкөркү (мінезі) оқуу тэң, (ойұ) арманытэң сырлас ақұрбұлар, еңақыры (кйімдерінэдэйін) парлапкйэтін //» [61, 296 б.].

I. Кеңесбаев бұл мәтінде тек сөз екпіні мен тіркес екпінді білдіретін белгілерді қолданғанын және мәтінді жеңілдету үшін үшінші буындардағы ерін үндестігін (оның жартылай ықпалын) көрсетпегенін, сондай-ақ, *о* белгісін тіркес екпінге ие сөздерді, / белгісін сөйлем ішіндегі фонетикалық паузаны, // белгісін сөйлем шегін, ' белгісін негізгі екпінге ие буынды білдіру үшін қолданғанын айтады.

Бұл жерде де фонетикалық транскрипцияға тән ережелерден ауытқушылық байқалады. Ережеге сай фонетикалық транскрипцияда бас әріп және тыныс белгілер қолданылмауы тиіс болатын. Мұнда Жомарт, Алма, Жанат деген кісі атауларына қоса мәтіннің өзі де үлкен әріптен басталып жазылып тұр және нүкте, үтір секілді тыныс белгілері қолданылған. Сонымен қатар *о*, *ө* дыбыстарының алдынан айтылатын әнтек *у* ескерілмегендіктен және фонетикалық транскрипцияның негізгі мақсаты саналатын әр фонеманың әртүрлі аллофондары (жуандық, жіңішкелік, жуан еріндік, еріндік жіңішкелік, ұяң, қатаң, созылыңқы және т.б.) берілмегендіктен бұл транскрипция фонетикалықтан гөрі фонематикалық транскрипцияға және үшінші буындардағы ерін үндестігі (оның жартылай ықпалы) көрсетілмегендіктен жартылай фонематикалық транскрипцияға жақын сияқты.

Ж.Әбуов пен Ә.Жүнісбектің «Фонетическая запись казахского текста» атты еңбегінде: «В настоящее время в тюркологии нет общепринятой оптимальной фонетической транскрипции для всех тюркских языков, где дифференцированно обозначался бы каждый звук в системе вокализма и консонантизма. Намеченное на ближайшие годы создание машинного фонда тюркских языков требует новой унифицированной фонетической транскрипции

на основе МФА (Международный фонетический алфавит)», – дей келе, өз жұмысында «Советская тюркология» журналындағы транскрипция үлгісін қолданғанын айтады. Ондағы қосымша шартты белгілер:

- жуан езулік үндестік әуен: « » bala
- жіңішкелік белгісі: « ' » t'ıl'ek'
- жуан еріндік: «^o» q^oul^oun^o
- жіңішке еріндік: «^o» t'^oös'^ot'^oük'^o
- қатандық белгісі: « ^ » boladı
- ұяңдық белгісі: « ˇ » ҡel
- жуысыңқылық белгісі: « _ » bız
- түсірілу (көмес дыбысталу): « , » ekı [104, 10 б.].

Аталған еңбекте «Ер төстік» ертегісінен үзінді алынып, оған фонетикалық транскрипция жасалған:

er't'e zamanda / er'nazar d'eg'en ҡ 'ı's'ı b^ol'up't'u // er'nazardyñ öz'ü / baj b^ol'up't'u // t'ör't' t'ül'ük' maly / saj b^ol'up't'u // q^oora t'ol'oqan / q^ooj'lary b^ol'up't'u // k'el'e ҡ 'el'e t'üj'öl'ör'ü b^ol'up't'u // ör'üs' t'ol'oqan / dzylylary b^ol'up't'u // er'nazardyñ / s'eg'ız' ul'u b^ol'up't'u // b'ır' dzyly ül'k'ön' dź'ut' b^ol'up't'u // el' / malyn / alysqā / otarqā / äk'et'ıp't'ı // er'nazardyñ / s'eg'ız' ul'u da // s'on'un' ĩš 'ın'd'e k'et'ıp't'ı // b'ır' qystyq azyqyn alyp // k'em'p'ır'ı m'en' er'nazar / üj'ün'd'ö qalypty // er'nazardyñ s'eg'ız' ul'u / s'ol' k'et'k'en'n'en' / qabarsyz k'et'ed'ı // ajlar öt'öt'ü // k'el'm'ej'd'ı // dzyldar öt'öt'ü // k'el'm'ej'd'ı // er'nazardyñ azyq y taw's'ul'd'u // aşıqty // dź'ej't'in' tamaq tappatı // ... т.б [104, 17 б.].

Ғалымдар бұл мәтінде қазақ тілінің үндесім заңдылығын сақтай отырып, әр фонеманың әртүрлі аллофондарын (жуандық, жіңішкелік, жуан еріндік, еріндік жіңішкелік, ұяң, қатан, көмес дыбысталу және т.б.) толығымен көрсеткен. Алайда мәтін толығымен тік жақшаға алынбаған және **o**, **ö**, дыбыстарының алдынан айтылатын әнтек **y** және **e** дыбысының алдынан айтылатын әнтек **ı** дыбысы мұнда да ескерілмеген, яғни дыбыстар дәл көрсетілмеген.

Қысқасы қазақ ғалымдарының арасында қазақ мәтіндерінің фонетикалық және фонематикалық транскрипциясын беруде бірізділік жоқ. Ал, практикалық транскрипция жөнінде ешнәрсе айтылмайды. Кез-келген тілді зерттеу және үйрену оның әліпбиі мен дыбыстық жүйесін үйренуден басталатынын ескерсек қазақ тілі дыбыстарының латын және кирилл әліпбилеріне негізделген ғылыми тұрғыдағы фонетикалық және фонематикалық транскрипция үлгісін жасау кезек күттірмейтін келелі мәселелердің бірі. Халықаралық сипатта болу үшін оны жасауда Халықаралық фонетика әліпбиін негізге алуымыз керек. Сондай-ақ, әлем халықтарымен мәдени байланыстар орнап, әртүрлі салалардағы әлемдік шығармалардың қазақ тіліне аударылу науқаны қарқындап дамып келе жатқан тұста, тілден тілге аударылмайтын әлем тілдеріндегі жалқы есімдерді қазақ мәтіндерінде жүйелі жазу үшін әртүрлі тіл әліпбилерінің қазақ кирилл әліпбиіне негізделген практикалық транскрипция үлгісін жасау да назардан тыс қалмауы тиіс.

2.1.2 Транслитерация және оның түрлері. *Транслитерация* (лат. *Trans* арқылы, *littera* әріп) – бір жазудағы әріптерді екінші бір жазудың әріптерімен, яғни бір әліпбидегі жазуды басқа бір әліпбиге ауыстыру [100. 329 б.].

Ғалым Фаузи Атия: «Транслитерация аударма жасау кезінде тілден тілге аударылмайтын кісі, қала, ел, өзен, көл, теңіз, тау, т.б. атауларын дыбысталуы бойынша келесі тілге барынша сәйкес келетін дыбыстардың таңбасымен көшіру. Мысалы, Америкадағы *Salt Lake city* деген қала атауын мағыналы сөз болғанына қарамастан қандай да тілге аударуға болмайды, сол сияқты аударма ережесі бойынша араб тіліндегі *باب المنذب* бұғазының атауы аударма кезінде араб тіліндегі дыбысталуы бойынша келесі тілдегі барынша сәйкес келетін дыбыстардың таңбасымен көшеді. Бұл бүкіл атаулар тілден тілге аударылмайды дегенді білдірмейді. Тілден тілге аударылатын кейбір елдер мен географиялық нысандардың атаулары кездеседі. Мысалы, *Cape of Good hope* араб тіліне *رأس الرجاء الصالح* болып, *German Federal Republic* – *جمهورية ألمانيا الاتحادية* болып, араб тіліндегі *البحر الميت* ағылшын тіліне *Dead sea*, *البحر الأحمر* – *Red sea* болып аударылады» [105, 189 б.], – дейді.

О.Н. Тимохов пен М.А. Корнееваның редакторлығымен шыққан «Теоретическая фонетика» атты оқу құралында транслитерацияның ғылыми және практикалық екі түрі бар деп қарастырылған. Ғылыми транслитерация транслитерацияланған таңбалардың жүз пайыздық кері аударылуын қамтамасыз ететін транслитерациялық жазбалар мен түпнұсқаның графемалары арасындағы өзара бірмағыналы сәйкестік принципіне құрылады. Мысалы, орыс кириллицасының латын әріптеріне негізделген ғылыми транслитерациясында орыстың *e* және *э* немесе *и* және *й* әріптерінің түрліше берілуін қамтамасыз етеді. Осы секілді айырымдар латын әріптеріне диакритикалық таңбаларды қосу, кейде латын әліпбиінен өзге әліпбилердің кейбір элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асады. Осылай неміс, ағылшын және бірсыпыра басқа тілдердің сөздері және формалары латын әріптері негізіндегі транслитерациямен, алайда түрлі диакритикалық және жазудың басқа жүйелерінен алынған жекелеген таңбалардың қосылуымен берілген. Халықаралық библиографияда қолданылып жүрген кириллицаның ғылыми транслитерациясы да дәл осы жолмен құрылады (жасалады).

Практикалық транслитерация ғылыми транслитерациядан қабылдаушы тілдің әліпбиі жүйесіндегі дәстүрлі таңбалар репертуарымен шектелетіндігімен ерекшеленеді. Бұл жүйеде, бірнеше жағдайларда, орыс әріптерін оның ішінде *e* және *э* (*=e*), *и* және *й* (*=i*) әріптерін бір таңбамен береді. Осылайша ол толықтай кері аударылуға кепілдік бере алмайды. Мысалы, *tvoi* екі формадағы *твои* және *твой* дегендерге сәйкес келеді [106, 26-27].

«<http://ru.wikipedia.org/wiki/>» интернет сайтында транслитерацияның қатаң (строгая транслитерация), босаң (ослабленная транслитерация) және кеңейтілген (расширенная транслитерация) үш түрі көрсетілген: қатаң (тәртіппен құралған) транслитерацияда әрбір әріп жеке таңбамен ауыстырылады (*a→a, б→b, в→v...*), босаң транслитерацияда кей әріптер өзге әліпбидің екі немесе одан көп әріптікестерімен алмастырылады (*ж→zh, ч→ch, я→ya...*), ал кеңейтілген транслитерацияда кей әріптікестер ерекше жолмен беріледі (*ый→y*) [107].

Қазақ ғалымы К.Аханов: «Транслитерация әсіресе географиялық атауларды және т.б. жалқы есімдерді жазуда жиі қолданылады. Бір тілдің

алфавит құрамы екінші тілдің алфавит құрамына сай келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда транслитерацияны қолдану кейбір қиындықтарға соқтырады. Мысалы, *Oslo, London* деген атаулардың жазылуын орыс әріптерімен, ал *Москва* дегенді латын әріптерімен транслитерация жасау оңай да, *Stockholm* дегенді орыс әріптерімен транслитерация жасау қиын. Бұлай болатындығы орыс алфавитінде латын алфавитіндегі *c, h* әріптеріне сәйкес келетін әріптер жоқ. Сондай-ақ латын алфавитінде орыс тіліндегі *Ярославль, Щербаков* тәрізді жалқы есімдерді жазуға керекті әріптердің жетіспеуі бұл сөздердің транслитерациясын қиындатады. Мұндай жағдайда сөздің жазылуын емес, дыбысталуын жазып беру үшін *шартты (жартылай) транслитерация* қолданылады. Кейде бір тілде бар әріптер ғана емес, сонымен бірге дыбыстар да екінші тілде болмауы мүмкін. Мұндайда ондай дыбыс екінші бір тілдегі сәл болса да ұқсастығы бар әріппен беріледі. Мысалы, неміс, ағылшын және т.б. тілдегі фаргинал *h* дыбысы орыс тілінде болмағандықтан, ол көбінесе *г* әрпімен беріледі (мысалы, *Гейне*). Аталған тілдердегі *h* дыбысына дыбысталуы жағынан орыс тіліндегі *x* дыбысы да жақын келеді. Осыған орай соңғы кезде *h* әрпі орыс тілінде *x* әрпімен де беріліп жүр (мысалы, *Хирт, Хьюлет* және т.б.)» [46, 584 б], – дейді. Байқап отырғанымыздай ғалымдар айтып отырған транслитерацияның практикалық, босаң және шартты (жартылай) түрлері, сондай-ақ, транскрипцияның практикалық түрі атаулары әртүрлі болғанымен бір ұғымды білдіретін тәрізді. Өйткені бұлар беруші тіл онимдерінің қабылдаушы тіл мәтіндерінде ешқандай диакритикалық қосымша таңбаларсыз сол тілдің орфографиялық заңдылықтары шеңберінде дұрыс оқылып жазылу мәселесін қарастырады. Біз де қазақ онимдерін араб мәтіндерінде беруде араб әліпбиі жүйесіндегі дәстүрлі таңбалар репертуарымен шектеле отырып, ешқандай да диакритикалық қосымша таңбалар қолданбастан транслитерациялаудың практикалық түрі негізінде ереже түзетін боламыз.

2.2 Араб тілі дыбыстарын қазақ кирилл әріптерімен транскрипциялау жобасы

Кейбір қазақ арабтанушы ғалымдары дауыссыз дыбыстардың транскрипциясын көрсеткенде кей араб тілі дауыссыздарының фонематикалық қасиеттерін ескере бермейді. Мысалы, *سفرة* сөзіндегі «мустафил» (*مستقل* [mustafil^{un}]), «мунфатих» (*منفتح* [munfatih^{un}]) *س* [s] дыбысын *مقصود* сөзіндегі қарама-қарсы «мустағли» (*مستعل* [musta‘liⁿ]), «мутбақ» (*مطبق* [mutbaq^{un}]) *ص* [s] сыңарынан ажыратпай қазақ кирилл әліпбиіндегі бір ғана *с* әрпімен белгілеп [сүфрә] [108, 264 б.] және [мәксүд] [108, 182 б.] деп берген және *مخلوق* сөзіндегі көмей үсті (*أدنى حلقى* [‘adnā ḥalqii^{un}]), «мустағли» (*مستعل* [musta‘liⁿ]) *خ* [h] дыбысы мен *حكمة* сөзіндегі көмейлік (*حلقى* [ḥalqii^{un}]), «мустафил» (*مستقل* [mustafil^{un}]) *ح* [h] дыбысын бір-бірінен ажыратпай қазақ кирилл әліпбиіндегі бір ғана *x* әрпімен [мәхлұқ] [108, 182 б.] және [хөкмәт] [108, 296 б.] деп берген. Сондай-ақ, *إبليس* сөзін [іблис], *إسراف* сөзін [ісраф] [108, 317 б.], сөзін *إسقاط* [ысқат] [108, 316 б.], *إسلام* сөзін [эслам] [109, 83 б.] деп транскрипциялап, дауыссыз һамза дыбысын мүлдем белгілемеген.

Орыс ғалымдары А.А. Ковалев пен Г.Ш. Шарбатов араб тілі дауыссыз дыбыстарының орыс кирилл әріптеріндегі транскрипциясын орыс әліпбиінің мүмкіндіктерін барынша сарқа пайдаланып былай берген: ء [’], ب [б], ت [т], ث [с], ج [дж], ح [х], خ [х], د [д], ذ [з], ر [р], ز [з], س [с], ش [ш], ص [с], ض [д], ط [т], ظ [з], ع [’], غ [г], ف [ф], ق [қ], ك [к], ل [л], م [м], ن [н], ه [х], و [ў], ي [й] [49, 10-13 б.]. В.Э. Шагаль, М.Н. Мерекин, Ф.С. Забириковтар да осы үлгіде берген [50, 9-10 б.].

Б.Тасымов араб тілі дауыссыз дыбыстарының қазақ кирилл әріптеріндегі транскрипциясын А.А. Ковалев пен Г.Ш. Шарбатовтың кестесін негізге ала отырып былай берген (15-кесте):

15-кесте – Б.Тасымов еңбегіндегі араб әріптерінің атауы мен дыбыстарының транскрипциясы.

р/с	Әріп атауы	Транскрипциясы	Жеке түрі	Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында	р/с	Әріп атауы	Транскрипциясы	Жеке түрі	Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында
1	Алиф	ā, ʾ	ا	ا	ا	ا	15	Дәд	д	ض	ض	ض	ض
2	Бә	б	ب	ب	ب	ب	16	Тә	т	ط	ط	ط	ط
3	Тә	т	ت	ت	ت	ت	17	Зә	з	ظ	ظ	ظ	ظ
4	Сә	с	ث	ث	ث	ث	18	Айн	‘	ع	ع	ع	ع
5	Джим	ж	ج	ج	ج	ج	19	Ғайн	ғ	غ	غ	غ	غ
6	Хә	х	ح	ح	ح	ح	20	Фә	ф	ف	ف	ف	ف
7	Хә	х	خ	خ	خ	خ	21	Қәф	қ	ق	ق	ق	ق
8	Дәль	д	د	د	د	د	22	Кәф	к	ك	ك	ك	ك
9	Зәль	з	ذ	ذ	ذ	ذ	23	Ләм	л	ل	ل	ل	ل
10	Рә	р	ر	ر	ر	ر	24	Мим	м	م	م	م	م
11	Зә	з	ز	ز	ز	ز	25	Нун	н	ن	ن	ن	ن
12	Син	с	س	س	س	س	26	Һә	h	ه	ه	ه	ه
13	Шин	ш	ش	ش	ش	ش	27	Уәу	ў	و	و	و	و
14	Сәд	с	ص	ص	ص	ص	28	Йә	й	ي	ي	ي	ي

Ғамза дыбысы әліпби құрамына енгендіктен, оның транскрипциясын орыс ғалымдары секілді үтір [’] арқылы берген. Б.Тасымов араб тілі дауыссыз дыбыстарының транскрипциясын қазақ кирилл әліпбиінің мүмкіндігін барынша пайдалана отырып, дұрыс берген деп айта аламыз. Өйткені қазақ тіліндегі б, т, х, д, р, з, с, ш, ж, ф, қ, к, л, м, н, Һ, у, ы дыбыстарының дыбысталуы араб тіліндегі ب [b], ت [t], خ [h], د [d], ر [r], ز [z], س [s], ش [š], غ [g], ف [f], ق [q], ك [k], ل [l], م [m], ن [n], ه [h], و [u], ي [i] дыбыстарының жеке тұрғандағы дыбысталуымен бірдей

екенін жоғарыдағы тарауда дәлелдеген болатынбыз. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі *m*, *c* дыбыстарының жуан әуезді дауысты дыбыстардың әсерінен жуан айтылатын түрлері араб тіліндегі «мутбақ» (مطبق [mutbaq^{un}]) ط [t], ص [s] дыбыстарына жуық дыбысталатынын айтқан болатынбыз. Оларды да араб тіліндегі «мустафил» (مستقل [mustafil^{un}]) ت [t], س [c] дыбыстарынан ажырату үшін, орыс ғалымдарының тәжірибесіне сүйеніп, қазақ әліпбиіндегі [т], [с] әріптерінің астына нүкте қою арқылы [т], [с] деп берген. Қазақ тілінде жоқ ʻ [ʻ], ث [t], ج [dʒ], ح [h], ذ [d], ض [d], ظ [z], ع [ʻ] дыбыстарын әлемдік тәжірибеге сүйеніп, әртүрлі диакритикалық таңбалар арқылы [ʻ], [с], [ж], [х], [з], [д], [з], [ʻ] деп берген.

Біздің ойымызша Б.Тасымов араб әліпбиіндегі әріптердің атауын беруде бірнеше қателік жіберген. Кестеде араб әліпбиіндегі әріптердің атауы транскрипция арқылы берілгендіктен, транскрипцияда әріп атауларындағы һамза дыбысының белгісі де берілуі тиіс болатын және «мустафил» (مستقل [mustafil^{un}]) дыбыстардан кейінгі фатха (-) дыбысы мен созылыңқы ʻ дыбысы жіңішке әуезді болатындықтан оларды [a] ([ā]) әрпімен емес, [ə] ([ē]) әрпімен белгілесе араб тіліндегі дыбысталуын дәл берер еді. Мысалы, اَلْفُ әрпінің атауы [алиф] емес [ʻәлиф] болып, بَاءُ әрпінің атауы [bā] емес [bāʻ], خَاءُ әрпінің атауы [xā] емес [xāʻ], دالُ әрпінің атауы [dāl] емес [dālʻ], سينُ әрпінің атауы [син] емес [cйн] болып берілгені дұрыс болар еді және ереже бойынша транскрипциялық жазуда бас әріп қолданылмайтындықтан, бұл кестені біз былай берер едік (16-кесте):

16-кесте – Біз ұсынған араб әріптерінің атауы мен дыбыстарының транскрипциясы:

р/с	Әріп атауы	Транскрипциясы	Жеке түрі	Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында	р/с	Әріп атауы	Транскрипциясы	Жеке түрі	Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында
1	ʻәлиф	ā, ē	ا	ا	ا	ا	15	дәд	д	ض	ض	ض	ض
2	бәʻ	б	ب	ب	ب	ب	16	тәʻ	т	ط	ط	ط	ط
3	тәʻ	т	ت	ت	ت	ت	17	зәʻ	з	ظ	ظ	ظ	ظ
4	сәʻ	с	ث	ث	ث	ث	18	ʻәйн	ʻ	ع	ع	ع	ع
5	жйм	ж	ج	ج	ج	ج	19	ғайн	ғ	غ	غ	غ	غ
6	хәʻ	х	ح	ح	ح	ح	20	фәʻ	ф	ف	ف	ف	ف
7	хәʻ	х	خ	خ	خ	خ	21	қәф	қ	ق	ق	ق	ق
8	дәл	д	د	د	د	د	22	кәф	к	ك	ك	ك	ك
9	зәл	з	ذ	ذ	ذ	ذ	23	ләм	л	ل	ل	ل	ل
10	рәʻ	р	ر	ر	ر	ر	24	мйм	м	م	م	م	م
11	зәʻ	з	ز	ز	ز	ز	25	нүн	н	ن	ن	ن	ن

12	сйн	с	س	س	س	س	26	hā'	h	ه	ه	ه	ه
13	шйн	ш	ش	ش	ش	ش	27	šāš	š	و	و	و	و
14	сәд	с	ص	ص	ص	ص	28	šāš	š	ي	ي	ي	ي

Көптеген қазақ арабтанушылары араб сөздерін қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясын көрсеткенде араб тілі дауысты дыбыстарының қысқа түрлері мен созылыңқы түрлерін бір-бірінен ажыратпай қазақ әліпбиіндегі ұ, ү, ы, і, э, о, ө, е дауысты дыбыстарының белгілерімен транскрипциялайды. Мысалы, التفات сөзін [элтефат] [108, 318 б.], انتظار сөзін [ынтезар] [108, 316 б.], إبليس сөзін [іблис], إسراف сөзін [ісраф] [108, 317 б.], مخلوق сөзін [мәхлұқ], مقصود сөзін [мәқсүд] [108, 182 б.], قاعدة сөзін [қа'эде] [108, 150 б.], فرصة сөзін [форсәт] [108, 236 б.], رخصة сөзін [рохсәт] [108, 242 б.], سفرة сөзін [сүфрә] [108, 264 б.], حكمة сөзін [хөкмәт] [108, 296 б.], شيطان сөзін [шейтан] [108, 299 б.], شفاء сөзін [шефа] [108, 309 б.], إسقاط сөзін [ысқат] [108, 316 б.], إسلام сөзін [әслам] [109, 83 б.], نقط сөзін [нұқат] [109, 131 б.], كاح сөзін [неках] [109, 130 б.], نور сөзін [нұр] [109, 131 б.], تَعَلَّمَ сөзін [тә'әллүмун] [51, 60 б.], مِصْرُ сөзін [мысру] [51, 62 б.] деп транскрипциялаған. 12-кестеде Б.Тасымовтың «Араб тілі» кітабындағы харакаттардың (қысқа дауыстылардың) транскрипциялау үлгісі көрсетілген [51, 18 б.].

12-кесте – Араб харакаттарын Б.Тасымов ұсынған қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы:

Харакаттардың аты	Харакаттардың жазылуы	Харакаттардың транскрипциясы
фатха	َ	а, ә
кәсра	ِ	и, і, ы
дамма	ُ	у, ұ, ү

Араб сөздерінің қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясын көрсеткенде жоғарыдағыдай қазақ әліпбиіндегі ұ, ү, ы, і, э, о, ө, е дыбыстарының таңбасымен белгілеу дұрыс емес сияқты. Өйткені қазақ тіліндегі бұл дыбыстар араб әдеби тілінен гөрі араб диалектілеріндегі дауысты дыбыстардың дыбысталуына жақын келеді. Сондай-ақ, жоғарыдағы тарауда араб әдеби тілінде үш қысқа дауысты фатха (- [a]), кәсра (- [i]), дамма (- [u]) харакаттары, үш созылыңқы дауысты ٰ [ā], ِ [ī], و [ū] дыбыстары, бәрі алты дауысты дыбыс бар екенін және көрші дауыссыз дыбыстардың әсерінен әртүрлі (жуан, орташа жуан, жіңішке) әуездегі естілімдерінің сөз мағынасын ажырататын фонематикалық қасиеті болмайтындықтан, оларды жеке-жеке фонема емес, бір-ақ фонема ретінде саналатынын, сондай-ақ, бұл үш дыбыстың қысқа түрлері қазақ тіліндегі а, ә, и, у дыбыстарына ғана сәйкес келетінін айтқан болатынбыз. Сондықтан, араб әдеби тіліндегі қысқа дауыстыларды, нақтырақ айтқанда кәсра харакатының дыбысын әртүрлі әуездегі (жуан, орташа жуан, жіңішке)

естілімдерін назарға алмай бірінғай *и* дыбысының таңбасымен [и] деп, дамма харакатының дыбысын әртүрлі әуездегі (жуан, орташа жуан, жіңішке) естілімдерін назарға алмай бірінғай *у* дыбысының таңбасымен [у] деп белгілеуді, ал фатха харакатының дыбысын (кейбір жағдайларда сөз мағынасын ажырататын фонематикалық қасиеті бар екенін ескеріп және) қазақ әліпбиінің мүмкіндігін пайдалана отырып жуан және орташа жуан әуезділерін а дыбысының таңбасымен [а] деп, жіңішке әуездісін ә дыбысының таңбасымен [ә] деп белгілесек және осы дауыстылардың созылыңқы түрлерін Халықаралық фонетика бірлестігі тәжірибесіне сүйене отырып [а], [ә], [и], [у] дыбыстарын білдіретін таңбалардың үстіне сызықша қою арқылы [ā], [ǣ] [ī] [ū] деп белгілесек үнемді әрі дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, жоғарыдағы мысалдарда араб тіліндегі фатха - [a] харакаты мен созылыңқы ۱ [ā] дыбысының жуан және жіңішке әуезді естілімдерін көрсетуге қазақ кирилл әліпбиінің мүмкіндіктері тиімді пайдаланылмағаны байқалады. Мысалы, *فرصة* және *رخصة* сөздеріндегі «мутбақ» (مطبق [mutbaq^{mn}]) ص [ʃ] дыбысынан кейінгі фатха харакатының дыбысы жуан әуезді естілетіндіктен оны [форсәт] [108, 236 б.] және [рохсәт] [108, 242 б.] деп қазақ кирилл әліпбиіндегі ә дыбысының таңбасымен емес *а* дыбысының таңбасымен [а] деп белгілеу, *التفات* және *نكاح* сөздеріндегі «мустафил» (مستقل [mustafil^{mn}]) ف [f] және ك [k] дыбыстарынан кейінгі созылыңқы әлиф (۱) жіңішке әуезді естілетіндіктен оны [элтефат] [108, 318 б.] және [неках] [109, 130 б.] деп *а* дыбысының таңбасымен белгілемей, ә әрпінің үстіне сызықша қою арқылы [ǣ] деп белгілеу дұрыс болар еді. Мұндай жағдайлар Б.Тасымовтың оқулығында да кездеседі. Мысалы, *فَقَّحْ* және *ذَهَبَ* сөздеріндегі дауыссыз ف [f], ت [t], ح [h], ذ [d], ه [h] дыбыстарының барлығы «мустафил» (مستقل [mustafil^{mn}]) дыбыс бола тұра харакаттарының транскрипциясын [фатаха], [заһаба] [51, 45 б.] деп, жуан әуезді *а* дыбысының белгісімен берген. Бұл сөздердегі фатха харакатының дыбысын қазақ тіліндегі жіңішке әуезді ә дыбысының белгісімен [фәтәхә], [зәһәбә] деп транскрипцияласақ араб тіліндегі дыбысталуына ұқсас дыбысталар еді.

Олай болса, *дамма* мен *созылыңқы уауды*:

- «мутбақ» (مطبق [mutbaq^{mn}]) әрі «мустағли» (مستعل [musta'li^{ln}]) ص [c], ض [d], ط [t], ظ [z] дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «туыс» сөзіндегі дауысты *у* дыбысына ұқсас жуан дыбысталатындықтан, оның қысқа түрін [y] әрпімен, созылыңқы түрін *у* әрпінің үстіне сызықша қою арқылы [ū] деп транскрипциялауды дұрыс деп ойлаймыз: طوب [тубун], طُوق [турика];

- «мустағли» (مستعل [musta'li^{ln}]) خ [x], غ [ɣ], ق [q] және дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «қурай» сөзіндегі жуан дауысты *у* дыбысына жақын дыбысталатындықтан, оның қысқа түрін [y] әрпімен, созылыңқы түрін *у* әрпінің үстіне сызықша қою арқылы [ū] деп транскрипциялауды ұсынамыз: غلب [ғулибә], قوت [қут^{yh}];

- қалған «мустафил» (مستقل [mustafil^{mn}]) ء [ʔ], ب [b], ت [t], ث [c], ج [ж], ح [h], د [d], ذ [z], ر [p], ز [z], س [c], ش [ш], ع [ʕ], ف [f], ك [k], ل [l], م [m], ن [n], ه [h], و [y], ي [й] дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «келу» сөзіндегі *у* дауысты дыбысына ұқсас жіңішке дыбысталатындықтан, оның қысқа түрін [y] әрпімен,

созылыңқы түрін у әрпінің үстіне сызықша қою арқылы [ū] деп транскрипциялауды ұсынамыз: ترك [турикә], ستور [сутӯр^{yh}];

Кәсра мен созылыңқы йәй:

- «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{un}]) әрі «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) ص [ç], ض [д], ط [т], ظ [з] дауыссыз дыбыстарынан кейін орыс тіліндегі «тыква», «сыр» сөздеріндегі ы дауысты дыбысына ұқсас жуан дыбысталады. Оның қысқа түрін [и] әрпімен, созылыңқы түрін и әрпінің үстіне сызықша қою арқылы [ī] деп транскрипциялауды дұрыс деп ойлаймыз: صراط [сират^{yh}], بصير [бәсйр^{yh}];

- «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) خ [x], غ [ғ], ق [қ] дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «қиналу», сөзіндегі жуан и дыбысына жақын дыбысталады. Оның қысқа түрін [и] әрпімен, созылыңқы түрін үстіне сызықша қою арқылы [ī] деп транскрипциялауды ұсынамыз: خيار [хийәр^{yh}], قیل [қйлә].

- қалған «мустафил» (مستفل [mustafil^{un}]) ء [’], ب [б], ت [т], ث [c], ج [ж], ح [h], د [д], ذ [з], ر [p], ز [з], س [с], ش [ш], ع [’], ف [ф], ك [к], ل [л], م [м], ن [н], ه [h], و [y], ي [й] дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «биши» сөзіндегі и дауысты дыбысына ұқсас жіңішке дыбысталады. Оның қысқа түрін [и] әрпімен, созылыңқы түрін үстіне сызықша қою арқылы [ī] деп транскрипциялауды ұсынамыз: ستار [ситәр^{yh}], كبير [кәбйр^{yh}].

Фатха мен созылыңқы әлиф:

- «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{un}]) әрі «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) ص [ç], ض [д], ط [т], ظ [з] дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «талқан», сөзіндегі а дауысты дыбысына ұқсас жуан дыбысталады. Оның қысқа түрін [а] әрпімен, созылыңқы түрін үстіне сызықша қою арқылы [ā] деп транскрипциялауды дұрыс деп ойлаймыз: صوم [саум^{yh}], صائم [çā’им^{yh}];

- «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) خ [x], غ [ғ], ق [қ] дауыссыз дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі «қалта» сөзіндегі жуан а дыбысына жақын дыбысталады. Оның қысқа түрін [а] әрпімен, созылыңқы түрін үстіне сызықша қою арқылы [ā] деп транскрипциялауды ұсынамыз: خلق [халқ^{yh}], قال [қалә];

- қалған «мустафил» (مستفل [mustafil^{un}]) ء [’], ب [б], ت [т], ث [c], ج [ж], ح [h], د [д], ذ [з], ر [p], ز [з], س [с], ش [ш], ع [’], ف [ф], ك [к], ل [л], م [м], ن [н], ه [h], و [y], ي [й] дыбыстарынан кейін қазақ тіліндегі дән сөзіндегі ә дауысты дыбысына ұқсас жіңішке дыбысталады. Оның қысқа түрін [ә] әрпімен, созылыңқы түрін үстіне сызықша қою арқылы [ǣ] деп транскрипциялауды ұсынамыз: دان [дәнә], دليل [дәйл^{yh}].

Мухаммәд әл-Қумати да осыған ұқсас мынадай мысалдар келтіреді, алайда ол «орташа жуан» (متوسط التفخيم [muṭaʊassītu-t-tafḥīmⁱ]) деген терминнің орнына «аралық» (بين بين [baīna baīna]) терминін қолданған:

- жіңішке дауысты кәсра (الكسرة المرفقة): نِيَامٌ [нийәм^{yh}];
- аралық дауысты кәсра (الكسرة بين بين): قِيَامٌ [қийәм^{yh}];
- жуан дауысты кәсра (الكسرة المفخمة): صِيَامٌ [сййәм^{yh}];
- жіңішке дауысты фатха (الفتحة المرفقة): نَوْمٌ [нәум^{yh}];
- аралық дауысты фатха (الفتحة بين بين): قَوْمٌ [қаум^{yh}];
- жуан дауысты фатха (الفتحة المفخمة): صَوْمٌ [саум^{yh}];
- жіңішке дауысты дамма (الضمة المرفقة): نُودُورٌ [нудӯр^{yh}];
- аралық дауысты дамма (الضمة بين بين): قُدُورٌ [қудӯр^{yh}];

- жуан дауысты дамма (الضمة المفخمة): صُدُورٌ [сүдүр^{yh}] [47, 89 б.].

Жоғарыдағы ережелерді басшылыққа ала отырып, төмендегі 13, 14-кестелерді ұсынамыз:

13-кесте – Араб тілі қысқа дауысты дыбыстарының (харакаттарының) қазақ кирилл әріптерімен транскрипциялау жобасы:

حركات [ḥarakāt ^{unn}]: қысқа дауыстылар	حركات مفخمة [ḥarakātun mufahḥamat ^{unn}]: жуан әуезді қысқа дауыстылар	حركات متوسط التفتيم [ḥarakātun muṭaʿassītu-t- tafḥīm ⁱ]: орта жуан әуезді қысқа дауыстылар	حركات مرقة [ḥarakātun muraqqaqat ^{unn}]: жіңішке әуезді қысқа дауыстылар
فتحة [fathā ^{unn}] фатха	а	а	ә
كسرة [kasra ^{unn}] кәсра	и	и	и
ضمة [damma ^{unn}] дамма	у	у	у

14-кесте – Араб тілі созылыңқы дауысты дыбыстарының қазақ кирилл әріптерімен транскрипциялау жобасы:

حروف المد [ḥurūfu-l-madd ⁱ]: созылыңқы дауыстылар	حروف المد المفخمة [ḥurūfu-l-maddi-l-mufahḥamat ⁱ]: жуан әуезді созылыңқы дауыстылар	حروف المد المتوسط التفتيم [ḥurūfu-l-maddi-l- muṭaʿassītu-t-tafḥīm ⁱ]: орта жуан әуезді созылыңқы дауыстылар	حروف المد المرقة [ḥurūfu-l-maddi-l- muraqqaqat ⁱ]: жіңішке әуезді созылыңқы дауыстылар
ألف المد [ʾalifu-l-madd ⁱ] созылыңқы әлиф	й	й	й
ياء المد [jāʾu-l-madd ⁱ] созылыңқы йай	ā	ā	ā
واو المد [wāʾu-l-madd ⁱ] созылыңқы уау	ū	ū	ū

Жоғарыдағы ережелерге бағынбайтын кейбір мәселелер бар. Олар: الله [әл-лāh^y] сөзіндегі ل [л] дыбысы кәсралы дыбыстан кейін жіңішке дыбысталады: دين [дйин-л-лāh^h], даммалы не фатхалы дыбыстан кейін жуан дыбысталады: ناقة الله [нәқатә-л-лāh^h], رسول الله [расүлу-л-лāh^h]. ر [р] дыбысы фатхалы немесе даммалы болса жуан дыбысталады: ربي [раббй], تبارك [тәбәракә], إذا أسفر [ʾизә ʾәсфәра], رزقوا [рузиқу], تحشرون [тухшәрүнә], кәсралы болса жіңішке дыбысталады: رزقا [ризқ^{ah}], مريئا [мәрий^{ʾah}] [110, 113-115 б.].

2.3.1 Қазақ онимдері және олардың түрлері

Қай кезде, қай қоғамда болмасын адам баласы дүниеге келген заматтан атаулар қоршауында болған. Ең алдымен адамзат баласы өзін-өзі есімі арқылы танып, өзгеге танытып, туған жерін, шыққан тегін идентификациялап, жақын мен жатты осы атаулар арқылы түйсінген [111, 3 б.]. Әрбір елдің қазіргі таңдағы қалыптасқан ономастикалық атаулар жүйесі – сол топырақты әр

заманда мекен етіп, малы аралас, қойы қоралас біте-қайнап араласып, тұрмыс-тіршілігі, қам-қарекеті ортақ болған халықтар мен ұлыстардың, түптеп келгенде, сол жерде қазіргі таңда мекендеп отырған негізгі ұлттың сан ғасырлар бойы жасалған ұжымдық ой-санасының жемісі, ортақ мәдени, рухани туындысы және оның жалпы этникалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде танылып, сол халықтың тілі мен ділі, дінінің болмыс ерекшелігін айқындайды. Белгілі ғалым-топонимист Э.М. Мурзаев былай деп жазған: «Қазіргі әлемді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Пошта, телеграф, темір жолдар өз қызметтерін тоқтатады, ұшақтар әуежайда, кемелер аты жоқ кеме тоқтайтын жерлерде тұрып қалған болар еді. Ал газеттер жер шарының әр жерінде болып жатқан оқиғаларды қалай жеткізер еді?». Бұл ойды ары қарай дамытып, кісі аттары, жануарлар, ғарыш, планеталар, әдеби және басқа ғылыми, өнер шығармалары, тағам, т.б. атауларын қатыстырып айтуға болады [112, 3 б.]. Мұндай атауларды ғылым тілінде «онимдер» деп атайды. Белгілі неміс лингвисті Бах онимге: «Ол – жеке бір болмыстың не жеке заттың не жеке ұғымның не белгілі бір топтың белгісін білдіру үшін қолданылатын атау», – деп анықтама берген болатын [113, 70 б.]. Қазақ ономаст-мамандары онимдік бірліктерді топтастырғанда қалыптасқан Еуропа және орыс ғалымдары жүйелеулерін негіз етіп алатындығын айту керек. Осы орайда ұғынықты болу үшін қазақ ономастикасының басты тармақтары мен топтарын әлемдік ономастика, одан бері орыс ғалымы Н.В. Подольскаяның грек және латын тілдері негізінде интернационалдық терминдік элементтерден жасалған жүйесі негізінде көрсетуге болады. Олар:

1-Жер беті кеңістігі атаулары (жанды және жансыз болмыс):

А) Бионим (жанды организм): антропоним (кісі есімдері), зооним (жануарлардың атаулары), фитоним (өсімдік атаулары), т.б.;

Ә) Абионим (жансыз нысан): топоним (жер-су атаулары), стратоним (геологиялық формациялар), т.б.;

Топонимнің өзін іштей бірнеше бөлікке жіктеуге болады: ороним (жер бедері нысандары), хороним (аумақ: табиғи және әкімшілік бағынысты), агрооним (жер телімдері), гидроним (су нысандары: потамоним (*өзен аты*), лимноним (*көл*), гелеоним (*батпақ*), океаноним (*мұхит*), пелагоним (*теңіз*)), эклезионим (кесене, күмбез, сағана), ойконим (елді мекендер: астионим (*қала*), урбаноним (*қала іші нысандары*), комоним (*ауыл, село*)), дромоним (жол атаулары), некроним (бейіт, мола) т.б. [114, 15 б.];

Ал осы атауларды зерттейтін ғылым саласын тіл білімінде «ономастика» деп атайды. Онимдер кез келген тілдегі сөздік құрамның бір бөлігі болып саналады. Ол өз арнасын жалпы халық тілі қорынан алады да тілдегі сөздердің (лексикасының) барлық салаларынан жасалып, тілдің ішкі заңына сәйкес дамиды. «Онимдер, негізінен, басқа тілдерге аударылмайды» [112, 112 б.]. Өзге тілдерге көшірілгенде сол тілдің бар мүмкіндігін сарқа пайдалана отырып, бастапқы тілдегі дыбыстық ерекшеліктерін сақтап транслитерацияланады [115, 97 б.]. Транслитерациялау ережесі тілден тілге аударылмайтын онимдердің барлығына ортақ болғандықтан, жұмысымызда белгілі бір онимге басымдық бермейміз. Яғни жұмысымыздың нәтижесі, яғни қазақ онимдерін араб тіліне

транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері жоғарыда көрсетілген қазақ онимдері қабатының барлығын араб тіліне транслитерациялануын қамтамасыз етеді. Өйткені, атаулар бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, кей елді-мекен атаулары адамға есім ретінде қойылып жатса (*Алтай, Түркістан, Шымкентбай*, т.б.), енді бірде елді-мекендер кісі есімдерімен аталып жатады (*Жамбыл облысы, Қарасай ауданы, Бәйдібек ауданы*, т.б.).

Қазақ онимдерінің бір қабатын қазақ кісі есімдері құрайды. Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді. Бұл есімдерде өзін қоршап жатқан тұрмысы мен тіршілігі, табиғат ортасы, дәстүрі мен құндылықтары көрініс тапқан.

Ғалым Т.Жанұзақ лексикалық тұрғыдан қарағанда, олардың көне қабаттары негізгі де ұйытқы тірек болып табылатындығын айта келе, төмендегідей лексика-семантикалық топқа жіктейді:

- мал шаруашылығымен байланысты есімдер: *Бота, Бұқа, Аққозы, Құлыншақ, Жылқыбай*, т. б;

- табиғат құбылысымен байланысты есімдер: *Таубай, Боран, Күнай, Айдай, Шолпан*, т. б;

- тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер: *Арыстан, Түлкібай, Бүркіт, Қарлығаш, Лашын*, т. б;

- асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер: *Алтын, Болат, Гауһар, Маржан, Жібек, Торғын*, т. б;

- өсімдік аттарымен байланысты: *Қызғалдақ, Райхан, Гүлжан, Гүлнұр* т.б;

- жеміс-жидек аттарымен байланысты: *Алма, Анар, Мейіз, Жаңғақ, Сарымсақ*, т. б;

- туыстық атаулармен байланысты: *Атабек, Баба, Дадабай, Жиенбай, Туғанбай*, т. б;

- жер-су аттарынан қойылған есімдер: *Алтай, Алатау, Аралбай, Орал, Еділ, Ертіс*, т. б;

- үй жиһаздары мен мүліктеріне байланысты есімдер: *Шара, Табақбай, Айнагүл, Шөмішбай*, т. б;

- түрлі тағам аттарына байланысты есімдер: *Айранбай, Сүттібай, Шырынбай, Шекер*, т. б [116, 11 б.].

Халық арасында есім берудің кеңінен тараған бір түрі – сан есіммен байланысты болып келеді. Ондай сан есімдерден қойылған кісі аттары бір сан есімінен мың санына дейін кездеседі. Мысалы, *Бірбай, Біржан, Бесбай, Жетпісбай, Сегізбай, Сегізсері, Елубай, Сексенбай, Тоқсанбай, Жүзбай, Мыңбай, Мыңқой*. Керісінше, сан есімнен қойылған әйел есімдері некен-саяқ қана кездеседі.

Тіл халық тарихымен тығыз бірлікте дамып, өсіп-өркендейді. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында кездесетін кірме сөздер де халықтың тарихи, қоғамдық-экономикалық өміріндегі қарым-қатынас жасаған, көршілес отырған жұрттардан ауысқан [117, 3 б.]. Сол секілді Т.Жанұзақ кісі есімдерінің тілдік (лексика-грамматикалық, фонетикалық) табиғаты жағынан біркелкі емес екенін айта келе, олардың құрамында таза қазақ (жалпы түркілік) есімдерден бөлек,

шет тілдерден енген (араб, парсы, монғол, орыс т. б.) қабаттар бар дейді. Әсіресе түсінігі қиын саналатын кісі есімдері бір топ. Бұлар негізінен тым көне дәуірлерден (орал-алтай тіл бірлестігі кезеңіне) болулары да ықтимал [111, 50 б.].

Тілімізде қалың жұртшылыққа мән-мағынасы түсініксіз, шығу тегі белгісіз антропонимдік лексикалардың құпия сыр-сипатын ашып, анықтау үшін халқымыздың көне тарихына зер салып, үңіле ізденуіміз керек. Өйткені тіліміздің жүздеген ономастикалық көне лексемалардың рулық, тайпалық және тайпалық одақтармен ұштас екені даусыз мәселе болса керек. Тіліміздегі түсінігі қиын антропонимдік лексикалар: *Абасан, Абылай, Абылан, Алпамыс, Батық, Бодан, Борсақ, Бәжей, Бөкей, Бүке, Бұқас, Дайыр, Дабай, Дамай, Дәркей, Додақ, Дубай, Дүйіс, Ешей, Жабайхан, Жабаз, Жадай, Жадан, Кеңгірбай, Күсен, Қармыс, Қарнық, Қожық, Майқы, Мампай, Масан, Менаж, Мөңке, Садыбай, Сақбай, Сатай, Сыбанқұл, Тарғын, Тоқай, Шүкей, Шолтыр, Шотай*, т. б [111, 52 б.].

Тілімізде монғол тілінен енген есімдер саны да біраз. Олар сипатына қарай екі топқа бөлінеді: 1) монғол тілінен тікелей ауысқандар. Мәселен, *Аймақ, Ноян, Нөкер* (бек), *Сайын* (жақсы), *Жайсаң* (бек), *Баян, Ойрат, Сыпатай, Жамбыл, Қапшағай, Шона, Сая, Лашын*, т.т.; 2) қазақ, монғол тілдеріне ортақ сөздерден жасалған антропонимдер. Олар туыстық терминдер, мал атаулары мен күнделікті тұрмыстық сөздерге және әртүрлі зат атауларына қатысты сөздерден қойылған антропонимдер: *Бауыржан* (монғ. боор), *Нағашыбек* (монғ. нагса, нағасы), *Бөлебай* (монғ. бөлө), *Құдабай* (монғ. құдғи), *Ақабай* (монғ. аха – «үлкен аға»). Үй хайуандары аттарынан қойылғандары – *Бұқа* (монғ. буқа) *Дөненбай* (монғ. доне), *Құнанбай* (монғ. гунан), *Бура* (монғ. бугура), *Серке* (монғ. серке). Аспан, ай, жұлдыз, ауа райына байланысты сөздерден: *Тәңірберген* (монғ. тығри), *Сара* (монғ. сара – «ай»), *Боран* (монғ. боруган), *Арай* (монғ. ур – «таң шапағы»), *Жылкелді* (монғ. жил), т. б [111, 60 б.].

Орыс тілі сөздерінен жасалған немесе тікелей қабылданған есімдер сөйлеу тілі мен ресми құжаттарда ХҮІІ ғасырдан бастап кездеседі. Мысалы, *Андре* (Андрей есімінің нұсқасы), *Мекәйіл* (Михайил), *Мариям* (Мария), *Анна, Капитан, Жандарм, Жандарал* (Генерал), *Жагор* (Егор), *Майыр* т. б. Сол ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда жалпы есім сөздерден қойылған қазақ есімдері де болған еді. Бірақ олар ірі дыбыстық өзгеріске ұшырап, бастапқы тұлғасынан өзгеше айтылып, басқаша жазылған. Мысалы, *Болатнай* (Булатный), *Сәтен* (Сатин), *Болысбек* (волость), *Бәтес* (батист), *Қампит, Кәмпит* (конфета), *Шәйнек* (чайник), т. б. Орыс тілінің сөз құрамы арқылы немесе өз қалпында қабылданған есімдер Кеңес дәуірінде ерекше етек алды. Кеңестік дәуірдегі коммунистік идеология негізінде қабылданған есімдер мыналар: 1) әйелдер есімдері: *Анна, Аня, Анастасья, Валентина, Зоя, Лиза, Лида, Катя, Светлана, Нина Лариса, Роза, Рита, Тамара, Ольга, Раиса, Любовь* т. т. 2) ерлер есімдері: *Алексей, Андрей, Виктор, Валерий, Максим, Мирон, Денис, Ефим, Ждан, Клим, Сергей*, т. т [111, 61-62 б.].

Осылармен қатар басқа халықтар тілдерінен орыс тілі арқылы қабылданған есімдер де тіліміздегі жаңа есімдер санын көбейте түсті. Олар: 1) әйелдер есімдері: *Роза, Долорес, Сара, Жанна, Дина, Лола, Элеонора, Луиза, Маргарита, Римма* т. б., 2) ерлер есімдері: *Маркс, Диас, Марат, Хозе, Артур, Ригард, Эрист, Суният*, т. б [116, 16 б.].

Кеңестік өмір бейнесі мен болмысын бейнелейтін есімдер жаңа сөздер мен терминдерден жасалғанын көреміз. Мәселен, 1) ерлер есімдері: *Армия, Мәдениет, Сайлау, Закон, Сиязбек, Колхозбек, Совхозбек, Фермахан, Доқтырхан, Маршал, Солдатбек, Мектепбай, Екпінді, Отан, Өндіріс, Социал, Октябрь, Ким, Совет, Космосбек* т. т., 2) әйелдер есімдері: *Октябрина, Мира, Майя, Кима, Бейбітгүл, Гүлмира, Гүлжеңіс*, т. б.

Көрші республикалар есімдерінен балаларға есім қойғанда, олардың ішінен ана тіліне бейім, айтылуы ықшам да жеңіл, мағынасы айқын әдемілерін таңдап, талғап алу байқалады. Мәселен, украин есімдерінен – *Тарас, Микола, Оксана* т. б., грузин есімдерінен – *Тамара, Серго, Шота, Дила, Манана, Арсен*, т. б., тәжік есімдерінен – *Дана, Анар, Раушан, Зарина, Дос*, т. б [116, 17 б.].

Иран тілінен енген антропонимдер тіліміздің заңына бағынып, алуан түрлі фонетика-морфологиялық өзгерістерге ұшырап отырды. Иран тіліндегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі сәйкес дыбыстармен алмасатыны байқалады. Иран (тәжік) тілдеріндегі еріндік «о» дыбысы қазақ тіліндегі ашық дауысты езулік «а», «ә» дыбыстарымен алмасады. Мысалы, тәжікше *Достон, Мирзо, Зибо, Шохназар, Мардон, Озот* дегендер қазақ тілінде *Дастан, Мырза, Зиба, Шахназар, Мардан, Азат* тұлғаларында айтылып жазылады.

Артқы қатарлы «а» дауысты дыбысы қазақ тіліндегі алдыңғы қатарлы езулік «ә» және «е» дыбыстарымен алмасады. Бұл құбылыс көбіне біріккен тұлғалы кісі аттарында жиі ұшырайды. Бұндай алмасулар түркі тілдерінің біразына – башқұрт, татар, әзербайжан тілдеріне тән, ортақ қасиет. Мысалы, иран-тәжік тілдеріндегі – *Дарманд, Лазат, Лайло* – қазақ тілінде *Дәрмен, Ләззат, Ләйла* түрінде айтылып, «а», «ә» дыбыстарына ауысады [111, 57-58 б.].

Қазақ тіліндегі шығыс тілдері элементтерінің ішіндегі қатары молырағы – араб текті сөздер. Араб сөздерінің қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде лексикографиялануы туралы зерттеген Г.Бүркітбай қазақ тіліндегі араб сөздерін бес топқа жинақтап қарастырады:

- ғылым білімге байланысты лексика;
- қоғамдық саяси өмірге қатысты лексика;
- тәрбие және тұрмысқа қатысты лексика;
- ислам дініне қатысты лексика;
- дерексіз ұғымдарды білдіретін лексика [118, 46 б.]. Ал олардың бір саласы – онимдер (кісі атаулары, жер-су атаулары және т.б.).

Қазіргі қазақ тіліндегі кісі есімдерінің негізгі басым тобы төл сөздерімізден, ал шағын шоғыры басқа тілден енген сөздерден қойылған. Өзге тілден ауысқан адам аттары араб, парсы, монғол, орыс, т.б. тілдерден дедік. Олардың ішіндегі тілімізде өте мол ұшырасатыны – араб текті кісі есімдері [117, 3 б.].

ҮІІ ғасырдан бастап ислам діні әуелі қазақ даласының оңтүстік аймағына, онан соң мүмкіндігінше басқа жерлеріне тарайды. Дінмен қатар араб мәдениеті де қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласына өз әсерін тигізді. Тілімізде мыңдаған жаңа сөздер мен сөз тіркестері, кісі аттары мен этнонимдік, географиялық атаулар пайда болды.

Қазіргі қазақ тіліндегі араб текті кісі есімдерін үлкен екі топқа бөліп қараудың орны бар. Біріншісі – діни мазмұнды есімдер. Мәселен, *Мұхамбет*, *Омар*, *Оспан*, *Ғали*, *Жүсіп*, *Фатима*, *Айша*, т.б есімдер Мұхаммед пайғамбардың, оның сахабалары мен ұл-қыздары, әйелдерінің аттарына байланысты қойылған. Араб тілінен енген есімдердің екінші бір легі – жалпы есім сөздер негізді болып келеді. Мәселен, *Жұман* – маржан; *Кәрім* – жомарт; *Мансұр* – жеңімпаз; *Мұхтар* – қалаулы, таңдаулы; *Жәмила* – көркем, сұлу; *Зейне* – әшекей, т.б.

Қазақтың өз төл сөздерінен қойылған кісі есімдерінен кейін өте көп кездесетін адам аттары араб текті болып келуінің басты себептерінің бірі – араб тіліндегі қисса, діни шығармалармен және арабша шығармалардың желісі негізінде «назирағөйлік» әдіспен жырланып, халық арасына қазақша көп тараған жырлармен байланысты болды. Мұндай қиссаларда арабша нұсқадағы кісі аттары көбінесе сақталып отырды. Олар қазақша есім қоюдың басты көзіне айналды. Барлық Орта Азия мен шығыс халықтары әдебиетіне есімдері паш болған Фирдауси, Низами, Физули, Жәми, Науаи, Хафиз, Рудаки, т.б. туындылары арқылы енген немесе араб, үнді, парсы халықтарының «Мың бір түн», «Шах-наме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Тахир-Зухра», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат» сияқты аңыз-ертегілері мен қиссаларынан алынған есімдер аз болған жоқ. Сондай-ақ хан, сұлтан, бай мен билер өз балаларына негізінен араб есімдерін қойды. Арабша есім қоюға дін қызметкерлері қожа, молдалардың да ықпалы аз болмады.

Араб текті есімдердің халық арасында мейлінше кең тарағаны жалпы есім сөздерінен қойылғандары. Мәселен, *Қамар* – ай; *Шамши* – күн; *Жамал* – сұлулық; *Бақыт* – құт, ырыс; *Хамит* – мақталған; *Әлима* – оқымысты ғалым әйел; *Әмина* – сенімді, адал, таза; *Әуел* – алғашқы, бастапқы; *Медет* – жәрдем, көмек; *Шапағат* – рақымдылық, мейірімділік, т.б.

Сонымен қатар кісі есімдерімен бірге арабша атақ-дәрежесін, шыққан тегін көрсететін титулдары қоса айтылатын болған. Мысалы, *Барақ сұлтан*, *Асан молда*, *Құнанбай қажы*, т.б. Ол титулдар кейде билеуші топ өкілдері балаларының жеке есімдері ретінде де қойыла берген. Мәселен, *Сұлтан*, *Әмір*, *Мәлік*, т.б.

Араб тілінен қойылған кісі есімдеріне түркі тілдеріндегі титулдардың қосылуы нәтижесінде біріккен тұлғалы кісі есімдері пайда болды. Мәселен, *Айтбай*, *Ахметбек*, *Бексұлтан*, *Сұлтанбай*, *Әмірбай*, т.б.

Бұл тәрізді титулдар қоғамдық құрылыстың өзгеруіне байланысты өздерінің нақты мағынасынан айрылып, өзгеріске түскен. Кейінгі кезеңдерде олар жеке кісі аттары ретінде қойылып, не болмаса біріккен тұлғалы кісі аттарының құрамында кездесіп, қосымшалық қызметке ие болып кеткен.

Араб тілінен енген сан алуан есімдер тіліміздің ішкі заңына толық бағынып өздерінің бастапқы бет бейнесін өзгертіп, фонетикалық та, грамматикалық та ірі өзгерістерге ұшыраған. Н.Оңдасынов: «Біз қазақ тілінде кең өріс алған 400-ден астам араб сөздерінің қазақша жазылу түрлерін анықтап шықтық. Олардың шұбарлығы соншалық, оның себебін ашуға кісінің ақылы жетер емес. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Оқылған әдебиеттерде: тасбих сөзінің – 20, ижтиһаттың – 12, ілтипаттың – 8, ғибраттың – 7, әрекеттің – 6, қауіптің – 5, ұжданның – 4 варианты кездесті. Әрқайсымыз күніне жүз рет айтатын «рақметтің» (ауызекі айтылуы өз алдына) баспада: рақмет, рақымет, рахмат, рахмет, рахымет сияқты 5 түріне кездестік», – дейді [119, 4 б.].

Араб тектес есімдердің халықтық этимологияға түсуі, әсіресе, диалектілік ерекшелікке байланысты түрлі нұсқада айтылуы көптеп кездеседі. Оны мына тәрізді есімдер құбылысынан анық байқаймыз. *Ғали – Қали; Әлі – Әли; Жүніс – Жұныс; Жүсіп – Жұсып – Дұсып – Түсіп; Фатима – Патима – Бәтима – Батыма; Ғайша – Айша – Қайша*, т.б.

Дұрыс айтпау немесе қате жазу салдарынан болар, тілімізде фонетикалық нұсқалар мен дублеттер өте көп. Соның салдарынан бір есімнің бәрнеше түрлі нұсқасы туындаған. Олар: *Ыдырыс – Едіріс, Ідріс; Абдолла – Ғабдолла – Қабдолла – Қабділда – Қабылда – Қабділда; Хадиша – Қадиша; Ыбрагим – Ибрагим – Ыбырайым – Ыбырай – Ыбрай*, т.б. Бұл көрсетілген есімдердің бәрі өз алдына жеке есім ретінде жұмсалып, әр азаматтың төлқұжаттарында және де басқа да құжаттарында осы аталған қалпында жазылып та, айтылып та жүр. Мұның өзі араб текті есімдердің тіліміздің ішкі заңына бағынып, өздерінің бастапқы бейнесін өзгертіп, тілдік нормаға икемделуінен туған жайт сияқты. Бұған себеп, араб тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың бәрінің бірдей баламасы (сәйкес дыбыстары) тіліміздің дыбыстық жүйесінен табыла бермейді. Сондықтан көптеген сөздер мен есімдер тіліміздің фонетикалық жүйесіне, айтылу заңдылығына бейімделіп өзгеріске ұшыраған. Демек, тілімізде жоқ, араб тілі дыбыстарына сәйкес келмейтін дыбыстарды айтпай кетуге немесе оның орнына тіліміздегі сол дыбысқа сәл де болса жуық, жақындау келетін дыбыстардың бірімен таңбалауға тырысамыз. Кейде араб тілі дыбыстарын, ретіне қарай, артикуляциялық өзгерістерге сүйеніп те қабылдай беру бар. Бұның өзі араб тілі дыбыстарының бәрінің бірдей қазақ тілінде баламасы бола бермейтінін көрсетеді.

Араб тілінен енген кісі есімдері, жоғарыда көрсетілгендей, фонетикалық әрі семантикалық тұрғыдан көптеген өзгерістерге ұшырап, тіпті, арабша бір ғана есімнің қазақ тілінде үш, кейде бес-ондаған нұсқалары пайда болған. Олардың әрқайсысы өз алдына кісі есімі боп саналады. Бұл араб текті есімдердің бір ғана жағы. Ал екінші бір ерекше жағы – бұл есімдердің мағыналық топтарға топтастыруға болатындығы. Оның біріншісі – діни мазмұнды есімдер. Бұның өзі ішінара екі топқа бөлінеді, 1) мұсылман дінінің ұғымдары мен наным-сенімдеріне байланысты сөздерден қойылған есімдер: *Абдолла (Ғабдолла, Қабдолла) – «Алланың құлы»; Асадолла – «Алланың арыстаны»* т.б.; ә) пайғамбар, әулие-әнбие, сахаба есімдері: *Мухаммад – «мақталған, мадақталған»; Али – «биік, зор, жоғары мәртебелі, зәулім»; Усман –*

«ерлік, батырлық» т.б. 2) араб тіліндегі жалпы есім сөздерден қойылған есімдер. Бұлар өзара мынандай лексикалық топтарға бөлінген:

- әлеуметтік, саяси, әкімшілік терминдер мен сөздерден қойылған есімдер: Малик (патша) – *Мәлік*; әмир (басшы, бастық) – *Әмір, Әмірбай, Әмірхан*; султан (әкім, басшы) – *Сұлтан бай, Сұлтанбек, Сұлтанхан, Сұлтангелді*; уали (басшы) – *Уәли*; раис (басшы) – *Райыс, Райысбек*.

- астрономиялық атаулар мен табиғат құбылыстарының атауларынан қойылған есімдер: камар (ай) – *Қамар*; шамс (күн) – *Шәмші*.

- тұрмыстық сөздерден қойылған есімдер: дуккан (сауда-саттық орны) – *Дүкенбай*; рамадан – *Рамазан*.

- адамның мінез-құлық, түр-келбетіне байланысты қойылған есімдер: жамила (әдемі) – *Жәмила*.

- адамның көңіл-күйі, мақсат-мұратына байланысты сөздерден қойылған есімдер: мурад (тілек) – *Мұрат*; рахим (рақымды) – *Рақым*.

- қымбат металдан, маталар мен бұйымдар атауларынан қойылған есімдер: халқа (алқа, сақина) – *Алқа*; зубаржад (асыл тас) – *Зүбәржат*.

2.3.2 Қазақ онимдерінің араб тіліндегі еңбектер мен аудармалардағы берілуі. Елімізді күллі араб әлеміне танытатын еңбектердің бірі – Сауд Арабиясының ресейтанушы маманы, саясатшы доктор Мәжид ибн Абдулазиз әт-Туркидің 2007 жылы жарық көрген « نورالسلطة في كازاخستان: الرئيس نورسلطان نزارباييف » [nūru-s-sultāti fī kāzāḥstān ar-ra'īsu nūrsultān nazārbāi'if] («Қазақстандағы билік нұры – елбасы Нұрсұлтан Назарбаев») атты кітабы. Бұл кітапта автор оқырмандарға Қазақстан Республикасы Президентінің тәуелсіз мемлекет құру жолында жүргізіп отырған саясатының көрегендігін, соның арқасында елдің ислам әлемі мен халықаралық аренада елеулі орынға ие болғанын барынша шынайы көрсетуге ұмтылады. 2008 жылы 29 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болған осы кітаптың орысша басылымының тұсаукесерінен кейін, университет ректоры Б.Т. Жұмағұловтың жетекшілігімен қазақ тіліне аударылды. Қазақ тілінде жарық көрген нұсқасының 4-бетінде елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кітап авторына: «Бұл кітап Қазақстанды араб елдеріне, бүкіл мұсылман елдеріне таныстырады деп сенемін. Сіздің еңбеңіз өте қажет. Табысты болыңыз, аман болыңыз» [120, 6-7 б.], – деген алғыс сөзі бірге берілген. Қазақ елін өзге елдерге таныстыру үшін осындай еңбектердің көптеп жазылғаны керек-ақ. Алайда бұл еңбекте келтірілген қазақ онимдерінің араб тілінде жазылуындағы кемшіліктер бұл мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырып, бір ізге салу қажеттігін көрсетеді. Кейде адамның аты-жөні, жер-су атаулары арабша жазылғанда бастапқы өң, түр-тұлғасынан айрылып, адам танымастай өзгеріске түседі.

Жоғарыда аталған еңбекте еліміздің атауы *Қазақстан* бір жерде:

- كزاخستان [kazāḥstān] [121. 33 б.], қалған жерлерде өне бойы

- كازاخستان [kāzāḥstān],

ұлтымыздың аты *қазақ*:

- الكزخي [al-kazaḥi^{tu}] [121. 6, 10, 65 б.],

- الكازاخي [al-kāzāḥi^{tu}] [121. 8, 16, 65, 65, 69 б.]

- الكزخي [al-kazāḥi^{iu}] [121. 49 б.] деп үш түрлі берілген. Ескере кететін тағы бір жайт 65 беттегі *қазақ* сөзі екі қатар сөзде الكزخي [al-kazaḥi^{iu}] және الكازخي [al-kāzāḥi^{iu}] болып екі түрлі жазылып тұр.

Еліміздің бас қаласы *Астана*:

- أستانه [ʾastānah] нұсқасы төрт жерде [121. 5, 9, 11, 32 б.],

- أستانا [ʾastānā] нұсқасы бес жерде [121. 7, 8, 104, 106, 107 б.],

- أستانة [ʾastāna^{tu}] нұсқасы он бір жерде [121. 9, 14, 31, 32, 36, 43, 54, 84, 86, 92, 106 б.],

- استأنا [ʾastaʾnā] нұсқасы бір жерде [121. 109 б.] (осы нұсқасы баспадан кеткен қате болуы мүмкін) барлығы төрт түрлі нұсқада,

оңтүстік астанамыз *Алматы* қаласының атауы:

- ألماتا [ʾalmātā] нұсқасы бір жерде [121. 11 б.],

- ألماتي [ʾalmātī] нұсқасы алты жерде [121. 14, 16, 18, 69, 84, 86 б.],

- الماطي [ʾalmāṭī] нұсқасы үш жерде [121. 14, 32, 52 б.];

- ألماتي [ʾālmātā] нұсқасы бір жерде [121. 93 б.] барлығы төрт түрлі нұсқада,

Семей қаласы:

- سيميبلاتنسك [sīmībalātinsk] [121. 14 б.],

- سيمبالاتنسك [sīmibalātinsk] [121. 17 б.],

- سيميبلالاتينسك [sīmībālātīnsk] [121. 77 б.] болып үш түрлі нұсқада,

Қарағанды қаласы бір беттің өзінде:

- قراغنده [qarāḡanda^{tu}] [121. 15 б.]

- قرغنده [qaraḡanda^{tu}] [121. 15 б.] болып екі түрлі нұсқада,

сондай-ақ, *Қызылорда* қаласы:

- قيزيل آردة [qīzīl ʾārda^{tu}] [121. 32 б.],

Теміртау қаласы:

- تيميرتاو [tīmīrtāu] [121. 15 б.],

Ақтау қаласы:

- اکتاو [aktāu] [121. 60 б.],

Байқоңыр қаласы:

- بايكانور [bāīkānūr] [121. 73 б.],

Қаскелең қаласы:

- كسكيلين [kaskīlīn] [121. 14 б.],

Шамалған елді мекені:

- تشيمولغان [tšīmūlgān] [121. 14 б.] болып берілген.

Есіл өзені:

- نهر ايشيم [nahru ʾīšīm] [121. 33, 35, 36 б.],

еліміздегі *Алаш*, *Азат*, *Азамат*, *Отан* секілді партия атаулары:

- الأاش [ʾalāš] [121. 52, 53 б.], أزات [ʾāzāt] [121. 52 б.], عظمت [ʾaẓamāt] [121. 53 б.], آتان [ʾātān] [121. 53 б.],

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЫЗ *теңге*:

- تنجه [tandʒah] [121. 36, 38, 43 б.] және

- تنجة [tandʒa^{tu}] [121. 42, 64 б.] болып екі түрлі нұсқада,

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫМЫЗ *қымыз*, *шұбат*, *құрт*, *айран* араб тіліне аударылмастан:

- قيميز [qīmīz] [121. 33 б.], شوبات [šübāt] [121. 33 б.], قورت [qūrt] [121. 33 б.],
ایران [’aīrān] [121. 33 б.],

Теңіз мұнай алаңы:

- تينجيز [tīndžīz] [121. 90 б.] болып транслитерацияланған.

Ал қазақ антропонимдеріне келер болсақ, олардың да транслитерациялану жағдайы осындай. Мысалы, елбасының фамилиясы *Назарбаев*:

- نزارباييف [nazārbāīif] [121. 5, 8, 9, 10, 77, 86, 98, 99, 100, 106, 107 б.],

- نزرباييف [nazarbāīif] [121. 6, 6, 6, 7, 8 б.],

- نازارباييف [nāzārbāīif] [121. 93, 106, 107 б.] болып үш түрлі нұсқада,

Қасымжомарт Тоқаевтың аты-жөні:

- قاسم جومارت توقاييف [qāsim džūmārt tūqāīif] [121. 102 б.],

- قاسمجومارت توقاييف [qāsimdžūmārt tūqāīif] [121. 110 б.] болып екі түрлі нұсқада,

Нәзір Төреқұлов:

- نظير تورياكولوف [nazīr tūriiākūluf] [121. 9 б.], نظير تورياكولوف [nazīr tūriiākūluf] [121. 97 б.] болып екі түрлі нұсқада,

Қайрат Лама Шариф:

- خيرات لاما شريف [ḥairāt lāmā šarīf] [121. 11 б.],

ал *Қайрат Кәріжамов* (қазақшасында осылай жазылған):

- قايرات كاريجموف [qāīrāt kāībdžāmūf] [121. 102 б.] болып «*Қайрат*» есімі екі түрлі нұсқада,

Асқар Шәкіров:

- اسكار شاكиров [askār šākīrūf] [121. 104 б.] болып,

Асқар Қонаев:

- عسكر كوناييف [’askar kūnāīif] [121. 16 б.] болып,

Дінмұхаммед Қонаев:

- دين محمد كوناييف [dīn muḥammad kūnāīif] [121. 16 б.],

Бақтияр Тасымов:

- باختيار تاسيموف [baḥtiīār tāsimūf] [121. 11 б.],

Сара Алтысқызы:

- سارة ألبيسوفنا [sāra^{tu} ’albīsūfnā] [121. 21 б.],

Шоқан Уәлиханов:

- تشوقان وليخانوف [tšūqān ʋalīḥānūf] [121. 34 б.],

Жабайхан Әбділдин:

- جاباخان ابديلين [džāīāḥān abdiīn] [121. 100 б.],

Нұртай Әбіқаев:

- نورتاي ابيكاييف [nūrtāī abīkāīif] [121. 103 б.],

Оңалсын Жұмабеков:

- أونالسین جومابيكوف [’ūnālsīn džūmābīkūf] [121. 103 б.],

Қуаныш Сұлтанов:

- قوانينش سولطانوف [quīānīš sūlṭānūf] [121. 104 б.] болып жазылған. Бұл бір ғана кітаптан алынған мысалдар.

Өзге де араб аудармалары мен интернет желілерінде қазақ онимдері қазақ әдеби тілі нормаларына сәйкес келмей әртүрлі нұсқада жазылып жүр. Мысалы,

Алматы қаласы Мәжид ибн Абдулазиз әт-Туркидің еңбегіндегі нұсқаларды қоса есептегенде он бес нұсқада:

ألماتا [ʼalmātā] [121, 11 б.]
الماطي [ʼalmāṭī] [121, 14 б.]
الماتي [ʼalmātī] [121, 14 б.]
الماتي [ʼālmātā] [121, 11 б.]
الماطي [almāṭī] [122, 2 б.]
الماطى [ʼalmāṭā] [122, 34 б.]
الماطى [almāṭā] [122, 35 б.]
الماتي [ʼalmātā] [123, 19 б.]
الماطى [ʼālmāṭā] [123, 6 б.]
المآاتا [ʼālmāʼātā] [124, 14 б.]
المآاتا [ʼalmāʼātā] [124, 14 б.]
الماتا [ʼalmātā] [124, 25 б.]
المآاطا [ʼalmāʼāṭā] [125, 140 б.]
الماتا [almātā] [125, 212 б.]
المآاطى [almaʼāṭā] [126, 172 б.]

Астана қаласы он бір нұсқада:

أستانه [ʼastānah] [121, 5 б.]
استانة [astāna^{tu}] [127, 3 б.]
أستانا [ʼastānā] [121, 7 б.]
آستانا [ʼāstānā] [124, 12 б.]
الآستانا [al-ʼāstānā] [124, 144 б.]
استانا [astānā] [127, 30 б.]
أستانة [ʼastāna^{tu}] [121, 9 б.]
استأنا [astaʼnā] [121, 109 б.]
أسطانا [ʼastānā] [122, 2 б.]
اسطانا [astānā] [122, 2 б.]
أساتانا [ʼasātānā] [126, 235 б.]

Семей қаласы он нұсқада:

سيميبالاتنسك [sīmībalātinsk] [121, 14 б.]
سيميبالاتينيسك [sīmībalātīnsk] [123, 9 б.]
سيميبالاتنسك [sīmībalātinsk] [121, 17 б.]
سيميبالاتينيسك [sīmībālātīnsk] [121, 77 б.]
سيميبالاتينيسك [sīmībālatīnsk] [122, 2 б.]
سيمى بالاتنسك [sīmī bālātinsk] [122, 8 б.]
سيمبالاتينيسك [sīmībāmalātīnsk] [124, 208 б.]
سيميبا لايتنسك [sīmībā lāītinsk] [126, 19 б.]
سيمبا لايتنسك [sīmībā lāītisk] [126, 51 б.]
سيميا لايتنسك [sīmīā lātīnsk] [126, 129 б.]

Қазақстан президентінің фамилиясы он екі түрлі нұсқада, нақтырақ айтар болсақ, еліміздің бұрынғы сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың

«Қазақстан Республикасының дипломатиясы» атты кітабының «دبلوماسية جمهورية» «Казakhstan» (2005) деген арабша аудармасында елбасы фамилиясы үш түрлі нұсқада:

- نازاربايف [nāzārbāiif] [128; 2, 15, 25, 179, 208 б.];
- نزاربايف [nazārbāiif] [128;111-119 б.];
- نازارباييف [nāzārbāiif] [128; 172, 179, 208 б.], [129, 82 б.];

www.kazembgulf.net/ar/ab1 желісінде екі түрлі нұсқада:

- نظرباييف [nazārbāiif] [130];
- نظربايف [nazārbāiif] [130];

www.eurasianet.org/arabic/resources/kazakhstan/index.shtml сайтында екі түрлі нұсқада:

- نازارباييف [nāzārbāiif] [131];
- نازارباييف [nāzārbāiif] [131];

арабтанушы Д.Есенжанның «Республика Казахстан» атты аудармасында:

- نزاربايف [nazarbāiif] [132, 1 б.];

www.ar.wikipedia.org сайтында:

- نزارباييف [nazārbāiif] [2]; www.petranews.gov.jo/nepras/2006/Nov/27/196.htm

сайтында:

- ناظارباييف [nāzārbāiif] [133]; http://www.arabic.xinhuanet.com/arabic/2006-06/13/content_265702.htm сайтында:

- نزارباييف [nazārbāiif] [134];

<http://archive.muslimuzbekistan.com/arb/archive/dekabr2002.html> сайтында:

- نَذْرَبَاييف [naḍarbāiif] [135] болып жазылған.

Ал, республикамыздың бұрынғы премьер-министрі Даниал Ахметов www.wikipedia.org сайтында:

- دانيال اخميتوف [dāniīāl aḥmitūf] [2];

www.kazembgulf.net сайтында:

- دانيال اخميتوف [dāniīāl 'aḥmītūf] [130] болып екі түрлі нұсқада, Қазақстанның бас муфтиі Әбсаттар Дербісәлі «Исламтану және араб филологиясы мәселелері» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары жинағында:

- عبد الستار دريسالي [‘abdu-s-sattār dirbisālī] [136, 213 б.];

Ә. Дербісәлиевтің «Араб әдебиеті» кітабының екінші беті мен мұқабасының арабша бетінде және www.arabic.peopledaily.com сайтында:

- عبد الستار درويش علي [‘abdu-s-sattār darūš ‘alī] [137, мұқабада;138];

<http://archive.muslimuzbekistan.com/arb/arnews/dekabr2002/arnews24122002.html> сайтында:

- عبد الستار حاجي ديزبي سالي [‘abdu-s-sattār ḥādḡī dīrbī sālī] [139];

<http://baselsyr.maktoobblog.com/124469/%D8> сайтында:

- عبد الستاروف [‘abdu-s-sattārūf] [140],

<http://www.awu-dam.org/trath/106/turath106-001.htm> сайтында:

- عبد الستار دريسالي [‘abdu-s-sattār dirbīsālī] [141];

<http://www.islamonline.net/MercyForWorlds/Arabic/Participants/02.shtml> сайтында:

- عبد الستار علي ديريس [‘abdu-s-sattār ‘alī dīrīs] [142];

<http://www.okaz.com.sa/okaz/osf/20070611/Con20070611117384.htm> сайтында:

- عبدالستار ديريسي علي [‘abdu-s-sattār dīrbīsī ‘alī] [143];

<http://frawler.com/tag9404/> сайтында:

- دربساله [dirbisāla^{tu}] [144] болып сегіз нұсқада;

Қасымжомарт Тоқаев өзінің «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» «دبلوماسية جمهورية كازاخستان» [diplūmāsīījatu ḍzumhūrīījati kāzāḥstān] атты кітабының арабша аудармасында:

- قاسمجومارت توقايف [qāsīmdzūmārt tūqāīif] [128, мұқабада], www.arabic.peopledaily.com сайтында:

- قاسم زومارت توكاييف [qāsīm zūmārt tūkāīīf] [138] болып екі түрлі нұсқада жазылған.

Кісі есімінің бірнеше әлеуметтік өреге ие болуы заңды құбылыс. Айталық, *Айтан Ағымановтың* отбасындағы әлеуметтік өресі – үй иесі, әке, ұл, аға, күйеу, жезде, өзінің ғылыми зерттеу институтындағы әлеуметтік өресі – филология ғылымдарының докторы, бірнеше кітаптың авторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, спорт бойынша әлеуметтік өресі – шахматшы, шаңғышы. Бұған қарағанда кісі аттарының төтенше мағынасы әрі қоғамдық мағынасының бар екені байқалады [111, 44 б.]. Ал, сол *Айтан Ағымановты* бір-екі әрпін өзгертіп *Әйтен Ағаманов* деп жазсақ жоғарыдағы әлеуметтік өрелері де түгел өзгеріп, мүлдем басқа адам болып шығады.

Қазақстан жөнінде жазған араб интернет сайттары мен газет-журналдарды, кітаптарды ақтара берсек, бұдан да көп әртүрлі нұсқада жазылып жүрген қазақ онимдерін кездестіреміз. Қазақстанның бас муфтиі Әбсаттар Дербісәлінің сегіз түрлі жазылған аты-жөндерін араб оқырмандары сегіз түрлі әлеуметтік өресі бар сегіз түрлі кісілер деп ұғуы мүмкін. Ал, قاسمجومارت توقايف [qāsīmdzūmārt tūqāīif] пен قاسم زومارت توكاييف [qāsīm zūmārt tūkāīīf] екеуін қарапайым араб оқырманы түгілі саясаттан жан-жақты хабары бар арабтар да бір Қасымжомарт Тоқаевтың аты-жөні екенін ажыратуы қиынға соғар. Көріп отырғанымыздай, қазақ кісі есімдерінің араб тілінде берілуінің жайы осындай.

2.4 Араб онимдерінің қазақ тіліндегі берілу жайы. Қазақ тілінде жазылған еңбектердегі араб онимдерінің берілуі де сын көтермейді. Мысалы, «Ислам философиясы» атты еңбекте араб онимдерінің транслитерациясы былай берілген: *Байхаки фикх, муташабих* [145, 5 б.], *Али Имран, Байт-ул Хикма, Халифа Мансұр, Харун Рашид, Муавия* [145, 6 б.], *Омайяд* [145, 25 б.], *Бейт ал-Хикма* (Даналар ордасы), *Халиф ал-Мансур, Халиф ал-Мамун, Харун ар-Рашид, Харун Умар ибн Фарухан* [145, 184 б.], *Жабир ибн Хайан, ас-Сарахси* [145, 7 б.], *Сарахси* [145, 8 б.], *ибн Равенди* [145, 7 б.], *Рауанди, «Китәбу-р рард ала-р-Рауанди»* [145, 8 б.], *имам Ғазали* [145, 7 б.], *әл-Ғазали* [145, 8 б.], *Ғазали* [145, 10 б.], *Рази, Фахреддин Рази* [145, 8 б.], *ал-Мутанабби, ал-Маарри, ибн Мискауайх, Насреддин Туси, Ижи, ибн Бажжа, «Тахафутат Тахафут»* [145, 8 б.], *Шахразури, Дауани, харижиттер, хариджийалар, муржиттер, муржиалар, мутазилиттер, мутазилалар* [145, 9 б.], *мутазилиттер* (бөлінгендер) [145, 186 б.], *ханафиттер, ханбалиттер, шафииттер, маликиттер, шииттер, сунниттер* [145, 9 б.], *Сүннә, Қоран 5 рет, рай, иджма,*

қыяс, *истихсан* [145, 182 б.], *Батынилер* [145, 7 б.], *Батини ағымы* [145, 10 б.], *дахриуун*, *Мулхидтер* [145, 8 б.], *мауалилер* [145, 25 б.], *момын* (мұсылман) [145, 183 б.], *мазхабтық бөліну* [145, 10 б.], *Араби*, *Фараби* 3 рет [145, 10 б.], *әл-Фараби* [145, 12 б.], *Сирия* [145, 11 б.], *Мауараннаһр* [145, 25 б.], *Матурудиди Халлаж Мансұр* [145, 12 б.], *Халлаж Мансұр* [145, 24 б.], *Ал-Бируни* [145, 14 б.], *Аһнаф бин Қайс* [145, 25 б.], *Абдалла ибн ал-Мукаффа* [145, 184 б.], *Йахья ибн ал-Битрик*, *Йахья б. ал-Битрик*, *Йахья б. Масавейх*, *Ал-Хаджжадж б. Матар*, *Салма* [145, 184 б.] деп берілген. Барлығы дерлік араб тіліндегі дыбысталуларынан алшақтап кеткен және жазуда бірізділік жоқ деуге болады. Сондай-ақ, кириллицаға негізделген қазақ әліпбиінің мүмкіндігі ұтымды пайдаланылмаған. Орфография әдеби тілдің («жазбаша» түрінің) «киімі» ғана емес. Ол, алдымен, сауатты жазудың, ана тілін мәдени менгерудің маңызды құралы. Ондай құрал тілдің құрылымдық жүйесіне (системаға) лайық, пайдалануға неғұрлым жеңіл, қолайлы да тиімді болуға тиіс [146, 5 б.]. Интернет заманында бір онимнің әртүрлі нұсқада жазылуы интернет ресурстарынан нақты мәлімет алу жұмыстарына да кедергі келтіретіні белгілі. Олай болса, тіліміздің лексикалық қорын толықтырып отырған араб онимдерінің қазақ тіліндегі графикалануын біріздендіру жұмыстарына ереже түзіп бір жүйеге келтіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екені даусыз. Ол үшін транслитерациялау қағидасы бойынша араб онимдері мүмкіндігінше бастапқы дыбысталуынан алыстап кетпеуі және қазақ тілінің орфографиялық заңдылықтарына барынша икемделіп жазылуы тиіс. Зерттеуші ғалым Р.Мухитдинов: «Махмуд Қашқари» және «Диуан лұғат әт-турк» деген ономастикалық атауды А.Егеубай: *Махмұт Қашқари*, *Диуани-лұғат-ит-турк*; М.Ә. Жүнісова: *Махмуд Қашқари*, *Диуану лұғат-ит-турк*; Б.Н. Садуов: *Махмұд Қашқари*, *Диуани лұғат ат-турк*; Өуезованың орысша аудармасының қазақша түйінінде *Махмұд әл-Қашқари*, ал *Диуан лұғат әт-турк* сөзі бір бетте үш түрлі жазылғанын, олар: *Диуан Лұғат ат-Түрк*, *Диуани Лұғат ат-Түрік* және *Диуани Лұғат ат-Түрік*; Рабиға Сыздық: *Махмұт Қашқари*; Ө.Құрышжанов: *Махмұт Қашқари*, *Диуан Лұғат-ат-түрк*; Ф.Оңғарсынова: *Махмуд Қашқари*, *Дивану лұғат ат-түрк*; Ө.И. Исенов: *Махмуд Қашқари*, *Диуани лұғат-ат түрік*; Х.Досмұхамедов: *Махмуд Қашқари*, *Диуан лұғат ат-түрк*; Ө.Дербісәлиев: *Махмұт Қашқари*, *Диуан лұғат ат-түрік* деп жазғанын, сондай-ақ, "Диуан лұғат әт-турк" сөздігінің қолжазбасында محمود الكاشغري "Махмуд әл-Кашғари" деп жазылғанын, қазақ тіліндегідей басқа түркі тілдерінде де *Қашқари* сөзі "қ" әрпімен емес, "к" әрпімен жазылғанын айта келе: «Біз осы жазылулардың ішінен **Махмуд Қашқари** дегенді таңдадық. Себебі "Махмуд" сөзі қазақ тіліндегі адам атауларында кездеседі. Ал Қашқар қаласын қазақ тілінде "қ" әрпімен беретіндіктен, "Қашқари" деп алдық. Ал М.Қашқаридің қолжазбасында кітаптың атауы ديوان لغات الترك *Диуан лұғат әт-турк* деп жазылған. Біз де бұл атауды қазақ тілінде осылай бердік» [147, 68-69 б.], – дейді.

Біз араб онимдерін қазақ мәтіндерінде қазақ тілінің орфографиялық заңдылықтары шеңберінде дұрыс оқылып жазылу үшін диакритикалық қосымша таңбалар енгізбей транслитерациялаудың практикалық түрін қолданамыз дедік. Транслитерацияның практикалық түріндегі ережелер

бойынша қазақ тілінде баламасы бар араб тілі дыбыстарын дыбысталуы қазақ тіліндегі сәйкес келетін дыбыстардың графикасымен, қазақ тілінде баламасы жоқ араб тіліндегі кейбір дыбыстарды дыбысталуы қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыстың графикасымен белгілейміз.

Біз жоғарыдағы тарауда қазақ тіліндегі *б* дыбысына араб тіліндегі ب [b] дыбысы, *м* дыбысына م [m] дыбысы, *у* дыбысына و [u] дыбысы, *ф* дыбысына ف [f] дыбысы, жіңішке *т* дыбысына ت [t] дыбысы, жуан *т* дыбысына ط [t] дыбысы, *д* дыбысына د [d] дыбысы, *н* дыбысына ن [n] дыбысы, *л* дыбысына ل [l] дыбысы, *р* дыбысына ر [r] дыбысы, жіңішке *с* дыбысына س [s] дыбысы, жуан *с* дыбысына ص [ʃ] дыбысы, *з* дыбысына ز [z] дыбысы, *ш* дыбысына ش [ʃ] дыбысы, *й* дыбысына ي [i] дыбысы, *к* дыбысына ك [k] дыбысы, *қ* дыбысына ق [q] дыбысы, *х* дыбысына ح [h] дыбысы, *ғ* дыбысына غ [g] дыбысы, *һ* дыбысына ه [h] дыбысы балама болады деген болатынбыз (74-77-беттерді қараңыз). Демек, қазақ тілінде баламасы бар араб тілі дыбыстарының әріптанбаларын қазақ тіліне транслитерациялағанда қазақ тіліндегі дыбысталуына балама болатын дыбыстардың әріптанбаларымен беретін боламыз. Мысалы, ب әрпін қазақ тіліне транслитерациялағанда қазақ әліпбиіндегі *б* әрпімен таңбалаймыз. Өйткені ب әрпінің дыбысы қазақ тіліндегі *б* әрпінің дыбысына дәл келеді, ح әрпін қазақ тіліне транслитерациялағанда қазақ әліпбиіндегі *х* әрпімен таңбалаймыз. Өйткені ح әрпінің дыбысы қазақ тіліндегі *х* әрпінің дыбысына дәл келеді.

Жоғарыдағы тарауда қазақ тілінде баламасы жоқ араб тілі дауыссыз дыбыстарына тоқталғанда араб тіліндегі ث [t] дыбысына қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс жіңішке *с* дыбысы, ذ [d] дыбысына ең жақын келетін дыбыс жіңішке *з* дыбысы, ظ [z] дыбысына ең жақын келетін дыбыс жуан *з* дыбысы, ض [d] дыбысына ең жақын келетін дыбыс жуан *д* дыбысы, ج [dʒ] дыбысына ең жақын келетін дыбыс *ж* дыбысы, ع [‘] дыбысына ең жақын келетін дыбыс *ғ* дыбысы, ح [h] дыбысына ең жақын келетін дыбыс *х* дыбысы деген болатынбыз. Олай болса қазақ тілінде баламасы жоқ ث [t], ذ [d], ظ [z], ض [d], ج [dʒ], ع [‘], ح [h] дыбыстарын қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыстардың белгісімен белгілейміз (17-кесте).

17-кесте – Араб тілі дауыссыз дыбыстарының таңбаларын қазақ тілі дыбыстарының таңбаларымен транслитерациялау (жоба).

р/с	Араб әрпі	Дыбысталуы сәйкес келетін қазақ әрпі	Дыбысталуы жақын келетін қазақ әрпі	р/с	Араб әрпі	Дыбысталуы сәйкес келетін қазақ әрпі	Дыбысталуы жақын келетін қазақ әрпі
1	ء		а, ә, и, у	15	ض		д
2	ب	б		16	ط	т	
3	ت	т		17	ظ		з
4	ث		с	18	ع		ғ, а
5	ج		ж	19	غ	ғ	
6	ح		х	20	ف	ф	
7	خ	х		21	ق	қ	
8	د	д		22	ك	к	
9	ذ		з	23	ل	л	

10	ر	р		24	م	м	
11	ز	з		25	ن	н	
12	س	с		26	ه	h	
13	ش	ш		27	و	у	
14	ص	с		28	ي	й	

17-кесте – Араб тілі дауысты дыбыстарының таңбаларын қазақ тілі дауысты дыбыстарының таңбаларымен транслитерациялау (жоба).

р/с	Араб әрпі	Дыбысталуы сәйкес келетін қазақ әрпі
1	ا	а, ә
2	و	у
3	ي	и

Араб онимдерін қазақ тіліне транслитерациялағанда қазақ тіліне ертеректе еніп қазақыланып кеткен онимдерді қолдану дұрыс емес. Олай етсек араб тіліндегі дыбысталуынан алшақтап, өңін өзгертіп жібереміз және ондай есімдердің қазақ тілінде бір емес бірнеше фонетикалық нұсқасы бар болғандықтан әркім әр нұсқасын пайдаланып, көпнұсқалылыққа жол береміз. Мысалы, مُحَمَّدُ بْنُ مَرْوَانَ [muḥammaduni-bnu marḡān^a] эмауилер халифатының соңғы халифасы [64, 524 б.], оның атын مُحَمَّدٌ [muḥammad^{un}] осы есімнің тілімізге ертеректе еніп қазақыланып кеткен *Мұхаммед*, *Мұхамед*, *Мохамед*, *Мұқамбет*, *Мұхамбет*, *Махамбет*, *Махмет*, *Мәмбет*, *Мәмет* деген нұсқаларын пайдаланбай, транслитерациялау қағидасы бойынша, тіліміздегі барынша сәйкес келетін дыбыстардың әріптерімен *Мухаммад ибн Маруан* деп берсек, араб тіліндегі дыбысталуынан алшақтамай дұрыс дыбысталады, әрі барлық басылымдарда бірізділік сақталады.

Транслитерациялау кезінде араб онимдерінің қай септікте тұрғаны назарға алынбай, соңындағы харакаттар мен тануиндер түсіп қалады. Мысалы, زَيْدٌ [zaɪd^{un}] – *Зәйд*, هِنْدٌ [hind^u] – *Гинд*;

Қамария (الحروف القمرية [al-ḡurūfu-l-qamrījīa^{tu}]) әріптерімен басталатын онимдердің алдына жалғанған ال [al] артиклі қазақ тілінде *ал* болып беріледі де, артикл мен онимнің арасына дефис қойылады. Сондай-ақ, сөйлем басында келсе үлкен әріппен, ортасында келсе кіші әріппен жазылады. Мысалы, الْقُرْطُبِيُّ [al-qurtūbījī^u] – *ал-Қуртуби*.

Шәмсия (الحروف الشمسية [al-ḡurūfu-š-šamsījīa^{tu}]) әріптерімен басталатын онимдерді қазақ тіліне транслитерациялағанда алдына жалғанған ال [al] артикліндегі ләм (ل) әрпі жазылмай, оның орнына қосарланып оқылатын шәмсия әрпі жазылады және араларына дефис қойылады. Мысалы, الشَّيْبَانِيُّ [aš-šāɪbānījī^u] – *аш-Шәйбани*, الطَّبْرِيُّ [aṭ-ṭabarījī^u] – *әт-Табари*. Біз мұнда اللهُ [al-lāh^u] сөзіндегі ال [al] артиклі ғана *әл-Лah* деп сызықша арқылы бөлек жазылмай *Аллаh* деп біріктіріліп жазылуы тиіс екенін ескере кеткіміз келеді.

Бір буынды болып транслитерацияланатын араб онимдері: Біз мұнда онимдердің алдынан жалғанып, дефис арқылы бөлініп тұрған *әл* артиклі түбір құрамына енбейтіндіктен қамария әріптерімен келсе де, шәмсия әріптерімен

келсе де сөздердің бірінші буыны ретінде қарастырмаймыз. Мысалы, *Фас* болып транслитерацияланған فاس [fās^u] қаласы да (Мароккодағы қала [64, 402 б.]), *әш-Шәм* болып транслитерацияланған الشام [aš-šām^u] да бір буынды болып транслитерацияланған онимдер қатарына жатады (الشَّام [aš-šām^u] – *әш-Шәм* Сирияның бұрынғы атауы, ал қазір бұл атаумен Сирияның астанасы Дамаск қаласы аталуда [64, 327 б.]).

Қазақ тіліне бір буынды болып транслитерацияланатын араб онимдері (жуан ر [r], көмейлік ح [ḥ], ع [‘] дыбыстарынан басқа) тек мустафил дыбыстардан тұрса, дауыстылары қазақ тіліне жіңішке дауысты дыбыстармен беріледі. Мысалы, لَيْتٌ [lait^{un}] – *Ләйс*, فَهْدٌ [fahd^{un}] – *Фәһд*, زَيْدٌ [zaid^{un}] – *Зәйд*, لَاتٌ [lāt^u] – *Ләт*, فاسٌ [fās^u] – *Фас*, الشام [aš-šām^u] – *әш-Шәм*, باب [bāb^{un}] – *Бәб*.

Қазақ тіліне бір буынды болып берілетін араб онимдерінің құрамында мустағли (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s], غ [g], خ [ḫ], ق [q], жуан ر [r], көмейлік ح [ḥ], ع [‘] дыбыстарының бірі болса, дауыстылары қазақ тіліне жуан дауысты дыбыстармен беріледі. Мысалы, دَرٌّ [dar^{un}] – *Зар*, قَيْسٌ [qais^{un}] – *Қайс*, عاد [‘ād^u] – *Ад*.

Екі буынды болып транслитерацияланатын араб онимдері: Қазақ тіліне екі буынды болып берілетін араб онимдері екі буынының бірінде не екі буынында да мустағли (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s], غ [g], خ [ḫ], ق [q], жуан ر [r], көмейлік ح [ḥ], ع [‘] дыбыстарының бірі болса екі буынындағы дауыстылар да қазақ тіліндегі жуан әуезді дауыстылармен беріледі. Мысалы, نَصُوحٌ [naṣūḥ^{un}] – *Насух* (*Нәсүх* емес), نَعِيمٌ [na‘īm^{un}] – *Нағим* (*Нәғим* емес), فَاضِلٌ [fāḍil^{un}] – *Фадил* (*Фәдил* емес), مَسْعُودٌ [mas‘ūd^{un}] – *Масғуд* (*Мәсғуд* емес), مَنْصُورٌ [manṣūr^{un}] – *Мансур* (*Мәнсур* емес), تَوْفِيقٌ [taufiq^{un}] – *Тауфиқ* (*Тәуфиқ* емес), شَوْقِيٌّ [šauqī] – *Шауқи* (*Шәуқи* емес), مُرْزُقٌ [murzuq^u] (Ливиядағы кішігірім қала [64, 529 б.] – *Мурзуқ* (дыбысталуы *Мүүрзұқ* емес *Мұурзұқ*), فَارَابٌ [fārāb^u] – *Фараб* (*Фәраб* емес), سَبَّاقٌ [sabbāq^{un}] – *Саббақ* (*Сәббақ* емес), شِدِّيَاقٌ [šidiāq^u] – *Шидяқ* (дыбысталуы *Шийдйақ* емес *Шыйдйақ*), مُرَادٌ [murād^{un}] – *Мурад* (дыбысталуы *Мүүрад* емес *Мұурад*), مَرِيَمٌ [maṛīam^u] – *Марям* (*Мәрям* емес), مَرْوَانٌ [maṛwān^u] – *Маруан* (*Маруан* не *Маруән* не *Мәруән* емес), مُطْرَانٌ [muṭrān^u] – *Мутран* (дыбысталуы *Мүүтран* емес *Мұтран*), مَعْلُوفٌ [ma‘lūf^{un}] – *Мағлуф* (дыбысталуы *Мағлұуф* емес *Мағлұуф*), طَارِقٌ [ṭāriq^{un}] – *Тариқ* (дыбысталуы *Тарййқ* емес *Тарыйқ*), طَاهِرٌ [ṭāhir^{un}] – *Таһир* (дыбысталуы *Таһййр* емес *Таһыйр*).

Қазақ тіліне екі буынды болып берілетін араб онимдері екі буыны да мустафил дауыссыздардан тұрып, екінші буынындағы дауысты дыбыс фатха харакаты не әлифтің бірі болса, қазақ тіліне бірінші буыны жіңішке дауыстымен, екінші буыны жуан дауыстымен беріледі. Мысалы, زَيْنَابٌ [zaināb^u] – *Зәйнаб* (*Зайнаб* емес), سَلْمَانَ [salmān^u] – *Сәлман* (*Салман* емес), مُوسَى [mūsā] – *Муса* (дыбысталуы *Мұуса* емес *Мүүса*), مِينَى [minā] (Мекке қаласына жақын маңдағы елді мекен [64, 547 б.] – *Мина* (дыбысталуы *Мыйна* емес *Мййна*), لَيْلَى [lailā] – *Ләйла*.

Қазақ тіліне екі буынды болып берілетін араб онимдері екі буыны да мустафил дауыссыздардан тұрып, екінші буынындағы дауысты дыбыс кәсра немесе дамма харакаттарының дыбысына сәйкес келсе қазақ тіліне екі буыны да жіңішке дауыстымен беріледі. Мысалы, جَابِرٌ [džābir^{un}] – *Жәбир* (*Жабир* емес),

جَمِيلٌ [dʒamīl^{un}] – *Жәмил* (*Жамил* емес), يَزِيدٌ [jazīd^u] – *Язид* (айтылуы *Йазид* емес *Йәзид*), دُھُوكٌ [duhūk^u] (Ирақтың солтүстігіндегі қала [64, 247 б.]) – *Дуһук* (айтылуы *Дұуһуқ* емес *Дууһуқ*)

Үш, төрт не одан да көп буынды болып транслитерацияланатын араб онимдері: Үш, төрт не одан да көп буынды онимдердің алғашқы екі буынында не алғашқы екі буынының бірінде мустағли (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ط [t], ض [d], ظ [z], ص [ʂ], غ [g], خ [h], ق [q], жуан ر [r], көмейлік ح [h], ع [‘] дыбыстарының бірі болса, барлық буынындағы дауысты дыбыстары қазақ тілінде жуан әуезді дауыстылармен беріледі. Мысалы, صَعَصَعَةٌ [ša‘šağa^{tu}] – *Сағсаға*, مصطفى [muṣṭafā] – *Мустафа*, الصغانيّ [aṣ-ṣağānii^u] – *әс-Сағани*, الصابونيّ [aṣ-ṣābūnii^u] – *әс-Сабуни*, الطولونيّ [aṭ-ṭūlūnii^u] – *әт-Тулуни*, صا الحَجْر [ṣā-l-ḥaǧǧar^u] (Мысырдың батысындағы тарихи орын [64, 342 б.]) – *Салхажар* (*Салхажәр* емес), الظاهريّ [aḏ-zāhirii^u] – *әз-Заһри*, ججازيّ [ħiǧzāzii^{un}] – *Хижәзи* (*Хижәзи* емес), طَلَيْحَةٌ [ṭalaiḥa^{tu}] – *Тулайха*, الظواهريّ [aḏ-zaūāhirii^u] – *әз-Зауәһри* (*әз-Зауәһри* емес), الحَبَّانِيَّةُ [al-ḥabbānii^{ia}tu] (Ирақтағы қала [64, 212 б.]) – *әл-Хаббания* (*әл-Хаббәния* емес), الغَسَّاسِنَةُ [al-ğasāsina^{tu}] (Йемендік араб тайпаларының бірі [64, 392 б.]) – *әл-Ғасасина* (*әл-Ғасасинә* емес), القلقشنديّ [al-qalqasandii^u] (орта ғасырда өмір сүрген Мысыр тарихшысы әрі әдебиетшісі [64, 441 б.]) – *әл-Қалқашанди*, الثَّقَفِيّ [aṭ-ṭaqaḑii^u] – *әс-Сақафи* (*әс-Сәқафи* емес), السمرقنديّ [as-samarqandii^u] – *әс-Самарқанди*, الفارابيّ [al-fārābii^u] – *әл-Фараби*, الزُّحَيْلِيّ [az-zuḥaiḑii^u] – *әз-Зухайли*, الزمخشريّ [az-zamaḥṣari^u] – *әз-Замахшари* (*әз-Зәмахшари* емес), منصورَةٌ [manṣūra^{tu}] – *Мансура* (*Мәнсура* емес).

Үш, төрт буынында онимдердің алғашқы екі буыны да (жуан ر [r], көмейлік ح [h], ع [‘] дыбыстарынан өзге) мустафил дауыссыздардан тұрып, екінші буынындағы дауысты дыбыс фатха харакаты не әлифтердің бірі болса, қазақ тіліне бірінші буыны жіңішке дауыстымен, қалған буындарындағы дауыссыздар мустағли не мустафил екендігі назарға алынбай жуан әуезді дауыстымен беріледі. Мысалы, الشَّيْبَانِيّ [aṣ-ṣaiḑānii^u] – *әш-Шәйбани* (*әш-Шайбани* немесе *әш-Шәйбәни* емес), الْمُتَنَبِّيّ [al-mutanabī] – *әл-Мутанабби*, الْمُهَلْهِلُ [al-muḥalḥil^u] – *әл-Муһалһил* (*әл-Муһәлһил* емес).

Қазақ тіліне үш, төрт не одан да көп буынды болып берілетін араб онимдерінің алғашқы екі буыны (жуан ر [r], көмейлік ح [h], ع [‘] дыбыстарынан өзге) мустафил дауыссыздардан тұрып, екінші буынындағы дауысты дыбыс кәсра немесе дамма харакаттары болса қазақ тіліне алғашқы екі буыны жіңішке дауыстымен беріліп, өзге буындарындағы дауыстылар кәсра харакаты мен созылықы ي [ī] дыбысынан өзге дауыстылар қазақ тілінде жуан әуезділермен беріледі. Мысалы, اليزيديّ [al-izīdii^u] – *Язиди* (дыбысталуы *әл-Йазиди* емес *әл-Йәзиди*), الجابريّ [al-ǧābirii^u] – *әл-Жәбири* (*әл-Жабери* емес), الجاهليّة [al-ǧāhiliij^{ia}tu] (исламға дейінгі дәуір [64, 196 б.]) – *әл-Жәһилия* (*әл-Жаһилия* емес) جذيمة الأبرش [dʒadīmatu-l-‘abraṣ^u] (исламға дейінгі дәуірде өмір сүрген араб патшаларының бірі [64, 198 б.]) – *Жәзима әл-Әбраш*, جُرْجُرة [dʒurdʒura^{tu}] (Алжирдегі тау тізбегі [64, 198 б.]) – *Журжура*.

«Ұлы» мағынасын білдіретін ابْنُ [ibn^u] сөзі соңғы харакаты түсіріліп *ибн* болып беріледі және сөйлем басында үлкен әріппен, ортасында кіші әріппен

жазылады. Мысалы, ابنُ سينا [ibn^u sīnā] – *ибн Сина*, ابنُ بطُّوطَة [ibn^u battūṭa^{ta}] – *ибн Баттута*.

ابن [ibn^u] сөзі әкесі мен ұлының есімдері арасында келіп, әлифі түсіп بِن [bn^u] болып келсе де, қазақ тіліне транслитерацияланғанда *ибн* болып беріледі. Мысалы, الخليلُ بنُ أحمدَ [al-ḫalīl^u bn^u 'aḥmad^a] – *әл-Халил ибн Ахмад*, العباسُ بنُ عبدِ العباسِ [al-'abbāsu bnu 'abdi-l-muṭṭalibi bni ḥāšimⁱⁿ] – *әл-Аббас ибн Абдулмутталиб ибн Һәшим*, ماجدٌ بنُ عبدِ العزيزِ التركيّ [māḏǧid^{uni}-bn^u 'abdi-l-'azīzi-t-turkiij^u] – *Мәжид ибн Абдулазиз әт-Турки*. Осы بِن [bn^u] сөзі кей басылымдарда «бин» және «бен» болып жазылып жүр. Мысалы, «Ислам» энциклопедиялық анықтамалығында «العباسُ بنُ عبدِ المُطَّلِبِ بنِ هاشمِ [al-'abbāsu-bnu 'abdi-l-muṭṭalibi-bni ḥāšimⁱⁿ]» дегенді «*әл-Аббас бин Абд әл-Мутталиб бин Хашим*» [148, 14-15 б.] деп بِن [bn^u] сөзін *бин* деп берсе, енді бір еңбектерде «ماجدٌ بنُ عبدِ العزيزِ التركيّ [māḏǧidunu-bnu 'abdi-l-'azīzi-t-turkiij^u]» дегенді «*Мәджед бен Абдел Әзиз әт-Турки*» деп بِن [bn^u] сөзін *бен* деп берген [120, 7 б.]. Біз бұл нұсқамен келіспейміз, өйткені бұл сөздегі ب әрпінің астында кәсра харакаты жоқ, керісінше үстінде сукун белгісі бар.

Туыстық қатынасты білдіретін «қызы» мағынасын білдіретін بنتٌ [bint^u] және «анасы, шешесі» мағынасын білдіретін أُمُّ [’umm^u] сөздері бөлек жазылып, соңындағы харакаттары сақталады. Мысалы, أُمُّ كُلثُومٍ [’ummu kulṭūm^a] – *Умму Кулсум*; أُمُّ قَاصِرٍ [’ummu qaṣrⁱⁿ] – *Умму Қаср*, حَفْصَة بنتُ عُمَرَ [ḥafṣa^u bint^u ‘umar^a] – *Хафса бинту Умар*.

«Әкесі» мағынасын білдіретін أَبُو [’abū] сөзі қай септікте тұрғанына қарамастан қазақ тіліне *әбу* болып транслитерацияланады. Мысалы, أَبُو بَكْرٍ الصِّدِّيقِ [’abū bakrini-ṣ-ṣiddīq^u] – *әбу Бәкр әс-Сиддиқ*, أَبُو الْأَسْوَدِ الدُّوَالِيِّ [’abū-l-’asūdi-d-du’alij^u] – *әбу әл-Әсуад әд-Дуәли*, ابنُ أَبِي شَيْبَةَ [ibnu ’abī šaiḇa^{ta}] – *ибн әбу Шәйба* (*ибн әби Шәйба* емес)

Қазақ тілінде сөздер бір дыбыстың қосарланып келуі арқылы аяқталмайтындықтан араб тіліндегі мұндай онимдердің соңындағы қосарланып келген дауыссыздың соңғысы харакатымен бірге түсіп қалады. Мысалы, أَبُو ذَرٍّ [’abu ḏarrⁱ] – *әбу Зар* (*әбу Зарри* немесе *әбу Зарр* емес), أَبِي [’ubaij^{un}] – *Убай* (*Убаййу* немесе *Убайй* емес);

Изафетті тіркес арқылы (матаса байланысу) жасалған араб онимдері атаулық мәнде қолданылса қазақ тілінде берілгенде біріктіріліп жазылады. Мысалы, عَبْدُ اللَّهِ [’abdu-l-lāhⁱ] – *Абдуллаһ*, عَبْدُ الْعَزِيزِ [’abdu-l-’azīzⁱ] – *Абдулазиз*, عَبْدُ الصَّمَدِ [’abdu-ṣ-ṣamadⁱ] – *Абдуссамад*, نُوْرُ الدِّينِ [nūru-d-dīnⁱ] – *Нурұддин*, ذُو الْكِفْلِ [ḏū-l-kiflⁱ] – *Зулкифл*, ذُو الرُّمَّةِ [ḏū-r-rumma^{ti}] – *Зуррумма*, ذُو الْقَرْنَيْنِ [ḏū-l-qarnaynⁱ] – *Зулқарнайн*, ذُو الْحِجَّةِ [ḏū-l-ḥiḏǧǧa^{ti}] – *Зулхижжа* (*Зул-хижжа* емес). Ал егер өз ұғымын білдірсе бөлек жазылады. Мысалы, أَبُو يُوْسُفَ [’abu iūsuf^a] деген атаудағы аталған адам расында да Юсуфтің әкесі болса *Әбу Юсуф* болып бөлек, егер осы тіркес адам аты ретінде қолданылса *Әбуюсуф* болып біріктіріліп жазылады. دِيْوَانُ لُغَاتِ التُّرْكِ [dīwānu luḡāti-t-turkⁱ] – *Диуан лугат әт-турк* (*Диуан лугатиттурк* емес).

Түбір құрамына енетін оним соңындағы يٰ [ijj^{un}] және қатыстықты білдіретін يٰ [ijj^{un}] жұрнағы түсіп қалып, алдыңғы дауыссыздың астындағы

кәсра харакатының дыбысы сақталады. Мысалы, عَلِيٌّ [‘aliij^{un}] – Али, الْفَارَابِيُّ [al-fārābii^u] – *әл-Фараби*, الْبَيْهَقِيُّ [al-baiḥaqii^u] – *әл-Байһақи*.

Та марбутаға (ة) [a^{un}] немесе [a^u] аяқталған онимдер транслитерациялау кезінде *та* марбутасы (ة) [a^{un}] немесе [a^u] түсіп қалып, алдыңғы дауыссыз дыбыстың үстіндегі фатха харакатының дыбысы сақталып, қазақ тілінде *a* әрпімен беріледі. Мысалы, جَمِيلَةٌ [dʒamīla^u] – *Жәмила*, حَمْزَةٌ [ḥamza^u] – *Хамза*;

Ал, егер *та* марбутаның (ة) [a^{un}] немесе [a^u] алдында созылыңғы әлиф (ا) келсе, *та* марбута қазақ тілінде *t* әрпімен беріліп, соңғы харакаты түсіріледі. Мысалы, مَنَاءٌ [manā^u] – *мәнат* (жәһилия дәуіріндегі арабтар табынған пұттардың бірі [64, 547 б.]), نَجَاطٌ [naḍḡā^{un}] – *Нәжат*.

Араб онимдерінің соңындағы әлиф мақсура (ى), әлиф мәмдуда (اء) және созылыңқы әлиф (ا) қазақ тілінде *a* әрпімен беріледі. Мысалы, مُصْطَفَى [muṣṭafā] – *Мустафа*, شَيْمَاءٌ [šaimā^u] – *Шәйма*, طَهْطَا [ṭaḥṭā] – *Taḥta*.

Араб онимдеріндегі يُو [iū], يِ [iu] дыбыс (әріп) тіркестерін ю әрпімен, يَا [iā], يِ [ia] дыбыс (әріп) тіркестерін я әрпімен бергеніміз жөн. Мысалы, يُونُسٌ [iūnus^u] – *Юнус* (*Йунус* емес), يَاقُوتُ الْحَمَوِيِّ [iāqūtu-l-ḥamauii^u] – *Яқут әл-Хамауи* (*Йақут әл-Хамауи* емес), يَتْرِبٌ [iṭrib^u] – *Ясриб* (*Йәсриб* емес).

Араб тіліне өзге тілдерден еніп, арабтанған онимдердің сөйлем соңында да харакаты айтылатын болса, қазақ тіліне транслитерацияланғанда соңғы харакатының дыбысы сақталады. Мысалы, بَعْلَبَكْ [ba‘labakka] – *Баглабәкка* (*Баглабәк* емес), سَيْبَوَيْهِ [sībauihi] – *Сйбауәйһи* (*Сйбауәйһ* емес), خَمْرَاوَيْهِ [ḥamrāuihi] – *Хамрауәйһи* (*Хамрауәйһ* емес).

Араб тіліндегі һамза ء [’] дыбысымен басталатын онимдер қазақ тіліне транслитерацияланғанда һамза дыбысы түсіп қалып, үстіндегі не астындағы харакатының дыбысы ғана сақталып, қазақ тіліне көрші дауыссыздардың жуан-жіңішкелігіне қарай *a*, *ə*, *y*, *u* болып жуан не жіңішке әуезді дауыстылармен беріледі. Мысалы, أَسَدٌ [‘asad^{un}] – *Әсад*, إِكْرَامٌ [‘ikrām^{un}] – *Икрам*, أُمَيَّةٌ [‘umaija^u] – *Умәйя*, الْأَخْطَلُ [al-‘aḥṭal^u] – *әл-Ахтал*.

Һамза ء [’] дыбысы онимдердің ортасында келіп, һамзаның харакаты мен алдыңғы дыбыстың харакаты бірдей болса һамза харакатымен бірге түсіп қалады. Мысалы, بُورٌ [bu‘ūr^{un}] – *Бур*.

Һамза алдыңғы дыбыстың харакатынан өзге харакат алса, һамза дыбысы түсіп қалып, үстіндегі не астындағы харакатының дыбысы ғана қалады. Мысалы, امْرُؤُ الْقَيْسِ [imru‘u-l-qaiṣi¹] – *Имрулқайс*, فُوَادٌ [fu‘ād^{un}] – *Фуад*, رَيْسٌ [ra‘īs^{un}] – *Раис*.

Һамза онимнің ортасында не соңында келіп, сукунді болса мүлдем түсіп қалады. Мысалы, الْمَأْمُونُ [al-ma‘mūn^u] – *әл-Мәмун*, مُؤْمِنٌ [mu‘min^{un}] – *Мумин*.

Онимнің соңында келіп, харакатты болса да, сукунді болса да мүлдем түсіп қалады. Мысалы, سَبَأٌ [saba‘] – *Сәба*.

Араб тіліндегі ع [‘] дыбысымен басталатын онимдер қазақ тіліне транслитерацияланғанда ع [‘] дыбысы түсіп қалып, үстіндегі не астындағы харакатының дыбысы ғана сақталып, қазақ тіліне жуан әуезді дауыстылармен беріледі. عَبَّاسٌ [‘abbās^{un}] – *Аббас*, عَيْسَى [‘īsā] – *Иса* (айтылуы *ийса* емес *ыйса*), عُمَيْرَةٌ [‘umaiṛa^{un}] – *Умайра* (айтылуы *Ұмайра* емес *Ұмайра*);

ع [‘] дыбысына қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ɜ деген болатынбыз. Демек, онимдердің ортасы мен соңында келген ع [‘] дыбысы қазақ тілінде ɜ әрпімен беріледі. Мысалы, مَسْعُودٌ [mas‘ūd^{un}] – *Масғуд*, مُطِيعٌ [mutī‘^{un}] – *Мутиг*. Басылымдарда беріліп жүрген *аль-Қауда* [149] террористік ұйымының атауын орыс тілінен алынған көшірме деуге болады. Бұл ұйымның атауы араб тілінде الْقَاعِدَةُ [al-qā‘ida^{un}] деп жазылатындықтан оны қазақ тілінде *әл-Қағида* деп жазғанымыз дұрыс.

ح [h] дыбысына қазақ тіліндегі ең жақын келетін дыбыс x деген болатынбыз. Демек, сөздің (онимнің) қай жерінде келсе де ح [h] дыбысы қазақ тілінде x әрпімен, харакаттары жуан дауыстылармен беріледі. Мысалы, حَسَنٌ [ḥasan^{un}] – *Хасан*, حُسَيْنٌ [ḥusain^{un}] – *Хусайн* (айтылуы *Хуусайн* емес *Хұусайн*).

Араб тіліндегі созылыңқы дауыстылар (حروف المد [ḥurūfu-l-madd^l]) қазақ тілінде (созылыңқы дауыстылар жоқ болғандықтан) қысқа дауыстыларға айналады. Мысалы, أَمِينٌ [‘amīn^{un}] – *Әмин*, أُسَامَةُ [‘usāma^{un}] – *Усама*, إِدْرِيسٌ [‘idrīs^{un}] – *Идрис*.

Мустағли (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s], غ [g], خ [h], ق [q] не жуан ر [r], көмейлік ح [h], ع [‘] дыбыстарынан (дыбыстарының және алдыңғы дауыссыз дыбыстардың харакаттары) бұрынғы және кейінгі дауысты дыбыстар қазақ тілінде сөздің қай буынында тұрғанына қарамастан жуан әуезді дауыстылармен беріледі. Мысалы, طَنْطَا [ṭantā] – *Танта*.

Жоғарыдағы тарауда ر [r] дыбысының қай жағдайда жуан, қай жағдайда жіңішке дыбысталатынын айтқан болатынбыз. Жуан ر [r] дыбысы мустағли (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) дыбыстарға ұқсас дыбысталатындықтан бұрынғы және кейінгі дауысты дыбыстар қазақ тілінде сөздің қай буынында тұрғанына қарамастан жуан әуезді дауыстылармен беріледі. Мысалы, رَشِيدٌ [rašīd^{un}] – *Рашид*. Жіңішке ر [r] дыбысы мустафил (مستفيلٍ [musta‘fiⁿ]) дыбыстарға ұқсас дыбысталатындықтан мустафил дыбыстармен бірдей қолданылады.

«Ислам» энциклопедиялық анықтамалығында: «Әбу *Абдаллаһ Мұхаммед ибн Исхақ* (704, *Медине* – 767/68, *Бағдад*) – араб тарихшысы. 733 ж. Мысырға қоныс аударып, кейін 749 жылдан бастап *Иракта* тұрған. «*Китап сират расул Аллаһ*» («*Аллаһтың жіберген адамының өмірі туралы кітап*») аталатын еңбегінің бізге Мысыр әдебиетшісі *Хишамның* (833-34 ж.ө.) өңдеген нұсқасы жетті. Бұл еңбекте көне Ислам дінінің тарихы жөнінде нақтылы деректермен қатар аңыз-әпсаналар да кездеседі» [148, 72 б.] делінген (кейбір сөздердің астын сызған біз. – Қ.Қ.). Бұған ұқсас мысалдарды энциклопедиядан көптеп кездестіруге болады. Бұл мәтіндегі асты сызылған онимдердің жазылымына (графикасына) біз келіспейміз. Бұл тарихшының аты-жөні арабша

أَبُو عَبْدِ اللَّهِ مُحَمَّدُ بْنُ إِسْحَاقَ [‘abū ‘abdi-l-lāhi muḥammaduni-bnu ‘iṣḥāq^a] болып жазылатындықтан, біз оны өзіміздің жоба бойынша Әбу *Абдуллаһ Мухаммад ибн Исхақ* деп, мәтіндегі *Медине* деп берілген қала араб тілінде الْمَدِينَةُ [al-madīna^{un}] болып жазылатындықтан бұл қаланың атын біз *әл-Мәдина* деп, *Ирак* дегені араб тілінде الْعِرَاقُ [al-‘iṣāq^{un}] болып жазылатындықтан бұл елдің атын *әл-Ирақ* деп, ғалымның «*Китап сират расул Аллаһ*» деген еңбегінің аты араб тілінде كِتَابُ سِيرَةِ رَسُولِ اللَّهِ [kitābu sīrati rasūli-l-lāhⁱ] болып жазылатындықтан оны *Китаб сира Расул Аллаһ* деп, *Хишам* дегені араб тілінде هِشَامٌ [hišām^{un}] болып

жазылатындықтан оны *Гишам* деп жазуды ұсынамыз. Ал *كتاب سيرة رسول الله* [kitābu sīrati rasūli-l-lāh¹] еңбегінің атын қазақ тіліне «*Алла Елшісінің өмір жолы туралы кітап*» деп аударғанымыз жөн секілді.

Біз араб онимдерінің транслитерациясын, транскрипциясын және араб тілінен тілімізге ертеректе еніп фонетикалық өзгерістерге ұшырап қазақыланған (қазақ тіліне икемделген) нұсқасын бір-бірінен айырып, қайсысы қай кезде қолданылатынын ажыратып алғанымыз жөн. Мысалы, *عبدُ الله* [‘abdu-l-lāh¹] есімінің араб тіліндегі дыбысталуы бойынша қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы тік жақшаға алынып [‘абду-л-лāh¹] болып жазылады, ал қазақ мәтіндеріндегі транслитерациясы *Абдуллаһ* болып беріледі. Ал, *Абдолла*, *Ғабдолла*, *Қабдолла*, *Қабділда*, *Қабылда*, *Қабділда* деген есімдер араб тіліндегі *عبدُ الله* [‘abdu-l-lāh¹] деген есімнің қазақ тіліне ертеректе еніп қазақыланған (қазақ тіліне икемделген) фонетикалық түрлері. *مُحَمَّدٌ* [muḥammad^{un}] есімінің араб тіліндегі дыбысталуы бойынша қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы тік жақшаға алынып [мұхәммәд^{yh}] болып жазылады, ал қазақ мәтіндеріндегі транслитерациясы *Мухаммад* болып беріледі. *Мұхаммед*, *Мұхамед*, *Мохамед*, *Мұқамбет*, *Мұхамбет*, *Махамбет*, *Махмет*, *Мәмбет*, *Мәмет* деген есімдер араб тіліндегі *مُحَمَّدٌ* [muḥammad^{un}] деген есімнің қазақ тіліне ертеректе еніп қазақыланған фонетикалық түрлері. Сол сияқты *الله* [al-lāh^u] сөзінің араб тіліндегі дыбысталуы бойынша қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы тік жақшаға алынып [әл-лāh^y] болып жазылады, ал қазақ мәтіндеріндегі транслитерациясы *Аллаһ* болып беріледі. *Алла* сөзі араб тіліндегі *الله* [al-lāh^u] сөзінің қазақ тіліне ертеректе еніп қазақыланған түрі.

Қазақ тілінің сөздік қорында тілімізге ертеректе еніп, фонетикалық өзгерістерге ұшырап қазақыланып кеткен онимдер (сөздер) жеткілікті дедік. Мұндай сөздерді қазақыланған күйінде қолданғанымыз жөн. Алайда, қазіргі таңдағы баспасөз беттері мен діни әдебиеттерде мұндай сөздердің қазақыланған түрін қолданбай түп төркініне қайтып, араб тіліндегі дыбысталуы бойынша жазу белең алуда. Мысалы, *Шәкәрім Құдайбердінің* аты *Шаһкәрім* деп, *Алла* сөзі *Аллаһ* деп жазылып жүр. Бұлай жазу *Әбдірахман Асылбеков* дегенді *Абдуррахман Асылбеков* деп, *Әбділда Тәжібаев* дегенді *Абдуллаһ Тәжібаев* деп, *Махамбет Өтемісұлы* дегенді *Мухаммад Өтемісұлы*, т.б. деп жазғанмен бірдей. Бұл үрдіс тіліміздің фонетикалық заңдылығына бағынып, қазақыланып кеткен сөздерді (онимдерді) қайта арабтандыруға алып барады дегенді білдіреді. Сондықтан мұндай сөздерді қазақ мәтіндерінде қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша *Алла*, *Шәкәрім* деп жазғанымыз жөн.

Р.Мухитдинов *Аллаһ* сөзі жалқы есім екенін айта келе, аударма жұмыстарында жалқы есімдер тілден тілге аударылмайтынын негізге алып, оны (*Аллаһ* сөзін) араб тіліндегі дыбысталуы бойынша *Аллаһ* деп жазғанымыз жөн дейді [150, 31 б.], сондай-ақ, «Діни терминдер сөздігінде» де солай берген [151, 10 б.]. Араб онимдерінің ішінде қазақ тіліне ертеректе еніп, халық түсінігінде белгілі бір ұғым ретінде қалыптасқан онимдер қабаты көптеп кездеседі. Мысалы, *Мұхаммед пайғамбар* деген сөз қазақ тіліне ислам дінімен бірге келген және ол Жаратушы тарапынан бүкіл адамзатқа жіберілген Елші ретінде қазақ ұғымында қалыптасқан. Бұл сөзді қазақ мәтіндерінде араб тіліндегі *مُحَمَّدٌ*

[muḥammad^{un}] сөзінің дыбысталуына жақындатып *Мухаммад* деп транслитерациялаудың қажеті жоқ, яғни *Мухаммад пайғамбар* деп жазу дұрыс емес. Сол сияқты *Алла* сөзі де қазақ тіліне ертеректе еніп, халық түсінігінде *Жаратушы* деген ұғымда қалыптасқан. Бұл сөзді де қазақ мәтіндерінде араб тіліндегі الله [al-lāh^u] сөзінің дыбысталуына жақындатып *Аллаһ* деп транслитерациялаудың қажеті жоқ болады. Сондай-ақ, бұл сөз қадим, жәдид жазулы ескерткіштерде цитаталық (түпнұсқа) принцип бойынша الله болып таңбаланғанымен, қазақ тіліне икемделіп *Алла* болып оқылған. Г.Мамырбекованың зерттеулері бойынша қадим, жәдид жазуларында °таңбасы сөз ортасы мен соңында *a, ə, e* болып дыбысталатын болған. Мысалы, *صونكره – соңыра* [152, 50-51 б.; 152, 82 б.]. Қадим, жәдид жазуларында сөз соңындағы °таңбасы *a* дыбысын беруі де الله сөзінің *Алла* болып оқылуына себеп болған факторлардың бірі ретінде қарауға болады. Сонымен қатар, Абылай сұлтанның 1745 жылы Сухаревке жазған хатында الله сөзіне барыс септігінің жалғауы اللغه [152, 16 б.] болып, яғни الله сөзіндегі ° [h] дыбысының таңбасы түсіп қалып тікелей *Аллаға* болып жалғанған және 1914 жылы шыққан «Қазақ» газетінде де الله сөзіне ілік септігінің жалғауы الله ناك [153], яғни *Алланың* болып жалғанған. Егер الله сөзі қазақ тілінде сол кездерде *Аллаһ* болып дыбысталған болса «Қазақ» газетінде ілік септігінің жалғауы الله تانك, яғни *Аллаһтың* болып жалғанар еді. Абай Құнанбайұлы да *Алланың өзі де рас, сөзі де рас* дегені баршаға мәлім. Алайда еліміз тәуелсіздігін алып, дінімізге қайта қауышқалы бері жарық көріп жатқан діни кітаптардың дені *Аллаһ* деп жазып, мешіт имамдары мен өзге де діни қызметкерлер және дінге бет бұрған бауырларымыз *Аллаһ* деп айтып жүргенде уақыт өте келе халық арасында *Алла* нұсқасымен қатар, діни фактор әсер етіп, араб тіліндегі дыбысталуына жақын *Аллаһ* деген нұсқасы қалыптасатын тәрізді.

Транскрипция шет тілдерін үйренгенде сөздердің дәл дыбысталуын беру үшін қолданылады дедік. Мысалы, араб тіліндегі عبدُ الله атты кісі есімінің транскрипциясы араб тіліндегі дыбысталуы бойынша қазақ кирилл әріптерімен тік жақшаға алынып [‘абду-л-лāh^u] болып жазылады. Транслитерация өзге тілдердегі мәтіндерді аудару кезінде, тілден тілге аударылмайтын онимдерді (еңбек атаулары, кісі атаулары, жер-су атаулары т.б.) қабылдаушы тіл мәтінінде беру үшін қолданылады деген болатынбыз. Мысалы, [’abū ‘abdi-l-lāhi muḥammaduni-bnu ‘iṣḥāq^a] деген араб ғалымының аты-жөнін қазақ тіліндегі мәтіндерде *Әбу Абдуллаһ Мухаммад ибн Исхақ* деп, оның كتابُ سيرة رسول الله [kitābu sīrati rasūli-l-lāhi] деген еңбегінің атауын қазақ мәтіндерінде «*Китаб сира Расул Аллаһ*» деп транслитерациялаймыз. Қажет болған жағдайда осы секілді аударуға болатын кейбір онимдердің (мысалы, кітап, картина, фильм, т.б. атауларының) транслитерациясының жанына аудармасын қоса беруге болады. Мысалы, كتابُ سيرة رسول الله «*Китаб сира Расул Аллаһ*» (*Алла Елишінің өмір жолы туралы кітап*).

2.5 Араб графикасына негізделген «қадим», «жәдид» және «төте жазу» жүйесімен жазылған еңбектердегі қазақ онимдерінің берілуі

Ғалымдар түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ болып келетін тарихи жазбаларды негізінен үш дәуірге бөледі:

1. Көне түркі дәуірі (Талас, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – III, V – VIII ғғ.).

2. Орта түркі дәуірі. Бұл дәуір екі кезеңнен тұрады: Қараханид (Жүсіп Баласағұн «Құдатғу білік поэмасы», М.Қашқари «Диуан луғат әт-турк», Ахмет Йүгінеки «Һиба әл-хақайк», А.Ясауи «Диуани хикмет» – X-XII ғғ.) және Алтын Орда (Хорезми «Мұхаббатнаме», Құтба ақын «Хұсрау-Шырын», Сейф Сарай «Гүлстан бит-Түрки», Рабғузи «Қисас әл-Әнбия», «Кодекс куманикус» – XII-XV ғғ.).

3. Жаңа түркі дәуірі. XV ғасырдан қазірге дейін [154, 157 б.].

Зерттеуші ғалым Г.Мамырбекованың зерттеулері бойынша орта және жаңа түркі дәуіріне тиесілі ескерткіштердің көбі араб жазуының қадим үлгісімен бізге жеткен. Ғалым қадим жазу үлгісінің басты ерекшеліктері ретінде дауысты дыбыстардың көпшілігі харакаттар арқылы берілуін, олардың (харакаттардың) жазуда таңбаланбауын, сондай-ақ, араб әліпбиіндегі 28 әріп таңбаларының барлығы дерлік (бір мәтін ішінде) қолданыста болғанын айтады [152, 13 б.]. Орта түркі дәуіріне тиесілі еңбектердің бірі XI ғасырда өмір сүрген Махмуд Қашқаридің «Диуан Луғат әт-Турк» атты кітабының қолжазбасында түрлі-түсті бояумен сызылған түркі жұртының картасы берілген. Онда түркі әлемінің елді мекендері мен тайпа, т.б. географиялық нысандар атаулары былай берілген: *Тараз* – طراز, *Исфиджаб* – اسبجاب, *Самарқанд* – سمرقند, *қыпшақ* – قفقاق, *татар* – تتار, *ұйғыр* – ايغر, *баиқұрт* – بشقورت, т.б. [155, 22-23 б.]

XVIII-XIX ғғ. жазбаларында қолданылған таңбалардың саны 32. Оның 28-і араб әріптері және екеуі парсы – چ (че), پ (пе), екеуі түркі گ (ге), و (ве) таңбалары. Осылардың ішінде араб әліпбиіндегі екі таңба түркі сөздерін жазуда қолданылмаған – ظ, ث. Яғни тек араб тілінен енген сөздердің құрамында ғана кездеседі. Сонда түркі сөздерін таңбалау үшін 30 араб таңбасы елеулі рөл атқарады [152, 47 б.].

Ғалым қадим жазуындағы дауыссыз дыбыстар жөнінде, араб графикасында түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінде жоқ көптеген дыбыс таңбалары кездесетінін, сондай-ақ, қазақ тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстар кейде ортақ бір графикалық таңбамен берілсе, кейде бір-біріне ұқсамайтын бірнеше графикалық таңбалармен берілетінін айтады [152, 52 б.]. Сондай-ақ, ғалым ескі қазақ жазба тіліндегі орфографиялық ерекшеліктердің бірі ретінде жалпыхалықтық қолданысқа түсіп, сөйлеу тілінде игерілген араб сөздерінің сол тілдердің жазу нормалары бойынша, яғни цитаталық (түпнұсқа) принцип бойынша таңбалануын атап өтеді [152, 67 б.]. Түпнұсқа принципі әліпбиі ұқсас болған жағдайда шеттілдік сөздердің графикалық нұсқасын сол күйінде жазу үшін қолданылады [156, 65 б.]. Оларға мысал ретінде араб тіліндегі عسكر [‘askar^{unn}], أول [’aʊʊal^{unn}], توكل [taʊakkul^{unn}], مملكة [mamlaka^{unn}], مدرسة [madrasa^{unn}], محترم [muhtaram^{unn}], т.б. сөздермен қатар مسلم [muslim^{unn}], الحمد لله [al-ḥamdu li-l-lāh¹], الله تعالى [al-lāhu ta‘ālā] секілді араб тіліндегі діни сөздерді де келтіреді (сөздердің транскрипциясын тік жақшаға алып, латын әріптерімен берген – біз. – Қ.Қ.) [152, 67 б.]. Сондай-ақ, Ақсақ Темір дәуірінде соғылған тайқазандағы ұстаның есімі де цитаталық (түпнұсқа) принцип бойынша жазылған [157, 47 б.]. Парсы тілінде де тек араб тілінен енген сөздерді транслитерациялау үшін ض, ص, ح, ث,

ع, ط, ظ секілді кейбір араб әріптерін парсы тілінің әліпбиіне енгізген [158, 8-9 б.]. З.Рүстемов: «ع ('айн) – араб тілінде ұяң, көмей шұғыл дыбысы, парсы тілінде негізінен өзінің айтылу қасиетінен айрылған болса да, араб тілінен парсы тіліне енген кірме сөздерде жазылады» [159, 11 б.], – дейді. Сонымен қатар, парсы тілінде кейбір дауысты дыбыстар әлі күнге дейін харакаттар арқылы берілетіндіктен, қазіргі парсы жазуы, орта ғасырлардағы қадим, жәдид жазуларына тән сипаттарды сақтап қалған деген тұжырымдама жасауымызға болады.

Ғалымның (Г.Мамырбекова) зерттеулері бойынша ескі қазақ жазба ескерткіштерінде парсы тілінің элементтеріне қарағанда араб тілінің элементтері көп кездеседі және парсы тілінен енген сөздердің кейбірі парсы тіліндегі жазылу нұсқасы сақталмай таңбаланған. Оны ғалым ислам дінімен, яғни Құранның тілі араб тілі болғандықтан парсы тіліне қарағанда қазақтарда араб тіліне деген құрмет ерекше болғандығымен түсіндіреді [152, 68 б.]. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіптің Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының қорында сақталған бірінші папкасының 113-114-ші беттеріндегі Әмір Темірдің алдында Мурсайд Шариф пен Тафтазалидің сөйлесуі берілген. Ондағы кісі атаулары былай берілген:

«سونده امير تيمور بولار سوزكا كيكاندده برين بري اياماي ايطيسدى . انجينده بري بري قانداي كوروسادى ايكان ديب بايقاو اوچون بير كون تفتازالى جوخته ميرسيد شريفكا ايتوبدى...»

Мәтіннің кирилл әріптерімен берілуі: «Сонда Әмір Темір бұлар сөзге келгенде бірін-бірі аямай айтысады. Әншейінде бірін-бірі қандай көріседі (көреді) екен деп, байқау үшін бір күн Тафтазали жоқта Мурсайд Шарифке айтыпты ...» [160, 9 б.]. (Мәтіндегі кісі атауларының астын сызған – біз. – Қ.Қ.). Мәтіндегі дауысты дыбыстар таңбалар арқылы берілгеніне қарап, жәдид жазу үлгісінде жазылғанын байқауға болады, сондай-ақ мәтінде араб, парсы тілінен енген атаулар сол тілдердің жазу нормалары бойынша жазылған.

Дегенмен, қазақ жазба ескерткіштеріндегі араб тілінендегі жазылу нұсқасы бойынша жазылған құрамында ث, ح, ص, ض, ط, ظ, ع секілді қазақ тілінде жоқ дыбыстары бар араб кірме сөздер мен онимдер араб тіліндегі дыбысталуы бойынша дыбысталмағаны мәлім. Мысалы, ескі қазақ жазбаларында цитаталық (түпнұсқа) принцип бойынша араб тіліндегі жазылуы бойынша жазылған محمد [muḥammad^{unn}] деген кісі есімін, харакаттар қойылмағандықтан және көмейлік ح [h] дыбысы қазақ тілінде жоқ болғандықтан, қадимше хат танитын адамдар бұл есімді қалағандарынша *Мұхаммед, Мұхамед, Мохамед, Мұқамбет, Мұхамбет, Махамбет, Махмет, Мәмбет, Мәмет* деп оқып, ондай есімдердің қазақ тілінде бірнеше фонетикалық нұсқалары пайда болуына себеп болған. Осыған ұқсас жағдай араб тілінде де кездеседі. Осман халифа тұсында жазылған Құран аяттарында харакаттар мен жазылуы ұқсас әріптерді ажырату үшін пайдаланылатын нүктелер қойылмағандықтан кейбір сөздерді әркім өз диалектісіне бейімдеп оқыған. Мысалы, Таһа сүресінің "قَبَضْتُ قَبْضَةً مِنْ أَثَرِ الرَّسُولِ" [qabaḍtu qabḍatan min 'aṭari-r-rasūl¹] деген 94-аятын "قَبِضْتُ قَبْصَةً مِنْ أَثَرِ الرَّسُولِ" [qabaḍtu qabṣatan min 'aṭari-r-rasūl¹] деп оқығандар болған. Мұндағы "قَبْضَةً" [qabḍatan] және "قَبْصَةً" [qabṣatan] деген сөздер әртүрлі дыбысталғанымен лексикалық мағыналары

бірдей [6,157]. Сондай-ақ, Фатиха сүресінің "مَلِكِ يَوْمِ الدِّينِ" [mālīki jāumi-d-dīn¹] деген 4-аятын "مَلِكِ يَوْمِ الدِّينِ" [maliki jāumi-d-dīn¹] деп оқыған ғалымдар болған. Өйткені Құран Кәрімдегі қойылуы тиіс созылыңқы әлифтің таңбасы қойылмауын ғалымдар набатей жазуының әсері деп түсіндіреді [8, 18 б.].

Ғалымның көрсетуінше қадим жазуының біртіндеп жәдид жазу үлгісіне ауысуы «Түркістан уәлаяты» газетінен бастау алады. Жәдид жазуының басты ерекшелігі дауысты дыбыстардың харакаттар арқылы берілуі азайып, таңба арқылы беріле бастауы, араб парсы сөздерінің қазақ тіліне икемделіп өзгеріске ұшыраған түрінің жазыла бастауы, араб әліпбиіндегі қазақ тіліне жат ظ [z], ث [t], ذ [d], ض [d] дыбыстарының таңбалары қолданылмауы болып табылады [152, 75 б.]. «Түркістан уәлаяты» газеті қолданған қолданған таңбалардың саны 31. Олардың 28-і араб әріптері, екеуі парсы тілінен енген: пе (پ) және че (چ), біреуі түркілік не (ک) таңбалары. Ал «Дала уәлаяты» газетінде 33 таңба қолданылған. Олардың 28-і араб әріптері, үшеуі парсы таңбасы: пе (پ), че (چ) және ге (گ), қалған екеуі түркілік таңбалары не (ک) және ве (و).

1914 жылы шыққан «Қазақ» газетінде кісі атаулары мен елді мекен атаулары былай берілген: Ақмола – أقمولا, Ақтөбе – آقتوبه, Орынбор – اورنبورغ, Шалқар-Ырғыз – چالقار-ارغز, Ақмешіт – أقمسجد, Әлихан – علي خان, Мақсудов – مقصودوف, Жолымбет Нұрымбетов – جولمبه ت نورمبه توف, Ерназар Жауқашаров – ايپسنباي تنچتقبايف, Нығметолла Күзенбаев – نعمت الله كوزه نبايف, Ермұхаммед Мулла Сатыбалды ұлы – ايرمحمد ملا, Мұхаммедяр Тасқынбай ұлы – محمد يار تاسقنباي اوغلى, Ысхақ Захиров – اسحاق ظاهرروف, Мәннан Тұрғанбаев – منان تورغانبايف, Ахмет Байтұрсынов – احمد شاه, Міржақып Дулатов – مير يعقوب دولاتوف, Шәкәрім Құдайберді ұлы – شاهرودي اوغلى, т.б [153]. Бұл елді мекендер мен кісі атауларының жазылуына қарап, «Қазақ» газетінде де қадим, жәдид жазу жүйесінің кейбір ережелері сақталғанын байқаймыз.

Әліпби мәселесіне байланысты қазақ жерінде екі рет қызу тартыстың болғаны баршаға мәлім. Біріншісі, 1910 жылдардың басында араб әліпбиіндегі әріптерді өзгертпестен түгелдей қолдану немесе А.Байтұрсынұлы түзген төте жазуды қолдану мәселесі болса, екіншісі, 1920 жылдардың аяғында араб жазуына негізделген төте жазуды қоданыстан шығармау немесе латын әліпбиін қабылдау мәселесі болды.

Қазақтың ұлы ғалымы А.Байтұрсынұлының халқы үшін жасаған игі істерінің бірі араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін құрастыруы болды. Өйткені сол кезеңге дейін бірнеше ғасырлар бойы қолданыста болған араб әліпбиіне негізделген қадим, жәдид жазуының халықты сауаттандыру жолында өзіндік қиындықтары бар еді. Г.Мамырбекова өз зерттеулерінде қадим, жәдид жазуындағы қиындықтарға бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптердің пайдаланылуы; сөздің дауыссыз дыбыстары ғана жазылуы; араб әліпбиінде дауысты дыбыстардың таңбалары үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалардың тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болуы секілді қиындықтарды жатқызады [161, 6 б.]. А.Байтұрсынұлы осындай қиындықтардан арылу үшін қадим, жәдид үлгісіндегі араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалап, ауызекі сөйлеу тілінің жазба формасын

жасады. «Бірден дыбыстарды қосып сөз қылып оқығандықтан, бірден қарыптарды қосып, сөз қылып жазғандықтан, ежікпен қадымша оқытудың қасында бұл әдіс анағұрлым төте еді» [162, 50 б.] деп, жазудың «төте жазу» аталу себебін түсіндіреді.

«Араб әліппесі қазақ даласына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппе алдыру – қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб харіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіптерінде түрін тым бұзып жіберсек, халық тағы қабылдамайды» [162, 325 б.] деп, араб әліпбиін қазақ емлесіне икемдеді. Төте қазақ әріптерінің көпшілігі соған сәйкес араб әріптерінен өзгеріссіз алынды. Ал кейбір қазақ тілінде бар, бірақ араб тілінде кездеспейтін дыбыстар соған жақын дыбыстың әріптік таңбасымен немесе соған қандай да бір белгі қосу арқылы бейнеленді [51, 222 б.]. Сонымен А.Байтұрсынұлы түзген әліпби жүйесінде дыбыстарды белгілейтін әріптің саны 24, олардың 18-і араб, үшеуі парсы (پ, چ, گ), екеуі түркі таңбасы (گ, و), біреуі өзі өзгерткен әріп (ұ-ؤ) [152, 108 б.]. Ұ әрпі туралы ғалым: «О дан айыру үшін үстіне (ˆ) белгісін қоямыз. Себебі о менен ұ-ның жазылуы ұқсас болғанымен, айтылуы ұқсас емес» [163, 71 б.], – дейді. Сондай-ақ, өзі көрсеткендей бұл 24 әріптің бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстардың таңбасын береді [162, 324 б.].

Төте жазудың қадим, жәдид жазуларынан айырмашылығы араб әліпбиіне қазақ тілі дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп, қосымша таңбалардың енгізілуі;

- араб әліпбиіндегі қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді қолданыстан шығару;

- араб жазуы заңдылығына тән харакат, тәшдид, сукун, тануин сияқты диакритикалық белгілерді қолданбау;

- үш дауыстыға ғана негізделген араб әліпбиіндегі дауыстылар жүйесін қазақ тілінің үндестік заңына сәйкестендіріп дәйекше арқылы беру;

- ұзақ ғасырлар бойы «ескі тілде» қызмет етіп, «бөтендік сипатта» болған жазу жүйесін барша қазақтың түсінікті сөйлеу тіліне бейімдеп, негіздеу болды [161, 6 б.]. А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпбиді қазіргі таңда Қытай Халық Республикасындағы қазақтар әлі күнге дейін ресми түрде қолданады. Төте жазумен шығатын еларалық «Шалқар» газетіндегі қазақ онимдері былай жазылған: *Әбсаттар Қажы Дербісәлі* – *أبساتتار قاجی دهربیسالی*, *Қазақстан* – *مورات وکشه*, *Нұрсұлтан Назарбаев* – *نورسولتان نازاربايه و*, *Мұрат Өкшебаев* – *مورات وکشه*, *Астана* – *استانا* [164], т.б.

2.6 Транслитерация көпнұсқалылығының себептері

Зерттеуші ғалым Н.Рсалиева қазақ онимдерінің ағылшын тіліндегі транслитерациясында орын алған көпнұсқалылықтың 8 себебін анықтаған. Олар: аудармашының транскрипция мен транслитерация терминдерінің аражігіне мән бермеуі; орыс тілі арқылы аударылуы; транслитерациялау ережесінің болмауы; графикалық интерференцияның әсері; түпнұсқа мәтінінде кейбір бірнұсқада жазылмаған атаулар орыс және ағылшын тіліндегі графиканың әркелкілігіне жол берген; аударманың бір қолдан шықпауы; мәтін теру мәдениетінің сақталмауы; аудармашыда әр түрлі деңгейдегі лингвистикалық, лингвомәдени,

психологиялық, т.б. дайындықтардың жеткіліксіздігі [1, 92-95 б.]. Ғалымның көрсетуінше бұлардың алдыңғы бесеуі лингвистикалық, соңғы үшеуі экстралингвистикалық себептер.

Қазақ онимдерінің көпшілігі араб тіліндегі еңбектер мен аудармаларда орысша жазылуына қарай, ешқандай ережеге негізделмей транслитерацияланғанына көзіміз жеткен болатын. Транслитерациялаудың қабылданған ережесі болмағандықтан бір онимнің әртүрлі еңбектерде бірнеше нұсқада берілуі кешірімді делік. Бірақ бір онимнің бір шығарманың өзінде, бірнеше нұсқада берілуіне қандай факторлар себеп болуы мүмкін? Бұл тараушада транслитерациялау кезінде орын алған қателіктер мен транслитерациялау көпнұсқалылығының себептерін талдаймыз.

Араб тіліндегі еңбектер мен аудармаларда қазақ онимдерін транслитерациялауда орын алған қателіктердің **бірінші себебі** – транслитерациялау ережесінің болмауы.

Екінші себебі – мәтіннің қазақ тілінен емес орыс тілінен араб тіліне аударылуы. Мысалы, *Қазақстан* көп еңбектерде *كازاخستان* [kāzāḥstān] (қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы [кәзәхстән]) болып берілген. Дұрысы *قازاقستان* [qāzāqstān] (қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы [қазәқстән]) болып берілуі керек. Тіпті қазақ онимдері орыс тіліндегі септелуі бойынша берілген жағдайлар да кездеседі. Мысалы, *Мағжан Жұмабаев* орыс тіліндегі табыс септігінде (винительный падеж) *Мағжана Жумабаева* күйінде бір кітаптың өзінде бірде *ماجشانا جومابايفا* [māḍʒšānā dʒūmābāiifā] [125, 202 б.] болып жазылса, бірде *ماغجانا جومابايفا* [māḡdʒānā dʒūmābāiifā] [125, 230 б.] болып жазылған. Мұндағы *ماجشانا* [māḍʒšānā] (қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы [мәжшәнә]) дегеннің *Мағжан* екенін фамилиясы бірге жазылғандықтан ғана тани алдық.

Үшінші себебі – екі тілдің дыбыстық жүйелерінің әртүрлі болуы. Мысалы, қазақ тіліндегі дауыссыз *п, в, ц, ж, ч, г, ң* дыбыстарына, дауысты *е, э, ы, і, о, ө, ұ, ү* дыбыстарына араб тілінде балама болатын дыбыстар жоқ. Сондай-ақ, араб тіліндегі дауыссыз *ث [t], ذ [d], ظ [z], ض [d], ج [dʒ], ع [ʕ], ح [h]* дыбыстарына қазақ тілінде балама болатын дыбыстар жоқ.

Төртінші себебі – қазіргі араб тілінде қысқа дауыстыларды білдіретін харакаттарды қоймай не созылыңқы дауыстыларды қолданбай, дауыссыз дыбыстарды ғана жазумен шектелуі. Мысалы, Мәжид ибн Абдулазиз әт-Турки *қазақ* сөзін *الكزخي* [al-kazaḥiḥ^u] [16. 6, 10, 65 б.] деп жазу кезінде екі түрлі қателікке жол берген, біріншісі – *қазақ* сөзін тікелей орыс тіліндегі жазылған еңбектерден алған, екіншісі – харакаттарды қоймай, дауыссыз дыбыстарды ғана жазумен шектелген. Бұл сөз харакаттарын дұрыс қойып оқыған адам ғана [әл-Кәзәх^u] деп оқиды. Егер харакаттарын дұрыс қоймаса *الكزخي* сөзі [әл-кузәх^u], [әл-кузух^u], [әл-кузих^u], [әл-кәзух^u], [әл-кәзих^u], [әл-кизих^u], [әл-кизәх^u], [әл-кизух^u] болып бірнеше нұсқада оқылуы мүмкін.

Бесінші себебі – аудармашының (не араб тілді жазушының) қазақ тілі мен оның дыбыстық жүйесін толыққанды білмеуі. Мысалы, аудармашы (не араб тілді жазушы) қазақ тілінің дыбыстық жүйесін білгенде *Алматыны* *الماتي* [ʾalmātī] [121, 14 б.] деп емес *الماطي* [ʾalmāṭī] [121, 14 б.] деп жазар еді. Өйткені

Алматы сөзіндегі *t* дыбысы жуан дауыстылардың әсерінен жуан дыбысталады. Сондықтан қазақ тіліндегі дыбысталуына барынша жақындату үшін араб тіліндегі мустағли (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) әрі мутбақ (مطبق [muṭbaq^{un}]) ط [t] дыбысының белгісін қолданған жөн.

Алтыншы себебі – мәтін теру мәдениетінің сақталмауы салдарынан орын алған экстралингвистикалық фактор. Мысалы, *Астананың* استانا [asta’nā] [121, 109 б.] болып, *Жабайхан Әбділдиннің* جايخان ابدولين [džāiāḥān abdīlīn] [121, 100 б.] болып, *Семейдің* (бұрынғы орысша атауы *Семипалатинск* негізінде) سيمبمالاتينسك [sīmbamalātīnsk] [124, 208 б.] болып жазылуы мәтін теру мәдениетінің сақталмауынан болған. Зерттеуші ғалым Н.Рсалиева: «Мұндай салғырттыққа тек мәтін теруші емес, бір есімнің өзін әрқилы нұсқада жазып отырған аудармашының өзі де жол беруі әбден мүмкін, өйткені бүгінде көбіне авторлардың өздері теруші (қолжазба деп компьютерде терілген жазбаны айтып жүрміз). Егер мәтінді аудармашы термеген болса мұны, дұрысында, бірлескен немқұрайдылық нәтижесі деп бағалаған жөн» [1, 95 б.], – дейді.

Жетінші себебі – аударманың бір қолдан шықпауы, яғни бір еңбекті бірнеше автордың аударуы салдарынан бір онимнің транслитерациясын беруде әр аудармашы өзі дұрыс деп тапқан нұсқаны қолдануы мүмкін.

Сонымен, аударма қазақ онимдерінің араб тіліндегі транслитерациясында орын алған көпнұсқалықтың жеті себебі анықталды, оның бесеуін лингвистикалық, екеуін экстралингвистикалық себептер деп таптық.

Қазақ ономастикалық атауларын араб тілінде транслитерациялаудың көпнұсқалығынан арылып, бірізділік табудың жолдарын диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде қарастырамыз.

3. ҚАЗАҚ ФОНЕМАЛАРЫН АРАБ ГРАФИКАСЫНДА ТАҢБАЛАУДЫҢ ГРАФЕМАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

С.Мырзабеков өзінің «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» атты кітабында: «30-жылдардың екінші жартысында Коммунистік партияның сұрқия саясаты жан түршіктірер зобалаңға жалғасқаны белгілі. Осыдан соң қазақ оқығандарының партияға, орыс тіліне деген «ықылас-ниеті» түзелмеске шарасы жоқ еді. Мұның өзі әліппені жетілдіруді, орыс сөздерін қабылдауға икемді етуді керек етті», – дейді [165, 29 б.].

Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген көптеген сөздер мен терминдер бар. Оларды орыс тіліндегідей етіп айтуға, сондай-ақ жазуға тиіспіз деп, ана тілімізде жоқ әріптер қазақ әліпбиінің құрамына ендірілген. Нәтижесінде, орыстың *Чанайын* қазақ тіліне ыңғайлап *Шанай* демей, сол *Чанай* күйінде жазып, *Чанай* күйінде дыбыстадық. Ал, біздің *Жамбылымыз* бен *Шоқанымыз* орыс тілінде *ж* және *ш* дыбыстары бола тұра *Джамбул* және *Чокан* болып өзгере қалды. Тілімізге енген орыс сөздері мен онимдерін орыс тіліндегідей өзгеріссіз айту үшін қазақ әліпбиінің құрамына қазақ тілінің табиғатына жат орыс әріптерін енгіздік. Ал, орыстар қазақ кісі есімдері мен өзге де онимдерін мүмкіншіліктері бола тұра, орыс әліпбиіндегі қазақ дыбыстарына сәйкес келетін дыбыстармен дыбыстамай, барынша бұрмалады.

1991 жылдан бастап, еліміз өз алдына мемлекет болып, тәуелсіздік алған уақыттан бері жұртшылық фамилиялары мен әке аттарының жазылуындағы қазақ тіліне тән емес *-ов, -ев, -ова, -ева, -ович, -евич, -овна, -евна* сияқты қосымшаларды алып тастап, олардың орнына халқымыздың тарихи қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес үлгілерімен жазу жайлы өтініш тілектер айтылды. Олар жайлы «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас алаш» газеттері беттерінде толассыз мақалалар жарияланды.

Еріксіз таңылған *-ов* пен *-ев*-тен, *-ин* мен *-н*-нан құтылу, төл фамилиямызды қалыптастыру мәселесі баспасөз бетінде жиі жарияланып, кеңінен талқылау барысында әркім әртүрлі ұсыныс айтып, алуан түрлі пікірлер ұсынды. Осы мәселелерді бір ретке келтіру мақсатында академик Ә.Қайдаров, Т.Жанұзақтардың «Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы тұжырымдамасы» «Егемен Қазақстан» газетінде 5 ақпан 1994 ж. жарық көрді.

Бұл тұжырымдама 1994 ж. қарашада Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы Тіл комитеті тарапынан толықтырылып, өңделді. **Мемлекеттік ономастикалық комиссияның 1994 ж. қарашада өткен мәжілісінің шешімімен бұл Тұжырымдама бекітіліп, комиссия ұйғарымы Жоғарғы Кеңес сессиясының қарауына ұсынылды** [111, 83 б.]. Тұжырнамадағы III баптың 3-тармағында: «Кісі аттары, қанша жеке-дара сөздерден, компоненттерден тұрмасын, барлық жағдайда біртұтас атау ретінде ара-жігі бөлінбей, біріктіріп жазылатын болсын:

Әбілқасым (Әбіл-Қасым емес),

Сейдахмет (Сейіт-Ахмет емес),

Гүлсара (Гүл-Сара емес),

Нұржамал (Нұр-Жамал емес)

Аталған ұстанымдар бойынша өзгертілген, реттелген қазақ азаматтарының аты-жөндері орыс, ағылшын, т.б. тілдерде жазылғанда қазақ мемлекеттік тілінің әдеби нормаларына сәйкестендіріп транслитерациялануы (әріптік сәйкестігі сақталып жазылуы) қажет:

а. Омарбек Жидебайұлы Ысқақ

(Умарбек Джидебаевич Исхаков, Амарбек Джидебаевич Схаков т.б. емес)

Омарбек Жидебайұлы Искак – түрінде;

ә. Гүлжамал Тілешқызы Қабыш

(Гульджамал Тлешовна Хабыш т.б. емес)

Гульжамал Тилешқызы Кабыш – түрінде жазылуы тиіс», – деп көрсетілген [111, 86 б.].

Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы тұжырымдамасындағы «Есімдерді, әкелерінің аттарын және фамилияларды транслитерациялау қағидалары» атты 2-тармағында: «Республиканың байырғы тұрғындарының көпшілік бөлігінің тілегіне орай кезінде қазақтардың фамилиялары мен әкелерінің аттарына зорлап телінген *-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина, -н, -на, сондай-ақ -ович, -евич, -вна, -евна* сияқты орыс тілінің арнайы («фамилиялық») афикстерін қолдану жазбаша нұсқада да, ауызша айтылуында да тоқтатылсын; бұдан былай олар орыс, ағылшын және басқа тілдерде қазақ мемлекеттік тілдің әдеби нормаларына сәйкестендіріп транслитерациялау арқылы төмендегі үлгі бойынша берілетін болсын:

Омарбек Жидебайұлы Ысқақ

(Умарбек Джидебаевич Скаков, Амарбек Джидебаевич Схаков тағы басқаша емес).

Гүлжамал Сырымбетқызы Қабыш (Гульджамал Сырымбетовна Хабыш тағы басқаша емес)», – деп көрсетілген [111, 92-93 б.]. Осы тұжырымдаманың «Кісі есімінің және фамилияның емлелік ұстанымдары» атты 7-тармағының б бөлімінде: «Әсіресе араб-иран тектес есімдерді, олардың о бастағы тілдік-мағыналық құрамдық бөлігіне қарай бөлшектеу, бөлу (сондай-ақ транслитерациялау) дәстүріне еліктеушілік әдетті тоқтату керек. Мысалы, *Сейт-Ахмет, Әбіл-Қасым, Қожжа-Ахмет, Әділ бек, Сұлтан-Қазы, Мырза-Ахмет, Гүл-Сара, Нұр-Жамал* және т.б. Бұлардың бәрі қазақ әдеби тілі нормаларына сәйкес бірге жазылады» [111, 97-98 б.], – деп көрсетілген.

Араб пен қазақ тілдерінің дыбыстық құрамы әртүрлі және бірінде бар дыбыс, екіншісінде кездесе бермейтініне алдыңғы тарауларда тоқталып өттік. Әсіресе, араб тіліндегі желбезектік (حجري [ħandʒarij^{um}]) һамза ء [ʔ] дыбысы мен көмей (حلي [ħalqij^{um}]) ح [ħ], ع [ʕ] дыбыстары, сондай-ақ, тіс (أسناني [ʔasnānij^{um}]) ث [t], ذ [d], ظ [z] дыбыстарының қазақ тілінде баламалары кездеспейді. Сондықтан, қазақ халқы араб кірме сөздерін дәл өздеріндей айтпағаны түсінікті де, оларды өзінің дыбыстық жүйесіне бейімдеп айтуы заңды. Сол секілді қазақ онимдері араб тілінде берілгенде, оның араб тілінің дыбыстық жүйесіне бейімделіп өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс. Алайда біз қазақ онимдерінің

түбегейлі өзгеріп кетпеуін қадағалап, мүмкіндігінше қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстарға сәйкес келетін араб тілі дыбыстарының әріптерімен белгілеуге тиіспіз.

Әрине, біздің мақсат қазақ онимдерін араб тілінде дұрыс дыбысталуы үшін араб тіліне жаңа әріптер қосып беру емес, араб тілі дыбыстарының (артикуляциясының) бар мүмкіндігін пайдалана отырып, онимдерді қазақ тілі дыбыстарына балама болатын, баламасы болмаса ең жақын келетін дыбыстармен беру. Ол үшін бірінші тарауда екі тілдегі дыбыстарды салғастыра отырып «араб әдеби тілінде баламасы бар қазіргі қазақ тілі дауыссыз дыбыстары», «араб әдеби тілінде баламасы жоқ қазіргі қазақ тілі дауыссыз дыбыстары» және «қазіргі қазақ тілінде баламасы жоқ араб әдеби тілі дауыссыз дыбыстары» деп үш топқа бөліп қарастырдық.

3.1. Өзге тілдердегі транслитерациялау тәжірибесінен

Тілдерге аударылмайтын онимдердің өзге тілдердегі транслитерациялану көпнұсқалылығы тек қазақ онимдерінің ғана басындағы жағдай емес өзге тілдердің онимдеріне де ортақ мәселе. Мысалы, араб зерттеушісі Жәуани Абдал «Араб аудармаларындағы шетел онимдерінің графикалану мәселелері» атты көлемді мақаласында: «Әйгілі итальян әдебиетшісі *Никколо Макиавеллидің (Niccolo Machiavelli)* аты-жөні Хайри Хаммадтың 1961 жылғы аудармасында *نيقولا مكيافلي* болып, 1962 жылғы аудармасында *مكيافلي* болып жазылған. 1964 жылы жарық көрген «Қысқаша араб энциклопедиясында» *ماکيافلي نیکولو* болып, 1986 жылы жарық көрген Мухаммад әл-Жураның «Әлем әдебиеті анықтамалығында» *مکيافلي نیکولو* болып, 1994 жылы Антон Макдиси аударған «Саяси пікір сөздігінде» және 1984 жылы Тауфик Сәлум аударған «Психологиялық сөздікте» *ماکيافلي نیکولا* болып жазылған. Ал, Салахутдин Бурмаданың француз тілінен жасаған аудармасында *نيکولو مکيافلي* болып, Мунзир Аббасидің «Кувейттегі әлемдік туындылар топтамасы» аударма жинағында *نيقولا مکيافلي* болып, Нәжи Дәрауишаның «Түп-тұқияннан он сегізінші ғасырға дейінгі саяси пікірлер тарихы» атты аудармасының мұқабасында *نيقولا مکيافلي* болып, ішкі мәтінінде бірсыдырғы *ماکيافلي* болып жазылған. Сонымен қатар, араб аудармаларында немістің әйгілі драматург-ақыны *Гёте (Goethe)* *غوتیه*, *جوته*, *جوته* болып, *Шиллер (Chiller)* *شيللر*, *شيلر*, *شيلر* болып, әйгілі испан ақыны *Сервантес (Cervantes)* *سرفانتيس*, *سرفانتس*, *سرفانتس* болып, әлемге әйгілі грек философы *Аристотель (Aristotle)* *ارسطو*, *ارسطو*, *ارسطو* болып, неміс философы *Кант (Kant)* *كانت*, *كانط*, *كانت* болып, үндінің ұлы жазушысы *Тагор (Tagore)* *تاغور*, *تاغور*, *تاغورا* болып, орыс жазушылары *Лев Толстой* *ليون تولستوي* болып, *Гоголь* *جوجل* болып, транслитерациялау заңдылықтарына бағынбай, әртүрлі нұсқада жазылып жүр», – дейді [166]. Зерттеуші, сонымен қатар, *Emmanuel* атауы аудармашы Ахмад әш-Шәйбанидің аудармасында *عمانويل* болып, *Ulysse* атауы аудармашы Таһа Махмуд Таһаның аудармасында *عوليس* болып, еуропа тілдеріндегі дауысты *e*, *u* дыбыстарының орнына араб тіліндегі көмейде жасалатын *ع [ħalqii^{um}]* дыбысы жөнсіз қолданылғанын айтады [166]. Біз Жәуани Абдалдың бұл пікірін

қолдаймыз. Өйткені әр тілдегі онимдер өзге тілдерде жазылғанда транслитерациялану ережелеріне сай бір ғана нұсқада берілуі тиіс болатын және расында да, араб тіліндегі көмейлік (حَلْقِي [ħalqii^{unn}]), ызың (رَخْوَة [raħwa^{unn}]), үнді (مَجْهُور [maǰhūr^{unn}]) ع [‘] дыбысына сәйкес келетін дыбыс еуропа тілдерінде кездеспейді және оның орнына араб тілінде ع [‘] дыбысына қарағанда жеңіл дыбысталады (һамза) ء [‘] дыбысы бар. Еуропа тілдеріндегі сөз басында келетін дауысты дыбыстарды ع [‘] дыбысының таңбасымен емес, сәйкес не жақын келетін харакаттарын қою арқылы әлифті тірек етіп алған һамза дыбысының таңбасымен беру дұрыс болатын. Қысқасы, қандай да бір тіл онимдерін өзге тілге транслитерациялағанда, қабылдаушы тілді өзге тілдерден ерекшелеп тұратын өзіне ғана тән дыбыстарды қолданбаған жөн.

Грек және латын жалқы есімдерін араб тілінде беруде бірізді ереже қалыптастыру жолында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалым Мухаммад Махмуд әс-Сәламуни аудармашылардың көпшілігі грек, латын есімдерін араб тіліне транслитерациялағанда дыбыстық жүйесі бұл екі тілден мүлдем алшақ француз тіліндегі графикалануы бойынша тікелей француз тілінен алып жататынын айта келе: «Грек және латын жалқы есімдерін араб тілінде мүмкіндігінше түпнұсқа тілдегі дыбысталуы бойынша беру үшін, алдымен екі тілдің (грек, латын) дыбыстық жүйесіндегі дауыссыз және дауысты дыбыстарды толығымен зерттеп, сол дыбыстарға дәл келетін, дәл келетіні болмаса ең жақын келетін араб тіліндегі дауыссыз және дауысты дыбыстарды анықтап алуымыз керек» [115,98-99 б.], – дейді. Дауысты дыбыстар жөнінде: «Грек, латын тілдерінде де дауыстылардың қысқа және созылыңқы түрлері бар. Қысқаларына сейкесінше араб тіліндегі қысқа дауысты [a], [i], [u] дыбыстарының таңбасы фатха, кәсра, дамма харакаттарын, созылыңқыларына араб тіліндегі созылыңқы дауысты ٰ [ā], ِ [ī], و [ū] дыбыстарының таңбаларын алсақ дұрыс болар еді. Алайда араб жазуында қысқа дауыстылардың таңбалары (харакаттар) қойылмайтындықтан, грек, латын тілдеріндегі қысқа дауыстыларды араб тіліндегі созылыңқы дауыстылардың таңбаларымен беруге мәжбүр боламыз. Бұлай ету арқылы жалқы есімдердің нақты дыбысталуын бере алмасақ та, жазуда қойылмайтын қысқа дауыстыларды әр келкі дыбыстаудан сақтап, біршама түпнұсқадағы дыбысталуына жақындатамыз. Мысалы, латын тіліндегі *Balbus* жалқы есімін араб мәтіндерінде жазғанда, ондағы қысқа дауысты [u] дыбысын араб тіліндегі дамма харакатымен беріп بالبس деп жазсақ, араб оқырмандары бұл есімді латын тіліндегі дыбысталуына жақындатып оқуы екіталай еді. Ал, бұл жалқы есімдегі қысқа дауысты [u] дыбысын араб тіліндегі созылыңқы дауысты و [ū] дыбысының таңбасымен беріп بالبوس деп жазсақ, араб оқырмандары бұл есімді латын тіліндегі дыбысталуына мүмкіндігінше жақындатып дыбыстайды» [115,117 б.], – дейді. Демек, әс-Сәламунидің пікірі бойынша, өзге тілдер онимдерін араб тіліне транслитерациялағанда, ондағы дауысты дыбыстар қысқа не созылыңқылығына қарамастан, сәйкесінше араб тіліндегі созылыңқы дауыстылармен беріледі.

Аббасилер халифаты дәуірінде ислам діні құлашын кеңге жайып, мәдениеті өркендеп ғылым-білімге үлкен көңіл бөлінген тұста, халифат басшылары ғылым-білімі дамыған байырғы халықтардың тілінде жазылған

шығармаларды, дәлірек айтқанда жоғалуға аз қалған грек, латын тілінде жазылған ғылыми еңбектерді араб тіліне аудару жұмыстарын жүргізіп, оларды сақтап қалғаны тарихтан белгілі. Ғалым әс-Сәламунидің зерттеулері бойынша, орта ғасырлардағы грек, латын тілдерінен араб тіліне аударылған еңбектерде аудармашылар грек және латын тілдеріндегі жалқы есімдерді араб тілінде бергенде белгілі бір ережені ұстанбаған. Мысалы, грек, латын тілдерінде жіңішке дыбысталатын кейбір дауыссыз дыбыстарды араб тіліндегі жуан дыбысталатын «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^u]) дауыссыздардың таңбасымен берген және араб тіліндегі ب [b] дыбысына балама болатын грек, латын тілдеріндегі дауыссыз дыбыстарды жөнсіз араб тіліндегі ف [f] дыбысының таңбасымен жазған. Сондай-ақ, олар аудармаларында созылыңқы дауысты дыбыстарды да өз жөнімен қолданбаған және харакаттарды мүлдем пайдаланбаған. Қысқасы, көптеген жалқы есімдер араб тіліндегі мәтіндерде түпнұсқадағы дыбысталуынан мүлдем алыстап кеткен. Ғалым бұлай болуы ғылыми тұрғыдан дұрыс емес екенін айта келе: «Алайда бізге кей жағдайларда «Бұрынғылар бұрынғыша қалсын» деген принципті ұстанудан өзге шара жоқ. Өйткені өзге халықтар тіліндегі тарихи атаулар тарихи еңбектер мен оқулықтарда бұрын қалай аударылып жазылса (түпнұсқа тілдегі дыбысталуынан оншалықты алыстай қоймаса) өзгеріссіз солай жазылып жүр және халық санасында солай қалыптасып кетті. Мысалы, ежелгі Мысыр патшайымдарының бірі *Cleopatre* орта ғасырлардағы араб аудармаларында قلیوطرة болып жазылған. Бұлай жазылуы түпнұсқа жазуындағы дыбысталуынан алыс болғанымен, кейінгі аудармашылардың бірі жазған قلاوفطرة нұсқасына қарағанда түпнұсқадағы дыбысталуына әлдеқайда жақынырақ» [115,101 б.], – дейді.

«Әл-Уатан» газетінің редакциясы Ливия басшысы *Муаммар Каддафи* жөнінде мағлұмат алмақшы болып интернет сайттарын парақшалағанда оның латын әріптерімен жазылған 64-тен астам нұсқасы бар екенін айта келе, мұның іздеу жұмыстарында қолайсыздық тудырып, нақты мәлімет алуға кедергі келтіретінін мәлімдейді [167]:

- | | |
|-------------------------|---------------------------|
| 1) Muammar Qaddafi | 15) Mu'ammар al-Qadhdhafi |
| 2) Mo'ammар Gadhafi | 16) Mu'ammар Qadafi |
| 3) Muammar Kaddafi | 17) Moamar Gaddafi |
| 4) Muammar Qadhafi | 18) Mu'ammар Qadhdhafi |
| 5) Moammар El Kadhafi | 19) Muammar Khaddafi |
| 6) Muammar Gadafi | 20) Muammar al-Khaddafi |
| 7) Mu'ammар al-Qadafi | 21) Mu'amar al-Kadafi |
| 8) Moamer El Kazzafi | 22) Muammar Ghaddafy |
| 9) Moamar al-Gaddafi | 23) Muammar Ghadafi |
| 10) Mu'ammар Al Qathafi | 24) Muammar Ghaddafi |
| 11) Muammar Al Qathafi | 25) Muamar Kaddafi |
| 12) Mo'ammар el-Gadhafi | 26) Muammar Quathafi |
| 13) Moamar El Kadhafi | 27) Mohammer Q'udafi |
| 14) Muammar al-Qadhafi | 28) Muammar Gheddafi |
| | 29) Muamar Al-Kaddafi |

30) Moammar Khadafy
31) Moammar Qudhafi

32) Mu'ammar al-Qaddafi,
т.б.

Зерттеуші Хасна әл-Кунайғир «әр-Риад» газетіндегі «Араб жалқы есімдерінің латын әріптерімен жазылуы» атты мақаласында кейбір араб газеттерінің атаулары еуропа тілдеріне аударылғанда дұрыс жазылмай жүргенін, мысалы, Ливанның السفير газеті ASSAFIR болып, Йорданияның السبيل газеті ASSABEEL, Лондоннан шығатын араб тіліндегі الزمان газеті AZZAMAN, Йеменнің الطريق газеті ATTARIQ болып «әл» артиклінен кейін қойылуы тиіс дефис қойылмағанын, Алжирдің الشعب газеті ECh-Chaab болып дефис арқылы дұрыс жазылғанын, алайда «әл» артикліндегі «уасл» һамзасы фатхалы болғандықтан қысаң e дауысты дыбысының таңбасымен емес ашық a дауысты дыбысының таңбасымен белгіленуі тиіс екенін, сондай-ақ, Америка Құрама Штаттарынан шығатын التحدی газеті Atahaddi, Сауд Арабиясының الرياض газеті ALRIYADH, الصقور газеті ALSoqour, Кувейттің السياسة газеті AL-seyassah, الرأي العام газеті AL-raialaam, Палестинаның الصباح газеті AL-SABAH, Йорданияның الرأي газеті AL-Rai, Йеменнің الثوری газеті ALShoura, Қатардың الشرق газеті AL-sharq, Лондоннан шығатын الشرق الأوسط газеті Asharq-Alawsat, Сирияның және Йеменнің الثورة газеті AL-THAWRA, Йеменнің الصحوة газеті Alsahwa, Лондоннан шығатын الحياة газеті ALHAYAT, Мысыр Араб Республикасының أخبار اليوم газеті AKHBAR ELYOM, Алжирдің اليوم газеті ELYAUM, ал, Сауд Арабиясының اليوم газеті ALYAUM, Сауд Арабиясының عكاظ газеті OKAZ болып тіл заңдылықтарына бағынбай өрескел бұрмаланып жазылғанын айта келе, ال [al] артикліне байланысты: «әл [al] артиклі шәмсия әріптерінен басталатын сөздердің алдынан келгенде артиклдегі ل [l] дыбысы шәмсия әрпінің дыбысымен ассимиляцияға түсетіндіктен, транслитерациялау кезінде дыбысталуы бойынша артиклдегі ل [l] әрпінің орнына шәмсия әрпі жазылып, түбірден бөліп тұру үшін арасына дефис қойылып at-Tahaddi (التحدی) сөзі секілді жазылуы тиіс», – дейді [168]. Ғалымның бұл пікірін араб онимдерін кирилл әліпбиіне негізделген қазақ әріптерімен транслитерациялау кезінде ескеру керек деп ойлаймыз.

Араб ғалымы Мансур ибн Мухаммад әл-Ғамиди араб тіліндегі әлемге ең көп тараған "محمد" есімінің еуропа тілдерінде жазылып жүрген сегіз түрлі нұсқасының қолданылу жиілігіне Google сайты арқылы статистикалық зерттеу жүргізгенде *Muhammad* нұсқасы 2.280.000, *Mohammed* нұсқасы 2.000.000, *Mohamed* нұсқасы 1.600.000, *Mohammad* нұсқасы 1.150.000, *Muhammed* нұсқасы 388.000, *Mohamad* нұсқасы 264.000, *Muhamed* нұсқасы 69.100, *Muhamad* нұсқасы 44.600 рет қайталанғанын анықтаған [169].

Араб онимдерінің шетел аудармаларындағы графикалануын зерттеген Ахмад ибн Абдуллаһ пен Ибраһим ибн Юсуф Google сайты арқылы ең көп қолданыстағы مكة، القرآن، محمد жалқы есімдерінің латын әріптерімен жазылуына сараптама жасап көргенде, пайыздық көрсеткіш бойынша *Muhammad* 41%, *Mohammed* 32%, *Mohamed* 25%, *Mahomet* 3%; *Quran* 44%, *Koran* 37%, *Qur'an* 19%; *Mecca* 85 %, *Makkah* 14%, *Mekkah* 1% болып жазылғанын анықтаған. Сондай-ақ, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ағылшын және француз тілді

оқырмандар үшін негізгі дереккөздердің бірі болып табылатын *The Grolier Encyclopedia of Knowledge* және *UNIVERSALIS* атты энциклопедиялар мен *المورد (al-Mawrid)* және *Petit Larousse* атты сөздіктерге зерттеу жүргізу барысында араб кісі атауларының латын әріптерімен жазылуы белгілі бір жүйеге келтірілмей әртүрлі нұсқада жазылып жүргенін анықтаған [170].

Төмендегі 15-кестеде ағылшын тіліндегі *The Grolier Encyclopedia of Knowledge* энциклопедиясы мен *المورد (al-Mawrid)* сөздігіндегі араб кісі атауларының латын әріптерімен жазылу нұсқалары берілген.

15-кесте – *The Grolier Encyclopedia of Knowledge* энциклопедиясы мен *المورد (al-Mawrid)* сөздігіндегі араб кісі атауларының латын әріптерімен жазылу нұсқалары:

<i>The Grolier Encyclopedia of Knowledge</i> энциклопедиясы мен <i>المورد (al-Mawrid)</i> сөздігіндегі нұсқалары	Арабша жазылуы
Muhammad, Mohammed, Mohamed, Mahomet	محمد
Mu' ammar, Moammar	معمر
Zakariyya, Zakareyya,	زكريا
'Abbad, Abbad	عباد
'Abdul-Razzaq, Abdul Razzaq,	عبدالرزاق
'Abdul-'Aziz, Abdul 'Aziz, 'Abd al-Aziz	عبدالعزيز
Abd al-Rahman, Abdulrahman, Abdul-Rahman, Abdul Rahman	عبدالرحمن
'Abdullah, Abdullah, 'Abdu'llah, Abd-Allah	عبدالله
Al-khashshab,	الخشاب
Al-khattab,	الخطاب
Al-khayyat,	الخياط
Al-Muthanna,	المثنى
Al-Warraq,	الوراق
Al-Hajjaj	الحجاج
Salahuddin	صلاح الدين

Төмендегі 16-кестеде француз тіліндегі *UNIVERSALIS* энциклопедиясы мен *Petit Larousse* сөздігіндегі араб кісі атауларының латын әріптерімен жазылу нұсқалары берілген [170].

16-кесте – *UNIVERSALIS* энциклопедиясы мен *Petit Larousse* сөздігіндегі араб кісі атауларының латын әріптерімен жазылу нұсқалары:

<i>UNIVERSALIS</i> энциклопедиясы	Petit Larousse сөздігі	<i>UNIVERSALIS</i> энциклопедиясы	Petit Larousse сөздігі
Abdel Hamid, Abdul-Hamid, Abdûlhamid	Abdûlhamid	Fayçal, Faysâl	Faysal
Abdel Halim			
Abd al-Rahman, Abd Al-Rahmân, Abdul Rohman	ABDUL RAHMAN, 'ABD AL-RAHMÂN	Naîef, Nayf	
Abdallah, 'Abdallah, 'Abd Allâh,	ABDULLAH, 'ABDULLÂH, 'Abd	Shaker	

	Allâh		
'Abd al-Latif		Youssef, Youcef	Youssef, Yûsuf
Abd al-Aziz, 'Abd al-‘Aziz, AbdelAziz, Abd al-Aziz, Abdel al-Aziz, Abdul-Aziz, Abdûlaziz	'ABD AL-‘AZIZ, 'ABD AL-‘AZÎZ, Abdûlaziz		SA'UD SA'ÛD
Abdelkader, Abd El-kader	Abd El-kader	Arafat	Yâsir 'Arafât
Abdesslam, 'Abd Al-Salâm, Abdul Salam		Nasser	
Abdelwahhab, 'Abd al-wahhab		Suleiman, Soleiman frangié	
'Abd Al-Malik		Wasfi	
'Abd As-Sabour		Gamal, Gamâl, Djamal, Djamâl	Djamila, Djemila Djamâl
Abd El-Karim, Abdul Karim	Abd El-Karim	Anouar el-Sadate, Anouar al-Sadate, Anwâr as-Sadât	
Abd-ûs-samad		Mohammed, Muhammad, Mehmed, Mohamad	
Abdul-Madjid		Moustapha, Mustafa	
	'ABD AL-MU'MIN		Chahin, Châhîn
Abdel Nasser, 'Abd an-Nâsir			Djahân
			Farouk, Fârûq
			Ahmed, Ahmad
			Fâtima, Fâtima

3.2. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау жобасы

Онимдерге байланысты аса қажетті мәселенің бірі – олардың айтылуы мен жазылу нормасы және өзге тілдерге транслитерациялануы болып табылады. Ондай күрделі де практикалық мәні зор істі онимдік сөздіктер арқылы ғана жүзеге асыруға болады [171, 19 б.]. Өкінішке орай, қазақ онимдерінің араб тіліне транслитерациялануы жоғарыдағы тарауларда айтқанымыздай сын көтермейді. Кейде адамның аты-жөні, тегі арабша жазылғанда бастапқы өң, түр-тұлғасынан айрылып, адам танымастай өзгеріске түседі. Жазылуы дұрыс болмаған сөздердің оқылуы да дұрыс болмайтыны белгілі. Академик Т.Жанұзақ қазақ кісі есімдерінің орыс тілінде транслитерациялануын бір жүйеге келтіру жұмыстарында академик Л.В. Щербаның пікіріне жүгінген. Ол: «Әрқашан да есімнің бастапқы айтылу нұсқасына назар аудару керек. Голландия фамилияларын неміс, болмаса ағылшын ыңғайымен бұрмалап айтуға болмайды. Олай болса *Фершур* деместен *Берсхор* (*Verschur*), *Zvardemaker* деген есімді *Цвандемакер* демей *Звардемакер* деп жазуымыз керек», – деген-ді [172, 209 б.]. Біз де бұл жұмысымызда, яғни, қазақ онимдерін араб әріптерімен таңбалауда академик Л.В. Щербаның пікіріне жүгінеміз. Қазақ онимдерін араб

тілінде жазудың біртұтас транслитерациялау ережесін жасап, оларды дұрыс жазылуын қамтамасыз ету жалқы есімдер орфографиясының аса қажетті мәселесі болып табылады.

Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың жоба ережесін жасамас бұрын оның негізгі талаптары мен ұстанымдарын белгілеп алуымыз керек. Н.Рсалиева «<http://dbserv.ihep.su/~pubs/trans-e.htm>» сайтындағы орыс есімдерін ағылшын тіліне транслитерациялау жобасын ұсынған авторлардың:

- бір есімнің тек бір нұсқада транслитерациялануын қамтамасыз ету;
- ағылшын оқу ережелеріне сәйкес оқылуды (readability) қамтамасыз ету;
- тұрақты қалыптасқан транслитерациялау үлгілерін ескеру;
- авторлардың тәжірибесіне жүгіну секілді ұстанымдарын алға тарта отырып, оған бірқатар толықтырулар енгізу үшін тізімді төмендегіше жалғастырады:

- қолдануға қиын емес, қарапайым;
- үнемділікті қамтамасыз ету;
- диакритикалық үстемелерді қолданбау;
- (орфографияның дифференциалдық принципіне орай) мүмкіндігінше таңбаға таңба принципін сақтау [173, 57 б.];

Осы ұстанымдарды қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялауда қаншалықты сай келетінін бағамдап көрелік:

Транслитерациялау ережесі бойынша қабылдаушы тілдегі сәйкес дыбыстардың таңбаларын анықтау арқылы бір онимнің бір ғана нұсқада графикалануы өз шешімін табары сөзсіз;

Ұстаным бойынша транслитерацияланатын сөз түпнұсқа тілдегі дыбысталуын мүмкіндігінше сақтай отырып, қабылдаушы тілдің орфографиялық ерекшеліктері бойынша таңбаланады;

Тұрақты қалыптасқан транслитерациялау үлгісі ретінде *بيبرس (Бибарыс)*, *تركستان (Түркістан)* т.б. секілді тарихи онимдерді атар едік. Ал, қазіргі таңда қалыптасып кетті деп жүрген кей онимдердің өзі әртүрлі нұсқада жазылып жүргенін ескеріп, оларды әлі де болса түзеуге болады деген ойдамыз. Мысалы, *Қазақстан* атауының араб тіліндегі жазылуын қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша *قازاقستان* деп қалыптастыру Қазақстандағы араб елдерінің елшіліктеріне және араб елдеріндегі Қазақстан елшіліктеріне ресми нота жіберу арқылы шешімін табатын мәселе. Өйткені, дәл қазір баспасөз беттерінде қалыптасып кетті деп саналып жүрген орыс тіліндегі дыбысталуы бойынша *казакхстан* деп жазылған нұсқасы мен қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша *قازاقستان* деп жазылған нұсқалары жарыса қатар қолданылып жүр;

Аудармамен тұрақты айналысып жүрген мамандардың пікірлерімен де санасу көп мәселені шешуге көмектесетіні даусыз, өйткені олар аударма барысында кездестірген алуан түрлі онимдерді транслитерациялау кезіндегі тәжірибесімен бөлісе алады;

Қолдануға қиын емес, қарапайым болғанын қамтамасыз етуге тырысамыз. Мысалы, араб сөздері белгілі бір формалар арқылы жазылатындықтан, арабтар сөздің формасына қарап мүдірместен оқи береді. Ал, қазақ онимдері араб тілінде берілгенде арабтарға таныс емес белгісіз формада тұратындықтан, оны

қазақ тіліндегі дыбысталуына жақын дыбыстап оқуын жеңілдету үшін қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды араб тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстардың таңбасымен береміз;

Араб әліпбиі консонантты әліпби жүйесіне жататындықтан, қысқа дауысты дыбыстар харакаттар арқылы берілетіні белгілі. Бұл үнемді жазудың белгісі ретінде танылады. Алайда, осы үнемдеу ұстанымы қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау қағидаларына қайшы келеді. Өйткені, қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялағанда қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды үнемі араб тіліндегі созылыңқы дауыстылардың таңбаларын қолданамыз.

Транслитерациялаудың практикалық түрін негізге алатындықтан, біздің жұмысымызда диакритикалық үстемелер қолданылмайды.

мүмкіндігінше бір инвариант-фонеманы таңбалауға жұмсалған графеманы өзге инвариант-фонеманы таңбалауға жұмсалмағаны дұрыс, әйтсе де, лажсыздық жағдайында полифонияға жол беріледі. Мысалы, араб тілінде дауысты дыбыстар саны аз болғандықтан қазақ тіліндегі ор, өр, ұр, үр сөздерін араб тілінде *أور* түрінде ғана жазып, [ур] деп бір ғана түрде дыбыстауға мәжбүр боламыз.

Қазақ онимдерінің араб тілінде транслитерациялануына талдау жасамас бұрын, араб жазуының жұмысымызға тиісті кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетейік:

- қысқа дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстардың асты-үстіне қойылатын харакаттармен беріледі де, олар сөздіктерде, оқулықтарда, поэтикалық шығармаларда ғана жұмсалады [117, 7 б.];

- дауыссыз дыбыстан кейін дауысты дыбыс келмесе, дауыссыз дыбыс таңбасының үстіне сукун (◌ْ) белгісі қойылады;

- егер дауыссыз дыбыс қосарланып келіп алғашқысы сукунді болса, бірінің таңбасы ғана жазылып, үстіне шәддә (◌ّ) белгісі қойылады;

- һамзалы әлифтен кейін (◌ِ) созылыңқы әлиф (◌ٍ) келсе, әлифтің бірі ғана жазылып үстіне мәддә (◌َ) белгісі қойылып (◌ِ) болып жазылады;

- араб тіліндегі сөздер тек (род) категориясы бойынша екіге бөлінеді: муэққар, муэннас. Тә марбутаға (ة، ة) аяқталған сөздер муэннас (әйел тегі), ал қалған сөздер муэққарға (ер тегі) жатады;

- араб әріптері күн (حروف الشمسية) және ай (حروف القمرية) әріптері болып екіге бөлінеді. Күн әріптері: *ب، ت، ث، د، ذ، ر، ز، س، ش، ص، ض، ط، ظ، ل، ن*. Бұлардың алдынан *ال* [әл] артиклі айтылса, оның "ـ" әрпінің дыбысы сөздегі бірінші дыбыспен сіңісіп (ассимиляцияланып) кетеді. Мысалы, *درس* [дәрс^{yh}] – *الدرس* [әд-дәрс^y]. Ай әріптері: *ا، ب، ج، ح، خ، ع، غ، ف، ق، ك، م، ه، و، ي* [әл] артиклі ай әріптерінің дыбысымен сіңіспей, өзгеріссіз сақталады. Мысалы, *قاسم* [қәсим^{yh}] – *القاسم* [әл-қәсим^y] [117, 8-9 б.];

- араб тілінде сөздер дауысты дыбыстармен басталмайды. Қазақ тіліне енген *ақырет, ағзам, астапыралла, әмин* секілді сөздер араб тілінде дауыссыз һамза дыбысымен басталады [24, 25 б.];

- кейбір есімдер (шарт, сұрау мәнді есімдер) дауыссыз дыбыспен (сукунмен) аяқтала береді. Мысалы, *كَمْ* [кәм], *مَنْ* [мән] есімдері сукунге аяқталып, үш септікте де өзгермейді [174, 67 б.];

- сонымен қатар араб тілінде екі сукунді әріп қатар келмейді. Қатар келген жағдайда олардың алғашқысы тиісті харакаттардың (фатха, кәсра, дамма) бірін алады. Мысалы, араб тіліндегі اَكْتُبِ اسْمَكَ [‘уктуб смәкә] – «есімінді жаз» деген сөйлемде ب және س әріптері қатар әрі сукунделіп келіп отыр. اسم сөзіндегі әлиф – уасл һамзалы әлиф. Уасл һамзалы әлиф – сөйлемнің басында ғана оқылады. Ал, сөйлем ортасында оқылмай сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқарады. Демек, اَكْتُبِ сөзіндегі сукунді ب әрпі тиісті харакаты кәсраны (ـ) алып اَكْتُبِ اسْمَكَ [уктуби-смәкә] болып жазылады (اَكْتُبِ اسْمَكَ [уктуб ’исмәкә] емес);

- созылыңқы дауыстылардан соң қосарланған (шәддалы) әріп келе береді. Мысалы, Фатиха сүресінің жетінші аятындағы ولا الضَّالِّينَ [уә ләд-дәллйн^ә] деген сөзде ا [ә] және ا [ā] созылыңқыларынан кейін шәддалы ض және ل әріптері келіп тұр;

- араб тілінде біріккен сөздерден жасалған араб кісі есімдері тануинге аяқталмайды (екі септікте септеледі). Мысалы, معديكرب [мә’дийәкрәб^у], өзге тілден енген біріккен кісі есімдері де тануинге аяқталмайды (екі септікте септеледі): بعلبك [бә’ләбәк^у] [175, 302 б.], سيبيو [сйбәуәйһу] [175, 120 б.], немесе фатхаға не кәсраға аяқталып үш септікте де өзгермейді: بعلبك [бә’ләбәккә] [175, 302 б.], خمرأويه [хамрәуәйһи] [174, 62 б.];

- изафетті тіркеспен (матаса байланысу) жасалған араб онимдерінің бірінші тіркесі сөйлемдегі қызметіне қарай үш септікте септеледі, екінші тіркесі үнемі ілік септігінде қалады. Мысал ретінде عبدُ الله [‘әбду-л-ләһи] (мағынасы – Алланың құлы) деген кісі есімін үш септікте септеп көрейік: атау септігінде: جاءني عبدُ الله [жә’әһнй ‘әбду-л-ләһи] – Маған Абдуллаһ келді, табыс септігінде: رأيتُ مررتُ بعبدِ الله [ра’әйту ‘әбдә-л-ләһи] – Абдуллаһты көрдім, ілік септігінде: مررتُ بعبدِ الله [мәрарту би ‘әбди-л-ләһи] – Абдуллаһтың жанынан өттім [175, 120 б.];

- әлиф және нунға (ان) біткен араб кісі есімдері тануинге аяқталмайды: غطفان [ғатафәһну], أصبهان [’әсбәһәһну] [175, 302 б.];

- тә марбутаға (ة، ة) біткен әйел есімдері мен ер кісі есімдері тануинге аяқталмайды: فاطمة [фәтимә^{ту}], طلحة [талһә^{ту}];

- тә марбутаға бітпеген әйел есімдері үш әріпті не одан да көп әріпті болуы мүмкін. Әріптері үшеуден көп болса тануинге аяқталмайды: زينب [зәйнәб^у], سعاد [су’әд^у], егер үш әріпті болып ортаңғы әрпі харакатты болса тануинге аяқталмайды: سقر [сәқару], ал, үш әріпті болып ортаңғы әрпі сукунді болса, екі түрлі ұстаным бар. Бірі – тануинделмейді: هندُ [һинд^у], екіншісі – тануинделеді: هندُ [һинд^һ]. Дегенмен, тануинделмейді деген ұстаным дұрысырақ, әрі кең қолданыста: هندُ [һинд^у] [175, 303-304 б.];

- араб тіліне өзге тілдерден еніп, әріптері үшеуден көп болса, тануинге аяқталмайды: إبراهيم [’ибрәһһйм^у], إسماعيل [’исмә’йл^у], ал, өзге тілдерден енген кісі есімдері үш әріпті болып, ортаңғы әрпі харакатты не сукунді болса тануинге аяқталады: شتر [шәтәр^һ], نوح [нүһ^һ], لوط [лүт^һ] [175, 304-305 б.];

- етістік формасындағы кісі есімдері тануинге аяқталмайды: أحمد [’әһмәд^у] (һәмд етістігінің осы-келер шақ, жекеше түрдегі I жақ формасы, мағынасы – «мадақтаймын»), يزيد [йәзйид^у] (зәд етістігінің осы-келер шақ, жекеше түрдегі III жағы, мағынасы – «қосады») [175, 305 б.];

- әлиф мақсураға (آ) аяқталған кісі есімдері тануинге аяқталмайды: أرطى [’эртā], علقى [’әлқā] [175, 306 б.];

- үлгісінде жасалған кісі есімдері тануинге аяқталмайды: عُمرُ [’умәр^y], زحلُ [зухэл^y] [174, 103 б.];

Қазақ онимдері араб тілінде жазылғанда бастапқы тұлғасы мүмкіндігінше сақталып жазылады. Ол үшін қазіргі қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға балама болатын, баламасы болмаса ең жақын келетін араб тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбасы таңдалады. Оларды дұрыс жазуда екі тілдің де орфографиялық ерекшеліктері мен фонетикалық сәйкестіктері толық ескеріледі. Жұмысымыздың бірінші таруында қазіргі қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға балама болатын, баламасы болмаса ең жақын келетін араб әдеби тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтап, олардың таңбаларын кесте бойынша көрсеткенбіз;

- арабтың төл сөздері белгілі бір формалар арқылы жасалатындықтан ол сөздерді араб тілді халықтар қысқа дауысты дыбыстардың (харакаттардың) белгілері қойылмаса да қатесіз оқи береді. А.Байтұрсынұлы «Дауысты дыбыстар сөздің жаны» [162, 325 б.] деп, бұрынғы қадим, жәдид жазуларында көбінесе таңбаланбай жүрген қазақ дауысты дыбыстарының барлығына өзінің төте жазуында жеке-жеке таңба арнады. Ал, қазақ текті онимдер араб тілінде берілгенде, ондағы қысқа дауыстылар жазуда қойылмайтындықтан олардың орнына «сөздің жаны» ретінде дауысты дыбыстарды, яғни араб тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстардың таңбаларын қоюға тура келеді. Мысалы, *Жарқын* деген кісі есіміндегі дауысты *а, ы* дыбыстарын қысқа дауыстылардың белгісімен (харакаттармен) таңбалап جارقن деп бердік делік. Бұл сөз арабтар үшін жаңа сөз. Олар үшін жазуда қойылмағандықтан харакаттары де белгісіз. Бұл есімді арабтар [жәрқан], [жирқан], [журқан], [жәрқун], [жирқун], [жирқин], [журқун], т.б. деп қалағандарынша оқуы мүмкін. Оны *Жарқын*-ға жақын дыбыстаулары үшін, А.Байтұрсынұлы мен араб ғалымы әс-Сәламунидің пікіріне жүгініп, қазақ дауысты дыбыстарының орнына араб тіліндегі созылыңқы дауысты дыбыстардың таңбасын қоюымызға тура келеді. Олай болса *Жарқын* есімін جارقين деп жазсақ кез-келген араб оқырманы оны мүдірместен, қазақ тіліндегі дыбысталуына мүмкіндігінше жақындатып [жәрқйн] деп оқиды;

- араб сөздері дауысты дыбыстармен басталмайтындықтан, дауысты дыбыстармен басталатын қазақ онимдерін араб тілінде бергенде дауыссыз дыбыстармен бастауға мәжбүр боламыз. Оған әліпби құрамына енбеген, сөз басында әлиф әрпін өзіне тірек етіп алған көмейлік һамза ء [’] дауыссыз дыбысын аламыз;

- қазақ тіліндегі жіңішке әуезді дауысты дыбыстар араб тілінде үнемі жіңішке әуезін сақтайды. Ал, жуан әуезді дауысты дыбыстар жуан әуезін үнемі сақтай алмайды. Оның себебі, қазақ тіліндегі үндестік заңы бойынша дауыссыздардың жуан не жіңішке айтылуы дауыстылардың жуан не жіңішкелігіне тікелей байланысты болса, араб тілінде керісінше дауыстылардың жуан не жіңішкелігі дауыссыздардың жуан не жіңішкелігіне, яғни «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) не «мустафил» (مستقل [mustafil^{un}]) болуына

тікелей байланысты екендігінен. Сондай-ақ, қазіргі қазақ тілінде қ, х, ғ, к, ғ дыбыстарынан өзге барлық дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке сыңарлары болса, қазіргі араб әдеби тілінде жуан «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) әрі «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{un}]) ص [с], ض [д], ط [т], ظ [з] дауыссыздарының ғана жіңішке «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{un}]) әрі «мунфатих» (منفتحٍ [munfatih^{un}]) س [с], د [д], ت [т], ذ [з] сыңарлары бар және байқап отырғанымыздай қазақ тілінен айырмашылығы, олардың жуан және жіңішке сыңарларының жеке-жеке өзіндік таңбалары бар. Бұлардың ішінде ظ [з] және ذ [з] дыбыстарына қазақ тілінде балама болатын, тіпті жақын келетін дыбыс жоқ болғандықтан бұл екеуі қазақ текті онимдерді араб тілінде беруде қолданылмайды. Қазіргі қазақ тілінде қ, х, ғ дыбыстарының жіңішке сыңарлары, к, ғ дыбыстарының жуан сыңарлары жоқ болса, араб тілінде «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) ق [к], خ [х], غ [ғ] дыбыстарының жіңішке сыңарлары, «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{un}]) ء [’], ب [б], ث [с], ج [ж], ح [һ], (ر [р]), ز [з], ش [ш], ع [’], ف [ф], ك [к], (ل [л]), م [м], ن [н], ه [һ], و [ў], ي [й] дыбыстарының жуан сыңарлары жоқ. Бұған жоғарыда айтылған ر [р] және ل [л] дыбыстарына байланысты ерекшелікті қоссақ, ر [р] дыбысы фатхалы және даммалы болған жағдайда жуан дыбысталатындықтан, үстіндегі фатха мен дамма харакаты да жуан дыбысталады, кәсралы болған жағдайда жіңішке дыбысталатындықтан астындағы кәсра харакаты да жіңішке дыбысталады. Сондай-ақ, الله [al-lāh^u] сөзіндегі ل [l] дыбысының алдындағы дауыссыз дыбыс фатхалы не даммалы болып, ل [l] дыбысы жуан дыбысталған жағдайда одан кейінгі созылыңқы ʾ дыбысы [ā] болып жуан дыбысталады, алдындағы дауыссыз дыбыс кәсралы болып, ل [l] дыбысы жіңішке дыбысталған жағдайда одан кейінгі созылыңқы ʾ дыбысы [ə] болып жіңішке дыбысталады;

Қазақ онимдеріндегі араб тілінде баламасы бар қазақ тілі дауысты дыбыстарының араб тілінде берілуі:

Һамза дыбысы мен дауысты дыбыстарға байланысты қағидаға орай қазақ онимдеріндегі дауысты дыбыстар төмендегідей жазылады: I тарауда қазақ тіліндегі жуан а дыбысына араб әдеби тіліндегі жасалу орнына қарай тіл арты (خلفي [ḫalfi^{un}]), яғни жуан фатха - [a] харакатының дыбысы сәйкес келетінін айтқан болатынбыз. Алайда араб тілінде сөздер дауыстылармен басталмайтындықтан, дауысты а дыбысымен басталатын қазақ онимдерін әлифті тірек етіп алған фатхалы Һамза (أ) дыбысымен бастауға тура келеді және жазуда харакат қойылмайтындықтан оны даммадан ажырату үшін фатхалы Һамзадан кейін созылыңқы ʾ дыбысын қоюға мәжбүр боламыз, алайда араб тілі емлесі бойынша екі әлиф қатар келген жағдайда олардың біреуі ғана жазылып, үстіне мәддә (◌) белгісі қойылып ʾ болып жазылады;

- Һамза «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{un}]) дауыссыз дыбыс болғандықтан, қазақ тіліндегі жуан дауыстылармен басталатын қазақ онимдерінің барлығы араб әдеби тілінде еріксіз жіңішке әуезді дыбыстармен басталады. Мысалы, *Абай* – آباي [’әбәй], *Абылай* – آبيلاي [’әбйләй]. Ал, а дыбысы онимнің ортасы мен соңында келсе, созылыңқы дауысты ʾ дыбысының таңбасымен береміз және ол қаласақ та, қаламасақ та ر [р] мен «мустағли» (مستعلٍ [musta‘liⁿ]) дыбыстардан кейін ʾ [ā] болып жуан әуезде, «мустафил» (مستفلٍ [mustafil^{un}]) дыбыстардан кейін

ا [ә] болып жіңішке әуезде дыбысталады. Мысалы, *Айна* – أينا [’әйнә], *Балабай* – بالاباي [бәләбәй], *Тасқын* – طاقين [тәсқйн];

- қазақ тіліндегі жіңішке әуезді ә дыбысына араб әдеби тіліндегі жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [’amāmi^{unn}]) фатха - [ә] харакатының дыбысы сәйкес келетінін айтқанбыз. Бұл дыбыспен басталатын қазақ онимдерін араб тілінде әлифті тірек етіп алған фатхалы һамза (أ) дыбысына созылыңқы ا дыбысын қосу арқылы ا [’ә] дыбыстіркесімен бастаймыз. Мысалы, *Әуезбай* – أوزبای, *Әдемі* – أدیمی, *Әбіш* – أبیش. Ал, ә дыбысы есімнің ортасы мен соңында келсе созылыңқы дауысты ا [ә] дыбысының таңбасымен береміз. Мысалы, *Кәкен* – كاكين;

- қазіргі қазақ тіліндегі жіңішке әуезді и дыбысына араб әдеби тіліндегі жасалу орнына қарай тіл алды (أمامي [’amāmi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы сәйкес келетінін айтқанбыз. Қазақ онимдерінің басындағы и дыбысын араб тілінде кәсралы һамзаға созылыңқы дауысты ي дыбысын қосу арқылы ي [’й] деп береміз. Мысалы, *Игісін* – إيكيسين. Ал, дауысты и дыбысы есімнің ортасы мен соңында келсе, созылыңқы дауысты ي [й] дыбысының таңбасымен береміз. Алайда қазақ тіліндегі жіңішке әуезді и дыбысы араб тілінде берілгенде жіңішке әуезін үнемі сақтамайды, яғни «мустағли» (مستعل [musta’liⁿ]) дыбыстардан кейін жуан әуезде, «мустафил» (مستقل [mustafil^{unn}]) дыбыстардан кейін жіңішке әуезде дыбысталады. Мысалы, *Қирабай* – قيراباي, *Жидесай* – جيديساي;

- қазіргі қазақ тіліндегі у дыбысына араб әдеби тіліндегі дамма ة [u] харакатының дыбысы сәйкес келеді дегенбіз. У дыбысымен басталатын қазақ онимдерін араб тілінде даммалы һамзаға созылыңқы дауысты و [ū] дыбысын қосу арқылы و [’ū] дыбыстіркесімен бастаймыз. Мысалы, *Уызбай* – أوزبای, *Уранбек* – أورانبیک. Дауысты у дыбысы есімнің ортасы мен соңында келсе созылыңқы дауысты و [ū] дыбысының таңбасымен береміз. Мысалы, *Туғанбай* – طوغانبای, *Ақсу* – أقصو. Араб тілінде *Уызбай* есімі أوزبای болып, *Әуезбай* есімі أوزبای болып жазылады.

Қазақ онимдеріндегі араб тілінде баламасы жоқ қазақ тілі дауысты дыбыстарының араб тілінде берілуі:

- қазақ тіліндегі е дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл алды (أمامي [’amāmi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы дегенбіз. Е дыбысымен басталатын қазақ онимдерін кәсралы һамзаға (إ [’и]) созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасын қосу арқылы ي [’й] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасы мен соңындағы е дыбысын, созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасымен береміз. Мысалы, *Есіркеп* – إيسيرکيب, *Ермек* – إيرمیک, *Ерке* – ایرکی;

- қазіргі қазақ тіліндегі ә дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс тіл алды (أمامي [’amāmi^{unn}]) кәсра - [i] харакатының дыбысы дегенбіз. Ә дыбысымен басталатын қазақ онимдерін кәсралы һамзаға (إ [’и]) созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасын қосу арқылы ي [’й] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасы мен соңындағы ә дыбысын, созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасымен береміз. Мысалы, *Эльвира* – إيلفيرا, *Эмилжан* – إيميلجان;

- қазақ тіліндегі ы дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс кәсра - [i] харакатының дыбысы екенін айтқанбыз. Ы дыбысымен басталатын

қазақ онимдерін кәсралы һамзаға (ا [’и]) созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасын қосу арқылы اـ [’й] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасы мен соңындағы ى дыбысын, созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасымен береміз. Мысалы, *Ынтымақ* – اينطيماق, *Сарысу* – صاريصو, *Байдалы* – بايدالي;

- қазақ тіліндегі *i* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс кәсра - [i] харакатының дыбысы дегенбіз. *I* дыбысымен басталатын қазақ онимдерін кәсралы һамзаға (ا [’и]) созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасын қосу арқылы اـ [’й] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасы мен соңындағы *i* дыбысын, созылыңқы ي [й] дыбысының таңбасымен береміз. Мысалы, *Инжу* – اينجو, *Бердібек* – بيرديبيك, *Бибі* – بيبي;

- қазақ тіліндегі *o* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс дамма ء [u] харакатының дыбысы дегенбіз. Демек, *o* дыбысымен басталатын қазақ онимдерін даммалы һамзаға (أ [’у]) созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасын қосу арқылы أ [’ӯ] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасындағы *o* дыбысын, созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасымен береміз. Бұл дыбыс қазақ тілі төл сөздерінің соңында кездеспейді. Мысалы, *Орманбек* – اورمانبيك, *Бекиора* – بيكشورا;

- қазақ тіліндегі *ө* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс дамма ء [u] харакатының дыбысы дегенбіз. Олай болса, *ө* дыбысымен басталатын қазақ онимдерін даммалы һамзаға (أ [’у]) созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасын қосу арқылы أ [’ӯ] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасындағы *ө* дыбысын, созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасымен береміз. Бұл дыбыс қазақ тілі төл сөздерінің соңында кездеспейді. Мысалы, *Өтебай* – اوتيباي, *Өсербай* – اوسيرباي, *Төретам* – توريطام;

- қазақ тіліндегі *ұ* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс дамма ء [u] харакатының дыбысы дегенбіз. Олай болса, *ұ* дыбысымен басталатын қазақ онимдерін даммалы һамзаға (أ [’у]) созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасын қосу арқылы أ [’ӯ] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасындағы *ұ* дыбысын, созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасымен береміз. Бұл дыбыс қазақ тілі төл сөздерінің соңында айтылғанымен таңбасы жазылмайды. Мысалы, *Ұлжалғас* – اولجالغاص, *Тұрсын* – طورصين;

- *ү* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс дамма ء [u] харакатының дыбысы дегенбіз. Демек, *ү* дыбысымен басталатын қазақ онимдерің даммалы һамзаға (أ [’у]) созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасын қосу арқылы أ [’ӯ] дыбыстіркесімен бастаймыз. Ал, сөз ортасындағы *ү* дыбысын, созылыңқы و [ӯ] дыбысының таңбасымен береміз. Бұл дыбыс қазақ тілі төл сөздерінің соңында айтылғанымен таңбасы жазылмайды. Мысалы, *Үміт* – اوميت, *Үстірт* – اوستيرت, *Жүрсін* – جورسين, *Күлтөбе* – كولتوبي;

Қазақ онимдеріндегі араб тілінде баламасы бар қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының араб тілінде берілуі:

- араб тілінде «мустағли» (مستعل [musta‘liⁿ]) ق [қ], خ [x], غ [ғ] дыбыстары қазақ тіліндегі қ, х, ғ дыбыстары секілді үнемі жуан айтылады және екі тілдегі бұл дыбыстардың жіңішке сынарлары жоқ. Сондай-ақ, қазақ тілінде к, ғ дыбыстары үнемі жіңішке айтылса, араб тілінде «мустафил» (مستفل [mustafil^{un}]) ء [’], ب [б], ث [с], ج [ж], ح [h], [з], ز [з], ش [ш], ع [’], ف [ф], ك [к], م [м], ن [н], ه [h], و

[y], ي [й] дыбыстары үнемі жіңішке айтылады және екі тілдегі бұл дыбыстардың жуан сыңарлары жоқ. Қазіргі қазақ тіліндегі қ, х, ғ, к, ғ дыбыстарынан өзге дауыссыз дыбыстардың жуан, жіңішке сыңарлары болса, араб тіліндегі жуан «мустағли» (مستعلی [musta‘liⁿ]) әрі «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{un}]) ص [с], ض [д], ط [т], ظ [з] дауыссыздарының ғана жіңішке «мустафил» (مستقل [mustafil^{un}]) әрі «мунфатих» (منفتح [munfatih^{un}]) س [с], د [д], ت [т], ذ [з] сыңарлары бар. ر [p] дыбысы фатхалы және дамталы болған жағдайда жуан, кәсралы болған жағдайда жіңішке дыбысталады. Сондай-ақ, الله [al-lāh^u] сөзіндегі ل [l] дыбысы алдындағы дауыссыз дыбыс фатхалы не дамталы болса жуан, алдындағы дауыссыз дыбыс кәсралы болса жіңішке дыбысталады. Демек, қазақ онимдеріндегі жіңішке дауыссыздардың барлығының араб тілінде жіңішке баламалары болғандықтан олар өздерінің жіңішке әуезін сақтай алады. Ал, онимдердегі жуан әуезді қ, х, ғ, с, т дыбыстары ғана араб тіліндегі жуан ق [қ], خ [x], غ [ғ], ص [с], ط [т] дыбыстарымен беріліп, өздерінің жуан әуезін сақтап қалады. Ал, p дыбысы езулік, қысаң ы, і, и, е, э дыбыстарының алдынан келсе, қазақ тілінде жуан не жіңішке болғаны ескерілмей араб тілінде үнемі жіңішке, езулік, ашық а, ә және еріндік ұ, ү, у, о, ө дыбыстарының алдынан келсе, қазақ тілінде жуан не жіңішке болғаны ескерілмей, араб тілінде үнемі жуан дыбысталатын болады. Араб тілінің өзіне ғана тән «мустағли» (مستعلی [musta‘liⁿ]) әрі «мутбақ» (مطبق [muṭbaq^{un}]) ض [д] дыбысы қазақ онимдерін араб тілінде беруде қолданылмайтындықтан, қазақ онимдеріндегі ð дыбысы да араб тілінде жіңішке د [д] дыбысының таңбасымен беріліп, үнемі жіңішке дыбысталатын болады;

- қазақ тіліндегі б дыбысына араб тіліндегі ب [б] дыбысы сәйкес келеді дегенбіз. Демек, қазақ текті онимдердегі б дыбысы араб тілінде ب [б] дыбысының белгісімен беріледі. Мысалы, Балабай – بالاباي, Танабек – طانابيك.

- м дыбысына араб тіліндегі م [м] дыбысы сәйкес келеді дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі м дыбысы араб тілінде م [м] дыбысының белгісімен жазылады. Мысалы, Майқыби – مايقيبي, Қамажай – قاماجاي, Ұлышым – أولشيم;

- қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз у дыбысына араб тіліндегі و [ў] дыбысы сәйкес келетінін айтқанбыз. Демек, онимдердегі дауыссыз у дыбысы араб тілінде дауыссыз و [ў] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, Уатай – واطاي, Жәудір – جاودير, Алау – ألاو;

- қазіргі қазақ тіліндегі ф дыбысына араб тіліндегі ف [ф] дыбысы балама болатынын айтқанбыз. Олай болса, онимдердегі ф дыбысы араб тілінде дауыссыз ف [ф] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, Федоровка – فيدوروفكا, Нелуфар – نيلوفار;

- қазақ тіліндегі жіңішке т дыбысына араб тіліндегі «мустафил» (مستقل [mustafil^{un}]) ت [т] дыбысы, ал, оның жуан сыңарына араб тіліндегі «мустағли» (مستعلی [musta‘liⁿ]) ط [т] дыбысы балама болатынын айтқанбыз. Демек, қазақ онимдеріндегі т дауыссыз дыбысы жіңішке болса араб тілінде ت [т], жуан болса ط [т] дауыссыз дыбыстарының таңбаларымен беріледі. Мысалы, Түлкібай – تولكيباي, Бектөре – بيكتوري, Келбет – كيلبيت, Тыныштық – طينيشطيق, Қазтуған – قازطوغان, Таңат – طانات, Тастемір – طاستيمير, Теміртай – تيميرطاو, Талдықорған – طالديقورغان, Алматы – الماطي;

- *д* дыбысына араб тіліндегі *د* [д] дыбысы балама болады дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі *д* дыбысы араб тілінде *د* [д] дыбысының таңбасымен беріледі. Мысалы, *Демесін* – ديميسين, *Жиделі* – جيديلي, *Қайыңды* – قاييندي;

- *н* дыбысына араб тіліндегі *ن* [н] дыбысы балама болатынын айтқанбыз. Демек, қазақ онимдеріндегі *н* дыбысы араб тілінде *ن* [н] дыбысының таңбасымен беріледі. Мысалы, *Сенім* – سينيم, *Жарқын* – جارقين, *Найман* – نايمان;

- *л* дыбысына араб тіліндегі *ل* [л] дыбысы балама болады дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі *л* дыбысы араб тілінде *ل* [л] дыбысының таңбасымен беріледі. Мысалы, *Лесбек* – ليسبيك, *Болғанбай* – بولغانباي, *Марал* – مارال;

- *р* дыбысына араб тіліндегі *ر* [р] дыбысы сәйкес келетінін айтқанбыз. Демек, қазақ онимдеріндегі *р* дыбысы араб тілінде *ر* [р] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Рақыш* – راقيش, *Темірбек* – تيميربيك, *Өсер* – اوسير, *Кемер* – كيمير, *Кемпірсай* – كيمبيرصاي;

- қазақ тіліндегі жіңішке *с* дыбысына араб тіліндегі «мустафил» (مستقل [mustafil^{un}]) *س* [с] дыбысы, ал, оның жуан сыңарына араб тіліндегі «мустағли» (مستعل [musta'liⁿ]) *ص* [с] дыбысы балама болатынын айтқанбыз. Демек, онимдердегі *с* дауыссыз дыбысы жіңішке болса араб тілінде *س* [с], жуан болса *ص* [с] дауыссыз дыбысының таңбасымен беріледі. Мысалы, *Сәндібек* – سانديبيك, *Естай* – ايسطاي, *Жеңіс* – جينيس, *Сандуғаш* – صاندوغاش, *Қасқырбай* – قاصقيرباي, *Астана* – اصطانا, *Байтас* – بايطاص;

- *з* дыбысына араб тіліндегі *ز* [з] дыбысы балама болады дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі *з* дыбысы араб тілінде *ز* [з] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Зікібай* – زيكيباي, *Қызылжар* – قيزيلجار, *Зере* – زيري, *Қырмызы* – قيرمизи, *Қарагөз* – قاراگوز;

- *ш* дыбысына араб тіліндегі *ش* [ш] дыбысы балама болады дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі *ш* дыбысын араб тілінде *ش* [ш] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Шаян* – شايان, *Шілікті* – شيليكتي, *Шашубай* – شاشوباي, *Шаңырақтас* – شانيراقطاص, *Алиынбай* – الشينباي, *Үштөбе* – اوستوبي, *Шыбықбел* – شيبيقيل, *Қуаныш* – قوانيш;

- *й* дыбысына араб тіліндегі *ي* [й] дыбысы сәйкес келеді дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі *й* дыбысы араб тілінде *ي* [й] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Байқошқар* – بايقوشقار, *Байғара* – بايغارا, *Ботбай* – بوتباي, *Көлқайнар* – كولقايнар, *Адай* – آدای;

- қазақ тіліндегі *к* дыбысына араб тіліндегі *ك* [к] дыбысы балама болады дегенбіз. Демек, қазақ онимдеріндегі *к* дыбысын араб тілінде *ك* [к] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Кендебай* – كينديباي, *Еркін* – ايركين, *Берік* – بيريك, *Кербұлақ* – كيربولاق;

- *қ* дыбысына араб тіліндегі *ق* [қ] дыбысы сәйкес келетінін айтқанбыз. Демек, қазақ онимдеріндегі *қ* дыбысын араб тілінде *ق* [қ] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Қоңырбай* – قونيرباي, *Жарықетер* – جاريقتير, *Тайлақ* – طيلاق, *Қарағанды* – قاراغاندي, *Ақбалық* – اقباليق, *Қазақстан* – قازاقستان;

- қазіргі қазақ тіліндегі *х* дыбысына араб тіліндегі *خ* [х] дыбысы сәйкес келеді дегенбіз, яғни қазақ онимдеріндегі *х* дыбысын араб тілінде *خ* [х] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Ханкелді* – خانكيلدي, *Жәңгірхан* – جانكيرخان;

- *ғ* дыбысына араб тіліндегі غ [ғ] дыбысы сәйкес келеді дегенбіз. Олай болса, қазақ онимдеріндегі *ғ* дыбысын араб тілінде غ [ғ] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Ғалымбек* – غاليهيك, *Бірғаным* – بيرغانيم, *Қаршыға* – قارشيجا, *Торғай* – طورغاي;

- қазіргі қазақ тіліндегі *h* дыбысына араб тіліндегі ه [h] дыбысы сәйкес келетінін айтқанбыз. Демек, қазақ онимдеріндегі *h* дыбысын араб тілінде ه [h] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Гүлшаһар* – گولشاھار;

ә) Қазақ онимдеріндегі араб тілінде баламасы жоқ қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының араб тілінде берілуі: Қазақ тіліндегі *n* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ب [б] дыбысы дегенбіз. Олай болса, қазақ онимдеріндегі *n* дыбысы араб тілінде ب [б] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Пернебек* – بيرنبيك, *Палтөре* – بالتوري, *Көкпекті* – كوكبيكتي, *Жаңаталап* – جاناطالاب, *Қайтпас* – قايطباص;

- қазіргі қазақ тіліндегі *в* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ف [ф] дыбысы дегенбіз. Олай болса, онимдердегі *в* дыбысы араб тілінде ف [ф] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Восход* – فوسخود, *Возвышенка* – فوزفيشينكا, *Назарбаев* – نازارباييف;

- қазіргі қазақ тіліндегі *ц* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ت [т] дыбысы мен س [с] дыбысының қосындысынан құралған жасанды تس [тс] дыбысы деген болатынбыз. Олай болса, онимдердегі *ц* дыбысын араб тіліндегі жасанды تس [тс] дыбысының таңбасымен жазамыз. Мысалы, *Целина* – تسيلينا, *Чернорецкое* – تشيرنوريتسكوي, *Якиур* – ياكيتور;

- қазақ тіліндегі *ж* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ج [ж] дыбысы дегенбіз. Олай болса, қазақ онимдеріндегі *ж* дыбысы араб тілінде ج [ж] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Жағалбай* – جاغالباي, *Ақжарқын* – آقجارقين, *Жамбыл* – جامبيل, *Қызылжар* – قيزيلجار;

- қазіргі қазақ тіліндегі *ч* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ت [т] дыбысы мен ش [ш] дыбысының қосындысынан құралған жасанды تش [тч] дыбысы дегенбіз. Демек, онимдердегі *ч* дыбысы араб тілінде жасанды تش [тч] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Чанаев* – تشاباييف, *Дубчинкөл* – دوبتشينكول;

- *г* дыбысына ең жақын келетін дыбыс араб әдеби тіліндегі ك [к] дыбысы дегенбіз. Олай болса, қазақ онимдеріндегі *к* дыбысы араб тілінде ك [к] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Гүлмира* – گولميرا, *Айгүл* – ايكول, *Өгізтау* – اوكيزطاو, *Гүлащы* – گولاشي;

Ескерте кететін бір жағдай қазақ тіліндегі *Гауһар* атты әйел есімін араб тіліндегі түпнұсқасы бойынша جوهر деп жазу дұрыс емес. Өйткені, қазақ тілінде араб тіліндег جوهر сөзінен фонетикалық өзгеріске ұшырамай қазақ тіліне енген *Жауһар* деген есім де кездеседі, тіпті бір үйдің әпкелі-сіңілілі екі қызына ұйқастырып *Гауһар*, *Жауһар* деп ат қойылуы да мүмкін. Сондай-ақ, *ж* дыбысы Мысыр диалектісінде ғана [г] болып, ал, қалған араб елдерінде [ж] болып дыбысталады. Сондықтан *Гауһар* есімін گاهار деп, *Жауһар* есімін ғана түпнұсқадағыдай جوهر деп жазамыз. Сонымен қатар, араб әліпбиіне негізделген қадим жазулы ескерткіштерде де түркі тілдеріндегі *г* дыбысы араб әліпбиіндегі

ك [к] дыбысының таңбасымен белгіленген жайлар бар [176, 59 б.; 152, 52 б. 152, 82 б.].

- қазақ тіліндегі *ң* дыбысына араб әдеби тіліндегі ең жақын келетін дыбыс ن [н] дыбысы деген болатынбыз. Сондай-ақ, тәжүид іліміндегі ихфа (الإخفاء) үкімінде он бес дыбыстың алдында келген сукунді нун мен тануинді жасырып *ң* дыбысына ұқсатып оқу ережесі бар. Қазақ тіліндегі дыбысталуынан аз ғана айырмашылығы – дыбыс ауыз қуысы мен танау-кеңсірікке бөлініп шығады. Ол дыбыстар: [28, 619 б.]. Олай болса қазақ онимдеріндегі *ң* дыбысы араб тілінде ن [н] дыбысының таңбасымен жазылады. Мысалы, *Аңғарбай* – أنغارباي, *Байқоңыр* – بايقونير, *Қарашың* – قاراشين, *Іңкәрбек* – اينكاربيك;

Қазіргі қазақ онимдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың араб тілінде берілуі осы тәртіппен жүргізіледі. Алайда қазақ онимдері арасында өзге тілдерден енген онимдер қабаты бар екенін, сондай-ақ, өзге тілдерден енген онимдер арасында фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып және фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақ тіліне икемделген онимдер қабаты кездесетінін ескерсек, бұлай жалпылама ереже қалыптастыру мәселені түбегейлі шеше алмайды. Сондықтан, қазіргі қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау үшін оларды үш топқа бөліп қарастырамыз:

а) **«Қазақ текті (жалпы түркілік) онимдер»** мәселен, *Бектемір, Айжан, Балабай, Алтын*, т.б; Тілімізде қалың жұртшылыққа мән-мағынасы түсініксіз, шығу тегі белгісіз онимдік лексикаларды қазақ текті онимдердің қатарына енгіздік: *Абасан, Абылай, Абылан, Алтамыс, Батық, Бодан, Борсақ, Бөжсей, Бөкей, Бүке, Бұқас, Дайыр, Дабай, Дамай, Дәркей, Додақ, Дубай, Дүйіс, Ешей, Жабайхан, Жабаз, Жадай, Жадан, Кеңгірбай, Күсеп, Қармыс, Қарпық, Қожық, Майқы, Мампай, Масан, Менаж, Мөңке, Садыбай, Сақбай, Сатай, Сыбанқұл, Тарғын, Тоқай, Шүкей, Шолтыр, Шотай*, т. б.

ә) **«Араб текті қазақ онимдері»**, мәселен, *Қасым, Махмуд, Абдолла, Жәмила, Мәдина, Қабдолла, Ғали, Қали, Ғұмар, Құмар*, т. б.

б) **«Өзге тілдерден енген онимдері»**, мәселен, монғол тілінен: *Бауыржан, Нағашыбек, Бөлебай*, т. б.; орыс тілінен: *Болатнай, Сәтен, Болысбек* т. б.; кеңестік дәуірдегі коммунистік идеология негізінде қабылданған есімдер *Анна, Аня, Валентина, Алексей, Андрей, Виктор*, т. б.; басқа халықтар тілдерінен орыс тілі арқылы қабылданған есімдер: *Роза, Долорес, Элеонора, Диас, Артур, Ригард*, т. б.; көрші республика халықтарынан енген есімдер: *Тарас, Оксана, Тамара, Серго*, т. б.; иран тілінен енген есімдер: *Дастан, Мырза, Зиба, Шахназар, Мардан, Азат*, т. б.;

3.2.1. Қазақ текті (жалпы түркілік) онимдерді транслитерациялау. Қазақ текті онимдердің транслитерациялануы жоғарыдағы ережелерге сай жасалады, яғни онимдердегі дауыссыз дыбыстарға араб тіліндегі балама болатын, баламасы болмаса дыбысталуы ең жақын келетін дауыссыз дыбыстардың таңбасы, дауысты дыбыстарға араб тіліндегі балама болатын, баламасы болмаса дыбысталуы ең жақын келетін дауысты дыбыстардың созылыңқы түрлерінің таңбасы алынады. Мысалы, *Демесін* – ديميسين, *Сенім* – سينيم, *Жарқын* – جارقين, *Болғанбай* – بولغانباي, *Темірбек* – تيميربيك, *Өсер* – اوسير,

Қызылжар – فيزىلجار, Шаңырақтас – شانيراقطاص, Көлқайнар – كولقاينار, Байқошқар – بايقوشقار, Үштөбе – اوستوبي, Қуаныш – قوانيш, Қоңырбай – قونيرباي, Жарықетер – طورغاي, Тайлақ – طايلاق, Қарағанды – قاراغاندي, Ақбалық – اقباليق, Торғай – تورغاي, Қайтпас – قايطباس, Ақжарқын – اقجارقين, Қызылжар – فيزىلجار, Аңғарбай – انغارباي, Байқоңыр – بايقونير, Қараиың – قاراشين, т.б.

бір дауыссыз дыбыс қосарланып келіп араларында дауысты дыбыс болмаса, біреуі ғана жазылып үстіне шәдда белгісі қойылады. Мысалы, Тәттібек – تاتيبيك;

Біріккен сөзден құралған күрделі жалқы есімдер араб тілінде де бірігіп жазылады. Мысалы, Арқанкерген – ارقانكيركين (Арқан киркин емес), Қызылорда – قيزيلوردا (қизил оурда емес);

- егер дауыссыз дыбыс қосарланып келіп алғашқысы сукунді болса, бірінің таңбасы ғана жазылып, үстіне шәддә (◌ْ) белгісі қойылады;

- араб әлеміне танымал тарихи қазақ (жалпы түркілік) онимдері арабша жазылғанда «Бұрынғылар бұрынғыша қалсын» деген принципті ұстанған әс-Сәламунидің пікірі негізге алына отырып, қалыптасқан қалпында, дәстүр бойынша жазылады. Мысалы, Бибарыс – ببيرس [177, 3 б.] (бббарис емес), Махмуд Қашқари – محمود الكاشغري [155, 1 б.] (мхмуд қашқарий емес), Отырар – اطار [178, 20 б.] (оттар емес), Бұхара – بخارى [178, 24 б.] (бухара емес), Самарқанд – سمرقند [178, 35 б.; 155, 22-23 б.] (самарқанд емес), Термез – ترمذ [178, 38 б.; 179, 26 б.] (термиз емес), Укаш (ата) – عكاشة [178, 43 б.] (окаш (ата) емес), Түркістан – تركستان [180, 23 б.] (турккестан емес), Тараз – طراز [180, 27 б.; 155, 22-23 б.] (тараз емес), Каспий – قزوين [181, 495 б.] (касбий емес),

3.2.2. Араб текті қазақ онимдерін транслитерациялау. Ислам дінінің қазақ қауымына таралып, қалыптасу барысында да және одан кейінгі дәуірлерде де Алла сипаттары мен пайғамбарлар есімдерінің қазақ қауымына көптеп енуі оның діни, рухани, мәдени өміріндегі елеулі құбылыстардың бірі болды. Бұл қазақ антропонимиясының тарихында өзінің басталу, таралу, даму, қалыптасу дәстүрі бар, әлі де жалғасып келе жатқан елеулі құбылыс.

Бұл құбылыстың аталған екі салаға байланысты жүзеге асуы жалпы араб мәдениетінің қазақ қауымына тигізген әсерін ғана емес, антропонимия саласында қалыптасқан екі үрдістің (тенденцияның), атап айтқанда, соның бірі – діни дәстүрін, яғни, дінді таратудың ең бір оңтайлы жолы мұсылмандарға Алла сипаттарынан туындаған есімдерді беру, сол арқылы олардың ілімін ғибраттау және екіншісі, соған сәйкес, ат таңдаудағы ментальдық дәстүрді сақтап, оны дамытуға мүмкіндік берген еді. Қазақ қауымына араб есімдерінің мол болып енуіне себеп болған екінші бір фактор, ол – араб есімдерін қарапайым жұрттан бұрын қабылдаған ел билеуші хандар мен зиялы қауым өкілдерінің (ақын-жазушы, ғалым, т.б. мәдениет қайраткерлерінің) үлгі-өнегесі болатын [182, 70 б.]. Араб кісі есімдері қазақ тіліне енгенде олардың біршамасы аса үлкен фонетикалық өзгерістерге ұшырамағаны (*Сәлім, Кәрім, Жәмила* т.б.), енді біршамасының фонетикалық өзгерістерге ұшырап, қазақ тілінің дыбысталу ерекшеліктеріне бейімделгені (*Ғали, Қали, Қабдірахман, Ғұмар* т.б.) белгілі. Қазақ кісі атауларын араб тілінде транслитерациялау

барысында араб текті қазақ есімдері біршама қиындықтар туғызды. Олардың көпшілігі қазақ тіліне ауысқанда фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны соншалық, кейбірінің қазақ тілінде оннан аса нұсқасы бар. Мысалы, араб тілінен енген محمد [Мұхәммәд^{yh}] атты кісі атауының *Мұхаммет, Мұхамбет, Мұқамет, Махамбет, Маханбет, Махымет, Мәмбет, Мәмет, Мәмәт, Мақаш, Бейімбет* секілді нұсқалары бар [184, 302 б.]. Сондықтан, қазақыланған араб онимдерін «Фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақыланған араб текті онимдер» және «Фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақыланған араб текті онимдер» деп екіге бөліп қарастырамыз.

а) Фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақыланған араб текті онимдердің араб тілінде берілу жолы

Қазақ онимдерінің ішінде аса үлкен фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақыланған араб текті онимдер көптеп кездеседі. Бұндай онимдерді араб тілінде бергенде араб тіліндегі жазылып жүрген нұсқасында қалдырғанымыз дұрыс болады. Мысалы, *Қасым* есімін *قاسيم* [қәсйім] деп *س* [с] дауыссыз дыбысынан кейін созылыңқы дауысты *ي* [й] дыбысын жазбай-ақ, араб тіліндегі жазылуы бойынша *قاسم* деп жазсақ та, қазақ тіліндегі дыбысталуына жақын [қәсим] болып дыбысталады. *Мадина, Сәлима, Жәмила* секілді аса үлкен фонетикалық өзгерістерге ұшырамаған есімдер де осыған ұқсас араб тіліндегі нұсқасы бойынша *مدينة، سليمة، جميلة* болып жазылғаны дұрыс деп санаймыз. Тә марбута (ة) жоғарыда баяндағанымыздай әйел тегінің белгісін білдіріп, сөз соңында білінер білінбес *ه* [h] дыбысына ұқсас дыбысталады: *جميلة* [жәмйіл^h]. Ал, *Әли* есіміндегі бірінші дыбыс – дауысты *ә* дыбысы. Алдыңғы тарауларда айтқанымыздай араб тілінде сөздер дауыстымен басталмайды. Дауыстымен басталатын қазақ есімдеріндегі дауыстының алдына әлифті тірек етіп алған желбезектік (*حجري* [hәndʒarij^{unn}]) дауыссыз һамза дыбысын қоямыз деген болатынбыз. Ал, *Әли* есімі араб тіліндегі *علي* [‘әлий^{yh}] деген есімнің қазақыланған түрі. Аса үлкен фонетикалық өзгеріске ұшырамаған, тек *ع* [‘] дауыссыз дыбысы қазақ тілінде жоқ болғандықтан түсіп қалып, одан кейінгі қысқа дауысты фатха *َ* харакатының дыбысы «ә» сақталған. Осындай есімдерді араб тілінде беру үшін қазақ текті есімдерді араб тілінде бергендегідей һамзамен *ء* [’] белгілемей, бастапқы араб тіліндегі нұсқасы бойынша дауыссыз *ع* [‘] дыбысын қайта қойып *علي* деп жазсақ, қазақ тіліндегі дыбысталуынан оншалықты алыстап кетпейді.

ә) Фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақыланған араб текті онимдердің араб тілінде берілу жолы

Араб тілі мен қазақ тілдері табиғатына байланысты, әсіресе фонетикалық заңдылықтарына сәйкес есім саласындағы ауыс-түйістерді қабылдаушы қазақ тілінде сол араб текті есімдердің көптеген фонетикалық және фоно-морфологиялық варианттарының пайда болғанын көруге болады. Бұл құбылыстың себептері де төменде сөз болатын есім ауыс-түйістерін қабылдаушы қазақ тілінің өзіндік фоно-морфологиялық заңдылықтарына байланысты.

Ол заңдылықтар да әртүрлі. Мысалы, араб тілінде *ع* [‘] дыбысымен басталатын *علي* [‘әлі] есімі қазақ тілінде төрт түрлі вариантта айтылып

калыптасқан. Тіпті қарапайым жұрт санасында бұл варианттардың бір түбірден тараған түбірлес гомогенді тұлғалар екендігі де байқала бермейтін дәрежеге келген, күрделене түскен: *علي* [‘әлий^{yh}] > 1) *Али* > *Әли*//*Әлі*//*Ғали*//*Қали* [182, 86 б.];

Енді осы қазақыланған *Әли*, *Әлі*, *Ғали*, *Қали* есімдерін араб тіліндегі *علي* [‘әлі] сөзінен келген екен деп төртеуін де *علي* деп бере алмаймыз. Орыс тіліне түркі тілдерінен енген кісі есімдеріндегі жағдай да осыған ұқсас. Мысалы, Ресей патшасы бірінші Павелдің жарлығымен құрмет көрсетіліп, Бүкілресейлік империяның бароны болған А.А. Аракчеев әулетесімі «*шарапты жақсы көретін*», «*маскүнем*» мағынасын беретін түркі лақапесімі «*арақшы*» сөзінен шыққан. *Арақшы* сөзі *арақ* түбіріне (қазақ, қарақалпақ тілінде – *арақ* («*водка*»), алтай, қырым татары тілінде – *арақы*, түрік тілінде *рақы* («*водка*»)) белгілі бір мамандық немесе белгілі бір іске адамның құмарлығын байқататын –*шы* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған [184]. Жоғарыда айтқанымыздай *Аракчеевті* қазақ тіліндегі «*арақшы*» сөзінен шыққан екен деп, қазақшалап «*Арақшиев*» деп өзгертіп жаза алмаймыз. Т.Жанұзақ: «Балтық жағалауы мен Кавказ республикаларында, егер есімдер бір-бірінен шамалы ғана өзгеше болса, тіптен бір дыбыс арқылы ғана ерекшеленіп тұрса, оларды жеке, дербес есім санатына жатқызатын шартты ереже бар. Біздің тілімізде орыс, араб, парсы тілдерінен енген көптеген есімдер бар. Мәселен: орыс тіліндегі Максим бізде Мақсым, Александр – Ескендір, Мария – Мариям, Егор – Жагор. Әлбетте тіліміздегі бұл есімдер орыс тілінен енген есімдердің варианты болғанымен, бізде жеке, дербес есімдер. Осындай есімдер санатына араб тілінен енген есімдер варианты да тән», – дейді [171, 457 б.]. Г.Б. Мәдиева: «Атаулар маңызды заң қызметін – қоғамдағы жеке адамды ажырату қызметін атқарады», – деп, кісі есімдеріне ерекше назар аударады [112, 54 б.]. Мысалы, бір үйдің бір әке-шешеден туылған *Әли* (немесе *Али*), *Әлі*, *Ғали*, *Қали* атты ұлдары болуы мүмкін. Бұл есімдердің ішінде *Әли* (немесе *Али*) ғана аса үлкен фонетикалық өзгеріске ұшырамағандықтан жоғарыда баяндап өткеніміздей, оны араб тіліндегі жазылуы бойынша *علي* деп беруімізге болады. Ал, қалғандары аса үлкен фонетикалық өзгерістерге ұшырағандықтан, қазақ тіліндегі дыбысталуын сақтай отырып, *Әлі* - *آلي* [’әлі], *Ғали* – *غالي* [ғәлі], *Қали* – *قالي* [қәлі] болып берілгені дұрыс болады.

Арабтың *عمر* [‘умәр^y] есімінен қазақыланған *Омар*, *Ғұмар*, *Құмар* есімдерінің ішіндегі *Омарды* ғана *عمر* [‘умәр^y] деп араб тіліндегі жазылуы бойынша беруге болады, ал, *Ғұмар* мен *Құмарды* аса үлкен фонетикалық өзгеріске ұшырағандықтан қазақ тіліндегі дыбысталуына ұқсастыра отырып *غومار* [ғұмәр], *قومار* [құмәр] түрінде бергеніміз дұрыс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадис шәрифінде: «*خير الاسماء ما حُمِدَ وما عبد*» [хайру-л-’әсмә’и мә хуммидә уә мә ‘уббидә] ((468/1) «*كشَفَ الخفاء*» – дейді [185]. Хадистің мағынасы: «Есімдердің жақсысы – мақталған және Аллаға құлшылық мәніндегі есімдер». Тағы бір хадисінде: «*إن أحب أسمائكم إلى الله عز وجل: عبد الله وعبد الرحمن*» [’иннә ’әхәббә ’әсмә’икум ’илә-л-ләһи ‘әззә уә жәллә ‘әбду-л-ләһи уә ‘әбду-р-рахмәнⁿ] – дейді. Хадис ибн Омардан (р.а) риуаят етілген (14/113-Нәуаи) [186]. Бұл хадистің мағынасы: «Ұлы Аллаға ең сүйікті есімдеріңіз – Абдуллаһ пен Абдурахман».

Осы хадистерді негізге ала отырып мақталған және Алланың 99 есімімен байланысты есімдердің араб тіліндегі нұсқасына ең жақын келетін түрін кейбір аздаған фонетикалық өзгерістеріне қарамастан араб тіліндегі жазылуы бойынша берген жөн деп ойлаймыз. Мысалы *мақталған, мадақталған* мағынасындағы محمد [мухәммәд^{yh}] атты кісі атауының қазақ тілінде *Мұхаммет (Мұхаммед), Мұхамбет, Мұқамет, Махамбет, Маханбет, Махымет, Мәмбет, Мәмет, Мәмәт, Мақаш, Бейімбет* атты нұсқаларынан Пайғамбар (с.а.у.) хадисін негізге ала отырып, аздаған фонетикалық өзгерістерді ескерместен, арабшасына ең жақыны *Мұхамметті* ғана арабша нұсқасы бойынша жазып, қалғандарын қазақ тілі дыбыстарына сәйкес келетін араб тілі дыбыстарының таңбаларымен береміз:

- *Мұхаммет (Мұхаммед)* – محمد;
- *Мұхамбет* – موخامبيت;
- *Мұқамет* – موقاميت;
- *Махамбет* – ماخامبيت;
- *Маханбет* – ماخانبيت;
- *Махымет* – ماخيميت;
- *Мәмбет* – مامبيت;
- *Мәмет* – ماميت;
- *Мәмәт* – مامات;
- *Мақаш* – ماقاش;
- *Бейімбет* – باييمبيت.

Аллаға құлшылық ету мағынасындағы عبد الله [‘әбду-л-ләһ^h] атты кісі атауының қазақ тілінде *Абдулла (Абдолла), Абдол, Әбділдә, Әбілдә, Ғабдол, Ғабдулла, Қабдол, Қабдолла* атты нұсқалары бар. Бұлардан арабшасына ең жақын дыбысталатыны *Абдулланы* ғана арабша нұсқасы бойынша жазып, қалғандарын қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша былай береміз:

- *Абдулла (Абдолла)* – عبد الله;
- *Абдол* – آبدول;
- *Әбділдә* – آبديلدا;
- *Әбілдә* – آبيلدا;
- *Ғабдол* – غابدول;
- *Ғабдолла* – غابدولا;
- *Қабдол* – قابدول;
- *Қабдолла* – قابدولا.

<http://www.awu-dam.org/trath/106/turath106-001.htm> сайтында [141]:

«وعلى مدار عشرين عاماً تخرّج بالقسم ما يزيد على أربع مئة طالب وطالبة، وقامت وزارة الخارجية بانتداب عدد كبير من شباب أعضاء هيئة التدريس والخريجين للعمل بها، ويبرز من بين هؤلاء: بغداد عمرييف سفير جمهورية كازاخستان في مصر العربية، و عظمت بيرديباي مستشار سفارة جمهورية كازاخستان لدى المملكة العربية السعودية، و خيرت ساكي، و خيرت لاماشريف، و رسول جومالي، و أرمان عيسى غالييف، و بيريك أرينوف، و المات أوميرزاق، و درخان كوكسيغينوف، وغيرهم...»


деп, бірнеше қазақ кісі есімдері берілген. Көпшілігі біздің ережеге сай жазылмаған. Төмендегі 17-кестеде оларды өз ережемізге салып жазып көрсеттік.

17-кесте – <http://www.awu-dam.org> сайтында араб тілінде берілген қазақ кісі есімдері мен олардың біз ұсынған нұсқасы

№	Сайттағы нұсқасы	Қазақша жазылуы	Біз ұсынған нұсқасы
1	بغداد عمرييف	Бағдат Әміреев	بغداد اميرييف
2	عظمت بيرديباي	Азамат Бердібай	ازامط بيرديباي
3	خيرت ساكي	Қайрат Сәки	قايراط ساكي
4	خيرت لاماشريف	Қайрат Ламашәриф	قايراط لاماشريف
5	رسول جومالي	Расул Жұмали	رسول جومالي
6	ارمان عيسى غالييف	Азамат Исағали	ارمان ايساغالييف
7	بيريك ارينوف	Берік Арынов	بيريك ارينوف
8	اوميرزاق المات	Өмірзақ Алмат	اوميرزاق الماط
9	درخان كوكسيغينوف	Дархан Көксегенов	دارخان كوكسيكينوف

Зерттеуші ғалым Ж.Ағабекова өз еңбегінде араб текті қазақ есімдерін үш тілдің – араб, иран, қазақ (түркі) тілдерінің элементтеріне қарай арнайы схема құрып, үш топқа жіктеп қарастырады (1-схема).

1-схема – Араб, иран, қазақ (түркі) тілдерінің элементтері қатысқан қазақ кісі атаулары:



Бұлар бірінші деңгейдегі, яғни аталған үш (доминант) тілдің элементтері қатысқан қазақ есімдері.

«Бұл үш топқа кіретін есімдердің барлығы, араб тілінің элементі (Алла сипаты, пайғамбарлар аты, жалпы есім ретінде) жеке тұрғанда да, иран тілдерінің, не қазақ (түркі) тілінің элементтерімен араласып (бірігіп, кірігіп), күрделі есімге айналғанда да, бәрібір «қазақ есімдері» деп аталады. Өйткені, қазақ қауымы қабылдаған шет тіл есімдері, не олардың қазақ тілінің өз элементтерімен кірігіп, бірігіп, біртұтас күрделі есімге айналған түрлері де, сайып келгенде, сол тілдің өз меншігіне айналады. Бұл құбылысты солай қабылдайтын да, мақұлдайтын да тіл табиғаты, яғни бұл есімдерді қабылдаушы, өз заңдылығы бойынша бойына сіңіріп, тұрақтандырып,

калыптастыратын да сол қабылдаушы тіл, қазақ тілі», – деп пайымдама жасайды [25, 77-79 б.]. Жоғарыда тек араб тілі элементтерінен жасалатын кісі есімдерінің араб тілінде қалай жазылатыны жөнінде баяндадық. Енді араб, иран тілдері элементтерінен тұратын есімдерге тоқталайық. Ғалым «қазақ тіліндегі «араб-иран кұрамды есімдердің» негізгі бөлігі парсы тіліндегі о баста лексикалық мағынасы болған, кейіннен есім жасау жұрнағына айналған «жан», «қожа», «гүл» сияқты жұрнақтар арқылы жасалғанын айта келе: «Бұндай жұрнақтар араб сөзінің алдынан да, соңынан да жалғанып солар арқылы кісі есімдері жасалған», – дейді де, мына мысалдарды келтіреді: *Аманболат* > Аман + Болат (құрыш), *Амандос* > Аман + дос (дос), *Аманжол* > Аман + жол (жол), *Әлішер* > Әлі + шер (арыстан), *Бабаәлі* > Баба (ата) + әлі, *Базаралы* > Базар (базар) + алы (әли), *Бейбітәлі* (бейбітшілік) > Бейбіт + алы (әли), *Бисенғали* > Бейсен (төрт) + ғали (али), *Азылзат* > Асыл + зат (зодо-зат), *Досмұқан* > Дос (дуст-дос; ұл) + мұқан, *Досәлі* > Дос (дуст-дос; ұл) + әлі (али), *Дүймағамбет* > Дүй (ду-екі) + мағамбет (Мұхаммад), *Дүйсенғали* > Дүй (ду-екі) + ғали (али) [182, 87-88 б.]. Мұндай есімдерді араб тілінде жазғанда иран тілінен енген бөлімін жоғарыдағы ережелер бойынша қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша араб тіліндегі сәйкес келетін дыбыстардың әріптерімен, ал, араб тілінен енген бөлігін фонетикалық өзгеріске түспесе араб тілі нұсқасымен, өзгеріске түссе қазақ тіліндегі дыбысталуына сәйкес келетін дыбыстардың әріптерімен береміз. Мысалы, *Аманболат* – *أمانبولاط*, *Амандос* – *أماندوص*, *Аманжол* – *أمانجول*, *Әлішер* – *أليشير*, *Бабаәлі* – *بابالي*, *Базаралы* – *بازارالي*, *Бейбітәлі* – *بيبيتالي*, *Бисенғали* *بيسينغالي* – , *Азылзат* – *أصيلزاط*, *Досмұқан* – *دوصموقان*, – *Досәлі* – *دوسالي*, *Дүймағамбет* – *دويماغامييت*, *Дүйсенғали* – *دويسينغالي*, т.б.

Ғалым қазақ қауымы өзінің ұзақ тарихи даму барысында талай көршілес, туыстас этностармен (мысалы, қытай, ғұн, сақ, моңғол, орыс т.б) тығыз қарым-қатынастарда болып, бұл этностардың есімдерін қабылдағанымен, сол жалпы және жалқы есімдермен өз тілінің элементтерін қосарлап, күрделі есімдер жасау фактісі кездеспейтіндігін, бірақ араб және иран тілдерімен болған бұл тәрізді араласу үдерісінде араб текті есім жасауға қазақ тілі элементтерінің қатысу деңгейі жоғары екендігін және де араб сөздері мен қазақ (жалпы түркі) сөздерінің өзара тіркесіп, бір бүтін тұтас есімдердің жасалуы тілдік қарым-қатынастың дамыған жоғары деңгейін көрсететінін айта келе, бұл құбылыстың өзіндік ерекшеліктерін былайша түсіндіреді: «Біріншіден, түркі тілдерінің элементтері екі компонентті араб текті күрделі есімдердің ылғи екінші, яғни негізгі анықталушы, компоненті болып келеді де, бірінші орында анықтауыш ретінде араб сыңары тұрады. Екіншіден, араб текті (екі компонентті) күрделі есімдердің түркі-қазақ компоненттері негізінен есім және сиректеу етістік (есімше) тұлғасындағы (берді, берген, т.б) сөздер болып келеді: *Рахманқұл*, *Жаппарқұл*, *Айнұр*, *Ернұр*, *Аллаберген*, *Аллаберді*. Үшіншіден, есімдерден тұратын түркі-қазақ компоненттердің басым көпшілігі антропонимиялық суффиксантирға айналып, жиі қолданылатын –*бай*, –*хан*, *бек*, –*құл*, –*тай*, т.б. осы сияқты элементтерден тұрады *Баймұрат*, *Баймақамбет*. Төртіншіден, түркі-қазақ компоненті ретінде кейде – *ман*//–*мен*, –*лан*//–*лен*, –*дық*//–*дік*, –*ша*//–*ше* форманттарда кездеседі: *Нұрман*, *Нұрлан*. Түркі-қазақ компоненттері ретінде

аталған топтан басқа қазақтың қарапайым жалпы есімдері өте сирек кездеседі. Мысалы, оған «*хақ*» («Аллаһ» мағынасында) сөзінің «*ақ*» тұлғасына «*жол*» сөзінің жалғануы арқылы туындаған *Ақжол* есімін жатқызуға болады. Басқа уақыттардың бәрінде де жоғарыда аталған топқа енетін элементтер мен форманттар араб текті есімдердің тұрақты қазақ-түркі компоненттері болып саналады» [182, 88 б.].

Мұндай есімдерді де араб тілінде жазғанда қазақ тілінен енген бөлімін жоғарыдағы ережелер бойынша қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша араб тіліндегі балама болатын дыбыстардың таңбасымен, ал, араб тілінен енген бөлігін фонетикалық өзгеріске түспесе араб тілі нұсқасымен, өзгеріске түссе қазақ тіліндегі дыбысталуына сәйкес келетін дыбыстардың таңбасымен береміз. Мысалы, *Рахманқұл* – رحمانقول, *Жаппарқұл* – جبارقول, *Айнұр* – اینور, *Ернұр* – ایرنور, *Аллаберген* – الأبيركين, *Аллаберді* – الأبيردي, *Баймақамбет* – بايماقامبيت, *Нұрман* – نورمان, *Нұрлан* – نورلان, *Ақжол* – آقجول, т.б.

3.2.2.1. Қазақ тіліне енген араб сөздері мен араб текті қазақ онимдеріндегі фонетикалық өзгерістер және олардың араб тіліне транслитерациялануы. Әр тілдің өзіне тән ішкі заңдылықтары бар екені мәлім. Белгілі бір тілдегі дыбыстың фонемалық қасиеті екінші бір тілге ауысқанда өзгеріп отырады. Араб сөздері тілімізге ауысқанда, тіліміздің фонетикалық заңдылықтарына бағынып, соның әсерімен өзінің алғашқы бейнесін өзгертуі заңды құбылыс болып табылады. Бұл күрделі құбылыс болғандықтан, әртүрлі жағдайда түрліше іске асады. Біз мұнда қазақ тіліне енген араб сөздерінің қандай фонетикалық өзгерістерге ұшырағанын көрсете отырып, сол типтегі онимдердің араб тілінде жазылуын көрсетеміз.

◦ **[h] дыбысының өзгеріске ұшырауы және оның басқа фонемаларға ауысып кетуі:**

Араб сөздерінің құрамындағы ◦ [h] фонемасы сөз ішінде кездесу ыңғайына, яғни, өзінің позициясына қарай (сөз басында, сөз ортасында немесе сөз соңында) қазақ тілінде әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырады.

Егер ◦ [h] дыбысы сөз ортасында дауыстыдан соң ұшырасатын болса, онда қазақ тілінде бұл дыбыс көбінесе сонар *й* дыбысымен алмасады. Мысалы, араб сөздері: فهم [фәһм^{yh}] – пайым, пайымдау, ذهن [зйһн^{yh}] – зейін, ظاهر [зәһир^{yh}] – зайыр [188, 83 б.]. Қазақта *Зейін* және *Зайыр* атты кісі есімдері бар [117, 53 б.; 117, 80 б.]. Оларды араб тілінде زين және زاير деп белгілегеніміз дұрыс. Ал, إبراهيم [’ибрәһйм^y] атты араб кісі есімі *Ыбырайым* [117, 11 б.] болып өзгеріске түскен. Оны қазақ тіліндегі дыбысталуына жақын келетін түрі إبرايم деп жазуымыз қажет.

- *г* фонемасымен алмасады. Мысалы, زهي [Зәһий] – *Зағи* болып фонетикалық өзгеріске түскен [117, 60 б.]. Оны араб тілінде زاغي деп береміз.

Қазақ тіліне ауысқан араб сөздерінің ортасында кездесетін [h] дыбысы түсіп қалады:

قهر [қәһр] – кәр, زهر [зәһр] – зәр, ашу-ыза, شهر [шәһр] – шәр. Қазақ тілінде *зәр* және *шәр* формаларымен бірге *zahar* – *зәһар*, *shahar* – *шаһар* – *шәһар* секілді варианттары да қолданылады [188, 83 б.]. Кісі есімдері زهرة [зәһрату] – *Зере* болып [117, 60 б.], زهرة [зуһра^{ty}] – *Зура* болып [117, 60 б.] фонетикалық

өзгеріске түскен. Бұл кісі атауларын араб тілінде *زورا* және *زيري* деп бергеніміз жөн.

Егер ◦ [h] дыбысы араб сөздерінің басында тұрған болса, онда:

– қазақ тілінде ◦ [h] айтылмай, түсіп қалады да, түпнұсқадағы жіңішке ə дыбысы енді толық жуан *a* дыбысына айналып кетеді. Мысалы, *هيبة* [hәйбәт^{yh}] – айбат, *هواء* [hәуә^{yh}] – ауа [188, 83 б.]. Ал, *هارون* [hәрүн^y] атты кісі атауы *Арон* болып фонетикалық өзгеріске түскен [117, 148 б.]. Оны араб тілінде *أرون* деп береміз.

– қазақ тілінде ◦ [h] түсіп қалып, сөз жіңішке дауысты ə дыбысынан басталады: *هزل* [hәзл^{yh}] – әзіл, *هزم* [hәзм^{yh}] – әзім, *هلاک* [hәләк^{yh}] – әлек, өлім [188, 83]. *هابل* [hәбил] және *هاشم* [hәшим] атты кісі атаулары *Әбіл* [117, 147 б.] және *Әшім* [117, 148 б.] болып өзгеріске түскен. Оларды араб тілінде *أبيل* және *أشيم* деп жазамыз.

Кейбір араб сөздерінде еміс-еміс қана естілетін ◦ [h] дыбысы қазақ тілінде біршама ұянданып айтылады. Мысалы, *جهة* [жихә^{tyh}] – *жаһат*, *جهنم* [жәһәннәм^y] – *жаһаннам*, *جهاز* [жихәз^{yh}] – *жиһаз* [188, 84 б.]. *جوهر* [жәуһәр^{yh}] сөзі қазақ тіліне *Жауһар* болып кісі есімі ретінде енген [117, 35 б.]. Мұндай жағдайда аса үлкен фонетикалық өзгеріске түспегендіктен араб тіліндегі нұсқасы бойынша *جوهر* деп жазылады.

غ [ғ] фонемасының қазақ тілінде түрленуі: غ [ғ] дыбысынан басталатын араб тілінен ауысқан сөздер қазақ тілінде көбінесе ғ дыбысы арқылы немесе соған жақын дыбыстар арқылы айтылып, жазылады. *F*-дан басталатын қазақтың төл сөздері өте-мөте сирек кездеседі. Мұндай сөздердің барлығы негізінен араб элементтері.

Кейде غ [ғ] дыбысынан басталатын араб сөздері қазақ тілінде қ фонемасы арқылы беріледі: *غلاف* [ғиләф^{yh}] – қынап т.б [188, 85 б.]. Ал, кісі атаулары *غنيمة* [ғанймә^{tyh}] – *Қанима* [117, 105 б.], *غياث* [ғийәс^{yh}] – *Қиас* [117, 105 б.] болып фонетикалық өзгерістерге түскен. Оларды араб тілінде *قايما*, *قياص* деп береміз.

ح [х] дыбысына қатысты өзгерістер: ح [х] дыбысы қазақтың төл сөзінде мүлдем кездеспейді. Бұл дыбыс тек араб сөздерінде ғана болады.

Егер араб тілінде сөз ح [х] фонемасымен басталса, онда сөз қазақ тіліне ауысқан сәтте бұл дыбыс түсіп қалады да, сөз төмендегідей дыбыстардан басталады:

- *a*: *حافظ* [хәфиз^{yh}] – абыз, *حلال* [хәләл^{yh}] – адал, *حيلة* [һйлә^{tyh}] – айла, *حيوان* [хәйуән^{yh}] – айуан, *حق* [хәққ^{yh}] – ақ, әділ, *حقيقة* [хәқйқа^{tyh}] – ақиқат, *حلو* [хәлүә^{tyh}] – алуа, *حرام* [хәрәм^{yh}] – арам [188, 86 б.]. *حسن* [хәсән^{yh}] атты кісі есімі *Асан* болып өзгерген [117, 39 б.]. Оны араб тілінде *أسان* деп жазамыз.

- *ə*: *حد* [хәдд^{yh}] – әдді, *حاجة* [хәжә^{tyh}] – әжет, *حاضر* [хәдир^{yh}] – әзір, *حاكم* [хәким^{yh}] – әкім, *حال* [хәл^{yh}] – әл, *حركة* [хәракә^{tyh}] – әрекет, *حرف* [хәрф^{yh}] – әріп [188, 86 б.]. Араб тіліндегі *حاج* [хәж^{yh}] сөзі қазақ тіліне кісі атауы ретінде *Әжі* болып енген [117, 39 б.]. Оны араб тілінде *أجي* деп жазамыз.

- *y*: *حكم* [хукм^{yh}] – үкім, *حكومة* [хукүмә^{tyh}] – үкімет [188, 86 б.]. *حسين* [хусәйн^{yh}] және *حبي* [хуббй] атты кісі атаулары қазақ тіліне *Үсен* [117, 40 б.] және *Үбі* [117, 38 б.] болып енген. Бұлар араб тілінде *أوسين* және *أوبي* болып беріледі.

Араб тілінде сөз ح [x] фонемасымен аяқталса, онда сөз қазақ тіліне ауысқан сәтте бұл дыбыс түсіп қалады: نصح [нәсүх^{yh}] атты кісі есімі қазақ тіліне *Нәсу* болып ауысқан [117, 139 б.]. Оны араб тілінде ناسو деп жазамыз.

Сөз ішінде қай жерде тұрғанына қарамай-ақ кейде ح [x] фонемасы қазақ тілінде қатаң дауыссыз қ арқылы да беріледі. Бұған бірнеше дәлел келтірейік: حساب [хисәб^{yh}] – қисап, حاجة [хәжәт^{yh}] – қажет, قدح [қадәх^{yh}] – қадақ, حاج [хәж^{yh}] – қажы, حاضر [хәдир^{yh}] – қазір, حيران [хәйрән^y] – қайран қалу, حرمة [хурмә^{tyh}] – құрмет, حيوان [хәйүән^y] – қайуан, حيلة [хйлә^{tyh}] – қайла, أحوال [’әхуәл^y] – ақуал, أحق [’әхмәк^y] – ақымақ т.б [188, 87 б.]. حماس [хәмәс^{yh}] және حمزة [хәмзә^{tyh}] атты кісі атаулары *Қамаси* және *Қамза* болып қазақшыланды [117, 43 б.]. Оларды араб тілінде قاماسي және قامزا деп жазылады.

ح [x] қазақ тілінде х дыбысы арқылы да айтылып, жазылуы мүмкін. Мысалы, حديث [хәдйс^{yh}] – хадис, حق [хәкк^{yh}] – хақ, حقيقة [хәкйқа^{tyh}] – хақиқат, حاكم [хәким^{yh}] – хәкім, حكمة [хикмә^{tyh}] – хикмат, حقوق [хукүк^{yh}] хукүк, حضور [худүр^{yh}] – хұзыр, حق [хәкк^{yh}] – хук, құқық [188, 87 б.]. حسني [хусний] және حفي [хәфий] атты кісі атаулары қазақ тілінде *Құсни* [117, 40 б.] және *Қапи* [117, 41 б.] болып өзгеріске түскен. Оларды араб тілінде قوسني және قافي деп жазамыз.

ع [’] дыбысының өзгеруі және алмасуы: ع [’] – қазақ тіліне мүлдем жат дыбыс. Қазақтар бұл дыбысты сөз басында да, сөз ортасында да, сөз соңында да айтпайды, оны ретіне қарай қазақ тіліндегі басқа фонемалармен алмастырып отырған. ع [’] дыбысын қазақ тілінде төмендегідей дыбыстармен алмастырып қабылдаған:

- ғ дыбысымен: معلوم [мә’лүм^{yh}] – мағлүм, بعض [бә’д^{yh}] – бағзы, عدالة [’әдәлә^{tyh}] – ғәділет, عجائب [’әжә’иб^y] – ғажайып, عجب [’әжәб^{yh}] – ғажап, عزيز [’әзйз^{yh}] – ғазиз, عالم [’әлим^{yh}] – ғалым, عرصت [’әрасәт] – ғарасат, عصر [’әср^{yh}] – ғасыр, عفو [’әфү^{yh}] – ғапу ету, عاشق [’әшиқ^{yh}] – ғашық, عبرة [’ибра^{tyh}] – ғибрат, علماء [’уләмә^y] – ғұлама, عرف [’урф^{yh}] – ғұрып, عشر [’ушр^{yh}] – ғұшыр, علم [’илм^{yh}] – ғылым, ساعة [сә’ә^{tyh}] – сағат, معلم [му’әллим^{yh}] – мұғалім, عقلية [’әқлийә^{tyh}] – ғақлия, أعظم [’ә’зам^y] – ағзам [188, 88 б.]. عارفة [’әрифә^{tyh}] және عالم [’әлим^{yh}] атты кісі есімдері қазақ тілінде *Ғарифа* [117, 82 б.] және *Ғалым* [117, 83 б.] болып фонетикалық өзгерістерге түскен. Ол араб тілінде غاريفا және غاليم болып жазылады.

Кейбір кірме сөздерде ع [’] сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында айтылмайды, яғни, оның орнына басқа дыбыс қолданылмайды. Сондықтан сөз ع [’] дыбысынан кейін келетін мынадай дауысты дыбыстардан басталады, немесе, ع [’] дыбысы сөз ішінде келсе, оған дейінгі, не одан кейінгі төмендегі дауысты дыбыстар ғана айтылады.

- а дыбысы: عزاء [’әзә’^{yh}] – аза, عيب [’әйб^{yh}] – айып, عقل [’әқл^{yh}] – ақыл [188, 88 б.]. Араб тіліндегі عجيب [’әжйб^{yh}] және عقيد [’әқйд^{yh}] атты сөздер қазақ тіліне *Ажып* [117, 93 б.] және *Ақид* [117, 96 б.] болып кісі есімдері ретінде енген. Оларды араб тілінде сол күйінде عقيد және عجيب деп жазамыз.

- ә дыбысы: عادة [’әдә^{tyh}] – әдет, عدل [’әдл^{yh}] – әділ, عزيز [’әзйз^{yh}] – әзіз [188, 88 б.]. عزيز [’әзйз^{yh}] және عظيم [’әзйм^{yh}] атты кісі есімдері қазақ тіліне *Әзиз* [117, 94 б.] және *Әзім* [117, 95 б.] болып ауысқан. Оларды араб тілінде عزيز және ازيم деп жазамыз.

- *i* және *й* дыбыстары: علم [‘илм^{уН}] – ілім, عزة [‘иззә^{туН}] – ізет, شاعر [шә‘ир^{уН}] – шайыр [188, 88 б.]. عزة [‘иззә^{туН}] және نعيم [нә‘йм^{уН}] сөздері қазақ тіліне *Ізет* [117, 93–94 б.] және *Найым* [117, 141 б.] болып кісі есімдері болып айтылған. Оларды араб тілінде إيزيت және ناييم деп белгілейміз.

- Ал, егер қазақ тіліне араб тілінен ауысқан сөз ع [‘] дыбысына бітсе, онда бұл дыбыс қазақшасында айтылмай, өзінен-өзі түсіп қалады. ضائع [дә’и^{‘уН}] – зая, зая кету [188, 88 б.]. شافع [шәфи^{‘уН}] және جامع [жәми^{‘уН}] деген кісі есімдері қазақ тіліне ауысқанда фонетикалық өзгерістерге түсіп соңындағы ع [‘] дыбысы түсіп *Шәфи* [117, 69 б.] және *Жәми* [117, 31 б.] болған. Оларды араб тілінде شافي және جامي деп береміз.

ج [ж] дыбысының өзгеріске ұшырауы: ج [ж] дыбысы – таңдай ортасы (غاري [gārii^{unn}]) африкаты саналады. Бұл дыбыс фонема түрінде қазақ әдеби тілінде кездеспейді.

Тиісті лексикалық элементтермен бірге қазақ тіліне ауысқан соң арабша қатаң айтылатын ج [ж] дыбысы қазақша ұяң айтылатын болады. جواب [жәуәб^{уН}] – жауап, جماعة [жәмә‘ә^{туН}] – жамағат [188, 88 б.]. جزيرة [жәзіра^{ту}] деген кісі есімі қазақ тілінде ұяңданып *Жазира* [117, 32 б.] болып дыбысталады. Оны араб тілінде аса үлкен фонетикалық өзгеріске түспегендіктен جزيرة деп жазамыз.

Егер араб тілінен ауысқан сөздер ج [ж] дыбысына бітсе, онда бұл дыбыс қазақ тілінде *ш* дыбысына айналып кетеді. Мәселен, арабтың خراج [харәж^{уН}] (салық) сөзі қазақшасында қараша болып келеді [188, 89 б.]. Араб тіліндегі خديجة [хадйжә^{ту}] атты әйел есімі қазақ тіліне *Хадисша* [117, 47 б.] болып енген. Оны араб тіліндегі дыбысталуына ең жақыны болғандықтан خديجة деп жазғанымыз дұрыс сияқты. Қазақ тіліндегі *Қадисша* деген де кісі есімін قاديشا деп жазғанымыз дұрыс секілді.

ي [й] дыбысының *жс*-ға айналуы: Қазақ тілінде ي [й]–ден басталатын сөз жоқ. Араб тілінен енген кірме сөздер ي [й] дыбысынан басталса, онда бұл дыбыс қазақ тіліне көшкенде *жс* фонемасына айналып кетеді [188, 90 б.]: يتيم [йәтйм^{уН}] – жетім [109, 73 б.]. Араб тіліндегі يعقوب [йә’құб^у] атты кісі есімі қазақ тіліне *Жақып* болып енген [117, 150 б.]. Оны араб тілінде бергенде جاقيب деп жазамыз.

ي [й] дыбысымен басталатын есімдер кейде *д* және *т* фонемаларына айналады: Араб тіліндегі يوسف [йүсуф^у] атты кісі есімінің қазақ тілінде *Дүсiп* және *Түсiп* деген нұсқалары бар [117, 151 б.]. Оларды араб тілінде دوسيف және توسيف деп жазамыз.

ف фә [ф] дыбысының басқа фонемалар арқылы берілуі: Қазақ тіліне енген араб элементтерін айтқанда, яки жазғанда ف [ф] дыбысы көбінесе дерлік қазақтың *б* және *п* фонемалары арқылы беріледі:

б дыбысы арқылы: أفضل [’әфдал^у] – абзал, فقير [фәқйр^{уН}] – бақыр, فاتحة [фәтихә^{туН}] – бата, كفن [кәфән^{уН}] – кебін [188, 90 б.]. Сол секілді فيصل [фәйсал^у] және فيض [фәйд^{уН}] деген кісі есімдері қазақ тіліне *Байсал* [117, 107 б.] және *Байыз* [117, 108 б.] болып ауысқан. Оларды араб тілінде بايصال және باييز деп береміз.

п дыбысы арқылы: ألف [’әлиф^{уН}] – әліп, غافل [ғәфил^{уН}] – ғапыл қалу, عرف [’урф^{уН}] – ғұрып [188, 91 б.]. Араб тіліндегі فاتح [фәтих^{уН}] және فاضل [фәдил^{уН}]

сөздері қазақ тіліне *Патық* және *Пазыл* болып енген [117, 106 б.]. Оларды араб тілінде *فاتيق* және *فازيل* деп жазамыз.

Қазақ тіліне ауызекі сөйлесу жолымен енген араб сөздері түбегейлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес өзінің сыртқы тұлғасын да едәуір өзгертіп жіберген. Ал, кітап арқылы (көбінесе дінді уағыздайтын кітаптар) енген лексикалық элементтер қазақ топырағында да негізгі өзінің алғашқы тұлғасын өзгертпей, сақтап қалып отырады. Мұндай сөздердің құрамында *ф* спиранты сол күйінде сақталып қалады. Мысалы, *فانى* [фәний] – фани, *فاتحة* [фәтиһә^{туһ}] – фатика, *التفات* [илтифәт^{туһ}] – ылтифат, т.б. [188, 91 б.]. Арабтың *فتاح* [фәттәх^{туһ}] деген кісі есімі қазақ тіліне *Фаттах* болып енген [117, 106 б.]. Мұнда үлкен фонетикалық өзгеріс болмағандықтан араб тілінде түпнұсқадағыдай *فتاح* деп жазамыз.

و уау [ў] **дыбысының қазақша түрленуі:** Араб сөздері қазақ тіліне ауысқанда *و* [у] дыбысы айтылмай, өзінен–өзі түсіп қалады да одан кейінгі дауысты дыбыс өзгеріске ұшырап, төмендегідей дыбыстардан басталады:

о дыбысы: *وباء* [ўәбә^{туһ}] – оба (холера), *وبال* [ўәбәл^{туһ}] – обал, *واقعة* [ўәқи‘ә^{туһ}] – оқиға [188, 92 б.]. Кісі аты *وهاب* [ўәһһәб^{туһ}] қазақ тіліне *Оқан* болып ауысқан [117, 150 б.]. Оны араб тілінде *واقاب* деп береміз.

ө дыбысы: *وكيل* [ўәкйл^{туһ}] – өкіл, *ولاية* [ўйләйә^{туһ}] – өлаят, *وصية* [ўәсийә^{туһ}] – өсиет [188, 92 б.]. Араб тіліндегі *وظيفة* [ўәзйфә^{туһ}] сөзі қазақ тіліне *Өзипа* болып кісі есімі ретінде енген [117, 149 б.]. Оны араб тілінде *وازيغا* деп жазамыз.

у дыбысы төмендегідей дыбыстармен алмасуы мүмкін:

у дыбысы: *وعظ* [ўә‘з^{туһ}] – уағыз, *واجب* [ўәжиб^{туһ}] – уажып, *وهم* [ўәһм^{туһ}] – уайым [188, 92 б.]. Араб тіліндегі *ويس* [ўәйс^{туһ}] және *ولي* [ўәлий^{туһ}] сөздері қазақ тіліне *Уайс* және *Уәли* болып ауысқан [117, 149 б.]. Оларды араб тілінде аса үлкен фонетикалық өзгеріске ұшырамағандықтан түпнұсқадағыдай *ويس* және *ولي* деп жазамыз.

б дыбысы: *ولد* [ўәләд^{туһ}] – валет (карта) – балта [188, 92 б.]. Араб тіліндегі *شوال* [шәўўәл^{туһ}] сөзі қазақ тіліне *Шабал* болып кісі есімі ретінде енген [117, 73 б.]. Оны араб тілінде *شابال* деп белгілейміз.

п дыбысы: *نشويش* [тәшўйш^{туһ}] – тәшпіш, *ورق* [ўәрақ^{туһ}] – парақ [188, 92 б.]. Қазақ тілінде осы *ورق* сөзінен еніп, фонетикалық өзгеріске түскен *Парақ* деген кісі есімі де бар. Оны араб тілінде *باراق* деп жазамыз.

ق қаф [қ] **дыбысының қазақ тілінде к және ғ болып өзгеруі:** *ق* [қ] қ дыбысына алмасып кететін тілдік факторларда кездесіп қалады: *قهر* [қәһр^{туһ}] – кәр, кер, *قاعدة* [қә‘идә^{туһ}] – каде [188, 93 б.]. Араб тіліндегі *قادر* [қәдир^{туһ}] сөзі қазақ тіліне *Кәдир* болып кісі есімі ретінде өткен [117, 109 б.]. Оны араб тілінде *كادير* деп белгілейміз.

Сондай–ақ, *ق* [қ] кейде өзгеріп, *г* дыбысы арқылы да айтылады: *طاقة* [тәқа^{туһ}] – *тағат*, *تقدير* [тәқдир^{туһ}] – *тағдыр*, т.б [188, 93 б.]. Кісі есімдері: *حق حيدر* [хәққ^у хәйдәр^а] – *Ағайдар* [117, 41 б.], *حق عادل* [хәққ^у ‘әдил^{туһ}] – *Ағәділ* [117, 42 б.]. Бұларды араб тілінде *أعايدار* және *أعايدل* деп береміз.

Әйтсе де көбінесе дерлік *ق* қаф дауыссыз дыбысымен келетін араб сөздерінде бұл фонема қазақ тіліне ауысқан соң да негізінен *қ* арқылы беріледі. *قصة* [қисса^{туһ}] – *қисса* [108, 175 б.], *قرض* [қард^{туһ}] – *қарыз* [108, 158 б.]. Кісі

есімдері: قطيفة [қатйфә^{туһ}] – Қатифа [117, 112 б.], قناعة [қанә‘ә^{туһ}] – Қанағат [117, 113 б.]. Бұларды араб тілінде قطيفة және قاناغاط деп жазамыз.

Х ха [x] дыбысының қазақша қ және ғ болып өзгеруі: Араб сөздері қазақ тіліне ауысқанда бұл дыбыс қазақтың тіл арты спиранты қ дауыссыз дыбысы арқылы беріледі. Араб тілінен ауысқан төмендегідей сөздердің фонетикалық өзгерістеріне назар аударайық: خزان [хазән^{уһ}] – қазан, خراجه [харәжә^{туһ}] – қаражат, خطر [хатар^{уһ}] – қатер, خيال [хайәл^{уһ}] – қиял, خيانة [хиәнә^{туһ}] – қиянат [188, 93 б.]. Араб тіліндегі خلیلة [халйлә^{туһ}] және خير [хайр^{уһ}] сөздері қазақ тіліне Қалила және Қайыр болып кісі есімдері ретінде енген [117, 49 б.]. Оларды араб тілінде قالیلا және قايير деп жазамыз.

Сонымен бірге خبر [хабәр^{уһ}] – хабар, خلائق [халә‘иқ^у] – халайық, خلق [халқ^{уһ}] – халық, خط [хатт^{уһ}] – хат деген сөздер қазіргі қазақ тілінде х арқылы жазылады. Алайда бұл айтылған сөздердің өздері де ауызекі сөйлесу кезінде қ болып айтылды [188, 94 б.]. Араб тіліндегі خالد [хәлид^{уһ}] және خالص [хәлис^{уһ}] атты кісі есімдері қазақ тіліне Халид және Халес болып ауысқан [117, 46 б.]. Оларды үлкен фонетикалық өзгеріске түспегендіктен араб тілінде сол күйінде خالد және خالص деп жазамыз.

Ш шин [ш] дыбысының с–ға ұласуы: Араб тілінен енген сөздерде ش [ш] дыбысы өзінің алғашқы дыбыстық тұлғасын өзгертпей сол күйінде сақтап қалады [188, 95 б.]: شفاء [шифә^{уһ}] – шипа [108, 309 б.], شريعة [шәрй‘ә^{туһ}] – шарифат [108, 302 б.]. Араб тіліндегі شمسية [шәмсийә^{туһ}] және شكر [шукр^{уһ}] сөздері қазақ тіліне Шәмсия және Шүкір болып кісі есімдері ретінде енген [117, 72 б.]. Олар үлкен фонетикалық өзгеріске ұшырамағандықтан араб тілінде شمسية және شكر болып өзгеріссіз жазылады.

Алайда кейбір жағдайларда ش [ш] дыбысы қазақ тілінде с–ға айналып, өзгеріп кетеді: شيطان [шәйтән^у] – сайтан, شمال [шимәл^{уһ}] – самал, شكل [шәкл^{уһ}] – сықылды т.б. [188, 95 б.]. شريك [шәрйк^{уһ}] және شوق [шәүк^{уһ}] деген араб сөздері қазақ тіліне Серік [117, 71 б.] және Сауық [117, 73 б.] болып кісі есімдері ретінде ауысқан. Оларды араб тілінде سيريك және صاويق деп береміз.

Л ләм [л] дыбысының қазақ тіліндегі көріністері: Қазақ тіліне араб элементтерінде ل ләм негізінен алғанда өзгермей, сол күйінде сақталып қалады. Алайда ол қазақ тілінің фонетикалық ішкі заңдылықтарына сәйкес белгілі бір өзгерістерге ұшырайды: Біріншіден, ل ләм дыбысы өзінің алдындағы яки өзінен кейінгі дауысты дыбыстардың ықпалымен біресе жуан, біресе жіңішке болып айтыла береді. Дәлірек айтсақ, бұл дыбыс жіңішке дауыстардың (i, e, o, a, y) ықпалымен жұмсарып, жіңішке болып та, ал, жуан дауыстылардың (ы, о, а, ұ) әсерімен жуан болып та айтыла береді. Мысалы мына сөздерді өзара салыстыруға болады: адал – әділ, ажсал – әзіл, балағат – бәлекет, ақыл – әйел, ғылым – ілім, хал – әл, т. б. Егер араб лексикалық элементтері осы л және р фонемаларының алдында o, ы, i, y, ұ дауысты дыбыстары пайда болады: لازم [ләзим^{уһ}] – ылазым [188, 97 б.]. Кісі есімі: لقمان [луқмән^у] – Ұлықман [117, 117 б.]. Ол араб тілінде أوليقيان болып жазылады.

Араб тілінен енген сөздердің құрамында қосарланған, яғни, екі ләм дыбысы кездесе, онда қазақшасында сол дыбыстардың бірі д–ға айналып

кетеді: حلال [хәләл^{yh}] – адал, دال [дәлләл^{yh}] – делдал [188, 97 б.]. кісі есімі: كريم الله [кәрім-л-ләһ^h] – *Кәримолда* [117, 115 б.].

Кейде ل ләм дыбысы *n*-ға айналып кетеді. Рас, мұндай жағдай өте сирек кездеседі: جلد [жәлләд^{yh}] – жендет, غلاف [ғиләф^{yh}] – қынап, т.б. [188, 97 б.].

м мим [м] дыбысының б және n-ға өзгеруі: Араб тілінде кейде سم *см* және شم *шм* дыбыстары қатар келіп (прогрессивті ассимиляция заңына сәйкес) қазақ тіліне ауысқан араб сөздеріне *c*-ның әсерімен *m* дыбысы *n*-ға айналып кетеді. Мысалы, عثمان [‘усмән^y] – *Оспан* [188, 92 б.]. Бұл есімді араб тілінде أوسبان деп жазамыз.

Қазақ тіліне сіңісіп кеткен кейбір араб сөздеріне *м мим* дыбысы кезінде *б*-ға өзгерген болып шығады: محنة [михнә^{tyh}] – бейнет [188, 92 б.]. Араб тіліндегі محكم [мухкәм^{yh}] сөзі қазақ тіліне *Бекем* болып кісі есімі ретінде енген [117, 119 б.]. Ал, محمد [мухәммәд^{yh}] деген кісі есімі *Бейімбет* болып енген [117, 119 б.]. Оларды араб тілінде بيكيم және بييمبيت деп жазамыз.

ض дад [д] дыбысы – ұяң з дауыссызына алмасады: أفضل [’әфдал^y] – Абзал [188, 90 б.], فيض [фәйд^{yh}] *Байыз* [117, 108 б.] болып ауысқан. Бұл есімдерді араб тілінде أبزال және باييز деп береміз.

3.2.3. Өзге тілдерден енген онимдердің араб тілінде берілуі. Қазақ тіліне араб тілінен өзге тілдерден енген онимдердің лексикалық құрамы тілімізді байытқаны ғылыми тұрғыда толық дәлелденген. Бұл онимдер тілімізге ерте кездерден бастап қазіргі уақытқа дейін енуде. Олардың дені қазақ тілінің ыңғайына бейімделе отырып, бастапқы тұлғасы фонетикалық өзгерістерге ұшырап қазақ тіліне сіңіп кеткені соншалық өзге тілден енгендігін аңғару қиын. Мысалы, монғол тілінен енген есімдер: *Ноян, Нөке, Сайын, Жайсаң, Баян, Ойрат, Сыпатай, Жамбыл, Қапшағай, Шона, Сая, Лашын, Бұқа* (монғ. буқа), *Бура* (монғ. бугура), *Сара* (монғ. сара – «ай»), *Боран* (монғ. боруган), *Арай* (монғ. ур – «таң шапағы»), т. т.; біріккен қазақ және монғол сөздерінен жасалған антропонимдер: *Бауыржан* (монғ. боор), *Нағашыбек* (монғ. нағса, нағацы), *Бөлебай* (монғ. бөлө), *Құдабай* (монғ. құдғи), *Ақабай* (монғ. аха – «үлкен аға»), *Дөненбай* (монғ. доне), *Құнанбай* (монғ. гунан), *Тәңірберген* (монғ. тығри), *Жылкелді* (монғ. жил), т. б; орыс тілінің сөз байлығы арқылы жасалған немесе тікелей қабылданған есімдер. Мысалы, *Андре* (Андрей есімінің нұсқасы), *Мекәйіл* (Михайил), *Жандарал* (Генерал), *Жагор* (Егор), *Майыр*, *Болатнай* (Булатный), *Сәтен* (Сатин), *Болысбек* (волость), *Бәтес* (батист), *Қампит*, *Кәмпит* (конфета), *Шәйнек* (чайник), *Сиязбек*, *Доқтырхан*, т. б; иран тілінен енген кісі есімдері. Мысалы, *Дастан*, *Мырза*, *Зиба*, *Шахназар*, *Мардан*, *Азат*, т. б. Келтірілген өзге тілдерден енген кісі есімдері тіліміздің заңына бағынып, алуан түрлі фонетика-морфологиялық өзгерістерге ұшырағаны көрініп тұр. Ал, кейінгі кезеңде енген кісі есімдерінің ішінде фонетикалық өзгерістерге ұшырамай бастапқы қалпында енгендері де жетерлік. Мысалы, орыс тілінен енген кісі есімдері: *Анна*, *Капитан*, *Жандарм*, *Аня*, *Анастасья*, *Валентина*, *Зоя*, *Лиза*, *Лида*, *Катя*, *Светлана*, *Нина*, *Лариса*, *Роза*, *Рита*, *Тамара*, *Ольга*, *Любовь*, *Алексей*, *Андрей*, *Виктор*, *Валерий*, *Максим*, *Мирон*, *Денис*, *Ефим*, *Ждан*, *Клим*, *Сергей*, т. т.; басқа халықтар тілдерінен орыс тілі арқылы қабылданған есімдер: *Роза*, *Долорес*, *Дина*, *Лола*, *Элеонора*, *Луиза*,

Маргарита, Римма, Маркс, Диас, Марат, Хозе, Артур, Ригард, Эрист, Суният, т. б. советтік өмір бейнесі мен болмысын бейнелейтін есімдер: *Армия, Закон, Маршал, Социал, Октябрь, Ким, Совет, Октябрина, Мира, Майя, Кима*, т. б.; ТМД елдері тілінен енген есімдер: *Тарас, Микола, Оксана, Тамара, Серго, Шота, Дила, Манана, Арсен*, т. б. Осыларды ескере отырып араб тілінен өзге тілдерден енген онимдерді араб тілінде транслитерациялау үшін «фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақыланған» және «фонетикалық өзгеріске ұшырамай қазақыланған онимдер» деп екіге бөліп қарастырамыз.

а) Өзге тілдерден фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақыланған онимдер:

Тілімізге араб тілінен өзге тілдерден онимдер орта ғасырлардан бастап ене бастағаны тарихтан белгілі. Жоғарыда баяндағанымыздай бұндай онимдер тілімізге сіңіп фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны соншалық өз ана тіліміздің төл сөздері іспеттес. Бұндай онимдерді араб тілінде жазғанда қазақ текті онимдердің араб тілінде транслитерациялануындағы қағидалар басшылыққа алынады. Бірнеше мысалдар келтірейік: *Ноян* – نويان, *Нөке* – نوكي, *Сайын* – صايين, *Жайсаң* – جايصان, *Ойрат* – أويراط, *Сыпатай* – صيپاطاي, *Жамбыл* – جامبيل, *Қапшағай* – قابشاغاي, *Шона* – شونا, *Сая* – صايا, *Лашын* – لاشين, *Бұқа* – بوقا, *Бура* – بورا, *Сара* – صارا, *Боран* – بوران, *Арай* – آراي, *Бауыржан* – باويرجان, *Нағашыбек* – ناغاشيبك, *Бөлебай* – بوليياي, *Құдабай* – قوداباي, *Ақабай* – آقاباي, *Дөненбай* – دونينباي, *Құнанбай* – قونانباي, *Тәңірберген* – تانيربيركين, *Жылкелді* – جيلكيلدي, *Мекәйіл* – ميكاييل, *Жандарал* – جاندارال, *Жагор* – جاكور, *Майыр* – مايير, *Болатнай* – بولاتناي, *Сәтен* – ساتين, *Болысбек* – بوليصيبك, *Бәтес* – باتيس, *Қампит* – قامبيت, *Кәмпит* – كامبيت, *Шәйнек* – شايينيك, *Сиязбек* – سيازيبك, *Доқтырхан* – دوقطيرخان, *Мырза* – ميرزا, *Зиба* – زيبا, *Шахназар* – شاخنازار, *Мардан* – ماردان, *Азат* – ازاط, т. б.

ә) Өзге тілдерден фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақ тіліне енген онимдер: Араб тілінен өзге тілдерден фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақ тіліне енген онимдерді өзіміз жасаған ереже бойынша транслитерациялаймыз ба, әлде түпнұсқа тілінен араб тіліне транслитерациялаған ережелері болса соны негізге аламыз ба деген сұрақ туындайды. Ал, кейінгі кезеңде енген кісі есімдерінің ішінде фонетикалық өзгерістерге ұшырамай бастапқы қалпында енгендері де жетерлік. Егер де ондай онимдерді жоғарыдағы ереже бойынша транслитерацияласақ, төмендегіше жазылар еді. Мысалы, орыс тілінен енген кісі есімдері: *Анна* – آنّا, *Капитан* – كابيتان, *Жандарм* – جاندارم, *Аня* – آنيا, *Анастасья* – آناستاسيا, *Валентина* – فالينتينا, *Зоя* – زويا, *Ли́за* – ليزا, *Ли́да* – ليدا, *Катя* – كاتيا, *Светлана* – سفيتлана, *Нина* – نينا, *Лариса* – لاريسا, *Роза* – روزا, *Рита* – ريتا, *Тамара* – طامارا, *Ольга* – اولكا, *Любовь* – ليوبوف, *Алексей* – أليكسي, *Андрей* – أندري, *Виктор* – فيكتور, *Валерий* – فاليري, *Максим* – ماكسيم, *Мирон* – ميرون, *Денис* – دينيس, *Ефим* – اييفيم, *Ждан* – جدان, *Клим* – (ايكدان), *Сергей* – سيركي, т. т.; басқа халықтар тілдерінен орыс тілі арқылы қабылданған есімдер: *Долорес* – دولوريس, *Дина* – دينا, *Лола* – لولا, *Элеонора* – ايليونورا, *Луиза* – لويزا, *Маргарита* – ماركاريتا, *Римма* – ريمّا, *Маркс* – ماركس, *Диас* – دياص, *Марат* – مارات, *Хозе* – خوزي, *Артур* – آرطور, *Ригард* – ريكارت, *Эрист* – ايريست, *Суният* – صونيات, т. б. советтік өмір бейнесі мен болмысын бейнелейтін есімдер: *Армия* – آرميا, *Закон* – زاكون, *Маршал* – مارشال, *Социал* – سونتسيал, *Октябрь*

– مايا – *Майя*, *Мира* – *ميرا*, *Октябрина* – *أكتوبرينا*, *Совет* – *سوفيت*, *Ким* – *كيم*, *Октябрь* – *أكتوبر*, *Кима* – *كيما*, т. б; Өзге ТМД елдері тілінен енген есімдер: *Тарас* – *طاراس*, *Микола* – *ديلا*, *Шота* – *شوتا*, *Серго* – *سيركو*, *Тамара* – *طامارا*, *Оксана* – *ميكولا*, *Манана* – *مانانا*, *Арсен* – *آرسين*, т. б.

Ресей астанасы Мәскеуден тәулігіне 24 сағат бойы араб тілінде хабар тарататын «روسيا اليوم» (Rusiya Today) телеарнасының араб тіліндегі интернет сайтында орыс онимдері былай жазылған: «*نهر الفولغا*, *دميتري بوتين*, *فلاديمير بوتين*, *ستافروبول*, *دميتري كوزاك*, *اركادي دفوركوفيتش*, *اولغا غولوديتس*, *الكسندر خلوبونين*, *أنطون سيلوانوف*, *فلاديمير كولوكولтсий*, *فلاديمير بوتشكوف*, *سيرغي لافروف*, *أناتولي سيرديوков*, *الكسندر كونوفалوف*, *فيرونیکا سكفورтسوها*, *فلاديمير ميدينسكي*, *دميتري ليفанوف*, *سيرغي دونسكوي*, *دينيس مانтوروف*, *أوليغ غوفورون*, *فيكتور إيشايف*, *نيقولاي نيكيفوروف*, *نيقولاي فيودоров*, *مكسيم سوكولوف*, *فيتали موتكو*, *أندريه بيلасوف*, *الكسندر نوفاك*, *مكسيم توبيلين*, *ميخائيل أبيضوف*, *تتارستان*, *سانت بطرسبورغ*, *نيجنى نوفغورود*, *187*] «*نوفوسيبيرسك*, *يكاثيرينبورغ*, *سامارا*, *أومسك*, *أوفا*, *قازان*, *تشيلابинسك*, *بيرم*».

Байқап отырғанымыздай, орыс арабистері *г* дыбысын бірыңғай араб тіліндегі *غ* [ғ] дыбысының таңбасымен белгілеген (*Волга* – *الفولغا*, *Игор* – *ايغور*, *Ольга* – *أولغا*, *Новгород* – *نوفغورود*, т.б.);

- дауысты дыбыстарды көбінесе араб тіліндегі созылық дауыстылардың таңбасымен берсе (*Самара* – *سامارا*, т.б.), кей онимдерде харакаттармен берген (*Александр* – *الكسندر*, *Максим* – *مكسيم*, *Медведев* – *مدفيدف*, т.б.);

- *к* дыбысын бірде *ك* [к] дыбысының (*Аркадий* – *اركادي*, *Александр* – *الكسندر*, *Виктор* – *فيكتور*, т.б.), бірде *ق* [қ] дыбысының (*Николай* – *نيقولاي*) таңбасымен берген;

- һамза дыбысын кей жағдайларда белгілемеген (*Аркадий* – *اركادي*, *Александр* – *الكسندر*, *Игорь* – *ايغور*);

- орыс тіліндегі жуан *т* дыбысын бірде араб тіліндегі жуан *ط* [т] дыбысының таңбасымен берсе (*Антон* – *أنطون*), бірде жіңішке *ت* [т] дыбысының таңбасымен берген (*Анатолій* – *أناتولي*);

- сөз ортасында дауысты *и* дыбысының алдынан келген дауыссыз *й* дыбысы һамзамен берілген (*Михайил* – *ميخائيل*);

- сөз соңындағы дауыссыз *й* дыбысы бірде *•[h]* дыбысының таңбасымен, бірде *ي* әрпімен берілген (*Андрей* – *أندريه*, *Дмитрий* – *دميتري*);

- *и* дыбысын бірде һамзамен басталуы тиіс *Екатеринбург* қаласының атауын *يكاثيرينبورغ* деп һамзасыз бастаған. Бұл сөз араб тілінде [йкәтйрйнбүрғ] не [йукәтйрйнбүрғ] деп оқылуы мүмкін, ал, *и* дыбысын бірде *يكاثيرينبورغ* деп жазылса, орыс тіліндегі дыбысталуына жақындап [’йкәтйрйнбүрғ] болып оқылады.

Мәскеу төрінде отырып бүкіл араб әлеміне Ресейді жан-жақты танытып отырған алпауыт «روسيا اليوم» (Russia Today) телеарнасының орыс онимдерін жазуы осындай күйде екеніне қарап, орыс онимдерінің араб тіліндегі жазылу мәселесі де ғылыми тұрғыдан түбегейлі түрде бір жүйеге келтірілмегені байқалады.

Өзге де орыс арабистерінің еңбектеріне зерттеу жүргізгенде, оларда да орыс онимдері осыған ұқсас жазылған: *Владимир Путин* – *فلاديمير بوتين* [189, 219 б.], *Ядвига Коришнова* – *يادفيغا كورشونوفا* [190, 3 б.], *Анатолій* – *أناتولي* [63, 201 б.], *Михайил* – *ميخائيل* [64, 395 б.], [36, 164 б.]; *Чубайс* – *تشوبايس* [63, 202 б.].

Ал, араб ғалымдары жазған еңбектерде орыс онимдеріндегі *в* дыбысын араб тілінде жоқ төбесінде үш нүктесі бар **ف** таңбасымен белгілеу көптеп кездеседі: *Романов* – رومانوف [64, 25 б.], *Ахматова* – أحماتوفا [64, 50 б.], *Иван* – إيفان [64, 106 б.], *Владимир* – فلاديمير [64, 416 б.];

- *п* дыбысын да араб тілінде жоқ астында үш нүктесі бар **پ** белгісімен белгілеу кездеседі: *Павлов* – پافلوف [64, 106 б.]; орыс не басқа тілдерден енген онимдерді дұрыс дыбыстау үшін араб тіліне үш нүктелі **ف, پ** секілді «жаңа әріптерді» енгізгеннен гөрі жоғарыдағы орыс арабтанушылары секілді *в* дыбысын **ف** [ф], *п* дыбысын **ب** [б] әріптерімен таңбалаған дұрыс сияқты.

к дыбысы **ق** әрпімен жазылатын жағдайлар кездеседі: *Никола* – نيقولا [64, 397 б.];

- орыс онимдерінде *г* дыбысы араб тілінде **غ** әрпімен берілген және жіңішкерту, айыру белгілері түсіп қалады: *Гоголь* – غوغل [64, 397 б.];

- орыс тіліндегі жуан естілетін дауыссыз дыбыстар араб тілінде жуан дауыссыздармен жазылуға мүмкіндік бола тұра жіңішке дауыссыздардың таңбасымен жазылған: *Толстой* – تولستوي [64, 184 б.]. Бұл атау **طولصطوي** болып жазылғанда орыс тіліндегі дыбысталуына жақындап [тұлстүй] болып жуан дыбысталар еді, ал, **تولستوي** [тұлстүй] жіңішке дыбысталып, орыс тіліндегі дыбысталуынан алыстап тұр;

- орыс ғалымдары секілді араб ғалымдары да, сөз ортасында дауысты *и* дыбысының алдынан келген дауыссыз *й* дыбысын һамзамен берген: *Михайил* – ميخائيل [64, 395 б.];

- дауыссыз дыбыстіркестермен басталатын орыс онимдерін араб тілінің қағидасына қайшы сукунмен бастап жазу кездеседі: *Жданов* – جدانوف [64, 198 б.], *Сталин* – ستالين [64, 296 б.];

- орыс және өзге тіл онимдеріндегі *ц, ч* дыбыстарын **تش [tš], تس [ts]** дыбыстіркестерінің таңбасымен берген: *Чехов* – تشيخوف, *Черкасов* – تشيركاسوف [64, 175 б.], *Чад* – تشاد, [64, 183 б.], *Баренц* – بارنتس [64, 104 б.];

- өзге тіл онимдеріндегі дауысты дыбыстар бірде араб тіліндегі созылыңқы дауыстылардың, бірде қысқа дауыстылардың (харакаттардың) таңбасымен берілген. Мысалы, *Maupassant* – مويپاسان (француз әдебиетшісі) [64, 552 б.], *Monterrey* – مونترري (Мексиканың солтүстігінде орналасқан қала) [64, 558 б.], *Hammerfest* – هامرفست (Норвегиядағы портты қала) [64, 591 б.].

- өзге халықтардағы танымал тарихи тұлғалардың атаулары қалыптасқан нұсқасы бойынша жазылған: *Henri* – هنري [64, 599 б.], *Hitler* – هتلر [hitlir] [64, 593 б.].

Олай болса, өзге тілдерден фонетикалық өзгеріске ұшырамай қазақ тіліне енген онимдер араб әлеміне танымал тарихи тұлғалардың атауы болса, араб тіліндегі қалыптасқан нұсқасы бойынша жазғанымыз жөн. Мысалы, *Генри* деген есім қазаққа қойылса оны араб тілінде **هينري** деп жазбай, араб елдеріндегі тарих оқулықтары мен энциклопедияларда қалыптасқан нұсқасы бойынша **هنري** деп жазамыз. Өйткені бұл атау араб оқырмандарына мектеп қабырғасынан таныс атау болғандықтан, қиындықсыз оңай оқылады. Ал, араб әлеміне оншалықты танымал емес онимдерді біз түзген ереже бойынша жазамыз.

Мысалы, *Лиза* – ليزا, *Лида* – ليذا, *Катя* – كاتيا, *Светлана* – سفيتلانا, *Нина* – نينا, *Лариса* – لاريسا, *Роза* – روزا, *Рита* – ريتا.

Ережелерді топтастыра келе қазақ онимдерін араб тілінде транслитерациялау үшін мына кестені ұсынамыз:

-кесте – Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау үшін кирилл жазуына негізделген қазақ тілі дыбыстарының әріптеріне сәйкес келетін және жақын келетін араб тілі дыбыстары әріптерінің кестесі (жоба)

р/с	Қазақ әрпі	Сәйкес келетін араб әрпі	Жақын келетін араб әрпі	р/с	Қазақ әрпі	Сәйкес келетін араб әрпі	Жақын келетін араб әрпі
1	А, а	ا، آ	ع، آ، أ	22	П, п	-	ب، ف
2	Ә, ә	ا، آ	ع، آ، أ	23	Р, р	ر	-
3	Б, б	ب	-	24	С, с	س، ص	(ث)
4	В, в	-	ف	25	Т, т	ت، ط	-
5	Г, г	-	ك	26	У, у	أو، و، ؤ	-
6	Ғ, ғ	غ	-	27	Ұ, ұ	-	أو، و، ؤ
7	Д, д	د	(ض)	28	Ү, ү	-	أو، و، ؤ
8	Е, е	-	إي، ي، ـ	29	Ф, ф	ف	-
9	Ё, ё	-	يو	30	Х, х	خ	(ح)
10	Ж, ж	ج	-	31	Һ, һ	ه	-
11	З, з	ز	(ذ، ظ)	32	Ц, ц	-	تس
12	И, и	إ، إي، ي، ـ	-	33	Ч, ч	-	تش
13	Й, й	ي	-	34	Ш, ш	ش	-
14	К, к	ك	-	35	Щ, щ	-	شش
15	Қ, қ	ق	-	36	Ъ	-	-
16	Л, л	ل	-	37	Ы, ы	-	إ، إي، ي، ـ
17	М, м	م	-	38	І, і	-	إ، إي، ي، ـ
18	Н, н	ن	-	39	Ь	-	-
19	ң	-	ن	40	Э, э	-	إي، ي، ـ
20	О, о	-	أو، و، ؤ	41	Ю, ю	-	يو

21	Ө, ө	-	أ، و، ؤ	42	Я, я	-	يا
----	------	---	---------	----	------	---	----

Ескерту: жақша ішіндегі әріптер араб тілінен ертеректе еніп, фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақ тіліне икемделген онимдер арасынан *мақталған* мәніндегі және *Алланың 99 есіміне* байланысты есімдерді цитаталық (түпнұсқа) принцип бойынша араб тіліндегі нұсқасымен жазуға қолданылады;

ء [’], ب [б], ت [т], ث [с], ج [ж], ح [х], خ [x], د [д], ذ [з], ر [р], ز [з], س [с], ش [ш], ص [с], ض [д], ط [т], ظ [з], ع [‘], غ [ғ], ف [ф], ق [қ], ك [к], ل [л], م [м], ن [н], ه [h], و [ў], ي [й] و [y], ي [й], ا [ā], ا [ā]

Жоғарыдағы кестені басшылыққа ала отырып араб баспасөз беттері мен интернет сайттарында беріліп жүрген қазақ онимдеріне түзетулер жасайық: Он екі түрлі нұсқада жазылып жүрген Қазақстан президентінің фамилиясы *Назарбаевқа* тоқтала кетейік. Біріншіден «*Назар*» арабтың نظر [нэзар] деген сөзінен келген. Мағынасы *қарау, көзқарас*. Бұл сөздегі эмфатикалық, тісаралық жуан ظ [з] дыбысы қазақ тілінде жоқ болғандықтан, тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасында жасалатын ز [з] дыбысына айналған. Біз «*назар*» сөзін қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша نازار [нэзэр] деп алып, елбасы фамилиясының Қасымжомарт Тоқаевтың «*Қазақстан Республикасының дипломатиясы*» атты кітабының арабша аудармасының 111-119 беттерінде берілген نازارباييف [нэзэрбәййф] нұсқасы біздің ережемізге сай келеді.

Республикамыздың бұрынғы премьер-министрі Даниал Ахметовтың аты мен фамилиясы دانيال أحميتوف [дәнийәл ’әхмитүф] және دانيال احميتوف [дәнийәл әхмитүф] деп екі түрлі нұсқада берілгенін айтқан болатынбыз. Екеуінде де есімі دانيال [дәнийәл] деп дұрыс берілген, ал, *Ахмет* есімі арабтың أحمد [’әһмәд] «*өте мақтаулы*» не «*мақтаймын*» деген сөзінен шыққан. Хадистегідей «мақтаулы» есім әрі фонетикалық өзгеріске түскенімен араб тіліндегі нұсқасына ең жақын түрі. Бірақ соңына орыс тілінің –*ов* қосымшасы жалғанғаны үшін араб тілінде қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша жазғанымыз жөн. Мұнда көмейлік ح [h] дыбысы тіл арты «х» дыбысына, د [д] дыбысы қазақ тіліндегі үндестік заңына байланысты қатаңданып «т» дыбысына айналған. Қазақ тіліндегі дыбысталуы бойынша أحميت деп жазып *Ахметовты* أحميتوف [’әхмитүф] деп ا–тің үстіне һамза белгісін қойып, م дыбысынан кейін созылықы ي дыбысы жазылған нұсқасын дұрыс деп таптық. Өйткені, أحميتوف деп берсек م дыбысынан кейінгі дауысты дыбыс (харакат) белгісіз болып көрініп, араб тілінде *Ахматув, Ахмутув* болып оқылуы мүмкін.

Жоғарыда айтқанымыздай Қазақстан Республикасының муфтиі Әбсаттар Дербісәлінің аты عبد الستار [’әбду-с-сәттәр] болып бір ғана нұсқада, фамилиясы ديربساليف [дирбисәлі] және درويش على [дәруйш ’әлі] т.б болып сегіз түрлі нұсқада беріліп жүр деген болатынбыз. Біз *Әбсаттар* деген есімді қазақ тіліндегі дыбысталуына жақындатып أبستار [’әбсәттәр] деп бергенді жөн көрдік. Өйткені, қазақта *Әбсаттармен* қатар *Әбдісаттар* деген де кісі есімі бар [171, 70 б.].

Әбдісаттар деген кісі есімін аса үлкен фонетикалық өзгеріске ұшырамағандықтан және пайғамбар хадисіне жүгіне отырып *عبد الساتار* [‘әбду-с-сәттәр] деп беруге болады. Ал, *Дербісәлінің* *درويش علی* [дәруйш ‘әлі] деген нұсқасы қазақ тіліндегі дыбысталуына мүлдем жақын емес. Ал, *دربيسالي* [дирбисәлі] нұсқасындағы қысқа дауыстылар (харакаттар) араб оқырмандарына белгісіз болғандықтан дауысты *e, i* дыбыстарын созылыңқы *ي* дыбысымен беріп *ديربيسالي* [дйрбйсәлі] деп жазғанды жөн көрдік. Сонда, *Әбсаттар Дербісәлі* араб тілінде *أبستار ديربيسالي* [’әбсәттәр дйрбйс әлі] болып жазылады.

Қасымжомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының дипломатиясы» атты еңбегінің арабша аудармасының мұқабасында *قاسمجومارت توقايف* [қәсімжұмәрт түқәйиф] ал, www.arabic.peopledaily.com сайтында *قاسم زومارت توكاييف* [қәсим зұмәрт тук әйиф] болып екі түрлі нұсқада берілгендігін жоғарыда айтқан болатынбыз. Аты да, фамилиясы да екі нұсқада. Біз атының *قاسم زومارت* деп берілген нұсқасын дұрыс емес деп шештік. Біріншіден, *قاسم زومارت* нұсқасы [қәсим зұмәрт] болып *ج* [ж] дыбысының орнына *ز* [з] дыбысы қойылып қазақ тіліндегі дыбысталуынан мүлдем алшақтап тұр. Екіншіден, *Қасымжомарт* біріккен сөз. Тұжырымдаманың «Кісі есімінің және фамилияның емлелік ұстанымдары» атты 7-тармағының *б* бөлімінде: «Әсіресе араб-иран тектес есімдерді, олардың *о* бастағы тілдік-мағыналық құрамдық бөлігіне қарай бөлшектеу, бөлу (сондай-ақ транслитерациялау) дәстүріне еліктеушілік әдетті тоқтату керек. Мысалы, *Сейт-Ахмет, Әбіл-Қасым, Қожә-Ахмет, Әділ бек, Сұлтан-Қазы, Мырза-Ахмет, Гүл-Сара, Нұр-Жамал* және т.б. Бұлардың бәрі қазақ әдеби тілі нормаларына сәйкес бірге жазылады», – деп көрсетілген [111, 97-98 б.]. Сондықтан, араб тілінде оның арасын бөліп жазудың қажеті жоқ. Үшіншіден, бұл есімдегі дауыссыздар жуан дауыстылардың әсерінен жуан естіліп тұр. Төртіншіден, *Қасым* есімі аса үлкен фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақыланған араб текті есім. Осыларды ескере келе *قاسمجومارت* [қәсімжұмәрт] нұсқасындағы *س* дауыссыз дыбысынан кейінгі созылыңқы *ي* дыбысын жазбауды және *ت* дыбысын эмфатикалық *ط* дыбысымен алмастырып *قاسمجومارت* [қәсимжұмәрт] деп бергенді дұрыс деп санаймыз. Фамилиясының *توكاييف* деп берілген нұсқасы араб тілінде [түқәйиф] болып оқылады. Бұл нұсқаның тікелей орыс тілінен (*Тоқаев*) алынғаны байқалып тұр. Ал, *توقايف* [түқәйиф] нұсқасындағы *ت* дыбысының орнына эмфатикалық *ط* дыбысын қойсақ және дауыссыз *ي* дыбысынан кейін созылыңқы дауысты *ي* дыбысын қоссақ *طوقاييف* [түқәйиф] деп жазылып, қазақ тіліндегі айтылуына жақын оқылады. Осы кітапқа аударма жасаған Қайрат Ламашәриф өз атын *لكيرات* [кәйрәт] деп *ق* [қ] дыбысының орнына *ك* [к] дыбысын және соңындағы «*т*» дыбысын *ت* әрпімен берген. Бұл оның орыс тілінен тікелей алынғандығын білдіреді. Қазақ тіліндегі дыбысталуында «*т*» дыбысының жуан естілуіне байланысты оны эмфатикалық *ط* дыбысымен белгілеп *Қайраттың* *قايرات* [қәйрәт] деп жазылғанын дұрыс көрдік.

Нұртай Әбіқаевтың аты-жөні www.ru4arab.ru/cp/eng сайтында *نورتاي ابيكاييف* [нұртәй ’әбйкәйиф] болып жазылған. Жоғарыдағы ережелерді ескеріп *Нұртай Әбіқаевты* араб тілінде *نورطاي ابيقاييف* [нұртәй ’әбйқәйиф] деп беруді ұсынамыз.

Б.Тасымовтың «Араб тілі» кітабының 1 бетінде автордың өз аты-жөні تاسيموف [tāsīmūf] деп берілген. *Тасымов* сөзіндегі «*t*» және «*c*» дыбыстары жуан дауыссыздар болғандықтан жіңішке ت،س дауыссыздарының орнына жуан ط،ص дыбыстарын қолданып طاصيموف [tāsīmūf] деп берсек қазақ тіліндегі дыбысталуына жақындайды. «Рауан» баспасынан шыққан 6-сыныпқа арналған «Араб тілі» оқулығының 38, 47 беттерінде *Болат* деген есім بولات [бұләт] деп т әрпімен берілген [129]. Бұл жерде «*t*» дауыссыз дыбысы жуан дауыстыдан соң жуан естіліп тұрғандықтан араб тілінде эмфатикалық ط дыбысымен беріп بولات [бұләт] деп жазғанымыз жөн. Осы оқулықтың 55 бетінде *Зайсан* деген кісі есімі زيسان [зйсән] деп беріліп созылық әлиф жазылмаған, 86 бетінде *Асан* деген есім أسان [’әсән] деп берілген. Бұл есімдерде де дауыссыз «*c*» дыбысы жуан дауысты «*a*» дыбысының әсерінен жуан естіліп тұр. Сондықтан оны эмфатикалық ص дыбысымен белгілеп زايصان [зәйсән] және أصان [’әсән] деп жазсақ, қазақ тіліндегі дыбысталуына жақын келеді.

Қорытынды

Транслитерация (лат. *Trans* арқылы, *littera* әріп) – бір жазудағы әріптерді екінші бір жазудың әріптерімен беру, яғни бір әліпбидегі жазуды басқа бір әліпбиге ауыстыру. Бір жазудағы әріптерге өзге жазудағы сәйкес әріптерді анықтау үшін алдымен олардың дыбысталу сәйкестігін анықтап алу қажет екендігі белгілі. Сондықтан, қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау үшін алдымен араб және қазақ тілдеріндегі дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарын салғастыра отырып, қазақ тілі дыбыстарына балама болатын, баламасы болмаса дыбысталуы ең жақын келетін араб тілі дыбыстарын анықтап алуға тура келеді.

Араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін салғастырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау үшін орта ғасырлық және қазіргі араб ғалымдардың пікірін ұштастыра отырып, жаңа классификация жасаған ғалым Ғаним Қадуридін классификациясын жұмысымызға негіз етіп аламыз.

Мынау Ғаним Қадуридін ұсынған жаңа классификациясы:

13) شفوي [šafauii^{un}] – еріндік дыбыстар: ب [b], م [m] және дауыссыз و [u];

14) شفوي أسناني [ʔasnāniijun šafauii^{un}] – еріндік-тіс дыбыс: ف [f];

15) أسناني [ʔasnāniij^{un}] – тіс дыбыстары: ذ [d], ث [t], ظ [z];

16) أسناني لثوي [ʔasnāniijun liṭauii^{un}] – тіс (арты)-қызыл иек дыбыстары: س [s], ص [s], ز [z];

17) لثوي أمامي [liṭauiijun ʔamāmiij^{un}] – қызыл иек алды дыбыстары: د [d], ت [t], ط [t], ض [d];

18) لثوي خلفي [liṭauiijun ḥalfiij^{un}] – қызыл иек арты дыбыстары: ل [l], ر [r], ن [n];

19) غاري [gāriij^{un}] – таңдай ортасы дыбыстары: ج [dʒ], ي [i], ش [š];

20) طبقي [ṭabaqiij^{un}] – таңдай арты дыбысы: ك [k];

21) لهوي [lahaiij^{un}] – тілшік дыбысы: ق [q];

22) أدنى حلقي [ʔadnā ḥalqiij^{un}] – көмей үсті дыбыстары: غ [g], خ [ḫ];

23) حلقي [ḥalqiij^{un}] – көмей дыбыстары: ع [ʕ], ح [ḥ];

24) حنجري [ḥandʒariij^{un}] – желбезектік дыбыстар: ء [ʔ], ه [h] [27, 95 б.].

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен тәртібіне С.Мырзабеков, І.Кеңесбаев, Ә.Жүнісбек, Н.Сауранбаев, С.Исаев сынды қазақ ғалымдары жасаған классификацияларда бірізділіктің болмауы оларды араб тілінің дыбыстық жүйесімен салыстыра, салғастыра зерттеу жұмыстарын жүргізуге кедергі келтіргендіктен, осы ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен тәртібін ортақ бір жүйеге салуға тырыстық.

Мысалы, С.Мырзабеков *т, д, с, з, ш, ж, ы, ч, н, л, р* дыбыстарын тіл алды дыбыстары десе, І.Кеңесбаев осы дыбыстардан *т, с, з, д, ы* дыбыстарын тіс (денталь) фонемалары, *н, л, ч* дыбыстарын тіл ұшы (альвеоляр) фонемалары, *р, ш, ж, й* дыбыстарын тіл алды (палаталь) фонемалары деп бөлген және *й* дыбысын тіл алды фонемаларына қосқан. Н.Сауранбаев та *н, р, л, ч, ш, ж, й, т, с, д, з* дыбыстарын тіл алды дыбыстары деп, олардың қатарында *й* дыбысын қосқан. С.Исаев осы дыбыстарды тіс дауыссыздары (*з, с, д, л, ы*) және тіл алды

дауыссыздары (*ж, ш, щ, ч, н, р, л, й*) деп екіге бөлген және ол да *й* дыбысын тіл алды дауыссыздарына жатқызған.

І.Кеңесбаев: «*Ш, ж* фонемалары тіл алды таңдайға жуықтауы арқылы пайда болады», – десе, С.Мырзабеков: «*Ш, ж* фонемаларын айтқанда тілдің ұшы (*с, з*-ны айтқандағыдай) көтеріледі де, екі бүйірі жоғары тістерге тіреліп тілдің үстіңгі жағы екі жерден таңдайға жуықтайды. Сондықтан бұлар қос фокусты дауыссыздар делінеді», – дейді. Ә.Жүнісбек бұл екі дыбыс тіл ұшы күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалатынын айтады. Бұл мәселе біраз талдауды қажет етеді. Біз І.Кеңесбаевтың «тіл алды таңдайға жуықтайды» және С.Мырзабековтың «тіл ұшы көтеріледі» дегенімен қосылмаймыз, өйткені бұл дыбыстарды айтқанда тіл ұшы керісінше төменгі қызыл иекке қарай түседі. Мұндай жағдайда, яғни тіл ұшы төменгі қызыл иекке қарай түскен жағдайда тіл алдының таңдайға қарай көтеріліп жуықтауы мүмкін емес. Демек, бұл дыбыстарды айтқанда тіл алды қатыспай бейтарап қалады да, таңдайға қарай тіл ортасы көтеріліп жуықтайды. Сондай-ақ, Ә.Жүнісбектің тіл ұшы күрек тіс-қызыл иектің шекарасымен жайылыңқы жуысады дегенін де қолдамаймыз. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай бұл дыбыстарды айтқанда тіл алдымен қатар тіл ұшы да активті қызмет атқармай, (тіл ұшы) төменгі қызыл иекке қарай түседі. Бұл пікіріміздің растығын *ш, ж* дыбыстарын тіл алдымен жасалатын *с, з* дыбыстарының айтылуы кезіндегі жуысы нүктелерін анықтайтын қарапайым тәжірибелер арқылы да анықтауға болады. Мысалы, «сыш, сыш» дегенді өте баяу қайталап айтып көрейік. *С* дыбысынан бастаған кездегі тіл алды мен үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасындағы жуысу нүктесі *ш* дыбысымен аяқтаған кезде ары жылжығанын, яғни тіл ортасы мен қатты таңдай арасына қарай жылжығанын (нақтырақ айтқанда тіл ортасы саналатын аумақтың алдыңғы бөлігі мен қатты арасына қарай жылжығанын) байқаймыз. Сол сияқты «шыс, шыс» дегенді дәл солай өте баяу қайталап көрсек, *ш* дыбысын айтқан кездегі тіл ортасы мен таңдай арасындағы жуықтау нүктесі (нақтырақ айтқанда тіл ортасы саналатын аумақтың алдыңғы бөлігі мен қатты таңдай арасындағы жуықтау нүктесі) *с* дыбысын айтқанда бері жылжығанын, яғни тіл алды мен үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасына қарай жылжығанын байқаймыз. Бұл тәжірибені «жыз, жыз» және «зыж, зыж» дегендерді өте баяу қайталау арқылы *ж, з* дыбыстарына да жасап, жоғарыдағы пікіріміздің дұрыс екеніне көз жеткізуге болады. Демек, *ш, ж* тіл ортасы дыбыстары, яғни тіл ортасының қатты таңдайға жуысуы арқылы жасалады.

Осыған ұқсас нақты дәлелдер арқылы қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен тәртібін бір жүйеге салып, оларды жасалу орнына қарай еріндік, еріндік-тіс, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тілшік, тіл түбі және көмей дауыссыздары деп бөлдіп, мына тәртіп бойынша орналастырдық:

1. Еріндік дыбыстар: *п, б, м, у*;
2. Еріндік-тіс дыбыстар: *ф, в*;
3. Тіл ұшы дыбыстары: *т, д, н, л, р*;
4. Тіл алды дыбыстары: *с, з, ц*;

5. Тіл ортасы дыбыстар: *ш, ж, ч, к, з, й*;
6. Тіл арты дыбыстары: *ң*;
7. Тілшік дыбысы: *қ*;
8. Тіл түбі дыбыстары: *х, з*;
9. Көмей дыбысы: *һ*.

Сонымен, араб тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орны он екі болса, қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орны тоғыз болып шығады.

- Қазақ және араб тілдеріндегі дыбыстардың жасалу орындарына берілген терминдік атауларға да тоқталып, екі тілдегі сәйкес келетін терминдер мен сәйкес келмейтін терминдер анықталды.

Кей жағдайда қазақ және араб тілдеріндегі дыбыстардың жасалу орындарына берілген терминдік атаулар екі тілде де бірдей болып жатса, енді бір терминдер екі түрлі аталғанымен мағыналық жағынан бір нәрсені меңзеп жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі «еріндік дыбыстар» терминіне араб тіліндегі «шәфауи» (شَفَوِي [šafauii^{unn}]) термині дәл келеді. Аталуы да бірдей, яғни «шәфауи» (شَفَوِي [šafauii^{unn}]) сөзі қазақ тіліне «еріндік» болып аударылады. Қазақ тіліндегі еріндік *п, б* дыбыстары екі еріннің бір-біріне нық тиіп, тез ажырап кетуінен пайда болса, араб тіліндегі «шәфауи» (شَفَوِي [šafauii^{unn}] - еріндік) ب [b] дыбысы да екі еріннің бір-біріне нық тиіп, тез ажырап кетуінен жасалады.

- Екі түрлі терминдік атаулардың бір мағынаны білдіру себебі қазақ ғалымдары дыбыстардың жасалу орнын көрсеткенде пассивті мүшелерге активті мүшенің (тілдің) тиген бөлігін негізге алса, араб ғалымдары керісінше активті мүшенің (тілдің) пассивті мүшелерге тиген жерлерін негізге алады. Мысалы, қазақ тіліндегі «тіл алды дыбыстары» терминіне араб тіліндегі «тіс (арты)-қызыл иек дыбыстары» (أسناني لثوي [ʾasnāniijun liṭauii^{unn}]) термині сәйкес келеді. Өйткені қазақ тіліндегі тіл алдымен жасалатын *с, з* дыбыстарын айтқанда тіл алды үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасымен жуысса, араб тіліндегі тіс (арты)-қызыл иек (أسناني لثوي [ʾasnāniijun liṭauii^{unn}]) س [s], ص [š], ز [z] дыбыстарын айтқанда тіл алды тіс (арты)-қызыл иекке жуысады. Тіс (арты)-қызыл иек дегені – үстіңгі күрек тіс-қызыл иек шекарасы, яғни екі тілдегі атаулары әр түрлі болғанымен бір жерді меңзеп тұр. Демек, қазақ тіліндегі *с, з* дыбыстарының жасалу орны мен араб тіліндегі س [s], ص [š], ز [z] дыбыстарының жасалу орны бір, яғни терминдік атауларда қазақ тілінде тілдің тиетін жері негізге алынса, араб тілінде керісінше тіл барып тиетін жер негізге алынады.

- Дыбыстарды бір-бірінен айыру үшін олардың жасалу орындарын ғана анықтау жеткіліксіз болғандықтан, екі тілдегі әр дыбыстың өзіне ғана тән ерекшеліктерін білдіретін сипаттарына тоқталдық. Араб тіліндегі «мәжһур» (مَجْهُور [madžhūr^{unn}]) және «мәһмус» (مَهْمُوس [mahmūs^{unn}]), «шәдид» (شَدِيد [šadīd^{unn}]) және «рахуа» (رَخْوَة [raḫwa^{unn}]), «мутбақ» (مُطَبَق [mutbaq^{unn}]) және «мунфатих» (مُنْفَتِح [munfatih^{unn}]), «мустағли» (مُسْتَعْلِي [mustaʿliⁿⁿ]) және «мустафил» (مُسْتَفِيل [mustafil^{unn}]) дауыссыз дыбыстардың, сондай-ақ, «сафир» (صَفِير [šafir^{unn}]), «ғунна» (غُنَّة [ḡunna^{unn}]), «мунхариф» (مُنْحَرِف [munḫarif^{unn}]), «мукаррар» (مُكَرَّر [mukarrar^{unn}]), «тәфәшши» (تَفَشُّش [tafaššiⁿⁿ]), «лин» (لَيْن [līn^{unn}]) дыбыстардың қазақ тіліндегі баламалары анықталды.

- Екі тілдегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың жасалу орындары мен сипаттарын салғастыра отырып, араб әдеби тілінде баламасы бар қазақ тілі дауысты және дауыссыз дыбыстары, араб әдеби тілінде баламасы жоқ қазақ тілі дауысты және дауыссыз дыбыстары және оларға ең жақын келетін араб тілі дауысты және дауыссыз дыбыстары, қазақ тілінде баламасы жоқ араб тілі дауыссыз дыбыстары және оларға ең жақын келетін қазақ тілі дауыссыз дыбыстары анықталды.

- Транскрипцияның *фонематикалық* (немесе *фонологиялық*), *фонетикалық* және *практикалық* түрлері қарастырылып, олардың айырмашылықтары зерделенеді. Мысалы, *фонематикалық транскрипцияда* бір фонеманың алуан түрлі аллофондары бір-ақ таңбамен беріледі де, *фонетикалық транскрипцияда* әртүрлі аллофондар да ескеріледі. Қысқасы, мұның алғашқысы дыбысты (сол арқылы сөзді) айтылуына жуықтатуды, екіншісі дәл беруді мақсат етеді. Ал, *практикалық транскрипция* шетел сөздерін қабылдаушы тілдің әліпбиі жүйесінен шықпай, яғни жаңа әріп не қосымша диакритикалық таңбаларды енгізбестен жазуды талап етеді. Транслитерацияның *ғылыми* және *практикалық* түрлерін қарастырдық. Ғылыми транслитерация транслитерацияланған таңбалардың жүз пайыздық кері аударылуын қамтамасыз ететін транслитерациялық жазбалар мен түпнұсқаның графемалары арасындағы өзара бірмағыналы сәйкестік принципіне құрылады. Ол үшін қабылдаушы тілдегі әріптерге диакритикалық таңбаларды қосу, кейде өзге әліпбилердің кейбір элементтерін пайдалануға тура келеді. *Практикалық транслитерация* ғылыми транслитерациядан қабылдаушы тілдің әліпбиі жүйесіндегі дәстүрлі таңбалар репертуарымен шектелетіндігімен ерекшеленеді. Сондықтан ол толықтай кері аударылуға кепілдік бере алмайды. Мәселен, *Tvoi* екі формадағы *твои* және *твой* дегендерге сәйкес келеді. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялауда транслитерацияның *практикалық* түрін қолданатынамыз.

1-тараудағы нәтижелерімізді негізге ала отырып қазақ кирилл әріптерімен әртүрлі транскрипцияланып жүрген араб дауысты және дауыссыз дыбыстарының транскрипциясы бір жүйеге келтіріліп, арнайы жоба жасалды және араб әріптерінің атауы араб тіліндегі дыбысталуы бойынша транскрипциялауда қазақ кирилл әріптерінің мүмкіншіліктері сарқа пайдаланылды.

Жалпы қазақ онимдері: жер беті кеңістігі атаулары (жанды және жансыз болмыс):

А) **Бионим** (жанды организм): антропоним (кісі есімдері), зооним (жануарлардың атаулары), фитоним (өсімдік атаулары), т.б.;

Ә) **Абионим** (жансыз нысан): топоним (жер-су атаулары), стратоним (геологиялық формациялар), т.б.;

Топонимнің өзін іштей бірнеше бөлікке жіктеуге болады: ороним (жер бедері нысандары), **хороним** (аумақ: табиғи және әкімшілік бағынысты), **агрооним** (жер телімдері), **гидроним** (су нысандары: потамоним (*өзен аты*), лимноним (*көл*), гелеоним (*батпақ*), океаноним (*мұхит*), пелагоним (*теңіз*)), **эклезионим** (кесене, күмбез, сағана), **ойконим** (елді мекендер: астионим

(қала), урбаноним (қала іші нысандары), комоним (ауыл, село), дромоним (жол атаулары), некроним (бейіт, мола) т.б.

Онимдер өз арнасын жалпы халық тілі қорынан алады да тілдегі сөздердің (лексикасының) барлық салаларынан жасалып, тілдің ішкі заңына сәйкес дамиды. Онимдер, негізінен, басқа тілдерге аударылмай қабылдаушы тілдің бар мүмкіндігін сарқа пайдалана отырып, бастапқы тілдегі дыбыстық ерекшеліктерін сақтап транслитерацияланады.

Транслитерациялау ережесі тілден тілге аударылмайтын онимдердің барлығына ортақ болғандықтан, жұмысымызда белгілі бір онимге басымдық бермейміз. Яғни жұмысымыздың нәтижесі, яғни қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері жоғарыда көрсетілген қазақ онимдері қабатының барлығын араб тіліне транслитерациялануын қамтамасыз етеді. Өйткені, атаулар бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, кей елді-мекен атаулары адамға есім ретінде қойылып жатса (*Алтай, Түркістан, Шымкентбай*, т.б.), енді бірде елді-мекендер кісі есімдерімен аталып жатады (*Жамбыл облысы, Қарасай ауданы, Бәйдібек ауданы*, т.б.).

Елімізді күллі араб әлеміне танытатын еңбектердің бірі – Сауд Арабиясының ресейтанушы маманы, саясатшы доктор Мәжид ибн Абдулазиз әт-Түркидің 2007 жылы жарық көрген «*نورالسلطة في كازاخستان: الرئيس نورسلطان*» [nūru-s-sulṭati fī kāzāḥstān ar-ra’īsu nūrsulṭān nazārbāi’f] («Қазақстандағы билік нұры – елбасы Нұрсұлтан Назарбаев») атты бір кітаптың өзінде қазақ онимдері арабша жазылғанда бастапқы өң, түр-тұлғасынан айрылып, адам танымастай өзгеріске түскені анықталды. Қазақ онимдерінің араб тілінде жазылуындағы кемшіліктер бұл мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырып, бір ізге салу қажеттігін көрсетеді.

Жоғарыда аталған еңбекте еліміздің атауы *Қазақстан* бір жерде: *كز اخستان* [kazāḥstān], қалған жерлерде өне бойы *كز اخستان* [kāzāḥstān], ұлтымыздың аты *қазақ*: *الكزخي* [al-kazāḥiī^{tu}], *الكز اخي* [al-kāzāḥiī^{tu}], *الكز اخي* [al-kazāḥiī^{tu}] деп үш түрлі берілген. Еліміздің бас қаласы *Астана*: *أستانه* [’astānah] нұсқасы төрт жерде, *أستانا* [’astānā] нұсқасы бес жерде, *أستانة* [’astāna^{tu}] нұсқасы он бір жерде, *استانا* [’asta’nā] нұсқасы бір жерде, барлығы төрт түрлі нұсқада, *Алматы* қаласының атауы: *الماتا* [’almātā] нұсқасы бір жерде, *ألماتي* [’almātī] нұсқасы алты жерде, *الماطي* [’almāṭī] нұсқасы үш жерде, *الماتي* [’ālmāta] нұсқасы бір жерде барлығы төрт түрлі нұсқада жазылған.

Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялау барысында жіберілетін қателіктер және транслитерация көпнұсқалылығының себептері қарастырдық. Нәтижесінде араб тіліндегі еңбектер мен аудармаларда қазақ онимдерін транслитерациялауда орын алған қателіктердің жеті себебі анықталды:

Бірінші себебі – транслитерациялау ережесінің болмауы.

Екінші себебі – мәтіннің қазақ тілінен емес орыс тілінен араб тіліне аударылуы. Мысалы, *Қазақстан* көп еңбектерде *كز اخستان* [kāzāḥstān] (қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы [кәзәхстән]) болып берілген. Дұрысы *قازاقستان* [qāzāqstān] (қазақ кирилл әріптерімен транскрипциясы [қазәқстән]) болып берілуі керек.

Үшінші себебі – екі тілдің дыбыстық жүйелерінің әртүрлі болуы.

Төртінші себебі – қазіргі араб тілінде қысқа дауыстыларды білдіретін харакаттарды қоймай не созылыңқы дауыстыларды қолданбай, дауыссыз дыбыстарды ғана жазумен шектелуі.

Бесінші себебі – аудармашының (не араб тілді жазушының) қазақ тілі мен оның дыбыстық жүйесін толыққанды білмеуі.

Алтыншы себебі – мәтін теру мәдениетінің сақталмауы салдарынан орын алған экстралингвистикалық фактор.

Жетінші себебі – аударманың бір қолдан шықпауы, яғни бір еңбекті бірнеше автордың аударуы салдарынан бір онимнің транслитерациясын беруде әр аудармашы өзі дұрыс деп тапқан нұсқаны қолдануы мүмкін.

Бұлардың бесеуін лингвистикалық, екеуін экстралингвистикалық себептер деп таптық.

Қазақ онимдерін араб тілінде транслитерациялау үшін оларды «Қазақ текті (жалпы түркілік) онимдер», «Араб текті қазақ онимдері» және «Өзге тілдерден енген онимдер» деп үш топқа бөліп қарастырдық:

а) «Қазақ текті (жалпы түркілік) онимдер» мәселен, *Бектемір, Айжан, Балабай, Алтын* т.б; Тілімізде қалың жұртшылыққа мән-мағынасы түсініксіз, шығу тегі белгісіз антропонимдік лексикаларды қазақ текті онимдердің қатарына енгіздік: *Абасан, Абылай, Абылан, Алпамыс, Батық, Бодан, Борсақ, Бөжей, Бөкей, Бүке, Бұқас, Дайыр, Дабай*, т. б. Мұндай онимдерді транслитерациялағанда қазақ тілі дыбыстарына балама болатын араб тілі дыбыстарының таңбасы, баламасы болмасы дыбысталуы ең жақын келетін араб тілі дыбыстарының таңбасы таңдалады. Ал, қазақ тілі дауысты дыбыстарын араб тілінде үнемі созылыңқы дауысты дыбыстардың таңбасымен белгілейміз.

ә) «Араб текті қазақ онимдері» мәселен, *Қасым, Махмуд, Абдолла, Жәмила, Мәдина, Қабдолла, Ғали, Қали, Ғұмар, Құмар* т. б. Мұндай онимдерді фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақыланған араб текті онимдер және (аса үлкен) фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақыланған араб текті онимдер деп екіге бөліп қарастырдық. Фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақыланған араб текті онимдерді транслитерациялауда қазақ текті (жалпы түркілік) онимдерді транслитерациялау кезіндегі ережелер басшылыққа алынады. Ал, (аса үлкен) фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақыланған араб текті онимдер мүмкіндігінше араб тіліндегі жазылуы бойынша графикаланады.

б) «Өзге тілдерден енген онимдері» мәселен, монғол тілінен: *Бауыржан, Нағашыбек, Бөлебай* т. б.; орыс тілінен: *Болатнай, Сәтен, Болысбек* т. б.; кеңестік дәуірдегі коммунистік идеология негізінде қабылданған есімдер *Анна, Аня, Валентина*, т. б.; басқа халықтар тілдерінен орыс тілі арқылы қабылданған есімдер: *Роза, Долорес, Элеонора, Диас, Артур, Ригард*, т. б.; көрші республика халықтарынан енген есімдер: *Тарас, Оксана, Тамара, Серго*, т. б.; иран тілінен енген есімдер: *Дастан, Мырза, Зибә, Шахназар, Мардан, Азат* т. б.; Мұндай онимдерді де фонетикалық өзгерістерге ұшырай отырып қазақ тіліне енген онимдер және фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақ тіліне енген онимдер деп екіге бөліп қарастырамыз. Фонетикалық өзгеріске ұшырағандарын транслитерациялауда қазақ текті (жалпы түркілік) онимдерді

транслитерациялау кезіндегі ережелер басшылыққа алынады. Ал, фонетикалық өзгерістерге ұшырамай қазақ тіліне енген онимдер араб әлеміне танымал тарихи тұлғалардың атауы болса, араб тіліндегі қалыптасқан нұсқасы бойынша жазлады. Ал, араб әлеміне оншалықты танымал емес онимдерді біз түзген ереже бойынша жазылады.

Жұмыс барысында қазақ тілінде жазылған еңбектердегі араб онимдерінің берілуін де қарастырып, өттік. Мысалы, Ислам философиясы атты еңбекте араб онимдерінің транслитерациясы: *Байхаки, фикх, муташабих, Али Имран, Омайяд, Байт-ул Хикма, Бейт ал-Хикма* (Даналар ордасы), т.б. болып, көпшілігі араб тіліндегі дыбысталуларынан алшақтап кеткен және жазуда бірізділік жоқ деуге болады. Сондай-ақ, қазақ кирилл әріптерінің мүмкіндігі ұтымды пайдаланылмаған. Орайы келгенде араб онимдерінің қазақ мәтіндеріндегі транслитерациялануына да ереже түзіп, біріздендіруге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Рсалиева Н.М. Қазақ онимдерін ағылшын тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері: Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертация, / ҚРБҒМ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2008. – 199 б.
- 2 ar.wikipedia.org
- 3 علي عبد الواحد وافي. علم اللغة. – القاهرة: دار نهضة مصر للطبع والنشر، 1984. – 346 ص
- 4 علي عبد الواحد وافي. فقه اللغة. – القاهرة: دار نهضة مصر للطبع والنشر، 1973. – 328 ص.
- 5 الموسوعة العربية الميسرة. بإشراف محمد شفيق غربال. المجلد الثاني. دار الجيل، 1995. – 2000 ص.
- 6 سهيلة الجبوري ، أصل الخط العربي وتطوره حتى نهاية العصر الأموي ، بغداد 1977م
- 7 محمد فهد عبد الله الفعر، تطور الكتابات والنقوش في الحجاز منذ فجر الإسلام حتى منتصف القرن السابع ، الطبعة الأولى ، جدة ، المملكة العربية السعودية ، 1405 هـ/1984م.
- 8 مشلح بن كميخ المريخي. علي أحمد الطائش. الكتابة الإسلامية. دراسة في نشأة الخط العربي وتطوره. – الرياض: جامعة الملك سعود، 2007. – 156 ص.
- 9 صلاح الدين المنجد. تاريخ الخط العربي. – القاهرة: دار الكتاب الجديد، 1979. – 152 ص.
- 10 Қыдырбаев Қ.А. Құран әріптеріндегі құпиялар // Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журнал. – Алматы: №7, шілде 2012 ж. – 96-100 б.
- 11 إولفنسون. تاريخ اللغات السامية. دار القلم. بيروت – لبنان. 1980. 296 ص.
- 12 Кодухов В.И. Введение в языкознание. – Москва: Просвещение, 1979. – 351 с.
- 13 www.ahewar.org/debat/show.art.asp?aid=208208 حسيب شحادة. معاني أشكال الحروف العبرية.
- 14 محمد حمدي البكري. الإعجام في الأبجدية العربية. - مجلة المكتبة العربية ، العدد الأول يونيه 1963
- 15 Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: “ІДК-ТІРО редакциялық баспа орталығы”, 1998. – 510 б.
- 16 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996. – 416 б.
- 17 Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 156 б.
- 18 Gilyarevsky R.S., Grivnin V.S. Languages Identification Guide // Translated from Russian by Lev Navrozov. “Nauka” Publishing House. Central Department of Oriental Literature. Moscow, 1970. – 53-112 б.
- 19 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.
- 20 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 576 б.
- 21 Кеңесбаев І., Ысқақов А., Аханов К. Қазақ тілі грамматикасы. I бөлім. Фонетика, лексика және морфология. Алматы: қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1962. – 184 б.
- 22 http://kk.wikipedia.org/wiki/
- 23 Исаев С. М. «Қазақ тілі». Алматы: Қайнар университеті, 1993. – 173 б.
- 24 Әбдірахман Ә.Ә. Араб тілінің теориялық фонетикасы. – Түркістан, 2006 ж. – 87 б.
- 25 أبو بكر أحمد بن الجزري ابن الناظم. الحواشي المفهومة في شرح المقدمة. تحقيق عمر عبد الرزاق معصراتي، الجفان والجابي. – دمشق: 2006.

- الخليل بن أحمد الفراهيدي. كتاب العين، ج 1. تحقيق مهدي المخزومي، وإبراهيم السامرائي. - بغداد: دار الرشيد للنشر، 1980.
- الخليل بن أحمد الفراهيدي. كتاب العين، ج 4. تحقيق مهدي المخزومي، وإبراهيم السامرائي. - بغداد: دار الرشيد للنشر، 1980.
- وهبة الزحيلي. التفسير الوجيز ومعجم معاني القرآن الكريم. - دمشق: دار الفكر، 1996. - 904 ص.
- المبارك بن الحسن الشهرزوري. المصباح الزاهر في القراءات العشر البواهر، ج2. تحقيق عثمان غزال. - القاهرة: دار الحديث، 2007.
- مكي بن أبي طالب القيسي. الرعاية لتجويد القراءة وتحقيق لفظ التلاوة. تحقيق أحمد حسن فرحات. - عمان: دار عمار، 1996م.
- أبو الفتح عثمان ابن جني. سر صناعة الإعراب، ج 1. تحقيق مصطفى السقا وآخرين، مصطفى البابي الحلبي بمصر، 1954م.
- إبراهيم أنيس. الأصوات اللغوية. - القاهرة: مكتبة الأنجلو المصرية، 1971م.
- تمام حسان. مناهج البحث في اللغة. - الدار البيضاء: دار الثقافة، 1974م.
- غانم قدوري الحمد. المدخل إلى علم أصوات العربية. - عمان: دار عمار، 2004م.
- عبد الرحمن أيوب. أصوات اللغة. - القاهرة: مطبعة دار التأليف، 1963م.
- أحمد مختار عمر. دراسة الصوت اللغوي. عالم الكتب، 1976م.
- رمضان عبد التواب. المدخل إلى علم اللغة ومناهج البحث اللغوي. - القاهرة: مكتبة الخانجي، 1982م.
- الكتاب 480/4 .
- 39 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 608 б.
- 40 Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 136 б.
- 41 Сауранбаев Н. Қазақ тілі. – Алматы: Сауранбаев қоры, 1953. – 236 б.
- 42 Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: Қайнар, 1996. – 220 б.
- 43 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 312 б.
- 44 Розенталь Д.Э. Теленкова М.А. Справочник лингвистических терминов. – Москва: Просвещение, 1972. – 495 с.
- 45 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
- 46 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: ЖОО қауымдастығы, 2002. – 664 б.
- 47 محمد منصف القماطي. الأصوات ووظائفها. – طرابلس: دار الوليد، 2003. – 210 ص
- 48 Баранов Х.К. – Москва: Русский язык, 1984. – 944 с.
- 49 Ковалев А.А., Шарбатов Г.Ш. Учебник арабского языка. – Москва: «Восточная литература» РАН, 1999. – 751 с.
- 50 Шагаль В.Э., Мерекин М.Н., Забиров Ф.С. Учебник арабского языка. – Москва: Военное издательство, 1983. – 784 с.
- 51 Тасымов Б.С. Араб тілі. – Алматы: Жазушы, 1990. – 296 б.
- 52 هدى العمروسي. إضاءات في المخارج والصفات. – الرياض: مكتبة الرشد، 2011. - 176ص.
- 53 عبد الغني النابلسي. كفاية المستفيد. 5ظ
- 54 الحسن بن قاسم المرادي. المفيد في شرح عمدة المجيد في علم التجويد للسخاوي. تحقيق علي حسين البواب. – الزرقاء: مكتبة المنار، 1987.
- 55 محمد حسن جبل. المختصر في أصوات اللغة العربية: دراسة نظرية وتطبيقية. – القاهرة: مكتبة الآداب، 2010. – 236 ص.
- 56 نجا. التجويد والأصوات. 60 ص.
- 57 لسان العرب. 220/5 مادة جهر.

- 58 لسان العرب. 137/8 مادة همس.
- 59 عبد الصبور شاهن. علم الأصوات. - القاهرة: مكتبة الشباب، 1986. - 323 ص
- 60 فوزي الشايب. محاضرات في اللسانيات. 161 ص
- 61 Кеңесбаев I., Мұсабаев F. Қазіргі қазақ тілі: лексика, фонетика. - Алматы: Мектеп, 1975. - 306 б.
- 62 عبد الغفار حامد هلال. الصوتيات اللغوية: دراسة تطبيقية على أصوات اللغة العربية. - القاهرة: دار الكتاب الحديث، 2009. - 580 ص.
- 63 ابن جني. سر الصناعة. 70-69\2
- 64 المنجد في اللغة والأعلام. - بيروت: دار المشرق، 1996. - 715 ص.
- 65 أبو حيان. ارتشاف الضرب. 10\1.
- 66 ابن الجزري. النشر. 202\1.
- 67 محمود السعران. علم اللغة
- 68 ماريو باي. أسس علم اللغة. 85 ص.
- 69 تمام حسان. اللغة العربية: معناها ومبناها. - القاهرة: عالم الكتب، 2009. - 378 ص.
- 70 عبد الوهاب القرطبي. الموضح. 271.
- 71 أبو حيان. ارتشاف الضرب. 10\1
- 72 الداني. التحديد. 106 ص.
- 73 العطار. التمهيد. 281 ص.
- 74 محمد بن أبي بكر المرعشي. جهد المقل. تحقيق سالم قدوري الحمد. - عمان: دار عمار، 2001 م
- 75 Шанский Н.М. Иванов В.В. Современный русский язык. - Москва: Посвещение, 1987. - Ч. I. - 192 с.
- 76 Русская грамматика. Фонетика, фонология, ударение, интонация, словообразование, морфология. - Москва: Наука, 1980. - Т. I. - 784 с.
- 77 سلمان العاني. التشكيل الصوتي. ص 71
- 78 عبد القادر الخليل. المصطلح الصوتي. ص 119
- 79 كمال محمد بشر. الأصوات. ص 129. 1970.
- 80 شرح الشافية. 262/3.
- 81 Жұбатова Б. Араб тілінің теориялық курсы. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 144 б.
- 82 الأندرابي. الإيضاح. 74 ص.
- 83 سعد مصلوح. دراسة السمع والكلام. ص 206.
- 84 الفاسي. اللآليء. الفريدة. 213 ص.
- 85 محمد بن محمود السمرقندي. روح المرید في شرح العقد الفريد. تحقيق إبراهيم عواد إبراهيم. رسالة ماجستير. - بغداد: الجامعة الإسلامية، 1999 م.
- 86 محمد مكي نصر. نهاية القول المفيد في علم التجويد. تحقيق د. علي حسين البواب. - الزرقاء: مكتبة المنار، 1987. - 57 ص.
- 87 المرادي. شرح الواضحة في تجويد الفاتحة. تحقيق د. عبد الهادي الفضلي. - بيروت: دار القلم. ص 44.
- 88 المبرد. المقتضب. 211\1.
- 89 ناصر الدين الطبرلاوي. مرشد المشتغلين في أحكام النون الساكنة والتنوين. مخطوط، دار صدام للمخطوطات. بغداد (الرقم 5/690).
- 90 ابن جني. الخصائص. 310/2.
- 91 الجرجاني. شرح المواقف. 275/5.
- 92 ابن سينا (أبو علي بن عبد الله). أسباب حدوث الحروف. - القاهرة: طبعة السلفية، 1352 هـ. - 43 ص
- 93 برجشتراسر. التطور النحوي للغة العربية. أخرجه د. رمضان عبد التواب. - القاهرة: مكتبة الخانجي، 1982 م. - 62 ص.

- 94 Daniel Jones. The Pronunciation of English, Forth edition, Reprinted 1963.
- 95 Daniel Jones. An Outline of English Phonetics, Ninth edition, Reprinted 1969.
- 96 مجدي وهبة. معجم المصطلحات العربية في اللغة والأدب. – بيروت: مكتبة لبنان، 1984. – 484 ص.
- 97 كمال بشر. دراسات في علم اللغة. – القاهرة: دار الغريب للطباعة والنشر والتوزيع، 1998. – 335 ص.
- 98 Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс баспасы, 2008. – 136 б. + 8 б.
- 99 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 201 б.
- 100 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
- 101 Реформатский А.А. Введение в языковедение. – Москва: Аспект Пресс, 2003. – С.536.
- 102 Суперанская А.В. Теоретические основы практической транскрипции. – Москва: Наука, 1978. – 284 с.
- 103 Теоретическая фонетика английского языка. Юнита 1. – Москва: Современный Гуманитарный Университет, 2000. – С. 107.
- 104 Абуов Ж., Джунисбеков А. Фонетическая запись казахского текста. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – С. 84.
- 105 فوزي عطية محمد. علم الترجمة. مدخل لغوي. – القاهرة: دار الثقافة الجديدة. – 222 ص.
- 106 Теоретическая фонетика. – Москва. Современный Гуманитарный Университет, 1999. – С. 74.
- 107 <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 108 Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алматы: Мектеп, 1989. – 320 б.
- 109 Бекмұхаметов Е. Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 200 б.
- 110 عبد النبي عبد الجواد عراقي "بغية الطالبين في تجويد كلام رب العالمين" جامعة الأزهر – القاهرة. 2000 م. 184 ص.
- 111 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы жетістіктері мен болашағы. Алматы, Азия баспасы, 2004. 128 бет.
- 112 Мәдиева Г. Б. Иманбердиева С. Қ. Ономастика: Зерттеу мәселелері. Алматы: 1С-Сервис ЖШС, 2004 жыл, 240 б.
- 113 محمد بن الزبير. منهج البحث في أسماء العرب. جامعة سلطان قابوس، عمان – 1991. 330 ص.
- 114 Жанұзақов Т. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. – 744 б.
- 115 محمد محمود السلاموني. دراسة تفصيلية في كتابة الأعلام الإغريقية والرومانية بحروف عربية. مجلة مجمع اللغة العربية. الجزء التاسع والعشرون. القاهرة 1972 م. 310 ص.
- 116 Джанузаков Т. Д. «Ваше имя?: Казахско-русский толковый словарь имен». Алма-Ата: Казахстан, 1989. -192 с.
- 117 Ондасынов Н. Д. «Араб текті қазақ есімдері». Алматы, Рауан, 1992 жыл, 176 бет.
- 118 Бүркітбай Г.Ж. Қазақ тілі түсіндірме сөздіктеріндегі арабизмдердің лексикографиялануы. Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. Автореф. – Алматы, 2003. – 28 б. ЖАК 10.02.02

- 119 Оңдасынов Н.Д. «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» Алматы: Мектеп, 1984 жыл, 256 бет.
- 120 Маджед ат-Түрки. Қазақстандағы билік нұры. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев / Аударғандар: Ә.Тарақ, Б.Атабай. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 110 б.
- 121 ماجد بن عبد العزيز التركي. نور السلطة في كازاخستان الرئيس نورسلطان نزارباييف. – المملكة العربية السعودية الرياض: العربية للطباعة والنشر، 2007 م. – 111 ص.
- 122 كازاخستان اليوم. مجلة فصلية تصدرها سفارة كازاخستان بجمهورية مصر العربية. العدد الرابع نوفمبر، 2009 م
- 123 كازاخستان اليوم. مجلة فصلية تصدرها سفارة كازاخستان بجمهورية مصر العربية. العدد الخامس مارس، 2010 م
- 124 محمد سلامة. الرئيس نورسلطان نزارباييف مؤتمر زعماء الأديان العالمية والتقليدية في كازاخستان. 256 ص.
- 125 نعمت كيليمبيتوف. لا أريد أن أفقد الأمل. حديث الذات. ملحمة عن البطولة والحكمة. ترجمة د. سارة رفعت وسها سامح، دار الطباعة المتميزة. مدينة العبور – القاهرة. 304 ص. 2011 م.
- 126 رفعت خالد. الرئيس نورسلطان نزارباييف عبقرية بلا حدود. رقم الإيداع 2010/17404. الرقم الدولي: 9-9513-17-977. 245 ص.
- 127 كازاخستان لأولاً آسيا الوسطى. بمناسبة ذكرى 15 عام لاستقلال جمهورية كازاخستان. سفارة جمهورية كازاخستان. الرياض. 47 ص.
- 128 قاسيمجومارت توقايف "دبلوماسية جمهورية كازاخستان" 2005 م. 430 ص.
- 129 «Араб тілі» оқулығы. 6-сынып, Алматы, Рауан. 203 бет.
- 130 www.kazembgulf.net/ar/ab1
- 131 www.eurasianet.org/arabic/resources/kazakhstan/index.shtml
- 132 Dina A.Essenzhan. Республика Казахстан. – "Каз инфест" - С.4.
- 133 www.petranews.gov.
- 134 http://www.arabic.xinhuanet.com/arabic/2006-06/13/content_265702.htm
- 135 <http://archive.muslimuzbekistan.com/arb/archive/dekabr2002.html>
- 136 «Исламтану және араб филологиясы мәселелері» Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары (2004-2005 жылдар) Алматы-2006. 214 бет.
- 137 Дербісәлиев Ә. Б. «Араб әдебиеті» классикалық дәуір. Алматы: Мектеп, 1982 жыл, 208 бет.
- 138 www.arabic.peopledaily.com
- 139 <http://archive.muslimuzbekistan.com/arb/arnews/dekabr2002/arnews>
- 140 <http://baselsyr.maktoobblog.com/124469/%D8>
- 141 <http://www.awu-dam.org/trath/106/turath106-001.htm>
- 142 <http://www.islamonline.net/MercyForWorlds/Arabic/Participants/02.shtml>
- 143 <http://www.okaz.com.sa/okaz/osf/20070611/Con20070611117384.htm>
- 144 <http://frawler.com/tag9404/>
- 145 Ислам философиясы. Жиырма томдық. 4-том. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.
- 146 Уәлиев Н. Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.

- 147 Мухитдинов Р.С. "Диуан луғат әт-турк" және араб лексикографиясы: тарихи негіздері мен теориялық принциптері: филол.ғыл.канд. дис. – Алматы, 2010. – 150 б.
- 148 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 592 б.
- 149 Қазақстан Республикасы территориясында тыйым салынған діни ұйымдар туралы ақпарат // www.antisektazko.kz/ru/news/19-21321.html
- 150 Мухитдинов Р.С. «Диуан луғат әт-турк» – түркітану темірқазығы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2011. – 148 б.
- 151 Мухитдинов Р.С. Діни терминдер сөздігі. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2012. – 140 б.
- 152 Мамырбекова Г. XVII-XIX ғ.ғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері. Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертация, 10.02.02 / ҚРБҒМ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы, 2006. – 149 б.
- 153 «Қазақ» газеті №83. 26 октябрь, 1914 жыл.
- 154 Уәлиұлы Н. Қазақ тілі қандай тіл? // «Тілтаным», 2004. №3. – 156-163 б.
- 155 محمود بن الحسين الكاشغري. كتاب ديوان لغات الترك. Тіркiбасiм/Facsimile. Kültür Bakanlıđı. – Ankara, 1990. (қолжазбаның фотокөшірмесі)
- 156 Уәлиұлы Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері: Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертация, 10.02.06 / ҚРБҒМ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – Алматы. 1993. – 162 б.
- 157 Қыдырбаев Қ.А. Тайқазандағы кісі есімінің жазылуы // Современная модель востоковедного образования: опыт и перспективы. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2011. – С. 46-49.
- 158 Оңдасынов Н. «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік». Алматы: Білім, 2003 жыл, 320 бет.
- 159 Рүстемов Л. Йадолла С. «Парсы тілінің ізашары». Тегран, 1994 жыл, 584 бет.
- 160 Талқанбаева Қ.Қ. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларындағы ислам мәдинеті. Оқу әдістемелік құралы. 2-том. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университет, 2008. – 182 б.
- 161 Мамырбекова Г. Байтұрсынұлы жазуы. // Ана тілі. 13-14 қыркүйек, 2012 ж.
- 162 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 163 Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.
- 164 Шалқар-2 газеті. 29-30 сәуір, 2011 ж.
- 165 Мырзабеков С. «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» Алматы «Қазақ университеті». 1997 ж. 217 бет.
- 166 جواني عبدال. إشكالية تهجئة أسماء الأعلام الأجنبية في الترجمات الأدبية والثقافية
www.ahewar.org/debat/show.art

- 167 Әл-Уатан газеті, 407-нөмірі. 25 шағбан 1422 h. Әр-Риад қ.
- 168 Хасна әл-Қунайғир. Араб жалқы есімдерінің латын әріптерімен жазылуы. әр-Риад газеті, 12314 нөмірі. 18.12.1422 h.
- 169 منصور بن محمد الغامدي . خوارزميات لرومنة الأسماء العربية. مجلة جامعة الملك سعود الرياض ، ص 1-23، 2004م.
- 170 Ахмад ибн Абдулла, Ибраһим ибн Юсуф. Араб онимдерінің латын әріптерімен жазылуының көпнұсқалылығы.
<http://www.ahewar.org/debat/show.art>
- 171 Жанұзақов Т., Есбаева К. Қазақ есімдері – Казахское имена. - Алматы: Ғылым, 1988. - 480 бет.
- 172 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
- 173 Рсалиева Н.М. «Қазақ ономастикалық атауларының ағылшын тіліндегі транслитерациясы». «Туған тіл альманағы» №2. 2007 ж, 97 б.
- 174 "القواعد الأساسية في النحو والصرف والتدريبات عليها" الجزء الأول. الدار العربية للكتاب. 1985 م. ص 254.
- 175 محمد محي الدين عبد الحميد " شرح ابن عقيل على ألفية ابن مالك". المكتبة العصرية – صيدا – بيروت. 2000 م. 648 ص.
- 176 Ибатов Ә. Түркі әліпбиі: қазақша жазу емлесі. – Алматы: Арыс, 2000. – 120 б.
- 177 سعيد عبد الفتاح عاشور "الظاهر ببيرس" الهيئة المصرية العامة للكتاب – القاهرة – 2001 م. 220 ص.
- 178 شمس الدين أبو عبد الله محمد بن عبد الله اللواتي الطنجي. رحلة ابن بطوطة المسماة تحفة النظر في غرائب الأمصار وعجائب الأسفار. المجلد الثالث. – الرباط: أكاديمية المملكة المغربية، 1997. – 255 ص.
- 179 شهاب الدين أبو عبد الله ياقوت بن عبد الله الحموي الرومي البغدادي. معجم البلدان. المجلد الثاني. – بيروت: دار صادر، 1979. – 549 ص.
- 180 شهاب الدين أبو عبد الله ياقوت بن عبد الله الحموي الرومي البغدادي. معجم البلدان. المجلد الرابع. – بيروت: دار صادر، 1979. – 501 ص.
- 181 محمد خميس الزوكة. – الإسكندرية: دار المعرفة الجامعية، 1992. – 525 ص.
- 182 Ағабекова Ж. А. «Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты». Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. –Түркістан, 2005. –130 б. ЖАК 10.02.06 – түркі тілдері.
- 183 Асилова А., Тілеубердиев Б. «Қазақ антропонимдерінің қойылуының әлеуметтік ерекшеліктері», «Білім, ғылым және өндірістің өзекті мәселелері – 2007». Қазақстан халықтар достығы университетінің халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектер жинағы, II том. Шымкент, 2007 жыл, 354 бет.
- 184 Баскаков Н. А. «Түркі текті орыс әулеттері». «Ана тілі» газеті. №28, 1991 жыл. 8 бет.
- 185 <http://www.islamqa.com/ar/ref/72249>
- 186 <http://www.alwhyyn.net/vb/showthread.php?t=30008>
- 187 <http://arabic.rt.com/russia/russia/?mainmenum>
- 188 Рүстемов Л. З. «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері». «Ғылым» баспасы. Алматы-1982. 158 бет.

- 189 Ибрагимов И.Д. «Арабский язык: учебное пособие по теме политика». Москва: Восток – Запад, 2007, 256 ст.
- 190 Коршунова Я.Б. Шахбаз А.С. «Арабско-русский учебный разговорник». Москва: Русский язык, 1983, 628 ст.

Қосымша

ҚАЗАҚ ОНИМДЕРІНІҢ АРАБ ТІЛІНДЕ БЕРІЛУІ

(Мәжид ибн Абдулазиз әт-Түркидің
«نور السلطنة في كازاخستان: الرئيس نور سلطان نزارباييف» («Қазақстандағы билік нұры – елбасы Нұрсұлтан Назарбаев») атты кітабы негізінде)

АНТРОПОНИМДЕР

№	Қазақша жазылуы	Араб тіліндегі жазылуы	Біздің жобамыз бойынша жазылуы
1	Назарбаев [nazarbaev]	نزارباييف [nazārbāiif] [5,8,9,10,77,86,98,99,100,106,107-беттер]	نزارباييف
		نزارباييف [nazarbāiif] [6,6,6,7,8-беттер]	
		نزارباييف [nāzārbāiif] [93,106,107-беттер]	
2	Қасымжомарт Тоқаев [qasymzhomart toqaeu]	قاسم جومارت توقاييف [qāsim ġūmārt tūqāiif] [102-б.]	قاسم جومارت طوقاييف
		قاسم جومارت توقاييف [qāsimġūmārt tūqāiif] [110-б.]	
3	Нәзір Төреқұлов [názir tóreqūlov]	نظير توريكولوف [nazīr tūriiākūlūf] [9-б.]	نازير توريقولوف
		نظير توريكولوف [nazīr tūriiākūlūf] [97-б.]	
4	Қайрат Лама Шариф [qairat lama sharif]	قيرات لاما شريف [ħairāt lāmā šarīf] [11-б.]	قيرات لاما شريف
5	Қайрат Кәрібжамов [qairat káribzhamov]	قيرات كاريبجاموف [qāiṛāt kāribġāmūf] [102-б.]	قيرات كاريبجاموف
6	Асқар Шәкіров [asqar shákīrov]	اسكار شاكيروف [askār šākīrūf] [104-б.]	اصقار شكيروف
7	Асқар Қонаев [asqar qonaev]	عسكر كوناييف [askar kūnāiif] [16-б.]	اصقار قوناييف
8	Дінмұхаммед Қонаев [dīnmūkhammed qonaev]	دين محمد كوناييف [dīn muħammad kūnāiif] [16-б.]	دين محمد قوناييف
9	Бақтияр Тасымов [baqtīar tasymov]	باختيار تاسيموف [baħtiyār tāsīmūf] [11-б.]	باقتيار طاصيموف
10	Сара Алпысқызы [sara alpysqyzy]:	سارة البيسوفنا [sāra ^{tu} ’albīsūfnā] [21-б.]	صارا البيصقيزي
11	Шоқан Уәлиханов [shoqan ualīkhanov]	تشوقان وليخانوف [tšūqān ualīħānūf] [34-б.]	شوقان واليخانوف
12	Жабайхан Әбділдин [zhabaiħhan ābdīldin]	جايبان ابديلدين [ġāiħħān ābdīldīn] [100-б.]	جابايخان ابديلدين
13	Нұртай Әбіқаев [nūrtaī ābīqaeu]	نورتاي ابيكاييف [nūrtaī abīkāiif] [103-б.]	نورطاي ابيكاييف
14	Оңалсын Жұмабеков [ongalsyn zhūmabekov]	اونالسين جوماييكوف [’ūnālsīn ġūmābīkūf] [103-б.]	اونالسين جوماييكوف
15	Қуаныш Сұлтанов [quanysh sūltanov]	قوانيش سولطانوف [quwāniš sūltānūf] [104-б.]	قوانيش سولطانوف

ТОПОНИМДЕР (ЖЕР-СУ, ЕЛДІ МЕКЕН АТАУЛАРЫ) ЖӘНЕ Т.Б. ҚАЗАҚ ОНИМДЕРІ МЕН
РЕАЛИЙ СӨЗДЕРІ

1	Қазақстан [qazaqstan]	كازاخستان [kāzāḥstān]	قازاقستان
	–	كزاخستان [kazāḥstān] [33-б.]	
2	Қазақ [qazaq]	الکزخي [al-kazāḥī ^{tu}] [6, 10, 65- беттер]	القازاقي
		الکزخي [al-kāzāḥī ^{tu}] [8, 16, 65, 65, 69- беттер]	
		الکزخي [al-kazāḥī ^{tu}] [49-б.]	
3	Астана [astana]	أستانه [’astānah] [5, 9, 11, 32-беттер]	أصطانا
		أستانا [’astānā] [7, 8, 104, 106, 107-беттер]	
		أستانة [’astāna ^{tu}] [9, 14, 31, 32, 36, 43, 54, 84, 86, 92, 106-беттер]	
		استانا [’asta’nā] [109-б.]	
4	Алматы [almaty]	ألماتا [’almātā] [11-б.]	ألماطي
		ألماتي [’almātī] [14,16,18,69,84,86- беттер]	
		ألماطي [’almātī] [14,32,52-беттер]	
		ألماتى [’ālmāta] [93-б.]	
5	Семей [semei]	سیمبالاتنسك [sīmībalātinsk] [14-б.]	سیمي
		سیمبالاتنسك [sīmībalātinsk] [17-б.]	
		سیمبالاتینسك [sīmībālātīnsk] [77-б.]	
6	Қарағанды [qarağandy]	قراغندة [qarāğanda ^{tu}] [15-б.]	قاراغاندي
		قراغندة [qarağanda ^{tu}] [15-б.]	
7	Қызылорда [qyzylorda]	قیزیل ارده [qīzil ’ārda ^{tu}] [32-б.]	قیزیلوردا
8	Теміртау temirtau]	тімiртaу [tīmīrtāu] [15-б.]	тімiртaу
9	Ақтау [aqtau]	اقتاу [aktāu] [60-б.]	اقتاу
10	Байқоңыр [baïqongyr]	байқанор [bāīkānūr] [73-б.]	байқонир
11	Қаскелең [qaskeleng]	қаскiлiн [kaskīlīn] [14-б.]	қаскiлiн
12	Шамалған [shamalğan]	тшiмiлгән [tšīmūlğān] [14-б.]	шамалған
13	Есіл [esil]	نهر ایشيم [nahru ’išīm] [33, 35, 36-беттер]	ісіл
14	Алаш [alash]	ألاش [’alāš] [52, 53- беттер]	ألاش
15	Азат [azat]	ازات [’āzāt] [52-б.]	ازат
16	Азамат [azamat]	عظمتات [’azamāt] [53-б.]	азамат
17	Отан [otan]	اتان [’ātān] [53-б.]	وطن
18	теңге [tengge]	تنجه [tangah] [36, 38, 43-беттер]	тiнги
		تنجه [tanğa ^{tu}] [42, 64- беттер]	
19	қымыз [qymyz]	قیمیز [qīmīz] [33-б.]	قیمیز
20	шұбат [shūbat]	شوبات [šūbāt] [33-б.]	شوبات
21	құрт [qūrt]	قورت [qūrt] [33-б.]	قورط
22	айран [aïran]	أيران [’airān] [33-б.]	أيران
23	Теңіз [tengīz]	تiнгиيز [tīngīz] [90-б.]	тiнгиيز